ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

М.О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

Мұхтар Әуезов

ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ
ЕЛУ ТОМДЫҚ ТОЛЫҚ ЖИНАҒЫ

6-том

ӘҢГІМЕ, ЗЕРТТЕУЛЕР, ПЬЕСАЛАР

1927–1933

"ДӘУІР"
"ЖІБЕК ЖОЛЫ"

АЛМАТЫ
2014

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз-7
Ә 82

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитеті «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша шығарылды

Редакциялық кеңес:
Кеңес төрағалары – *М. Құл-Мұхаммед, А. Сәрінжіпов*

Жалпы редакциясын басқарған – ҰҒА корреспондент мүшесі, филология ғылымдарының докторы *У. Қалижанов*

Кеңес мүшелері:
Әкім Т., Әуезов М., Жұртбай Т., Кекілбаев Ә., Қанапиянов Б., Қасқабасов С., Қирабаев С., Қонаев Д., Қошанов А., Құрманғали Қ., Мағауин М., Мұртаза Ш., Нұрпейісов Ә., Оразалин Н., Сүлейменов О., Тасмағамбетов И., Ыбырай Ш.

Әуезов М.
Ә 82 Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: “Дәуір”, “Жібек жолы”, 2014.
6-том. Әңгіме, зерттеулер, пьесалар. 1927–1933. – 368 б.

ISBN 978-601-294-148-7

Мұхтар Омарханұлы Әуезов шығармаларының елу томдық академиялық толық жинағының 6-томына 1927–1933 жылдар аралығында жазылған “Көксерек” атты белгілі әңгімесі мен қалың оқырманға беймәлім “Қазақстандағы ұлттар” деп аталатын мақаласы, “Хан Кене” (екі нұсқасы және орыс тіліне автордың аудармасы) драмасы қамтылды, сонымен қатар жазушы жариялаған ауыз әдебиеті нұсқалары енгізілді. Осылардың ішіндегі бұрынғы жиырма томдықта жарияланған “Көксерек”, “Хан Кене” драмасынан басқасы алғаш басылуынан кейін бірінші рет жарық көріп отыр.

1928 жылы жазылып біткен “Хан Кене” 1934 жылы Қазақ драма театрында бір рет қойылғаннан кейін, солақай сынға ұшырап, Ағарту министрлігінің бұйрығымен тоқтап қалды. Осындай себептерге байланысты пьеса жазушының жиырма томдық шығармалар жинағына дейін (1983, 14-том) баспа бетін көрмеді. Бұл еңбектер жиырмасыншы жылдардың екінші жартысындағы М. Әуезов шығармашылығынан жан-жақты хабардар ете алады және бұлардың қай-қайсысы да әлі күнге дейін өзінің тәрбиелік мәнін жоймаған.

Кітап ғылыми жұртшылыққа, қалың оқырман қауымға арналған.

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз-7

ISBN 978-601-294-148-7 (6-том)
ISBN 978-601-294-142-5

© М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2014

Әңгіме, зерттеулер

КӨКСЕРЕК

I

Қараадырдың қарағанды сайы елсіз. Айналада қабат-қабат шұбар адырлар. Жақын төбелердің барлығын аласа боз қараған, тобылғы басқан.

Сай бойында май айының салқын лебі еседі. Бастары көгеріп, бүрленіп қалған қалың қараған жел лебімен сыбдыр-сыбдыр қағып, теңселіп, ырғалып қояды. Маңайдан жуалардың, жас шөптердің иісі келеді.

Ұзын кең өлкені қаптай басқан қарағанның ортасында терең, құр жар бар. Соның бас жағында итмұрынды қалың жыныстың арасында қасқыр іні бар[1]. Жақын елге мәлім ескі ін. Жазға салымнан бері соны екі қасқыр келіп мекен етті. Бұрын итмұрын жанындағы кішкентай алаңда кеңдігі кісі сыйғандай үш үлкен ін болатын. Биыл жас топырағы жағасында дөңкиіп, тағы бір жаңа ін шыққан. Бәрінің ауданы бір, жер астынан қатынасы бар[2].

Маңайы қасқырдың ойнағы. Жас шөптер басылып, тапталып қалған. Жақындағы қарағандарда қасқырдың ақ жүндері көрінеді. Қыстан қалған түбіті қазір де әр жерде сөйтіп жұлынып қалып жүр. Індердің орта жерінде екі қалың сасыр шайқалып өсіпті. Қазірде соның түбінде қысқы жүні әбден түлеп болмаған ақ қасқыр жатыр[3]. Бауырында кішкентай көк күшіктері қыбырлайды. Жарқыраған қызулы күн бойын ерітеді. Көзі бір сығырайып ашылып, бір жұмылып қалғуға кетеді. Иіген емшектері жыбыр-жыбыр тартылады. Төбесінде сасыр шайқалып ырғалады. Маңайдағы қараған мен итмұрын бастары қозғалақтайды.

Бір мезгілде бас жағынан сатыр-сұтыр, сырт-сырт сынған ши, тобылғы, қу шөпшектер дыбысы келді де, есін жиғанша бірдеме қасына тасырлатып келіп қалды. Атып тұрды...

Бауырындағы көп күшік шашылып-төгіліп, ұмар-жұмар домалап қалды. Тұрғанда “арс” етіп, азу тістері ақсиып, ырылдай түрегелді[4].

Дәл сол кезде түп қарағаннан аса бере, алдына жас, қызыл қозы топ ете түсті. Соның артынан секіріп шыққан — көк шолақ. Ентіккен, көбік аққан тұмсығымен ақ қасқырды айнала иіскеп, әр жерін жалап алды[5]. Содан соң жерде үйелеп қалып, тыпырлап жатқан қозыны көре сала “ырр” етіп бас салды.

Қозы екі қомағай ауыздың кергісінде қан жоса болып дардар айрылды. Сырт-сырт етіп жас сүйек сынды. Қапаш-құпаш қорқ-қорқ етіп қомағай қанды ауыздар асайды. Тұмсығы мен бастары, мойын жүндері қып-қызыл болған қасқырдың жасыл көздері от шашады[6].

Аз уақытта екеуі қозының орнын ғана иіскелеп қалды. Енді біразда көк шөпте әрлі-берлі аунап-аунап, керіліп тұрып, жегендерін құса бастады[7].

Алдымен туған, көзі ашылған күшіктер жемденіп жатыр. Ең соңғы туған екі күшік бауырын көтере алмай, тырбаңдап жатыр еді; енді оларды бауырына алып, емізе бастады.

II

Ертеңіне түсте жат иіс шықты, алыстан әлдеқандай дабырлаған дауыстар естіліп, жақындап келе жатты. Күшіктерді жоталарынан тістелеп, індерге тығып-тығып тастап, ақ қасқыр қараған ішіне кірді.

Ін үстіне мүйіз тұяқтар тасырлап, дүбірлетіп келді; айқай-дабыр молайды[8]. Бірі үстіне бірі келіп, жиын көбейді. Жерге ат үстінен тастаған ағаштар сарт-сарт түсіп жатты.

Ін аузына екі аяқтылар жыбырлады. Көргіш көздер ін түбіне қадалды. Күшіктер бірі үстіне бірі үйіліп, бауырын көтеріп қыбырлай алмай, жақын жерде жатыр еді.

Жып-жылы мықты тұсаулар мойнынан, жотадан ұстап бар күшікті сыртқа алып шықты. Жеті күшіктің бесеуін көздеріне қарап отырып өлтірді де, екі кішкенесін тірі қалдырды. Кетерде бұның біреуінің тірсегін қиып қалдырды да[9], екінші біреуін — ең кенжесін алып жүріп кетті. Қалған жалғыз күшікті тістелеп алып, екі қасқыр жоқ болды. Ін қаңырап қалды...

Осыдан соң бір жұма бойы маңайдағы ел күндіз-түні у-шу болып жатты. Қой жараланды. Қозы алып қашылды. Бұзаулар

өлтірілді. Далада құлындаған биелердің бірнеше құлындары желінді.

Тұтқын болып кеткен көк күшік ауыл тұрғыны болды.

III

Көзін ауылға келгесін екі күннен соң ашты. Жұрт асырауға көнеді десті. Кішкене Құрмаш Көксерек деп ат қойып алды. Ертеңді-кеш айналасынан шықпайды. Өзіне жеке асқұйғыш — итаяқ әзір болды[10]. Бауырын көтеріп, тырбанып жүруге айналған соң, мойнына жіп тағылды.

Үй ішінен шықпайды. Түн баласында Құрмаш қасына алып жатады[11]. Сол үшін кәрі әжесінің қойнынан да шығып кетті. Бөлек жатады. Қасында не аяқ жағында көрпенің астында Көксерек жатады.

Жаз ортасына жақындаған кез болды. Көксерек үлкейді. Семіріп жонданғандай да болды. Бірақ үлкейісі даладағыдай емес, бәсеңдеу. Ауылдағы өзіғұрбы күшіктерден сонша үлкен емес[12].

Бұл уақытқа шейін Көксерек ауыл итінен көресіні көрді[13]. Бірде-бір ит мұны дос көрмейді, маңына жақындатпайды. Қасқырға шабатын батыл төбеттер бұны талап та тастайды. Өзге көп ит те ырылдап үріп, кейде тап беріп, әр жерінен тістеп тартып кетеді.

Құрмаш қасында болғанда таяқ жемейді. Бірақ ержете бастаған сайын бұдан иесі көз жазып қала берді. Сондай кезде Көксерекке ылғи жау иттер кездеседі.

Бір уақыт үлкен үйдің қара ала төбеті оңашада бұны алып соғып, көп езгіледі. Бұны талап жатқанын көріп, өзге иттер де келіп шабынан алып, борбайынан созғылап өлтіруге айналып еді. Шаң-шұңмен балалар, үлкендер жиылып кеп, иттерді ұрып, зорға айырып алды.

Бірақ Көксерек әлі күнге ешбір уақытта “қыңқ” етіп ауырсынған дыбысын шығарған емес. Талаймын деп ит ұмтылса, жота жүні үрпиіп, үдірейіп тұрып алады. Тісі батып, қинап бара жатса, дыбыссыз ғана езуін ыржитады.

— Кәпір, қырыс, тағы емес пе![14] Кеудесін бермейді, жасымайды! — деп ауыл аңыз қылады.

Сонымен қатар Көксерек жайында ауыл-үйдің қатындары әр алуан өсек те таратып жүрді.

— Ұры. Асырасаң да, мал болмайды[15]. Тұқымы жау емес пе! — десті.

Кейбіреулер: “Түнде қозының құйрығын иіскелеп жүреді. Қойды үркіте береді. Түнде даланы жақсы көреді. Иттен қорыққаннан ғана үйде жатады” деседі. Құрмаш бұл өсектің бәрін елемейді.

Шынында, Көксерек тамаққа өлгенше ашқарақ еді. Алдына құйып қойған асты әлі күнге қасында кісі қадалып тұрса, жаламайды, жемейді. Жалғыз-ақ кісі көзі тайса болды, қазір жоқ қылады. Бірақ егер тіпті қарны ашып кетсе, өзіне бермеген асты да жеп қояды. Көрнеу ши ішіне кіріп кетіп[16], керегеге асулы тұрған ет болса, жас тері болса, қазанда іркіт, қатық болса — барлығын да өзінің ыдысына құйып қойғандай көріп, иіскелеп жалап, жеп кетеді.

Кейде сондай жерде ұсталып, таяқ та жейді. Талай рет оқыста төбесіне таңқ етіп тиген оқтау мен бойын тызылдатып, шыпыртып тиген қамшыны да татты. Бұның жауабы — езуін ғана ыржитады.

Құрмаш қанша тәрбиелесе де, Көксерек ұрлық пен адал астың айырмасы не екенін ұға алмады. Біресе өздері беріп тұрып “же” дейді. Біресе сондай тамақты өзі тауып алып жеп жатса, ұрып салады. Сол себепті кей кездері алдына дайындап қойған тамақты да жемей, көзінің астымен жалт-жалт қарап жатушы еді.

Қалай да болса, үзіп-жұла жүріп, Көксерек аш болмайтын. Күніне екі мезгіл тамақ ішу мұның шарты болып алды. Екі рет қолдан ас құйылмаса, ол күні Көксерек өз бетімен барып бірдемені жеп жататын.

Осымен жүріп жаз ортасы ауған кезде Көксерек зіңгіттей көк шолақ қасқыр болып шықты. Енді қара ала төбет те талай алмайды. Жота жүні үрпиіп, көздері жасылданып, бар тістерін көрсетіп, аузын ақситып ашып жіберіп, тап бергенде, талай бұралқы төбет, быжыл қаншық қаңсылай, шәуілдей қашатын болды.

Мынадай кезде Құрмаштың өзі де қорқақтай барып, “қойқойлайтын” еді[17].

IV

Жетілмей келе жатқан тісі ғана. Көксерек арлан еді. Сондықтан бұның бойы биіктене берді. Әлі тұрқы шығып ұзарған жоқ[18]. Барлық жүні қара көк, жотасы күдірейіп, ауыз омыртқа мен құйрығына шейін тұп-тұтас болып, күлдіреуіштей бүгіледі[19]. Атылып келе жатқан садақ оғындай үңілген, сүйірленген бір бітімі бар.

Өзі ешкімге ізденіп соқтықпайды. Ит баласына заты қастай, жібімейді. Әлі күнге бір рет жадырап ойнап көрген емес. Татулық жоқ, суық. Жалғыз-ақ атын біледі. Құрмаш пен әжесі шақырса — келеді. Онда да жүгіріп келмей, құйрығын селектетіп, бүкеңдеп қана келеді. Бұны да ашыққан уақытында істейді. Әйтпесе көбінесе анадай жерде қырыстанып, көзінің астымен жалт-жұлт қарап жатып алады. Барып түрткілеп, орнынан тұрғызып жіберген соң ғана үйге жүреді. Өскен сайын сызданып, суықтанып келеді. Сол мінезін байқаған үлкендер:

— Енді бұны өлтіріп, терісін алу керек, осы кәпір түбінде ел болмайды, — дейтін де болып еді. Бірақ Құрмаш көнбеді.

Осымен тағы біраз жүргенде бір күні Көксерек қара ала төбетке майдан берді[20]. Қара ала төбеттің иесі Жұмаш бала жаз бойы Құрмашқа:

— Қасқырың болса қайтейін, менің қара ала төбетім бір-ақ бұрап соғады. Арашаламасаң, алдақашан өлтіріп тастар еді, — дей беретін.

Бір күні түсте Құрмаш Көксеректі тысқа алып шығып, ас құйып жалатып тұрғанда, анадайдан шылапшынның салдырын естіген қара ала төбет үйдің көлеңкесінен шығып алып, адымды қойып еді.

Екпіндеген бетімен, жолында жасқап тұрған Құрмашқа қарамастан, келе Көксеректі бүйір жағынан келіп арс етіп қауып түсті.

Бұрыныpақ кезде бұндайда асын тастап, кісіге қарап жалтақтап шығып кететін Көксерек енді зор дауыспен “гүрр” етіп, қара ала төбетті алқымынан ала түсті. Ұстаған жері құлақ шекеге жақын еді. Төбеттің мойнын бұрғызбастан қапсыра тістеп, жұлқып-жұлқып жібергенде, үлкен төбеттің арт жағы бұлғаң-бұлғаң қағып барып, Көксеректің жанына дүрс етіп сұлап түсті.

Маңайдан жұрт дабырлап жиылып қалып еді. Көксерек қара аланы тамағынан қысып буындырып тұрып-тұрып, қоя берді де, жотасы үдірейіп топтан шыға берді.

Жеңген жаудың сығымынан зорға құтылған қара ала қаңсылап жүні жығылып, бір жаққа кетгі.

Осы оқиғаның ертеңінде кешке жақын ауыл жанында жатқан қойға қасқыр шапты. Дөң басындағы қойшының айғайымен қатар ауылдағы кәрі-жас, аттылы-жаяу иттерді айтақтап, түгел жүгіріп еді. Көп ішінде "Көксерек те кетті" деп, Құрмаш та жүгірді.

Бірақ қасқырға ешбір ит жете алмады. Дөң аспай, иттің бәрі де, адам атаулы да тоқтап қалды. Сам жақтағы алыстағы сары жотадан ереуілдеп, екі зор қарайған асты. Ол екі қасқыр еді. Солардың артында тұмсығын жерге салып тоқталмай ағызып, Көксерек кетіп бара жатты. Бір кезде жотадан о да асты. Артынан Құрмаш пен өзге балалар бірі артынан бірі: "Кө-ө-к-ө-к-се-ре-к! Кө-ө-к-с-е-ре-к!" деп, шақырып айқайлап жүгірді.

Әбден қас қараюға айналған уақытта Көксерек жалғыз өзі баяулап басып ауылға келді. Бірақ үйге кірген жоқ, анадай тұрып қайта-қайта шаңдатып, жер тырнайды. Сары жотаға қарап-қарап қойып, әрлі-берлі жүріп жер иіскелейді. Тыныштала алмағандай.

Көксеректің бұл жайын байқап Құрмаштың әкесі[21]:

— Түу, мына кәпірдің екі көзі жап-жасыл боп кетіпті-ау, тұқымын сезген екен мына жүзіқара; қой, балам, енді мұны өлтіріп, терісін алайық, — деп еді.

Құрмаш бұл сөзге көнбеді. Бірақ осы кештен екі күн өткен соң, Көксерек бір түн ішінде жоқ болды. Құрмаш қашып кетті деуге қимай, айналадағы ши-қарағанды, жар-жыраларды тегіс арылтты. Таба алмады. Осымен жұрттың бәрі кеттіге есептеп қойып еді, үш күн өткенде бір күні таңертең ойда жоқта Көксерек өзөзінен сап ете түсті. Құрмаш пен әжесі қасқырдың бұл мінезіне сүйсініп, қуана қарсы алды. Бұл келгенде Көксерек екі бүйірі суалып ашыққан. Өзінің үсті-басы батпақ болып сыбағысқан собалақ жүдеу пішінмен келді. Қайта тұрып қалды. Тағы да бұрынғысынша күйленіп, нық семіріп, енді орасан боп өсе бастады.

Бұл соңғы күйленуі шынымен үлкен қасқыр боп ұлғаюының белгісі еді. Сонысын сезген болу керек, күздің бір қара дауылды қара түнінде Көксерек тағы жоқ боп шықты. Бұл жолғысы шын

болды. Енді қайтып оралмастай болып кетті. Сол көк қасқыр саршұнақ пен қоянның көжегі сияқтыны азық қыла жүріп, өлместей боп алды. Қысқа да жеткен еді.

Жарық айлы түнде тұмсығынан бұрқырап бу шығады. Аязды түнде табанының астындағы қар шықыр-шықыр етеді.

Жотадан-жотаға жортты. Талай жерден қарауыл қарап, желге тұмсығын төсеп, алыстан тартқан бір иіспен жүріп отырып, бір қыстаудың желкесінен келіп шықты. Тау желкесіндегі боз қарағанды, қарлы адырдан әрлі-берлі жүріп, көп аңдыды.

Шашау шыққан мал жоқ. Айналасы қарауытып, қыстау тұр. Бадырайып қараған көздердей болып, әр жерден төрт бұрышты қызыл оттар көрінеді. Пішен төбесі мен қораның ығында жатқан иттер үреді. Сақ, мазасыз[22]...

Бірақ сол қорадан кеш бойы мұрнын жарып өзіне тартқан қой иісі келеді.

Қораға жақындайын деп еді, көп иттер шулап үріп, маңайлатпады. Қатты аяздан тұмсығының ұшы, езуі ашып, шыдатпай тоңа бастады. Табанынан өткен ызғар да аяқтарын қарып, қатырып барады. Қайта жортып адырға шықты.

Алғашқы рет амалсыздан көкке қарап аузын ашып ышқынғанда, ішінен зор дауыс шықты. Күтпеген дауыс. Көксеректің ең әуелгі ұлығаны осы еді.

Қарлы елсіз адырды басына көтеріп дауыс салды. Тынбай, ұзақ-ұзақ уақыт ұлыды[23]. Мұның даусы шыққан сайын, сайдағы ауыл жақтан көп иттің арс-ұрс, шәу-шәу етіп үргені естіледі.

Көксерек құйрығын артқы екі аяғының арасына тығып алып, аш белі бүгіліп, іші қайта-қайта солқ-солқ етіп ұлып тұр еді. Бір мезгілде дәл жанынан өзінің даусындай дауыс естілді. Ол да дәл осы сияқты ұлиды...

Көксеректің даусын естіп, маңайда жүрген қаншық қасқыр мұны іздеп келеді екен. Екеуі екі беттен бірін-бірі көрісімен қарсы ұмтылысты. Етпеттеп біріне-бірі жақын келгенде “ырр”, “ырр” етісіп, тістерін тигізіспей қағысып өтісті. Ашқарақ азулары сақ-сақ етті. Көксерек гүрілдеңкіреп, маңына көп дарытқысы келмей, әрлі-берлі ортқып түсіп, жылдам оралып, ашу шақырғысы келіп еді. Ақ қасқыр айнала қыңсылап бұның ізін иіскеледі. Аздан соң құйрық жағынан бір иіскеп сирағын жалап өтті. Екеуін иістері табыстырды. Көксерек те айнала иіскеді. Бір-бір рет жақтарын жаласты.

Көсіліп алып сайға қарай салды[24]. Екеуі де енді ширақ, қатты жортады.

Қора жанындағы дүңкиген сары жотаны құлдап тарта бергенде, қалың жүнді барқылдақ қара ала төбет соңдарына түсті. Бұл Көксеректің жаз бойы ырылдасып өскен ала төбеті болатын. Қасқырлар бой салып қашқан жоқ[25]. Ақ қасқырды алдына салып, Көксерек арт жағына оңды-солды жалт-жалт қарап, ойға, тасаға таман түсті. Артындағы иттерді ілестірмек болып, үркіп келе жатқан ала төбет бұлар ойға түскенде тоқтауға айналып еді. Қалған иттер жота басында серейіп-серейіп тұрып қалып, сол арадан кәр жіберіп тұрған. Енді қара ала тоқтауға айналғанда, Көксерек бұрыла сала тап берді.

Ақ қасқыр да айналып жіберіп, ағызып келіп алдына түсті. Екеуінің бетіне шыдай алмай, жалт бере қашқан ала төбет құйрығы шошаңдап, барбаңдап бетке қарсы ұзай алмады. Ақ қасқыр бұрын жетіп жұлып кетті. Арты көтеріліп барып түссе де, ала төбет жығылмай қарсы қарап, ырылдап тұра қалып еді.

Сол кезде ғана бұларға жеткен Көксерек келе құлақ шекеден қауып түсіп, көз ілескенше қара аланы жұлып соғып, астына жұмарлап басып алды. Қасқырдың екеуінің де жоталары дүңкиіп, жон жүндері үрпиіп алған. Ауыздары басында қалың жүнге толып-толып шықса да, артынан ыстық қанға, жұмсақ етке, сырт-сырт сынған сүйекке де араласты. Аяқтарының астында ойылып қалған қалың қар бұрқ-бұрқ борайды. Жылы-жұмсаққа тұмсықтары кіріп алып, екеуі де өзге дыбыс шығармай, қорқ-қорқ асайды. Суық қар араласқан жылы тамақты қомағайланып, қылқ-қылқ жұтады.

Аяқтап келгенде екі санды екеуі ортасынан дар айырып жұлып-жұлып әкетісті. Аздан соң қара аланың қара табандары мен құйрығы ғана қалды. Одан басқа әр жерде шашылған жүндер ғана жатыр.

Екеуі айға қарсы қасқарып, қайтадан Қараадырға тартты. Алдында — Көксерек, артына соның ізімен ақ қасқыр түсіп, адырға кіре бере бір ық жартастың бауырында екеуі бірдей аунап-аунап алды.

V

Осыдан соң екеуінің жұбы жазылған жоқ. Қасына серік ергеннен бері Көксерек зорайып қатты өсті. Аяқтары жуан-

дап, жүндерінің бәрі де қалыңдап ұзарып, өзі жуан, өзі мықты көкжал болып алды. Қыс іші болса да жоны шығып, алқымы түсіп, семіріп кетті.

Оның есебіне белгілі атышулы екі қасқырдан Қараадырдың іші-тысындағы ел түгел көресіні көрді. Даладан қойшы алдынан қой тартып жейтін, жайлаудағы сиырға шауып, тайыншадан бастап, үлкен сиырға шейін жейтін — осы екеуі. Февраль, март кезінде үш-төрт түйе де желінді. “Кісіден қорықпайды. Әсіресе бір көк шолақ бар. Қойды алып соғып жарып жатқанда, қасына сойыл салым жерге келгенше қашпайды.

Даладағы қойға тигенде[26], әуелі біреуі келіп шабады, соған қойшы алданып жүргенде, бір жақтан келіп екіншісі шабады”, — десетін болды.

Боранды, аязды түндерде бірен-саран қораға да түсіп көрді. Бір кедейлеу ауылдың қой қорасына түсіп, он шақты қойын жалғыз Көксерек өзі өлтіріп, құтылып шыққан уақыты да болды. Бірнеше ауылдың “қасқырмен таласуға жарайды — ер, сақ” деп жүрген әлденеше иттері де желінді.

Және шірет жасағандай, Қараадырдың қыстауларына кезекпен соқтығады. Бірер күн бір-екі ауылдың айналасында қатты қимыл қылып жүріп-жүріп, соның артынан бір жұма, он күндей бұл маңайда жоқ болып кетеді.

Оның есебіне екінші, үшінші ауылдар әлгінің көргенін көріп жатады. Әр ауылдың тұстарында өздерінің көрініс беріп келетін қарауыл жоталары, жылғалап келетін сай, өзектері бар. Торуға мезгіл таңдамайды: таңертеңі, түсі, түні — бәрібір. Күніне бір мардымды жем алмай, қанағат қылмайды.

Келгенде ана кезең жақтан, анау шиден, ана қарағанды сайдан келеді десе — сол жерлерден айтқандай шығады. Бұлар айналдырып жүрген елдер малын шашау шығармай, көзден таса қылмай, қия бастырмай-ақ сақайған болады[27]. Бірақ күндіз-түннің бірінде неғылса да бір қапысы болмай тағы қоймайды. Көксерек дәл соған кез келгендей, дап-дайын болады.

Қыс қатты. Қар қалың. Қасқырды қар көтереді. Атты көтере алмайды. Сондықтан талай рет ат жаратып, шоқпар қамдап, қуамын деген жігіттер болса да, еш нәрсе қыла алмады.

Бір рет қана белгілі бәйгі жирен атымен Арыстанбек шығып, соңдарынан түсіп еді. Оны адырдан адырға салып, адастырып кетті.

Маңайламайтын жерден, алыстан мылтық атып қорқытпақ болғандар да бар еді. Одан да жасқанбайды. У салғандардың уларын да жемеді. Ол улардан иттер жеп, қырылып қалған уақыттар да болды.

Мұның бәрі екі қасқыр жайындағы Қараадыр елінің аңызы, әңгімесі еді. Соңғы бірер айдай бір ауылдың кісісі бір ауылға қатынасса, жиын болып көпшілік бас қосса, көп әңгімелері екі қасқыр жайында болатын.

Көксерек семіргенде, ірілеп өскенде — осындай даңқ, атақ ішінде семіріп, өсіп келе жатыр еді.

Осы күйлердің бәрімен қатар, Көксерек оңашада елсізде қатты ойыншы болатын. Түс кезінде, иә таңертең бір малды тасада аунатып жеп алып, елсіздегі қашаңдау жатақтарына қайтады. Сондайда ақ қасқыр жүрістен талып келіп, тынығып жатса, Көксерек айналасына қар боратады[28]. Жүгіріп екпіндеп кеп тістеп өтеді. Басынан асып аунап түседі, кейде ақ қасқыр ырылдап тісін сақылдатып, құлағын жымитып, ашумен тап береді. Ондайда Көксерек те қатты қорылдап гүр-гүр етеді. Кейде секіріп кеп: ақ қасқырдың желкесінен қапсыра тістеп алып, қысып тұрып-тұрып барып, қоя береді. Екеуі осыдан әрі ұзасып барып таласпайды. Артынан Көксерек қайта ойнайды.

Күн жылына бастады. Бірнеше рет шағырмақ жақсы күндер болып, әр жердің қары тесілді. Ойдым-ойдым қара жерлер көріне бастады.

Жылы күн ұйқыны көп келтіреді, тамақтың артынан бойды көп сергітеді, етті шымырлатады. Ақ қасқыр да ойыншы бола бастады. Өзі келіп Көксеректі иіскеп, жалай беретін болды. Қайта-қайта Көксеректің үстіне артыла береді, ыңырсып тістелеп те қояды. Бой тартты... Екеуі қалың қараған арасында ұйығып та алды[29].

Көк молайып, жаз шыққан соң, екі қасқырдан Қараадырдың елі сап болды.

Қараадыр сыртында елсізде екі үлкен ащы көл бар. Соның аралығындағы қалың шидің ішінде ескі ін болатын. Көксерек пен ақ қасқыр сонда. Жақын жерде — қамыс, одан әрі — көл. Қауіпсіз. Адам көзінен алыс жай, бастап келген — ақ қасқыр.

Бұл кезде Көксерек басқа жақтағы елдіториды. Ақ қасқыр ін маңында болады. Қамыс арасында көп құстардың жұмыртқасын жейді.

Бір күні Көксерек інге салып келіп, аузынан кесек-кесек құйрықтарды құсып-құсып тастады. Бірақ бұрынғы дағды бойынша, ақ қасқыр қарсы шығушы еді[30]. Оны істемеді. Көксерек ін аузын тырналап, шаң боратқан соң ғана сүйретіліп зорға шықты.

Ін ішінен жат иіс сезіп, Көксерек басы мен кеудесін сұғып, “ырр” етіп барып, кішкене күйкі күшікті тістеп суырып алып шықты. Бұл бұны істегенде, ақ қасқыр арсылдап тап беріп еді, Көксерек сонда да тоқтамай, көк күшікті жерге жұлқып-жұлқып соғып, қабырғаларын кірт-кірт сындырып, өлтіріп тастады.

Бірақ бір емес, екінші, үшінші, тағы әлденешеуі пайда болды. Аяғында, жылыды. Күшіктерді жалап, иіскелеп кейде қастарына да жатады. Ақ қасқырға жем таситын болды.

Аздан соң серігі қайта қосылды. Көп ұзап шықпайды. Сонда да талай жерге еретін болды.

Бір күні екеуі бір қозыны жеп келе жатыр еді. Індерінің үстінен көп үлкен жаулар кетіп барады екен. Қамыс арасына бұқты. Жау озған соң інге келді. Бір ақ қана күшік қалған, бұралып тұра алмайды, арт жағын баса алмайлы. Ақ қасқыр тістеп әкеліп қамысқа тықты. Екеуі қайтадан Қараадырға бет қойды. Жарысып кезек-кезек озысып отырып келіп, даладағы қойға тиді. Түн баласында құлын жеді, тай жеді.

Тыным алмай, баяғы іздерімен баяғы елді қайта қан қақсатты. Бұрынғыдан жаман құтырды[31]...

Ақ қасқыр ойнамайды, қыңсылай береді. Жесе де, семірмейді. Кей уақытта жалғыз қаңғып кетеді. Көксерек артынан іздеп жүріп, зорға табады. Кейде Көксерек қатты жүріп кеткенде, бұл жүрмей тұрып та қалады. Көксерек қайта айналып келеді.

Кей уақыттар бір-екі күндер аш та қалысады.

Бірақ Қараадыр елі екі қасқырды ұмытқан жоқ. Әлде болса да сол екеуін көре береді. Енді жер кепті. Жазғытұры көкпен көбең семірген желқуық айғырлар қайта мінілді.

Бір күні зор қуғын болды.

Үш үлкен жау Қараадырдың ойында тобылғылы шұбардан шығарып алып, екі қасқырды сатырлатып бастырмалатып қуып берді. Екі айрыла қашты. Ақ қасқырдың желіні түгел қатқан жоқ екен[32]. Бәрі бірдей соның соңына қарай үңілді.

Көксерек еріксіз ойысып келіп, үшеуінің алдына өзі түсті.

Екеуі қатар қашты. Беттері Қараадыр еді. Ерікке қоймай, жандай шауып, тауға жібермей қайырып алды. Ақ қасқыр ойға қарай қашты. Көксерек ерегісіп тауға қарай тартып еді.

Мұны біреуі ғана қуып, екеуі ананың соңынан кетті. Ықтиярсыз айырылып кетті. Артында жерді дүрс-дүрс басқан қатты тұяқтар бұны енді ақ қасқырға қоспады. Сонан соң бұл адырға кіріп, бір-екі бел асқан соң қуғыншыны адастырып, құтылып алды. Бірақ серігі жоқ[33].

Сонымен қуғын күні Көксерек түні бойы ақ қасқырдың ізіне түсіп жортып еді[34]. Бір төбенің ойына келгенде иіс те, із де бітті. Серігінің исі жоқ; оның орнына ат, адам иісі мол білінеді. Ағып ұйып қалған қан көрінді. Аз ғана иіскелеп, бір рет жалап дәмін де көрді.

Түн бойы көп-көп ұлыды, таң атқанша жер тарпып, шаң боратты, ыңырсыды, аунады. Ай астында әрлі-берлі сенделіп, көп аяңдап жүрді. Қасында көлеңкесі ғана жүр еді.

Тағы да жалғыз жортуылға түсті...

VI

Жаз бойы жалғыз тіршілік етті. Ащыкөлдің солтүстік жағын жайлаған бес-алты ауыл Көксеректен тағы да көресіні көрді. Күндіз келіп көл жағасында, қамыста жатады.

Түн баласына бір ауылдың шуын бір ауылдікіне қосып бықпырт тигендей қылады. Жаздай жеген қозы, бұзауының саны елу-алпысқа жетті.

Екі рет қуғын болды. Бірақ екеуінде де көлге түсіп кетіп, судың тап ортасына барып, дүңкиіп жатып алды. Саяз сулы, айналасы зор бастақ, батпақты Ащыкөл бұған үлкен қорған болып алды. Әсіресе жаңбырлы, желді түндерде, ай қараңғыда, ақ жауындарда Көксерек қатты құтырады.

Түнгі ауылдың қорасына шапқанда күзетшінің айтағы, иттердің үріп тұрғаны, барлығы да бұған бөгет емес. Кей-кейде ара-түнде жарқ етіп, күрс беріп мылтық та атылады. Дауысынан ғана біраз сескенеді. Азғантай ұзап кетеді де, ел тыныштала бергенде қайта соқтығады.

Жасынан бір күнде екі рет ас жеп ашқарақ болып үйренген Көксерек ауылға жақындап келгенде көзі тұнып, есі шығып кетеді.

Сондықтан ауылға тақай бере-ақ ағызып ат қояды. Қораны өрт шыққандай, жер сілкінгендей дүр-дүр еткізіп келіп, қақ

жарып шыққанда, аузына кем болмаса бір-екі батпан құйрық ілінбей қалмайды.

Бұл жазда Көксерек қатты семіз болды. Алдақашан түлеген тақыр жүн күзелген жылқының жалындай қайратты, қатты. Денесінің толуы, бойының биіктеуі, қайратының молаюы — биылғы жыл ерекше болды.

Күздің ұзақ таңында бір дауылды қара түнде топ жылқыға араласып еді. Сонда қысырдың семіз асау тайын бастырмалатып қуып жетіп, құйрығынан алып табандап тұрып қалғанда, тай табжыла алмады. Аз тырмысып-тырмысып тұрып қоя беріп қалғанда, тай екпінімен барып тоңқалаң аса түсті. Сонда ағызып келіп бас салып, алқымынан "Гүрр" етіп қаба түскенде, тай көтеріп тұра алмай, Көксеректің астында ажал тапты.

Қайтадан қарлы, боранды қыс келді. Аязды, елсіз ұзақ далаларда аштық түндері басталды. Ашумен жер тарпып, қар боратып, көп ұлыды. Бір мезгілде ай астындағы ағараң-ағараң еткен көп топты көрді. Бұрылып бір жаққа қарай жалтарғанша, тасырлатып, қар боратып, қасына ағызып келіп қалыпты.

Бұлар: тілдері салақтаған, ауыздары арандай ашылған, жүгіріп келе жатқанда бәрі тегіс ырс-ырс етеді. Иістері Көксеректің мұрнын жарды. Қарсы аяңдады. Қалың топтың алдында зор кәрі шолақ мұның жанынан "арс!" етіп желді қауып өтті. Көксерек те тұмсығы ашумен ыржиып, тістерін сақ-сақ еткізді. Екеуі қайта беттесіп келгенде біріне-бірі ұмтылмай, құр ғана жанасып қор-қор етіп, ырсылдап тұрды.

Артынан жеткен көп ақ қаншықтар Көксеректі айнала иіскеледі. Бір үлкен ақ қасқыр келіп жағын жалады, бұ да жалады. Бәрімен иіскелесіп алды[35]. Үлкен көк шолақ қана иіскелеп жанасқан жоқ. Бәрі де аунап-аунап, қарды қауып-қауып алысты. Көксерек те соны істеді. Бұл қосылған топ жаңа ғана отардағы жылқыдан бір тайды жеп келе жатыр еді.

Бірігіп алып, адырға қарай жарысып жөнелісті. Бұл топтың саны он шақты. Әзірге басшысы — көк шолақ. Қалғандары қаншық қасқырлар. Үшеу-төртеуі күшік, оның ішінде бір-екі арланы бар. Бірақ олар көк шолақ пен Көксеректен қаймығады, көп ойнайды. Үлкендерімен ырылдасып, таласпайды.

Көксеректі қаншық қасқырлар көп жағалайды. Топ ішінде Көксеректен күйлі қасқыр жоқ. Бойға, денеге бұнымен көк шолақ қана таласады. Оның мойны Көксеректен де жуанырақ.

Жалғыз-ақ жотасы ғана бұныкіне ұқсамайды: мұндай дүңкиген күдір емес, жазаңдау. Шабысқа артық болса да, алысқа мынадай сенімді сияқты емес.

Құтырынып шапқан мықты, қомағай топтың бетіне ештеңе қарсы тұра алмады.

Боранды күні ығып келе жатқан қойға араласып, бет-бетімен бөліп-бөліп әкетіп, талай қойды жаралап, жеп, қырып шықты. Көксерек қосылғаннан бергі алғашқы шабуыл осы еді. Тамақты, емін-еркін араласқандықтан, әрқайсысы жеке-жеке таласпай, қағыспай жесіп алды.

Қар қауып, аунап-аунап, тағы бірігіп алып, ілгері қарай салды. Артынан адам келіп айырып алған қойлардың талайы таусылып біткен, талайы жаралы. Әр жерде сирағы, бас жүні шашылып қалған көп жемтіктер көрінеді.

Топтанып келіп жылқыға да шапты. Бірақ қоңын ойып алған, жағын сыдырып қалған тай болмаса, ешбірін жығып алып, емін-еркін жей алған жоқ. Көп жылқышы қуғын салып жегізбеді.

Бір күн, бір түн аштық болды. Далада, сары жотаның басында шуласып ұлып-ұлып алып, күнбатыс жақта түтіні шығып қарауытып жатқан ауылға қарай тартып берді.

Ел орынға отырар кезде ауылға қайтып келе жатқан екіүш жылқыға келіп араласты. Жылқының екеуі қашып ауылға жақындап қалды да, біреуін Көксерек омбы қарға қамап кеп, белгілі әдісімен жығып алды. Кішілеу құнан шығар еді.

Бар қасқыр айнала тұра қалып, ашқарақ ауызды қойып-қойып жіберді. Әлдақашан іші жарылған құнанның буы аспанға шығады. Қан-жын басы-көздерін жауып, жота жүндері үрпиіп, естері шығып асап жатыр.

Көксерек бұрынғы дағдысымен жемтіктің кеудесіне тұмсығын тығып жіберіп, жұлып асап жатыр еді. Желкесінен “ырр” етіп бір ауыз тістей түсті. Бұл орын көк шолақтың орны болушы еді. Жемтіктен басын суырып алып, көк шолақтың асылып тұрған аяғынан қатты тістеп алып, үстінен жұлып тастады. Екеуі де жемтіктен шығып гүр-гүр етісіп тұрып, қайтадан қызылға ұмтылысты[36].

Таласа-тармаса жесіп алды. Соңғы бір-ақ сан қалған уақытта күшік қасқырлар мен қаншықтардың көбі шығып кетіп, екі көк шолақ қана жемтікті жұлмаласып қалды.

Өзгелер бұлар жеп болғанша, қарда аунап-аунап алды. Бірталайы төстерін қарға төсеп күтіп жатыр еді.

Жем бітті. Тағы да адырға қарай тартты. Топ алдында екі көк шолақ қатар жортады. Біріне-бірі жол бермейді. Бірінің алдына бірі түссе, тірсектерінен тістеп ырылдасып қалады. Азу тісінің бірі сынған шолақ ызалы, долы. Гүрілдеп сыздана берді. Екі күндей аш болысты.

Жылқы бұрынғы жерінде жоқ. Боран болған, қалың қар жауып, іздер де басылып қалған. Елсіз бір жарды жағалап келе жатқанда, кеуегінен шығып қоян қашты. Жардың екі жағына қақ жарылып бөлініп алып, ұмтылып куды. Аздан соң қоян жардан шығып, Көксерек жаққа қарай далаға шыға, адырға беттей қашты. Бұл топтың алдында Көксерек еді. Қоянға жақындап келеді. Бір кезде төтеден ағындап жеке-дара болып, көк шолақ ағызды. Қоянға жақындап қысып келіп, Көксеректің алдына түсті. Артқы қасқырлар шұбап алыста қалды.

Адырға кірді. Бірнеше төбелерден өтті. Көксерек кейіндеп қалып еді. Бір ылдида көк шолақ қоянды жұмарлап жатыр екен. Көксерек келе ауызды қойды. Екеуі жұлқысып тартысқанда қоянның басы мен кеудесі көк шолақтың аузында кетті. Өзінде қалғанды қапаш-құпаш асап, Көксерек қайта тап берді.

Көк шолақ қоянның басын тастай беріп, арс етіп Көксеректі аяқтан ала түсті. Ойда қар борап, аяқтарының асты аткөпір болды. Шапшып келіп гүрілдеседі. Тістері бір-біріне сатыр-сатыр тиісіп, қарш-қарш шайнасады. Тікейіп шапшыған бойда ұстасып тұрғанда, Көксерек басын бұрып жіберіп көк шолақты құлақ шекеден ала түсті. Жасынан ауыл иттерінен үйренген әдісі еді. Аузы тиісімен жұлқып бұрап жібергенде, көк шолақ майысып барып астына топ ете түсті.

Жығысымен үстінен басып тұрып, құлақ шекеден ауызды жылжытып келіп, алқымға салды. Тамағынан қапсыра қысып буындырып алып, мойын сүйегін қырт-қырт шайнайды. Көк шолақтың аузы арандай ашылып, тынысы құрып, тыпырлауға шамасы келмей қалды.

Сол уақытта артқы қасқырлар топырлап келіп жетіп, көк шолаққа ауыз салысты[37]. Былбырап аққан қызыл қанның иісі аш қарындарға мас қылғандай белгі берген еді. Шаптан, қолтықтан, жалаңаш төстен мықты, өткір тістер жұлқып-жұлқып тартқанда, көк шолақтың қаны жосылып ағып, ішінен

бұрқырап бу да шықты. Бұл арада бар ауыз түгелімен жабылып кетіп еді. Аз уақытта көк шолақтан будыраған жүн мен төрт табан ғана қалды[38].

Қалған топтың жалғыз даусыз басшысы Көксерек болды. Іздеп жүріп отардағы жылқыны тауып алды. Тағы да атышулы тоғыз қасқыр деген даңқы шықты.

Күндіз-түні жылқышы атаулыны күзеттен босандырмай, сонда да дамыл бермей, тай-құнанды жеп тұрды.

Артынан ерген тобы аштық көрген жоқ. Бөрі де жонданып, құтырынып, мықты жүргіш болып алды. Шетінен Көксерекше батыл. Сол не істесе — соны істейді. Ара-тұра жылқыны тастап, маңайдағы ауылдарға да соғып кетеді. Тоғызы араласқан жерде сел қаптағандай, жау тигендей қылады. Ат, сиыр сияқты ірі қаралар бір-ақ жеммен таусылып, жоқ болып қалатын болды.

Бір уақыт керуен жолында да болды. Кешеден бері ас жемей, ашыққан, аяздаған уақыт еді. Жалғыз атты шаналы жүргіншіні қамады. Айналасына қар боратады. Бірісі жолына барып жатып алады. Жартысы артына, жартысы алдына түсіп, қашпай, мезгіл сайын жақындап, аяң салып отырады.

Есі шыққан керуен аты жүре алмай қалған соң айқай салып қашып еді. Атты топтарымен жығып салып талқандап, өлтіріп, талап жесе бастады. Топ осыған араласып жатқанда, Көксерек мұны тастай беріп, қасына бір-екі қаншықты ертіп алып, кісінің артынан қар боратып, бұрқыратып салып еді, жақындап қалғанда кісі шошып жығылды. Бірақ алдарынан айқайлап, сатырлап шапқан аттылар шығып қалып, айырып алды.

Осыдан соң Көксерек қатты долы, ызалы болып, сызданып алды. Ырқына көнбеген күшіктерді, жүріске ере алмаған қартаң қаншықтарды кейде бас салып талап та тастайды.

Тағы бір ретте қалың шилі қорықта отырған бес-алты ауылдың үстіне келді. Күндіз болатын. Күн шаңытқан аяз еді.

Шеткі ауыл бұларды көріп қалды. Ши шетінде қарда аунап жатқанда бір түйе шықты. Үстінде кісі бар. Басына ақ оранған. Тура қасқырларға қарай жүрді.

Ат емес, қашпаса да болады. Бірақ түйе жақындап келгенде, бар қасқыр тұрып, далаға қарай ақырын бүлкектей берді. Топтың артынан Көксерек керенаулап зорға тұрып қырыстанып артына қарап, ол да аяңдады. Түйе бақырып қояды да, шуда-

сы желкілдеп желеді. Бетті елсізге қарай түзеп қасқырлар бүлкектеді. Артында Көксерек.

Түйе бұрылып кетер деп, бақылайды. Бұрылмайды. Көксерек ашығып қалып еді. Дәмелене бастады. Біресе жортыңқырап барып, алдыңғыларға жетеді де, бәрін тоқтатып, өзі жүресінен түсіп, түйеге қарап жатады. Түйе жақындап келгенде өзгелер жылжи береді. Бұл да артынан тұрып аяңдайды.

Аяғында, ауылдан әбден ұзап шықты. Көксерек өзгелерді ілгері жіберіп, өзі бір күшік қасқырмен бөліне, оң жақ бүйірге қарай тартты. Түйелі қиыстап, топ пен бұл екеуінің аралығына қарай беттеді. Әлі де түйе бақырады. Иісі, демі қызықтырып, асықтырып барады. Көксерек түйенің артына түсті.

Бірақ әлі онша жақындаған жоқ. Түйе енді ақырын жүре бастады. Кейде тоқтап, алды-артына қарайды. Ақбас әрлі-берлі бұрылып қозғалақтайды.

Түйе тоқтағанда — Көксерек те тоқтайды. Тұрған жерінен қар боратып, тарпына бастайды. Сөйтіп кеп бір мезгілде ағындап шауып, түйенің жанына жақындай келіп, қиыс өте берді.

Сол кезде түйе үстінен бір ұзын нәрсе шошайып созылды да күрс етті. Өлгенше қатты ащы дауыс даланы сілкіндіріп шошытып жіберді. Бар қасқыр қар боратып ытқып, қашып жөнелді.

Күрс етіп жөтелген көк түтінмен қатар Көксеректің артқы бір саны шыж ете түсті. Әрі ыстық, әрі суық бірнәрсе қадалып шаншып қалды. Санын “арс” етіп қауып қалып, түйенің үсті тағы да сыртылдап қамданып жатқанда, бұ да ытқып қашып жөнелді.

Тоқталған жоқ, көп қашты. Бірнеше қырқадан, бір-екі жазықтан құлаш ұрып шауып өтті. Өзге қасқырлар бір бөлек, бұл жалғыз — бір бөлек кетті.

Түйе қалып қойды. Жүгіріп-жүгіріп келіп, бір жартасты сайға кіре бере, арт жағы қиралаңдап барып құлап түсті. Жол бойы тоқтамай аққан қан әлін кетірді. Жарасының ауруын да жаңа тоқтар алдында ғана сезе бастаған.

Қыңсылап жатып санын жалайды. Қан шығады. Бір тұрады, бір жатады. Тұрғанда енді, бір аяғын көтеріп тұрады. Үш аяғымен секектеп аяңдайды.

Арада бірнеше күн өтті. Осы сайдан шыққан жоқ. Ашығып бұралуға айналды. Бірақ аяғы ептеп басуға келді. Бір-екі

қырқадан асты. Бір сайда үш-төрт ат жайылып жүр екен. Бұғып қасына келді. Шетте арықтау бір көк шолақ ат тұр еді. Тап беріп қуып отырып, қалың омбыға әкеліп қамады.

Осқырып, қорқып тұрған атты алқымынан алып, бауыздап түсті. Санын жұлды, қоңын ойды. Омбы қардан шығармай тұрып, жығып алды. Тоя жеп алып, сайына қайтты[39]. Күнде кешті күтеді. Түн болған соң, жемтігіне келіп, асын жейді.

Осымен бес-алты күн өтті. Қайтадан жоны шығып, тыңайып, күшейіп алды[40]. Аяғы да әбден басуға келді.

Күдірейген жоталы, ашулы Көксерек тағы да жортуылға шықты. Белгілі жемтік біткеніне екі күн болған. Содан бері аш еді. Жорта-жорта, баяғы Қараадырдан шықты.

Түске жақын мезгіл еді. Жота-жотадан қарауыл салды. Желге тұмсығын төсеп, белгілі иіс күтті. Алыстан таныс иіс келіп мұрнына жетті. Маңайға жалт-жалт қарап алып, қырдан қырды, адырдан адырды кезіп отырып, күнбатысқа қарай шырқап салды.

Көп іздеді. Аяғында, күн кешке жақындағанда, бір жотаның басында шошайған аттылы қойшыны көрді. Айналасында — сол төбенің бетінде қой шашылып жайылып жүр. Теріп жеуге шашқан шашудай. Бірақ жақында ауыл бар. Алыстан ағындап бет түзеді. Жалғыз-ақ қарасын көріп қалған қойшы айғайды салып бұған қарсы шапты.

Қойшы үлкен емес, бала даусы шошытпайды. Қой дүркіреп үркіп, қойшыға қарай қашты. Қасқыр жақындап бір қызыл қойға ауызды салғалы ентелеп келіп қалып еді — бағанадан айғайлап келе жатқан қойшы қасына кеп қалыпты. Еріксіз жалтарып бұрыла беріп еді, қойшы бастырып қуып жөнелді.

Бой салып қорқып қашқан жоқ. Содан ба, болмаса тегі жүйрік пе, әйтеуір боз ат бастырмалатып жетіп келіп, Көксеректің жотасына жеңіл ағаш сарт етіп тиіп қалды.

Сол-ақ екен, қарсы бұрылып алып аттыға қарай “арс!” етіп шапшып қалды. Арандай ашылған ауыз бірдемені жұлып түспек еді. Ыңғайына бала тонының өңірі ілінді. Соны бөксеріп жұлып түскенде, боз ат осқырып атқып кетті.

Баланың шошыған айғайы шықты. Қасқыр артына айналып тап бергенде, мөңкіп жүрген боздан бала аударылып құлап түсті. Көксеректе қазірде бұрын ешқашан білінбеген долылық, жайындық бар еді. Туғаннан бергі барлық көресі осыдан — екі

аяқтыдан дегендей, жығылып домалап жатқан балаға тап берді. Оқыс секіргенде, санының жарасы ашылып, тыз етіп ашып қалып еді. Ол бұрынғыдан жаман ызаландырып, құтыртқандай. Боз ұзап қашып кетті. Қой да жоқ. Екпіндеп секіріп, ырылдап кеп баланы бас салды.

Бұл бала Құрмаш еді. Қойшы ауырып қалып, әкесі бір күнге қойға жіберген еді[41]. Астына мінгені өзінің жүйрік боз дөнені болатын. Үстіне гүрілдеп қасқыр төніп келгенде, көзі бір ашылып, бір жұмылады. Басына таман арандай ашылып келе жатқан ауыздың жоғарғы жағында өзіне таныс құлақ көрінді. Сол жақтағы тілік құлақтың жартысы салпылдап тұр. Ақырғы сезген-білгені — сол...

Содан әрі баланың үні өшті. Қасқырдың аузы тиместен бұрын өліп кетті. Көксерек ырылдап тұрып: тісінің ұшымен қағып жұлып алып, басын шайқап өткенде, баланың бір жақ көзін қопарып алып кетті. Жүріп бара жатып, қылғып салды... Түнде баланың өлігін тауып алысты. Жанында тайдың ізіндей болып, үлкен қасқыр ізі жатыр екен.

VII

Құрмаштың жаназасына жиналған Қараадыр елі Көксерек жайынан неше алуан әңгімелер құрды. Көпшілік мұны қорқау қасқыр деді. Кейбіреу құтырған қасқыр емес пе екен деп күдік айтты. Бірақ құтырған деуге орын жоқ. Ондай болса, бір баламен тоқтамас еді. Ауылға да шабар еді. Қойды да қуалар еді. Сол жиында бұны не қылса да ізіне түсіп соғып алуға, өлтіруге сөз байласты. Бұл әңгіменің ортасындағы Қасен еді. Ол — белгілі аңшы. Баяғыдан құс салып, ит жүгірткен. Өзі — осы маңайдың ауқатты, әлді жігіті. Қараадырдың мырзасымағы. Қалада қызметте тұратын інісі бар. Сол арқылы биыл күзді күні бұның аулына шетелден қасқыр алатын бір ит келген. Қазір барлық Қараадырға да, маңайдағы өзге елге де даңқы шыққан Аққасқа — осы Қасеннің иті.

Келісімен Аққасқа күздігүні бір күннің ішінде бір бөлтірік, бір үлкен қасқыр алған. Өзі екі қар басқан екен. Қазіргі уақытқа шейін алты қасқыр алыпты.

Аз күнде бір болыс елдің әңгімесі болған Аққасқаның арғы тегін тексерушілер де көп еді. Түбі Ереймен итінің нәсілі деп кеп, арғы затын ертегіге айналдыру үшін: “бұл Қанжығалы қарт Бөгембай итінің тұқымы” дейтіндер де болған.

Жиын Көксеректі іздеуге сөз байлаған соң, жаназадан тарай сала, Қасен өз аулына келіп, бес-алты жігітпен бірге Аққасқаны ертіп алып, адырға шықты.

Күн кешкі бесін кезі еді. Сондықтан ертеңге қарап, аял қылысқан жоқ. Ең болмаса ізін көріп, бетін аңғармақ. Және жаңада қар жауған. Сонан енді тағы қар жауып қалмай тұрып, ізінен, бетінен Көксеректі танып алу керек.

Қасен Құрмаштың әкесімен ағайындас жақын болатын. Жалғыз баласы — ерке Құрмаштың өлгені әкесіне ерекше батып еді.

Бұның үй ішімен ботадай боздап, бейіт басында да қатты күңіреніп жылағанын көргенде, тірі жанның бәрінің сай-сүйегі сырқыраған. Құрмаштың әкесі Қасенге:

— Сол жалғызымызды өлтірген қасқырды қолыма әкеліп беріп, көзін ойғызбасаң, сен маған туысқан емессің, — деген. Өзге ел де Қасенге: “Бүгін Аққасқа не өлсін, не өлтірсін! Осыдан басқа жерге итіңнің керегі жоқ тіпті!” дескен. Осы сөздердің барлығы Қасенді де асықтырып, ширықтырып еді.

Құрмаш аулы мен Қасен аулының арасы жақын болатын. Сондықтан көп уақыт өтпей-ақ, аңшылар кешегі бала өлген жерге жетті.

Ақша қардың үстінде бадырайып үлкен із жатыр. Беті елсізге Тастықұдыққа қарай кетіпті. Барлық аңшы ізге қарап, қасқырдың үлкендігіне қатты қайран болды.

Аққасқа бұрынғы еріншектеу әдеті бойынша, ізге жеткенше жай жүріп, тартыншақтап келіп еді. Ізді көріп, біраз иіскелеп алған соң, басты төмен салып жіберіп, тұмсығын ізден алмай отырып, жүнді адырға қарай шауып жөнелді.

Бар аңшы артынан ілесе желе-текіректеп шауып отырды. Аққасқа тоқтамайды, артына қарамайды, тынбай жортады. Әлі қар бекіген жоқ. Қалың да емес, қыстың орта кезі болса да, биыл қар жұқа болатын.

Аңшылардың айтуы бойынша, қасқыр, түлкіге ит қосатын уақыттың нағыз өзі еді.

Қасен қолына келгелі Аққасқа барлығы үш қасқыр алды. Бұның екеуін бір күнде күздігүні жер қарада алған. Үшіншісін қар түскеннен кейін ауыл үстінен алып еді. Қасен өзінің бір-екі жігітімен және басқа аңды сүйетін төрт-бес құрбысымен соңғы уақытқа шейін ат жаратып жүрген-ді.

Алыс жерден еті аяңдап келген Аққасқаның қыстығүні қарда жүгіруге қызылы толық болсын деп етейтіп, баптап қайырып жүр еді[42]. Бұдан бұрын Аққасқаны аз-аздап қоянға жүгіртіп, екі-үш суытып алған. Соңғы уақыттардағы тамағы көбінесе құрт араласқан сұйықтау ас болатын. Қоясын да екі рет тастатып алып еді. Содан бері қысқы жүні жетіліп, өңі ажарланып, қатты құлпырып алған.

Жалғыз-ақ бүгін таңертең аз ғана ас құйылған екен. Соның тоғы қаша қоймады ма деген күдік бар[43].

Одан басқа жоны жұмырланып, етін сыртына теуіп, бойдағы майдан, іштегі қыл-қыбырдан арылған кезі еді.

Аққасқаның бойы қасқырдан кіші емес. Аяқтарының жуандық сомдығы да содан кем емес. Өзінің барлық тұлғасында қасқырға ұқсайтын бітім бар. Түсі тазылар түсіндей емес, қасқыр түс. Дене жүні ақ-сарылау келген де, маңдайы шаңқиған ақ маңғыл қасқа болатын. Екі көзі шатынап шарасынан шығып тұрғандай үлкен. Үнемі от шашып тұратын қып-қызыл көз. Ашу да, ерлік те бір өзінде.

Екі шекесі “торсықтай” деп жүретін аңыз қыларлық[44]. Бұның да жотасы күлдіреуіштей. Құйрықтан ауыз омыртқаға шейін дөң сияқтанып, күдірленіп, дүңкиіп тұрады. Оның үстіне, шеке мен мойын тұп-тұтас болып келіп, шеңбер төске қосылған. Алдыңғы жағы арыстан бейнесіне ұқсайды.

Аққасқа өте қабаған. Сіркесі су көтермейтін долы, ызалы. Сондықтан ауылға келгенде шынжырдан босамайды. Далаға алып шығып, аңның ізіне салғанша, жә қарасын көрсеткенше, ұзын кендірден босамайды. Әйтпесе жолда кез келген иттерге де соқтыға береді.

Итке келгендегі жалпы әдеті: өзі барып таласпайды, бірақ ауылдың көп иті алдынан шығып, быжылдап үре беріп, айналасын қамай бергенде яки біреуінің жұлып қашқан тісі тигенде құтырып кетеді. Ондайда топ иттің ішіндегі ең үлкен төбетті секіріп барып құлақ шекеден алып, топ еткізіп соғып, жаншып-жаншып жібереді. Кісі айырмаса, астына түскен итті өлтірмей шықпайды. Өзі жүрген жерде өзге иттің еркелігін көтермейді. Күзден бері Қасен аулының екі-үш сақ төбетін өлтіріп салды.

Қатты ашуланып, ашқарақтанып кеткенде, иесін де қауып жібереді.

Күздігүні үй ішінде сойып жатқан қойдың етін жегізбей ұмтылғанда Қасенді де бір-екі рет қолынан ала түсіп, қауып алған.

VIII

Күн екіндіге жақындап қалды. Аққасқа ізбен әлі жүріп келеді. Жерден бас алмайды, тоқтамайды. Аңшылар Қараадырдан бес-алты шақырымдай ұзап шықты. Қасқырдың бұл күнгі беті Тастықұдықтан да өтіп, Ақсораңдағы жылқыға қарай тартты. Ақсораңда екі қос жылқы жатыр еді. Айналасы — аласа белес, қалың тобылғылы үлкен шұбар еді. Соның ортасындағы жадағай жалғыз биік — Ақсораң. Қасқырдың осылай беттегенін білген соң аңшылар ақылдасып тұрып, Аққасқаны шақырып тоқтатып алды.

Мұның мойнына кендір тағылған соң, барлық жұрт аяңдап Ақсораңдағы қосқа тартты. Бүгін түнде сонда қонып, ертең ерте жылқышыларды жүйрік ат-айғырға мінгізіп алып, қалың топ болып қуыспақшы болды.

Екі қостың бірінде Қасен аулы мен барлық Қараадырдың да жылқысы бар еді.

Жігіттер сол өз қостарына келіп қонды. Қоста түні бойы тынымсыз қызулы, лаулаған әңгімелер болды. Мол асылған семіз ет қонаққа да, жылқышыларға да көңілді желіктің шарты еді. Құрмаштың өлімі де көп уақыт әңгіме болды.

Қасендер келісімен-ақ барлық жылқышы мәлім етті: өткен түнде көк шолақ жылқыға шауып, бір жабағыны жеп кетіпті. Жалғыз өзі бір семіз жабағының жарты етіне жақынын жепті. Бұл не деген жалмауыз екенін білмейміз, әкеңнің... — деп, қос басшысы сөйлеп еді.

— Ол ұзаған жоқ. Ол болса, осы Ақсораңның айналасынан табылады.

— Соңғы уақытта қасқырдан тыныш едік. Осы жалғыз қасқыр кешеден келіп араласты. Ізі тайдың ізіндей. Әнеукүні де келіп, бір тай жеп кетіп еді.

— Іздегендеріңнің өзі — сол. Ел мен қосқа кезек тиеді. Бір кәпір сырқынды. Бәрін істеп жүрген сол. Енді, әттең дүние, соны ғана бір қолға берсе-ау![45] — деп жабағысы желінген Бейсембай жылқышы кіжінді.

Жатарда Аққасқаға азын-аулақ құрт пен жылы-жұмсақ ет берілді. Жұрттың бәрі айнала үйріліп, соны күтті.

Бірақ тар үйде, көп бөтен кісінің ортасында Аққасқа жиі ашу шақырады. Шынжырмен байлаулы жатып, кей уақытта "арс" етіп, от айналасындағыларға тап береді[46]. Көп уақыт қорылдап гүр-гүр етіп тұрып алады.

Отқа қарсы қараған көздері ашумен қанталап шатынап кетеді. Қараңғы ала көлеңкеде жатқанда екі көзі қып-қызыл шамша жанады. Аққасқа ырылдағанда алдында отырған Бейсембайдың жотасы мұздап, еті тітіреп кетеді; ентелеп ілгері жылжып, отқа қарай мінбелей береді.

Таң қыландап келе жатқанда барлық аңшы мен көп жылқышы атқа мінді. Жарап жүрген бедеу биелер мен жүйрік айғырлар түн ортасында ұсталып, тоғын қашырып алып еді. Жұрттың бәрінің қолында сойыл, шоқпар. Сатыр-сұтыр етісіп, қостан желпіне шығысты.

Ақсораңның етегіне таман келгенде, Қасен он бір, он екі кісілік жиынды төрт бөлді. Өзі Аққасқаны алып Ақсораңның дәл биігінің басына шығатын болды. Өзгелерді тау мен ұсақ адыр, қалың шұбарды айнала қоршап алып, жан-жағынан саумалап, Ақсораңның биігіне қарай қағып шық деп, таратып-таратып жіберді.

Қыстың күні алыстағы ақ жотадан қызарып шығып келе жатқанда барлық аттылар жан-жаққа қарай шашырай жөнелді. Ақша қар желе шауып жөнелгенде, жүйріктердің аяқтарымен есіліп-үгіліп, борай түсіп жатты.

Қасен аяңдап, биіктің басына қарай тартты. Жолшыбай екі-үш жерде Аққасқаны сарытып, аунатып, баптандырып алды. Сонымен жарты сағаттан артық уақыт өткенде, биіктің басына келіп шықты. Дәл биіктің бір иекартпа иығына атын тастап, өзі Аққасқамен бірге жаяулап келіп, бір екі-үш обаның ығына келіп отырды. Айналасының бәрі де көрінеді.

Тау басында желдетіңкіреп ызғырық соғады. Күн әзірше суықтау. Аққасқаның астына ертеден қамдап алған киізін төсеп, өзінің ығына жатқызды. Айналаға Аққасқа да анда-санда бойлап-бойлап жағалай қарайды.

Қасен бұны баулыған иесіне ішінен бас иіп алғыс айтады. Құрметпен еске алады. Өйткені Аққасқа тау басында қазіргі отырыстың не мәні барын әбден түсініп, ұғынып отырған

сияқты. Тыныштыққа бой ұрып, жатуды ойлап тұрған жоқ. Күтіп отыр. Биіктен томағасын тартқан қырандай ізденіп, бағып отыр. Жан-жақтағы қағушылардың бәрінің де алдына қарап өтеді. Кейде түрегеліп те жан-жаққа көз жібереді.

Кешегі жабағыны жеген Көксерек екені рас еді. Кеше жартысына жақынын жесе, бүгін өткен түнде сол жеріне барып, тағы қалғанын тоя жеп алып, енді Ақсораңның етегіне келіп, бір жартасты, боз қарағанды қиындау сайда ұйықтап жатыр еді.

Құлағына алыстан бір сарын естілді. Елсіз тыныш тауда таңертеңгі ауа дыбыс атаулының барлығын екілендіріп көтеріп тұрған.

Оянып, жүресінен жатып, қар қапты. Сөйткенше сатыр-сұтыр еткен ағаш даусы мен тастақ жерді тасырлатып басқан ат дүрсілі естілді[47]. Түрегеліп, барынша керіліп алды. Екі аяқтының иісі сезілді[48]. Бүлкектеп жотаға шықты. Сол-ақ екен, арғы беттен құлап келе жатқан екі үлкен қара айғайды салып, тап берді.

Көксерек жалт беріп, жотаның тасасына түсе сала, сайды жалбылап, жоғары қарай салды[49]. Қолында шошайған сойылы бар, астында қатып қалған ақ бедеуі бар Бейсембай ағызып жотаға шығып, тағы айғай салып, өрге қарай тасырлатып шапты. Бұл уақытта Көксерек сонша саспаса да, кейде көсіле шауып, кейде құлағы жалбырап сөлектей түсіп, Ақсораңның жонына қарап асып еді.

Айғай жақын жерден шығып қалғанда, Аққасқа атып тұрды. Қасен бұны кендірінен сүйрете барып, атына шапшаң міне сала, айғай шыққан бетке қарай ағызып отырып, сол жақтағы жотаға шықты.

Қарсы алдында оқ бойындай жерде сары жотаның дәл үстінде артына бұрылып қарап, тоқ тайыншадай бір көк шолақ тұр екен.

Жотасы күдірейген, құйрығы шоп-шолақ, бойы тау басында тайдай көрінді. Ертегінің көкжалы. Жотаға шыға бере, Аққасқа да көрініп, атылып, секіріп кеп кетті.

Ақырын ғана “айт!” деп қалып, бәйгі керге Қасен де қамшыны басты. Көксерек артына қарап тұрып, байқамай қалып еді. Бір уақыт алдынан шыға қалған сатыр-сұтырға жалт қарағанда, ағындап келе жатқан Аққасқа мен аттыны көріп, сол жақтағы ойға қарай ытқып, қашып жөнелді. Бір сайға түсіп жо-

сылып барып, екінші оң жақтағы жотадан асып түсті. Соның ойына таман жақындағанда аттының дүбірі басылып қалып еді. Мұның құлап түскен сайы тіп-тік жар болатын. Бірақ дәл сол кезде артындағы қар жиі-жиі, шықыр-шықыр басылып, бірдеме жақындап келіп қалды.

Қашып келе жатып артына қарай алмады. Сол-ақ екен жаралы санынан бір мықты ауыз қауып түсіп, ойға қарай қатты жұлқып көтеріп тастады. Сол сәтте бұның жауы қасынан ағып өтіп кеп, алдыңғы омбыға екпіндеп барып, соқтығып өзі де құлап түсті.

Аққасқаның жұлып кеткен екпінімен етпетінен түсіп қалған Көксерек енді атып тұрып, тап берді.

Бұрын Аққасқа бұндай жұлып өткенде, әсіресе ойдан төмен жұлғанда, қандай қасқыр болса да омақатып, тұмсығынан шаншыла түсуші еді. Сондайда қапысыз мықты ауыз тұрғызбастан келіп, алқымынан жабысып қалатын.

Бұл жолы олай болмады. Аққасқа өзінен бұрын тұрып, күрілдеп ырылдап келе жатқан көкжалды көрді. Бұ да қарсы тап берді. Сол уақытта құлақ шекесінен тиіп қалған қышқаштай қатты темір ауыз жұлқып кеп жібергенде, ой жаққа қарай ытқып барып түсті. Бірақ Аққасқа жығылған жоқ: тік етіп барып, төрт тағандап тұра қалды.

Ептілік, ыңғайлылығымен ғана көк шолақтың аузынан шығып кетті. Көксерек тістенгенде, қамти тістей алмай, көбінесе терісінен ала жұлқып еді.

Сол бетімен Көксерек жотаға жүре бермекші болды. Өйткені артындағы дүсір тағы естіліп қалды.

Бірақ Аққасқа да қалмады. Ағындап келіп, аржаққа шығып алып көлденеңнен шапшып-секіріп келіп, Көксеректі құлақ шекеден ала түсті.

Көк шолақ бұл жолы да жығылмады. Аққасқаны көтере жоғары шапшыды. Алғашқы алған жерден Аққасқаның аузы босап кетті. Екеуі бетпе-бет келіп шапшып тұрып, қаршылдасып ұстасты. Енді бірінен-бірінің босап кетуіне жол жоқ. Бұл күй неғылса да біреуінің астына түсуімен біту керек.

Және етіне тіс тиіп, ашынып алған Аққасқа қазірде долылықтан өртенгендей еді. Қасқырмен көп кездесіп, қырқылжың тарта бастағаннан бері қарай Аққасқа бойына тіс

тигенше, онша өлерменденбеуші еді. Дәл қазіргі күй жалғыз тал қылына шейін қоздырып, күйдіріп-жандырғандай.

Көксерек те бағанадан қалыспаған итке енді шын ойынды бастаған. Екеуі шапшысып тұрған бетте біріне-бірі құлақ шекеден де, алқымнан да алғызбайтын болды. Алдыңғы аяқтарымен ұстасып тіресіп тұрып, сол сәтті андығанда екеуі де тез іс бітпейтінін ұққандай болды.

Қозданған қан толқынып кеп, тағы бір дем басқа шыққанда, Аққасқа қарсы алдында арандай ашылып тұрған ауызға сақ еткізіп тістерін салып жіберді. Бұл қасқырдың төменгі тістері мен тілін қоса шайнағанда, қасқырдың жоғарғы азулары Аққасқаның тұмсығының екі жағынан жоғарғы ұрттарына келіп, кірш-кірш кірді.

Ашулы тістер сытыр-сытыр, қарш-қарш шайнасады, әлі шапшысып тұр.

Дәл сол уақытта жоғарғы жотадан шыға сала төмен қарай кер ат пен ақ бие де аңырап еді. Қасен мен Бейсембай “а, құдайлап” сойылдарын оңтайлап келе жатты.

Өр жақта Аққасқа: шайнасып тұрған ауыздардан сілекей мен қан аралас ағып, сырылдап тұр.

Аққасқа Қасен даусын ести сала, ойға қарай жұлқи бұрап қалғанда — көк шолақтың белі бұралаң етіп барып, дүрс етіп құлап түсті. Ауыздары бір-бірінен айрылған жоқ. Екеуінде де үн жоқ. Шайнасу үстінде желімдей қайнасып қатып қалған сияқты. Ең аяғы, болымсыз болса да, тыныс алған дыбыс та білінбейді.

— А, құдай!.. А, құдай!.. Иә, сәт!.. Иә, сәт!.. Иә, аруақ! Иә, ақсарбас!.. — дей бере, екі атты үстеріне жығыла-жығыла үйіле түсті. Аттары босанып шықты.

— Опыр-ай!.. Опыр-ай!.. Аузын!.. — деп келіп Қасен жуан қамшының сабын Көксеректің көмейіне тығып жіберіп, мықтап басып тұрып, жауының тұмсығын жоғары қарай қайырып жіберді. Аққасқаның қан басқан тұмсығынан көк шолақтың тістері бір-бірлеп шығып кетті. Аққасқа сонда ғана бүйірін тартып тыныс алды.

Бірақ әлі де жанын шығарғанша қасқырдың төменгі жағын күрт-күрт шайнап жатыр. Бұл кезде Бейсембай да қара пышақты Көксеректің өкпесіне салып-салып жіберіп еді.

— Осы... осы... осы ит! — десті. Көксеректің жаны әбден шыққан соң, Аққасқаны Қасен, Бейсембай — екеулеп отырып, зорға дегенде айырып алды. Құйрықтан қысып алып алысқа сүйреп апарған соң ғана Аққасқа есін жиды. Бірақ әбден әлсірегендіктен, сол апарған жерге сілейіп жата кетті. Барынша шаршап, талған екен.

Ес жиған соң, жұрт көк шолақтың құлағына қарап отырып, бұрынғы кеткен Көксерек атты күшікті таныды. Құрмашты ойлап, кейбіреулердің көздерінен жас та шықты. Ауылға әкелгенде, Құрмаштың әжесі боздап келіп:

— Қураған-ай, неңді алып ем?!.. Не жазып едім?.. Бауырына салып өсіргеннен басқа не қып еді менің құлыным?! — деп елді тегіс еңіретіп, Көксеректі басқа тепті.

1929

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТТАР

1926 жылғы есепке қарағанда, Қазақстанның барлық халқы ер-қатыны 6 507 077 кісі болып, осыдан ері 51,2 процент, әйелдері 48,8 процент; бұл санды ұрыс дәуіріне шейінгі санмен теңдестіру мүмкін емес. 1914 жылға дейінгі Қазақстанда болған халықтың есебі толық жоқ. Ол уақытта көшпелі қазақ елдері толық есепке алынбаған секілді.

1926 жылғы есепке қарағанда, қала халқы 539 200 кісі, дала-ауыл халқы 5 967 800 кісі. Осылардан жұмысқа жарамды жастағылар 3 474 200 кісі (53,36 процент), осыдан қалада тұрушы 300 900 кісі (8,66 процент) және ауылда тұрушы 3 173 300 кісі (91,34 процент). Жалпы қала халқының санынан іске жарайтыны 5,80 процент. Ауыл халқының жалпы санынан іске жарайтыны 53,17 процент, міне, бұған қарағанда, ауыл халқына қарағанда, қала халқының жақсы өскені білінеді. Жақында алынған есепке қарағанда, соңғы екі жыл ішінде қала халқы 10 процент өскенде, ауыл халқы 4,5 процент қана өсіп отыр.

Қазақстан мемлекетінің орны кең, халқының тығыздығы Қазақстан қарамағының бар жерінде бірдей емес. Жер ыңғайына қарай әр жерде әртүрлі. Себебі, Қазақстанның көп елі көшпелі мал бағумен күн көрсе, біразы егіншілікпен де күнелтеді. Сондықтан, жан басына қанша жерден келуін бір мөлшермен өлшеуге болмайды. 1928 жылғы есеппен бір квадратный километрге 2,28 кісіден келеді.

Қазақстан мемлекетінің ұлт түзілісі аралас, егер аз болуына қарамай санасаң, 20 шамалы ұлт бар. Бұл көп ұлттардың әрқайсысының белгілі бір орында отырғаны да бар. Қазақ халқымен аралас отырғандар да көп. Бір ұлттың бірнеше аудандарға бөлініп жүргендері де бар. Негізгі ұлт қазақ, орыс, қарақалпақ болып, бұлардан басқа толып жатқан ұсақ ұлттар бар.

Олардың сандары мыналар:

Қатар номер	Ұлттар	Қалада жасаушы	Далада жасаушы	Жалпы халықтың санынан процент
1.	Қазақ	68794	36483 000	57,1
2.	Орыстар	273626	772775	15,3
3.	Қарақалпақ	4950	115234	1,94
4.	Украин	46158	814820	13,2
5.	Казак-орыс	62000	216000	4,3
6.	Неміс	2362	48734	0,8
7.	Мордва	11446	36098	4,0
8.	Белорус	4163	21459	0,9
9.	Еврей	3217	183	0,5
10.	Болгарлар	78	3022	0,5
11.	Өзбек	31164	181896	3,5
12.	Татарлар	60321	20406	1,2
13.	Ұйғыр	10439	41364	0,8
14.	Қырғыз	2567	7899	0,2
15	Түркмен	212	1002	0,2
16.	Дунған	2337	6118	0,1
17.	Тәжік	16	7650	0,1
	Барлығы:	539245	5967832	100 процент

Жергілікті халықтың жалпы санын алып қарағанда, қазақ ұлты көпшілікті алып 57,1 процент болады. Орыс халқы Қазақстан қарамағындағы аудандардың бәрінде болып, халықтың жалпы санының 15,3 процентін тұтады.

Украин халқы Қазақстанның көп жеріне таралған болып, көбірегі бұрынғы Ақмола мен Қызылжар округтерінде күнелтеді. Ақтөбе, Қостанай округтерінде де бар.

Қарақалпақ халқы Қазақстанның Түркменстан, Өзбекстан мемлекетімен қосылысқан шетінде болып, басқа жақтарда өте аз. Ерікті облыс болып, 1925 жылдың басынан бері Қазақстан мемлекетіне бағынады. Елінің көпшілігі қарақалпақ, өзбек ұлты. Қазақстан мемлекетінің Өзбекстанмен шекаралас жерлерінде, Қарақалпақ облысы Сырдарияда жайлап[1], басқа жақтарда аз.

Татарлар Қазақстандағы аудандардың бәрінде таралған болып, бұлардың көбісі, 60 процентке жақыны қалада тұрады. Мұның себебі, олардың айналысатын кәсіптеріне қарай:

сауда, қолөнері, кеңсе қызметінде болғаннан қалада тұрады. Татарлардың ең көбі бұрынғы Ақмола округінде.

Ұйғырлар Қазақстанның Қытаймен шекаралас жерінде болып, барлығы дегендей бұрынғы Алматы округі Жаркент, Шелек аудандарында. Ұйғыр ұлтын тараншы, қашқарлық деп жүру жаңылыстан болған нәрсе. Мысалы, бұрын біздің қазақты "қырғыз" деп атағандай, ұйғырдың тарихы, рас аты "ұйғыр" болған үшін солай "ұйғыр" деп атамақ керек.

Дұнғандар Қазақстанның Қытайға жақын орындарында жасайды. Олардың ең көп жері бұрынғы Алматы, Жетісу округінде.

Немістер Қазақстанның көп аудандарына таралған. Ең көбісі бұрынғы Ақмола округінде болып, өз алдына кеңесі бар. Күн көрісі — ауыл шаруашылығы.

Түркмен Қазақстанның Түркменстан республикасымен жанасқан жерінде, қарақалпақ облысында болып, күн көрісі егін салу. Тәжіктердің көп орны Бостандық ауданында.

Қалған ұсақ ұлттар аудандарда аралас жасайды. Олардың жалпы саны халықтың санынан 0,4 процент қана тұта алады.

Осы ұлттардың әрқайсысында да өз алдына тілі, әдет-ғұрпы бар. Мәдениеті, шаруашылық жағында әрқайсысы әртүрлі. Бірақ та, күнкөріс жағынан бір-бірімен байланысты десек болады.

Мәдени, шаруашылық жағынан кейбір европалық ұлттардың ғана алдалығы болмаса, басқа ұлттардың бәрінің де бір-бірінен артықшылығы аз. Бұл ұлттардың көбінің мәдениеті артта, әлі күнге шейін надандығы күшті екені әркімге белгілі. Олардың осы күнге дейін артта қалуы — ескі патша үкіметінің ұлт саясатынан қалған мұрасы деуге болады.

Ұлттардың патша заманындағы тұрмысы

Ескі Россия, патша үкіметі барлық күшін, саясатының негізін ұлттарды езуге қаратып құрған еді. Ол ұлт мәселесінде теңдікті, еркіндікті жалғыз-ақ орыс ұлты байларына беріп, басқа ұсақ ұлттарды көзге ілмеуші еді. Үстемдікті орыстың бай, помещиктеріне ғана беріп, басқа ұлттарды құл есебінде ездірді. Бір ұлттың ішінде бай да, кедей де бар, орыстың байлары басқа ұлт кедейлерін де, орыс кедейлерін де езді. Бірақ ұсақ

ұлттардың кедейі, біріншіден, патша үкіметі, оның байларынан езілсе, екіншіден өзінің байынан да езілді.

1738 жылдан бастап Қазақстандағы ұлттар 200 жылға жақын Ресей патша үкіметінің құлдығы астында жасады[2]. Осы екі жүз жыл ішінде мәдени шаруашылық жақтан артқа кетіп, қайдағы бір оңбаған әдеттер күш алды. Еңбекші ел Россия капиталистерінің арзан шикізат алып, қымбат товар сататын базары болып қызмет етті, шаруаның жазы-қысы тынбай тапқан шикі бұйымдары арзан бағамен саудагер қолына түсіп, бай капиталистердің завод, фабрикаларына жіберілді. Базардың бәрісі саудагерлердің қолында болып, нарықты шаруаның залалына, өздерінің пайдасына қаратып тұрушы еді. Үкімет болса, сол саудагер байдың пайдасы негізіне тұрып, өз күшімен күн көретін шаруаның күйзелуіне қараған жоқ.

Жер, судан пайдалануда ұлттар арасында теңдік деген нәрсе жоқ. Жерден пайдалану мөлшері ұлт айырмасына қарай түзеліп, шаруаның күшіне қарай болу ескерілген жоқ. Жергілікті халыққа жан басына 5 десятинадан 15 десятинаға дейін жер бергенде, орыс мұжықтарына жан басына 5 десятинадан 35 десятинаға дейін, отаршыл әскерлерге 70 десятинаға дейін берілді. Жергілікті халықтың ең жақсы, оңтайлы жерін тартып алып, Ресейдің патша үкіметінің жіберген мұжықтарына беріп, жергілікті шаруаға қайдағы жаман, оңтайсыз жерді көрсетіп: “алсаң ал, алмасаң өзің біл” деді. Сол уақыттардағы тартып алынған жердің саны 40 миллионға жетеді.

Жер бөлінгенде шекараны белгіленген сызыққа қарай қолдану жоқ. Жергілікті елдің орыс кулактарымен шекаралас отырғандарының жерін орыс мұжықтары тартып алушы еді. Жерінен айрылған кісі үкіметке арыз қыла барса, тілегін орындаудың орнына қамауға алып және сөгіп қуып жібереді, жер мәселесінде езілген ұлттардың арыздары тіпті тыңдалмады, ақырында сорлы қара бұқара зар жылап, арыз қылуға қорықты.

Бұл саясат, біріншіден, жергілікті ұлттар мен орыс арасында араздық, дұшпандық тудырса, екіншіден, жергілікті ұлттар арасында жерсіз кісілердің көбеюіне себеп болды.

Патша үкіметі қалай болса да, түрлі жолдармен көбірек ұсақ ұлттар арасына қастан араздық тудырушы еді. Егерде ұлттардың аузы ала болмаса, еңбекшілері бірігіп патшаның залымдығына қарсы шығып, бәлкім, үкіметті құлату қаупі бар еді. Сондықтан

ескі үкімет өзбекті, тараншыны қазаққа, қазақты оларға қарсы қоюшы еді.

Ұсақ ұлттарды бір-біріне қарсы қойып қарап отырмастан, оларды орыстандыру деген саясат күшті болып, ұсақ ұлт балаларын өз ана тілінде оқуға рұқсат жоқ, барлық мектептерде жалғыз орыс тілін оқуға міндетті болып, ұлттардың ана тілі есепке алынбайды. Ұсақ ұлт балаларының мектепке кіруі өте ауыр болып, атақты бай, атқамінерлердің баласы ғана орыс мектебіне кірсе де, білімді өз тілінде емес, орыс тілінде алушы еді. Бұл орысша оқып шыққандардың көбі ұлттан, оның бүтін еңбекшілерінен безіп айрылып, орыстың чиновниктеріне қосылып кететін. Қазақстанда осының себебінен өзінің ана тілінде оқып, жаза білмейтін, болмаса өз тілін бүтіндей білмейтін зиялы жақынға дейін бар еді.

Ұсақ ұлттардың тілдері жалғыз-ақ дінді істерді қолдануға ерікті болып, басқа үкімет, әлеумет істерінде қолдануға ерік берілмеді. Ұлттар тілінде баспасөз жалғыз ғана дінді істе рұқсат етіліп, басқа істе мүлде жоқ, патша үкіметі дінді ұлттарды езетін құрал етіп қолдануға, отаршылдық астында құлдықта жасаушы ұлттарды қараңғылықта, надандықта ұстау үшін біле-көре дінді күшейтіп, ишан мен молданы көбейтті, әптиек, құранды молайтты. Ұсақ ұлттардан мұғалім, басқа жұмыскер даярлау ісі еске де кіріп шықпаған, мұның нәтижесінде ұсақ ұлттар мәдени жемістен артта қалып, халқының 99 проценті сауатсыз болып қалды.

Ұзақ уақыт өтпей ұлттар арасындағы ескі хан, бек, аталықты қостағандар патша өкіметінің қызметкері болып алды. Батырлардан барымташы, билерден атқамінер шығып, олар да үкіметке арқа сүйеп, қара бұқараның үстінде қамшы ойнатты. Капитализм өсуінен әсерленген ұлт байлары да малмүлкін молайтып, кісі күшін де пайдалана бастады. Ресей капиталдарының сауданы күшейтуімен қала, поселкелерде сауда орындары молайды. Мұнымен байланысқан жергілікті ұлт байлары күш алып және сауда жолымен диқан шаруаларды аяусыз қанау, талау арқасында зор күшке ие бола бастады. Қалада тұрушы Ресей байларымен байланысып, өз ұлты шаруасынан түрлі заттарды арзан бағаға алып, қымбат бағаға сатушы ұлт байлары күн-күннен өсіп, қанау жолымен жерді, малды, мүлікті асыра бастады. Жергілікті ұлттардың ірі, ұсақ байлары, жарым

феодалдары өздерінің барлық тағдырын тап серігі болған Ресей капиталистері мен байларын, оның үкіметін, саясатын да қорғауға кіріп кетті. Осындай жағдайлар астында баяғы жерсіз қалған және аз жерді, аз малды шаруалардың бірсыпырасы бүтіндей қу кедей батырақ болып, ауылдағы бай, жарым феодалдарға жалдана бастаса, бірсыпырасы қалалық жерлерде түрлі ұсақ қол өнерімен шұғылданады.

Ұлт байлары мен Ресей байларының бірігіп алып еңбекшілерді қанауы, елді адам көрмеген қиыншылыққа ұшырата бастады.

Әсіресе кедейлердің тұрмысы өте нашар болды.

1902 жыл мен 1913 жыл арасындағы есепке қарағанда, жергілікті бұқараның жалпы санынан 9 проценті кеміген. Осы кему әлбетте, бірінші, шаруашылық түзелмеуінен болса, екіншіден, түрлі аурулардың таралуынан.

Тілмен айтып суреттеуге мүмкін болмаған қанау, езу астында жасаушы ұлттардың еңбекшілері шыдамай, үкіметке қарсы көтеріліс жасаған да уақыттары болды. Бірақ патша үкіметі оны құралды күшпен басты.

Көтерілістің ең үлкені 1916 жылғы көтеріліс болып, бұған Қазақстанда болған ұлттардың көбісі қатынасқан еді[3]. 1916 жылғы көтеріліс ұлт көтерілісі болғанмен, тап әсері де күшті еді. Қазақ кедейлері патша үкіметіне арқа сүйеніп, бұқараны езуші қазақтың атқамінер болыс, төрелерін мынау қазақ деп аяған жоқ. Талайын өлтіріп салды. Қарақалпақ, өзбек және басқа ұлттар арасында да болды.

Ұлт еңбекшілері, өз байлары және патша үкіметінің залым тырнағында езіліп, айтуға тіл жетпестей қорлық, зорлық жасап, мұңды жасын төгуде болды.

Бұл еріксіздік, теңсіздікке қарсы Ресейдің жұмыскер табы ұйымдасқан түрде бас көтереді. Ресей жұмыскерінің жол басшысы коммунист-большевиктер партиясы, оның жетекшісі жолдас Ленин ұлт мәселесіне өте көңіл қойып, ол ұлт-ұлтты езу, құлдықта тұтуға қарсы күресу керектігін һәм ол күрестің қай түрде болуын ашық көрсетті. Ресей жұмыскерлері Қазақстандағы езілуші ұлт еңбекшілерінің қозғалысына жолбасшы болды. Сол жолбасшылық жәрдемі арқасында барлық ұлт еңбекші табы езілуден құтылды.

Ұлттардың кеңес үкіметі заманындағы тұрмысы

1917 жылғы Ұлы Октябрь төңкерісінде пролетариат табы байлар үкіметін құлатып, үкімет үстемдігін өз қолына алуданақ ұлт тәуелсіздігінің түбіне балта шапты. Патша үкіметінің құлдығында езілуші ұлттарға толық ерік беріліп, отаршылықты түп жерінен жоюға кірісті. Ресей пролетариаты мынау қазақ, мынау орыс деп ұлт айыруды қойып, ұлт мәселесін өзінше шешті. Ресейдегі барлық ұлт құқық, еркіндік жағынан бәрі бірдей болды. Әр ұлттың бөлек мемлекет құрып өз алдына өкімет болуына шейін рұқсат деді. Ұлт және дін үстемдігі секілді теңсіздікті жойып, Ресей қарамағындағы барлық ұсақ ұлттардың еркін түрде жасауына жол құрды. Бұл еркіндікті Қазақстандағы қазақ hәм басқа ұлттар еңбекшісіне 1919 жылға дейін жүзеге асыруға мүмкіндік болмады. Өйткені үлкен себептер болды. Қазақтың байлары — байшыл зиялылары өз еркіндігін тілеп, орыс байларымен қатты байланысты, олар сол кезде төңкерісті құлатпақшы болған бай капиталистер жағына шығып, көңілін төңкерістен қайтармақ болды. Еңбекші елдің қозғалысын алдап, өз тілектеріне қаратпақшы болды. Қазақ бай ұлтшылдары байлар пайдасы негізіндегі (алашорда) өкіметін құрып, төңкеріске қарсы шықты. Алашорда үкіметі қазақ ұлтының еркіншілігін байлар тілегіне аударып, байшылдық құрылысты жүзеге асыруды өзіне міндет етіп алды. Ұлы жәhангер мемлекеттердің Ресейдегі пролетариат төңкерісін құлатуға шығарған шабары Колчак, Дутов, Анненковтармен бірігіп[4] жаңа түзеле бастаған Кеңес үкіметіне құралды күшпен қарсы тұрды. Бірақ, бұл ұзақ тұра алмады. Октябрь төңкерісін жасаушы Ресей пролетариатына, оның ұлттар азаттығы, теңдігі үшін тастаған ұранына барлық ұлт еңбекшілерінің көңілі толып, сенімі артқаннан алашордадан безе бастады. Коммунист партиясының Қызыл туы астына жиналып, ұлттар теңдігі үшін тастаған ұранды жүзеге шығаруға ұмтылды. Сол кездегі жаңа ұйымдаса бастаған большевик партиясы жетекші болып, қазақ hәм басқа ұлттар еңбекшісі төңкеріс дұшпандарына батырлықпен қарсы тұрды. Партияның үгіттеуі арқасында қазақ еңбекшілері басқа ұлттар еңбекшісімен бірге қызыл әскер қатарына кіріп, төңкеріс жауына қарсы ерлік көрсетті. Егер төңкеріс құласа, өткендегі құлдық қана емес, өлім қорқынышы көз алдында тұрғанын сез-

ген қазақ еңбекшісі өлген-қырылғанына қарамай, бар күшімен төңкеріс дұшпанының қатарын қиратып, туын құлатты. Бай ұлтшылдарды майданнан сүріп, социалистік негіздегі ұлт автономиясын жасауға жол ашты. Кеңес үкіметінің ұлттарға берген еркіндік құқынан пайдалануға мүмкіндік болды.

1920 жылдың август айында Ресей орталық атком һәм Комиссарлар кеңесі автономиялы Қазақстан мемлекетін құруға декрет шығарды[5]. Сол жылдың сентябрь айында бірінші ардақты кеңес съезі шақырылып, қазақ еңбекшілерінің орталық атқару комитеті сайланды. Міне, сол күннен бастап қазақ еңбекшілері һәм басқа ұсақ ұлттар тұрмысында жаңа дәуір басталды. Кеңес өкіметінің ұлттарға берген теңдігі жүзеге асып, еркін түрде іс істеуге жол ашылды.

Езілген қазақ еңбекшісі құлдықтан құтылумен бірге мемлекет ісін басқаруға ерікті болды. Өз мемлекеті ғана емес, Ресей орталық атқару комитетінің қатарына және де одақтық орталық атқару комитеті қатарына сайланып, басқа ұлттармен тең құқықта болып қалды. Барлық ұлттың құқықты болған заңы шықты. Жерден, судан пайдалануға қазақ еңбекшісі де, бұрынғы қожайын ұлт еңбекшісімен тең болып, отаршылдық деген мүлде жойылды. Ұлтты езудің тамырына балта шабылды.

Қазақ еңбекшілерінің тілі мемлекет тілі саналып, мекемелерде іс жүргізуге ерікті болды. Түрлі мектептер ашылып, өз тілінде сабақ оқытылды. Қазақстан мемлекетінің баспаханасы түзіліп, қазақ тілінде түрлі кітап, газет, журналдар шығарылып таратылды. Қазақ еңбекшісі мен жұмыскерлер даярлау ісі қолға алынды.

Бай, атқамінерлердің тырнағында езілуші қазақ жалшылары кеңес төңірегіне ұйымдасып, үстемдігі арта бастады. Еңбекші қатын-қыздар ерлермен тең құқықты болды. Қысқасын айтқанда, қазақ еңбекшілдері Қазақстан автономиялы республикасы түзілуімен өздерінің тұрмысына тиісті ауыл шаруашылығы, өнерлі кәсіпті негізінен өзгертіп, жалпы жұмыскер, еңбекшілер пайдасына қаратып, алға бастырды. Ескі патша өкіметі заманындағы отар болып, капитализм тепкісінде езілген Қазақстан әлеуметшілдік социализм негізіне құрылып, тиянақты кеңес республикасы жасалды.

Қазақ еңбекшілдері теңдікке жетумен Қазақстанда жасаушы жиырмаға жақын ұлт еңбекшілері де құлдықтан

құтылып, теңдікке жетті. Қазақстан мемлекеті жалғыз-ақ қазақ еңбекшілері үшін десек, бүтіндей қате болар еді. Қазақстан үкіметі қазақ еңбекшілеріне қандай болса, қарамағында болған ұсақ ұлттар еңбекшісіне де сондай. Жергілікті халықтың көпшілігі қазақ болғаннан өкімет қазақ еңбекшілері атына қойылған, барлық ұлт еңбекшілері де қазақ еңбекшілері қатарында өкімет ісін басқаруға, өз кеңестерін құрып, мәдени-шаруашылық істерін істеуге ерікті. Ұсақ ұлт та өз тілінде мектеп ашып, бала оқытуға, мекеме ісін жүргізуге ерікті болып, бәлкі оларға тиісті жәрдемдер берілді. Орыс пролетариаты қазақ еңбекшілеріне жәрдем беріп, мемлекетін құрып, оның нығайып социалистік құрылысқа кірісуіне тілектес екендігін іс жүзінде көрсетсе, осы интернационалдық үлгіні қазақ еңбекшілері де қолданып, іс жүзінде көрсетіп келеді.

Орыс жұмысшылары езілген ұлт еңбекшісінің теңдікке жетуіне қанша қайрат көрсеткен болса, қазақ еңбекшісі де сол үлгіні қолданып келді. Барлық ұсақ ұлттар еңбекшісі қатарға қосуға тиісті шарасын көреді. Оларды кеңеске жақындатады.

Ұлттарды кеңес түзілісіне қатынастыру туралы

Қазақстан ұлт республикасы болумен, түрлі ұсақ ұлттарды ішіне алады. Өзінің он жылдық өмірінде қарамағында болған барлық ұлт еңбекшілерін кеңес құрылыс жұмыстарына, мәдени, шаруашылықты алға бастыру ісіне толық қатынастыруды негізгі міндеттерінен санап, оны жүзеге асыруға тиісті шарасын көрсетіп келді. Бірыңғай ұлттарға поселка, қыстақ, ауыл кеңестерін құрумен ғана қанағаттанып отырған жоқ. Төменнен алып, орталыққа дейін кеңес орындарының бәріне де, қай ұлттың болса да өкілдерін кіргізіп келді.

Партия мен кеңес өкіметінің күн, сағат сайын еңбекші қара бұқарамен байланысып, түрлі деректемелерді тұрмысқа асырып тұратын ауыл, поселка кеңесі болғандықтан, ауылды кеңестендіру күшейтіліп, сонымен қатар төменгі ұлт кеңестері құрылды. 1926 жылғы Қазақстанда болған 3641 ауыл кеңесінен 2258 қазақтікі, 1052 орыстікі, қалған 331 ұсақ ұлттардікі. Бұл сан 28-жылдарға келгенде артып, 480-ге жетті. Қазір Қазақстандағы 3888 ауыл кеңесінен қазақтікі 2199, казак-орыстікі 115, орыс және украиндікі 1209, ұйғырдікі 45,

өзбектікі 64, немістікі 40, түркмендікі 8, тәжіктікі 5, дұнғандікі 4, тағы басқа (татар, болгар, мордва) ұлттарынікі 18 болып, істеп тұрады. Ауыл кеңесінің саны көбеюмен оған халықтың қатынасы жақсыланды. Сонымен Қазақстанда бір автономиялы облыс, 193 аудан болса, содан қазақтікі 113, қарақалпақтікі 3, өзбектікі 5, ұйғырдікі 2, казак-орыстікі 9, орыс және украиндық 47, аралас 13 аудан. Бұл кеңестер, әлбетте, ұлттардың отырған орны, сандарына қарай құрылып, олардың кейбір аралас отырған жерлерінде де лайықты кеңес ұйымдасып отыр.

1927 жылғы Орталық атқом мүшесінің барлығы 151 кісі. Содан қазағы 92, орысы 27, ұсақ ұлттары 33 кісі. 1929 жылы Орталық атком мүшесінің барлығы 155 кісі. Содан қазақ 48, орыс 30, ұсақ ұлттары 41 кісі.

Бұлардан басқа орталық наркоматтардың қайсысында болса да әр ұлттан кісі бар. 1927 жылдан бастап орталық наркоматтарға ұсақ ұлт өкілдерін төменнен жоғарылату ісі күшейді. Осы күннен орталық мекемелердің қайсысында болса да ұсақ ұлттардың жауапты қызметте отырғандары бар. Мұндағы бір қиыншылық ұсақ ұлттардың надандығы, артта қалғандығы себепті, олардан жұмысшылар өте аз. Екіншіден, олардың кеңестерімен байланыс жасағанда тіл мәселесі қиындау соғады. Соның үшін бұлардан жұмыскер даярлау мәселесіне көңіл қойылып келеді.

Жергіліктендіру мәселесі

Қазақстан құрылғаннан бері негізгі саясаттың бірі ұлт мәселесін дұрыс шешу болса, соның бір маңызды бөлшегі етіліп жергіліктендіру мәселесі алынды. Ол күнделік міндеттердің бірі етіп қаралды. Бұл істің жүзеге асуының барлық жұмыстарға да маңызы барлығын көрсетіп келді.

Жергіліктендіру жалғыз-ақ қазақ үшін деп түсінушілер де болды. Бірақ ол қате. Жергілікті халық ішінде көпшілік орын тұтушы қазақ болу себепті, бұл жұмыста да қазақ еңбекшісі көп ескеріледі: көбірек сайланды. Бұдан басқа ұлттарға дәнеме жоқ деп түсінуге жарамайды. Бұл мәселені өкімет Қазақстандағы барлық ұлтқа бірдей қылып шешеді. Қазақтың тілін мемлекет тілі қылып жүзеге шығарса, басқа ұлттардың тілін өз аудандары ішінде жүзеге асырып, өкімет тілі санайды. Әр ұлттың өз ауда-

нында өз қызметкерінен қойып, өз тілінде іс жүргізілсін дейді. Қатта ауданы болмаған ұлттардың ауыл, қыстақ кеңесі ішінде де өз қызметкері, өз тілі болсын дейді.

Жергілікті халық ішінде көпшілік орын тұтушы қазақ халқы болғаны үшін өлкелік мемлекет тілі болып, соның тілі есептеледі. Бұған ешкімнің таласы болмауға тиісті, мекеме қызметкерлері болса да солай. Көпшілік орын тұтушы халық арасындағы мекемеде сол халықтың өзінен қызметкер отырып, барлық жұмыс сол тілде жүргізілсе өкіметтің жұмысы тез алға бармақ. Неге десең, жалпы қара бұқара өз мұңын толық айта алса, әлгі мекеме де толық түсіне алады, сонымен партия һәм өкіметтің жолы дұрыс және толық жүзеге асырыла қояды. Сол себепті жергіліктендіру жұмысы артта қалған қазақ еңбекшілерін және ұсақ ұлттарды да өкіметке, өкіметті оларға жақындата алады.

Надан халық арасында ескі патша өкіметінің қалдығы әлі күнге дейін күшті. Залым патша өкіметінің заманында мекемелердің бұқараның арызын тыңдамай, оларды жәбірлегенін баста айттық. Түкпірдегі надан халық әлі де сол залымдық бар ғой деп ойлайды. Жергіліктендіру жүргізіліп, мекеме қызметкерлерінің жұмысы жергілікті тілде болуымен баяғы залымдық жоқтығы ашық көрінеді. Қара бұқара мен өкімет арасы жақындасады.

Бұл мәселеге ұлы орыс ұлтшылдығы кедергі болады. Ұлы орыс ұлтшылдығы ескі отаршыл, қанаушылар пікірі болып жергіліктендіру жұмысына теріс қарайды. Осы іс арқылы аузынан наны кететіндей көпіріп, қолайын тауып ақсатуға ұмтылады. Олар бұл мәселені орыстарға қарсы саясат деп, кедей мен орташаны алдайды. Бұл әсер кейбір партия мүшесі, кеңес қызметкеріне де тиіп, істі алға бастырмауға себеп болады. Бұл пікір, жергіліктендірудің маңызын білсе де, өз қара басы қамы үшін бұрмалайды. Бұл пікір партия һәм өкіметтің жолына қарсы пікір, мұнымен күресу керек. Бұл мәселеге Қазақстандағы жергілікті ұлтшылдар байшылдық көзімен қарап, өз жолына салмақ болған еді. Қазақтың байшыл ұлтшылдары бұл мәселені өз мүддесіне пайдаланбақ болып, бұл туралы өкіметтің жоспарына қанағаттанбаған болды. Олар сол жалғыз-ақ қазақ халқын ғана алып, басқа ұлттарды естен шығарып қойды. Бұл істің жалпы еңбекшіл бұқараға пайдалы

негізде белгілі жоспармен жүзеге асуына сенбеді. Олардың айтуынша, бұл мәселені науқандай өткеріп, қазақтан кім болса соны іске қоя беру керек, кедей елден жұмысшы даярлау, тиісті жұмыс құралдарын қамдап барып кірісуге көнбейді. Шынында, олар мекеменің ісін былықтырып, негізгі міндеттерді орындаудан тоқтатпақ. Қазірге дейін мұнымен күрестік, әлі де күресу керек.

Қазақстан мемлекетінің партия, өкіметі бұл мәселеге өте көңіл бөліп, талдап, шешіп келді. Бұл жұмыс дұрыс орындалса ұлттар арасындағы араздық, бір-біріне сенбеушілік жойылатындығын түсіндірді. Мұның барлық іске де пайдасы барлығын көрсетіп, еңбекшілерді қатынастырумен болды. Қазақстан өлкелік партия комитеті өзінің пленумында әдейі жергіліктендіру мәселесін тексерді. 1928 жылдың декабріндегі бесінші пленумында жергіліктендіру жұмысының міндеттері көрсетілді. Бұл мәселенің интернационалдық жағы басым болу керектігін белгілеп, қаулы шығарды. Бұл қаулыда: “Жергіліктендіруге тап негізімен кірісіп, интернационалдық, қоғамшылдықпен шаруашылықты социалистік негізде қайта құру міндетіне байланыстырып, Қазақстандағы барлық ұлттарға теңдей бірдей пайдасы тиетін етіп өткеру керек” деді.

Әрбір ұлт аудандарында, ауыл, қыстақ, поселке кеңестерінде, сондағы барлық мекемелерде сол ұлттың өзінен қызметкер болу тиісті. Мекеме жұмысы сол ұлт тілінде жүргізілуге тиісті. Крайлық мекемелер сол ұлт аудандарымен өз тілінде байланыс жасауға міндетті. Аудандық мекемелер өз қарамағындағы ұлт кеңестерімен өз тілінде байланыс жасауы керек. Барлық өлкелік, аудандық, мекемелер осы тәртіпке қарай жұмыскер даярлап, жұмыстарын сол негізде жүргізу керек. Міне, осы түрде Қазақстан өкіметі жергіліктендіру жұмысын орындап келеді.

Бұл жұмысты орындауда үлкен-үлкен қиыншылықтар бар. Барлық ұлттың тілін білетін қызметкерді һәм іс жүргізу құралдарын бірден төрт түлігін сай қылып табу қиын. Олардың бәрін даярлауда бірталай уақыт керек. Бұған жанаса ұсақ ұлттардың надандығы күшті. 90 проценті сауатсыз, тағы осы секілді толып жатқан кемшіліктер істің тез алға баспауына себеп болып келеді. Осыларды еске алып, Қазақстан өкіметі өзінің он жылдық өмірінде неше түрлі курстарды ашты. Көп жұмыскерді

төменнен жоғарыға да көтерді. Түрлі қаулы-бұйрықтар да берді. Олардың нәтижесі көзге көрініп отыр. Өлкелік мекемелерде, темір жолдарда, түрлі өндіріс орындарында бұдан неше жыл бұрын жергілікті халықтан кісі болмаушы еді. Осы күнде қай орында болса да қазақ және басқа ұлттардан қызметшілер бар. Аудандық мекемелер болса, 70 процентке дейін жергіліктеніп отыр. Поселке, қыстақтар 100 процент жергіліктенген. Біздегі ең үлкен кемшілік түрлі маман қызметкерлер жоқ. Мұны жоспармен, оқу арқылы даярламаса болмайды.

Жергіліктендіру шаруашылықты қайта құру, өнеркәсіпті алға бастыру шараларымен байланысты болып, белгілі жоспармен орындалмақ. Сол себепті бұған бесжылдық жоспар түзіліп отыр. Сол жоспарда жергілікті ұлттар тілінде іс жүргізу, қызметкер даярлау — барлығы да көрсетілген. Жоспарды орындау барлық ұлт еңбекшілерінің міндеті.

Мәдениет құрылысында ұлттардың жайы және қызметшілер даярлау

Мәдениет құрылысы мәселесі Қазақстанда бастан-ақ өте кескін түрде[6] қойылған еді. Еңбекші елдің тұрмысын жақсарту біліммен ғана болады. Ұлт республикасы болған Қазақстан социалистік құрылысты күшейту үшін мәдени, білімді қызметшілер аса мұқтаж, социалистік құрылыстың алға басуы үшін мәдени-ағарту ісі ең маңызды орын алады.

Мәдени-ағарту ісіндегі кеңес өкіметінің мақсаты жалпы еңбекшілердің білімді болуын тілейді. Қазақстанда бұл мәселе ұлт мәселесімен байланысты жүргізіліп, артта қалған ұлттардың алға басуына негізделіп тұрмысқа асырылады. Біз Қазақстанда патша өкіметінің ұлт мәселесі, мәдениет құрылысында қандай саясат тұтқанын көрсеттік. Қазақстанның 10 жасқа шыққан дәуірінде, мәдениет құрылысында үлкен табыстары бар, бұл табыстың ұлт мәселесінің шешілуімен байланысты болып келуі көңілді қанағаттандыра алады. Қолданылып отырған шараға қарасақ, қолдан келген күшті аянбағандықты көреміз.

Мектептердің санын молайту, мұғалімдерді даярлау, сауатсыздықты жою үшін неше түрлі шаралар көрілді. Оларды бір-бірлеп көрсетіп шығу ұзақ уақыт алады. Сондықтан оның ең үлкені қаражат жағын көрсетейік.

	26-27		27-28		29-30	
	Жалпы сомы	проц.	Жалпы сомы	проц.	Жалпы сомы	проц.
Мемлекет бюджеті	4004700	29,7	4315122	31,4	4329800	33,9
Жергілікті	8521306	28,2	11669900	28,4	16333700	28,7

Бұл көрсетілген сандарда өсу үлкен болмағанмен, Қазақстандағы жалпы қаражаттың тұтқан орны белгілі. 1927 жылғы мағлұмат бойынша, жұмсалған қаржы жан басына 1 сом 35 тиыннан келеді.

1925 жылдары жергілікті халықтан жалпы сауатты болғаны екі-үш проценттен көп емес. 1927 жылдары жалпыдан 8 процент сауатты болған. 28-29 жылғы мәліметке қарағанда, ауыл, қыстақ халқының сауатсыздығы былайша:

Қазақ	89,5 процент
Қарақалпақ	97 процент
Өзбек	99 процент
Ұйғыр	87 процент
Басқалары	51 процент

Бұл көрсетілген сандар 1927 жылдарға қарағанда, сауатсыздардың кемігенін көрсетеді. Егерде қала халқының 16-дан 50 жасқа дейін, ауыл халқының 16-дан 36 жасқа дейінгілерінің сауатсызын алып қарасақ, 1928-29 жылдардағы мәлімет бойынша 1885900 кісі, осы санға сүйеніп сауатсыздықты жоюға жалпы жоспар түзілді. Бұл жоспар 1932 жылда бітпек болып, оның жылдарға бөлінген ережесі мынау:

1929-30 жылы 462450
1930-31 жылы 733640
1931-32 жылы 789900

1885900 кісі.

Ұлттар арасындағы сауатсыздықты жою ісін алға бастыру мектеп құрылысының күшеюіне байланысты. Бастауыш оқуды күшейту, мектеп сандарын көбейту сауатсыздықты жоюдағы міндеттердің маңыздысы. Сауатсыздықты жоюдың алға баспауы жалпыға міндетті бастауыш оқудың іске асырылмағанынан келеді.

Неге? Мектеп жасындағы балалардың оқи алмай қалғандарының жасы толып, сауатсыз кісі молая береді. Оны төмендегі саннан көреміз.

Мектеп жасындағы балалардың оқудағыларының 8-ден 11 жасқа дейінгілері

Жалпы санның процентпен көрсетілуі

Ұлттары	1927 жыл	1928 жыл	1929 жыл
Қазақ	15	32	34,7
Орыс	55	64	73
Татар	50,9	63	78
Ұйғыр	31,9	40	51
Дунған	18	26	40,9
Өзбек	17	21	25
Қарақалпақ	12	16	30,8
Басқа күншығыс ұлттары	55	62	66,6

Міне, бұл жоғарыдағы кесте-таблицадан 27 жылға қарағанда, жақсы ғана алға басқанымыз көрінеді. Бірақ та қазақ, қарақалпақ, өзбек балаларының санынан көп ауысып қалғандары бар. Олар сол сауатсыздардың көбеюіне жол қойып тұрады.

Ол ғана емес, тағы да бір қиын болған нәрсе — оқудағы балалардың жастарының келісімді болмағаны, ұлттардың бірінші басқыш мектептеріндегі оқушылардың жастарының лайықты еместігі. Мысалы: бірінші басқыш мектеп қазақтан 12 жасқа дейін 22,7 процент.

Европалық 54,1 процент.

Ұйғырдан 45 процент.

Басқа ұлттарда да солай болып 12 жастан жоғарыдағы оқушыларды алып қарағанда, тағы да кері түрде екенін көреміз.

Бірінші басқыш мектептен қазақтан 12 жастан жоғарыдағы 77,3 процент.

Орыстан 45,9 процент.

Ұйғырдан 54,6 процент.

Мәдениет құрылысындағы ең үлкен табыстың бірі жалпыға міндетті бастауыш оқуды тұрмысқа асыруға кіріскендігіміз. Қазақстанның VII партия конференциясының қаулысы бойын-

ша, жалпыға міндетті болған бастауыш оқуды, бастауыш мектеп курстарды 1930-31 жылдан бастап 1935-36 жылдар толығымен жүргізілмек. Соған жалпы жоспар түзіліп, сол бойынша Қазақстандағы барлық ұлттар арасында да жүзеге асырылғалы отыр. Бұл мәселені жүзеге асыру ұсақ ұлттар үшін өте маңызды.

Барлық бірінші басқыш мектептерден көбірек ауылдарда жасы толғандардың проценті 32-ге дейін барады. Ұлт мектептерінде соңғы уақыттарда қыздардың саны көбейді. 1930 жылда орта есеппен қыздар 13 процентке дейін мектепке тартылған.

Мәдениет құрылысындағы оңайсыз қиын жұмыстың бірі мектеп үйлерінің көбісі ғылым жағынан қарағанда жарамсыз болып шығады. Мектепке арнап салған үй бұрын да өте аз еді. Соңғы уақыттарда бұ да жөнделіп келеді.

Сауатсыздықты жою бірінші басқыш мектептердің санын молайтып, оқушы, оқытушыларды көбейтумен бірге орта, жоғарғы білім беруші орындарды күшейту керек. Орта, жоғарғы білім беру мәселесі ауыл, қыстауда нашар болып, қалалық жерлерде ғана жақсы.

1928 жылы Қазақстанда орта дәрежелі ұлт мектептері оқушылар саны мынадай:

Ұлттар	7 жылдық		9 жылдық		Шаруа жастары мектебі		Барлығы	
	мек теп	оқу-шы	мек-теп	оқу-шы	мек-теп	оқу-шы	мек-теп	оқу-шы
Қазақ	20	3299	5	1125	9	367	34	47761
Орыс	46	15437	27	9551	18	1718	91	26742
Басқа ұлттар	7	1102	2	420	-	-	9	1522
Барлығы	73	19874	34	11096	27	2085	134	38055

Бұл қиыншылықтан шығу жолында техникумдардың саны молайтылып келеді. Жалпы жоғарғы оқу орындарын тездікпен көбейтуге шара көріліп келеді. 1929 жылдан бастап екі жоғары оқу орны құрылды: Қазақ мемлекет университеті және мал дәрігерлерін даярлау институты[7]. Бұл екеуінің де түрлі бөлімдері бар. Келесі жылы тағы да ауыл шаруашылық институты, докторлық және тау-кен институты ұйымдастырылмақ.

Осылардағы оқушылардың ұлт жағын қарағанда қанағаттанарлық, қазақ және күншығыстық ұсақ ұлттар жалпы санның 57 процентін тұта алады. Қазақстанның сырттағы, Орта Азиядағы оқу орындарына да көп оқушылар жіберілді. Олардың ұлт жағынан: қазақ және күншығыс ұсақ ұлттар жалпы санынан 63 процентін тұта алады. Бұл жоғарғы мектептерге оқушылар алғанда ұсақ ұлттардан жетерлік дәрежеде алынуына көңіл қойылып отыр. Ұсақ ұлттардан қызметшілер даярлау мәселесі Қазақстанның бесжылдық жоспары бойынша даярланатын қызметшілермен қосыла даярланбақ.

Қазақстандағы бір қиын болған нәрсе ұлт баспаханасын жолға қою болған еді.

Соңғы уақытта бұл іс те жөнделіп келеді. Осы кезде қазақ тіліндегі өлкелік және аудандық, барлығы 78 газет шығып тұрады. Бұлардың ең төмені жұмасына екі рет, жоғарғысы күнделік болып шығады. Қазақ тілінде түрлі журналдар да бар. Ұсақ ұлттар тілінде — қарақалпақша бір "Ментөкш Қарақалпақ", ұйғырша бір "Кәмбәғәлләр ауази", өзбекше бір "Қызыл қышлақ" газеттері шығады[8]. Европалық ұлттар тілінде де газет, журналдар бар. Қазақстанда баспасөз жұмысы 1920 жылдан басталып, он жыл ішінде жақсы ғана алға басты. 1920 жылдан 1929 жылға дейін қазақ тілінде 500-ге жақын атпен екі миллиондай экземпляр кітап шығарылған. Қарақалпақтың өз тілінде оқу және басқа кітаптары шығып тұрады. Ұсақ ұлттар тілінде оқу құралдарын шығару қиынырақ болған еді.

Ұйғыр, дунған ұлт тілінде әріп және оқу кітаптары болмай, қиыншылыққа ұшырап келген едік. Жаңа латын әрпіне көшумен оны да жөндеуге мүмкіндік болды.

Мәдениет құрылысында тағы үлкен бір табыс қазақтың латын әрпіне негізделген әліппесін тұрмысқа асырғандығымыз. Латын негізіндегі әріп 1928 жылдан басталып, мемлекет әрпі саналып отыр. Жақын арада бүтін жазу істері латын әрпіне көшіп болмақ. Күншығыстық ұсақ ұлттардың да әріптері латын негізіне аударылып отыр. Қазақстанда қазақ зиялыларынан бірнешелері латын негізіндегі әріпке және жалпы мәдениет құрылысындағы кейбір істерге ұлтшылдық көзбен қарап қарсы шықты. Олар қазақ еңбекшілерінің мәдениетін байшыл ескішілдік жаққа қарай сүйреп, еңбекшілер мәдениетін менсінбеді. Бұл ағым ескі алашорданың қалдығымен байланысты.

Қазақ еңбекшілерінің өсуі, саяси сезімінің артуымен ұлтшылдардың пікірі шетке қағылды. Соңғы уақыттарда олардың пікірінің залалды екендігі жалпы еңбекшілер арасында мәлім болып, онымен күресуге кірісілді. Ұлтшылдардың бастықтары мәдениет майданынан шетке шығарылды, қалдықтарымен алда күресу керек.

Күншығыс ұсақ ұлттары арасында да мәдениет құрылысына қарсы ұлтшылдық көзқарас бар еді. Олардың да негізгі пікірі байшыл, ескішілік болып, еңбекшілер мәдениетіне жатпаушы еді. Тараншы, дунған, қарақалпақ секілді ұлттардың арасында мәдениет жүзіндегі жұмыстарға қанағаттанбағандай қарсы болып, негізінде сол байшыл пікірге қарап, бұрмақшы еді. Соңғы уақытта олармен де күрес басталып, шын еңбекшілер мәдениетін құруға кірісіп келеді.

Ұлт мәдениеті ұлтшылдардың айтқанындай құрылмайды. Жаңа кеңес жолымен тап негізінде, интернационалдық жолмен құрылуы керек.

Ұлт мәселесінің шаруашылық құрылысында шешілуі

Тарихи себептермен жергілікті ұлттар арасында шаруашылық теңсіздігі болғаны баста айтылды.

Қазақстан ұлт кеңес республикасы құрылумен шаруашылық еркіндігі басталды. Орыс ұлтының үстемшілігі, зорлықпен алған жерлері қайтарыла бастады. Жердің меншікті мүлік болуы бұзылып, көпшілік әлеуметтік болды. Жер сату жойылып, оны тең пайдалануға жалпы бұқара ұқыпты болды. Шаруашылық негізімен ұлт-ұлтқа үстем болу бітіріліп, теңдік, еркіндік берілді. Қазақ ұлты және ұсақ ұлттар еңбекшілерінің неше жылдар күткен, көксеген мәселелеріне көңіл қойыла бастады.

Тарихи жанжалды мәселелердің бірі жер мәселесі болып, мұның себебінен ұлт араздығы туғанын айтқан едік. Соңдықтан жер мәселесін шешу ұлт мәселесімен байланысты болды. Қазақстан үкіметі бұл мәселеге бастан-ақ көңіл қойды. Бұл мәселенің барлық ұлт, кедей, орташаларының тілегіне қарай тап негізінде орындалу жағын көздеді. Тап мақсатын алға қойып іске кірісті. Бірақ бұл мәселеге, бастапқы кезде, ескі алашорданың қалдығы байшыл-ұлтшылдар кесірлік жа-

сады. Қазақтың байшыл ұлтшылдары жер мәселесінің жалғызақ қазақ ұлты үшін шешілуін қуаттап, басқа ұлттар кедейлерін естен шығарып қойды.

1925 жылғы Қазақстанның V партия конференциясында ұлтшылдар өз пікірін өткізіп, жерге орналастыру жұмысына кезек түзілді[9]. Алдымен жерге қазақ орналастырылсын, орыс, басқа ұсақ ұлттар екінші, үшінші кезекте орналастырылсын, жерден пайдалану мөлшері де осы түрде болуға, қазақтарды жерге орналастыру үкімет есебінен, басқа ұлттарға жер заңына муапық жер бөліп берілсін деген еді.

Мәселенің бұлай шешілуі ұлттар арасында қайтадан жанжал тудырды. Неге десең, қоныстандыру жұмысы жүргізілгенде қазақтың байы үкімет қаржысына қоныстап, орыс, басқа ұлт кедейі кезегі жеткен күні өз қаржысына қоныстанарға керек, екіншіден, жер біткеннің бәрі қазақтарға беріліп, басқалар кезегі келгенше қарап тұруы керек. Солай болып ұлттар арасында бірдейлік, теңдік болмай қалды. Бұған басқа ұлттар наразылық білдіріп, Қазақстан бізге көңіл бөлмейді, біз өгей бала болдық деп орталыққа шағым үстіне шағым түсірді. Жерден пайдалануға теңдік болса, ел қатарлы сыбағамызды беріңіз деген тілектерін қоя бастады. Дұрысында, ұсақ ұлттар бұл мәселені қоюға ерікті еді.

Бұл жанжалдар Қазақстанның VI партия конференциясының қаулысымен жөнделді[10].

VI партия конференциясы өзінің қаулысында бұлай деген еді:

“Жерге орналастырудың кезекке бөлінуі қалдырылсын, қазақ, орыс деп ұлт-ұлтқа бөлінбей, тап жолы, тап мақсаты қолданылсын, жерден пайдалану мөлшері бірдей түзілсін. Қазақ шаруасы нашар болғандықтан, оларға жердің молырақ берілуі есте болсын, жерге орналастырғанда бар ұлттардың кедейі, орташалары бірдей үкімет қаржысы есебіне алынсын”.

Қазақстандағы жаппай қоныстандыру мәселесі тұрғын ел еңбекшілері мен тұрғын европа халқы және шығыстық ұлттардың бай, кулактарына қарсы күштерін біріктіретін болып орындалуы алға қойылды. Бұл жұмыста қазақ, орыс демей, барлық ұлттардың кедей, орташасының мүддесі қозғалып, бай, кулакқа қарсы күресте тапшылдық бірлігін күшейтуге жол түзелді. Солай болып ұлтшылдардың пікірі шетке қағылды.

Осы деректемелерді, қаулыны жүзеге асыра алдық па? Толығымен асыра алдық.

Бірінші, егіндік, шабындық жерлерді кедей, орташаларға бөлістіру жүргізілді. Шабындықтан 1136000 гектар, егістіктен 1250000 гектар жер кедей, орташаға бөлістірілді. Осыдан батырақ пен кедей 700000 гектар шабындық және 741000 егіндік жерге ие болды. Орташа 436000 гектар шабындық, 508000 гектар жер алды. Бұл кедей мен ортаның шаруасын күшейтіп, байлардың күшін кемітті, екіншіден, ауылда тап сезімін күшейте алды.

Екінші, байлардың, жарым феодалдардың күшін кеміту, оларды мүлде жою үшін конфиске жүргізіліп, 1928 жылы 609 ірі байдың мал-мүлкі конфискеленіп, өздері жер аударылды. Бұлар ылғи кеңес жұмысына белсене дұшпандық жүргізіп, партия мен үкіметтің ол үшін қолданатын негізгі шарасын жүзеге асыруға кесір болатын жуан жұдырықтар еді. Олар сол бұрынғы ескі қанаушылдықты және түрлі сұмдықты күшейтуші, елдің бірлігін қашырушы лайсаңшылдар еді. Елдің тұрмысын жақсартуға жол бермеуші еді. Солар конфискеленіп, 144474 бас ірі малдары алынып, 20626 маңдайында түгі жоқ батыраққа берілді. 293 колхоз, 5 совхоз ұйымдастырылды.

Үшінші, 1927 жылдан 1929 жылға дейін тап негізімен 257615 шаруа жерге қоныстандырылған. Мұнда Қазақстандағы ұлт еңбекшілері де бірдей қоныстандырылды. Осымен ұлттар арасындағы татулық күшейді.

Орта шаруаларды қоныстандырумен қарап қалмастан, олардың шаруашылығын өркендетуге үкімет тарапынан қарыз ақша беріліп тұрды. Мұнда көбірек артта қалған ұлттардың қожалығын көтеру жағы есте тұтылды. 1928 жылы 17547 мың сом, 1929 жылы 18552 мың сом қарыз берілді. Жұт, басқа түрлі апаттармен күресуге соңғы жылдары мемлекет және жергілікті бюджеттен 1900000 сом ақша жұмсалды. Барлық ұлттардың кедейлері салықтан құтқарылды.

Ауыл-қыстақтағы шаруалардың керек-жарағын жеткеру үшін кооператив орындарының саны өсірілді.

1927 жылы барлық кооператив орны 312, мүшелері 110 мың болып, ұсақ ұлттардан 6,3 процентін ғана тұтқан еді.

1930 жылы кооператив орындары 748, мүшелері 430700 болып, жергілікті халықтан 53,3 процентін тұтты: шаруашылыққа керекті соқа-сайман, машиналар жетерлік дәрежеде берілді.

1930 жылға қарағанда, совхоздардың саны өсті. Егін салу, мал асырау һәм басқа да барлық совхоздардың саны 80-нен асады. Бұларға көбірек жергілікті халықтан, һәм ұсақ ұлттардан тартылған. Колхоздың әр түрдегісінің бәрі қосылғанда 700-ге барады.

Тағы да көшпелілерді отырықшы ету үшін 1930 жылы жоспар түзіліп, 344000 шаруаны отыртуға 300 миллион сом белгіленіп отыр.

Түкпірде жатқан елдерге теміржол салынып жатыр. Олардан Түркістан-Сібір теміржолы 1930 жылы жеткеріліп іске кірісті.

Өндіріс орындары күшейтіліп, алға бастырып келеді. Осы жұмыстар нәтижесінде Қазақстанда ұлт алалықтары жойылып, бірлесу, күш біріктіру нығайып келеді. Сонымен бірге Қазақстанда пролетариат өсіп келеді.

1926-27 жылы Қазақстандағы бүкіл пролетариаттың саны 193855 болып, жүз процент болса, 1929-30 жылы 229004 болып, 1048 процент артқан. Бесжылдық жоспардың ақырында 1932-33 жылда 822579 болып, 4243 процент артпақ. Осының ішінде барлық ұлт еңбекшілерінен де бар.

Ұлт мәселесінің шаруашылық жолымен шешілуінің толық қорытындысын жасау үлкен іс. Біз мұнда көбірек ауыл шаруашылығы жайындағы бірсыпыра істелген істерді ғана көрсеттік. Өнеркәсіп, жол қатынасы, тағы сол секілді жөндерде орындалған жұмыстар көп. Жаңа басталып жатқандары да бар. Мұның толық қорытындысы бесжылдық жоспардың орындалуымен болмақ. Қазақстанның VII партия конференциясы бұл турада мынадай тура жол көрсетті[11]:

“Бесжылдық жоспар пролетариаттың және Қазақстандағы барлық еңбекшілердің тапшылдық бағытын бекемдеп, ұлттар арасындағы мәселенің мәдени, шаруашылық негізімен толық шешілуіне себепкер. Бай-кулактармен аяусыз күресу, Қазақстанның социалистік қайта құрылысы үшін барлық еңбекшілерінің күшін біріктіре алады”.

Конференция қаулысы мәселенің негізін тіпті ашық айтқан. Ұлт мәселесінің шаруашылық негізімен толық шешілуі бесжылдық жоспардың орындалуымен байланысты. Барлық ұлт еңбекшілерінің міндеті бесжылдық жоспарды төрт жылда орындау болуы тиіс.

Партия құрылысы

Ресей капиталшылдары отаршылдықта жасаған Қазақстан қарамағында ірі өнеркәсіпті алға жіберу ісіне қызықпады. Өндіріс орындары өте аз болды. Кейбір бар өнеркәсіп орындарына, болса да жергілікті халықтан жұмысшы алған жоқ, алса да өте аз.

Сондықтан Қазақстан қарамағында жалпы пролетариаттың саны аз болып, жергілікті халықтан мүлде аз еді. Бар пролетариат және ауылдағы кедей батырақтар да тарау-тарау түрде болып, олардың қатынас жағы оңайсыз еді. Олардың істейтін, күнелтетін орындары теміржолдан, мәдени жерлерден шетте еді. Осындай тарихи себептермен Қазақстан пролетариаты арасында партия ұйымын ерте бастан күшейтуге мүмкіндік болмады. Жұмысшы, кедей-батырақтардың тарау түрде өте артта болғандары, олар арасында төңкеріс ісін жүргізіп, ұлт белсендісін даярлауға қиындық келтірді.

Осы сияқты себептермен қазақ, басқа ұлттардың еңбекшісі Октябрь төңкерісіне өздерінің өте аз санды коммунистерімен кірісті. Октябрьден соң, кеңес үкіметі құрыла бастаумен қазақ және басқа ұлттардың коммунист партиясына кіруі басталады.

Азамат соғысы кездерінде қазақтан көп кісілер партия қатарына кіре бастайды. Ол уақыттарда партия ұйымы күшті болса да, мүшелердің көбі қызыл әскер және оның бастықтары, саяси жетекшілерден болып, олардың көбі азамат соғысы біткен соң таралып кетті. Қалайда сол уақыттағы, Орынбордағы партия ұйымына[12] қазақтан және басқа жергілікті ұлттардан тартылған мүше аз еді.

Қазақстан республикасы құрылған соң, партия ұйымы қазақтан көптеп мүше тарта бастайды. Бірақ та, ол уақытта қала, поселкадағы кісілерден көп тартылып, ауылдағы шын кедей-батырақтар арасында іс жүрмей келді. Көп орындарда партияға тап жағынан жат оқымысты бай балалары, алашордашылардан да кіргендері болды. Қарақалпақ облысы секілді түкпірдегі орындарда ишан, молда һәм оның балалары да кіріп қалды. Себебі, ол кезде кедей, батырақтардың тап сезімі күшті емес еді. Сондықтан бастапқы кезде Қазақстандағы партия ұйымында алауыздық, жікшілдік күш алды. Байшыл, ұлтшылдық көп болды. Бұқараны, үкіметті партия ұйымы басқармай, жікшіл “көсемдер” басқарып та жүрді.

Қазақстан республикасы құрылудан бастап, партия ұйымының алдында үлкен-үлкен міндеттер тұрған еді. Орталық Партия Комитетінің қаулыларын артта қалған Қазақстанда жүзеге асыру керек. Мұндағы төңкерістің нәтижесімен істелетін ұлт мәселесі, мәдени, шаруашылық жұмыстарына саяси жол басшылықты күшейтіп, барлық жұмыста тап күресін кескіндету керек болды. Міне, осындай зор міндеттерді орындай бастағанда Қазақстандағы партия ұйымының жетекші орындарындағы қызметкерлер арасында кейбір жолдастар партияның ұлы жолынан тайсала бастады. Партия деректемесін орындағанда байшыл-ұлтшылдық көзімен қарап бұрмалай бастады.

Сол уақыттағы жікшілдікті зорайтқан Қожанұлы жолдас[13] 1927 жылғы өлкелік комитетке жазған хатында: "Партияның ұлы жолына ұлтшылдық көзбен қарап, бұрмалағаным рас" деп жазады (ол соңында қатесін мойнына алды).

1925 жылдың күзінде болған Қазақстанның V партия конференциясы жіктердің тобын тоздырып, қатарын бұзды. Жікшілдік, байшылдықпен күресіп, партия ұйымының әсерін, жетекшілігін күшейтуге кірісті. Бұл уақыттарда партия қатарында қазақ және басқа ұлттардан белсенділер де көбейіп, салт-санасы берік коммунистер шыға бастайды. Ауыл коммунисін шығару ұраны тасталып, ол жүзеге асырылады. Партиядағылар тұрмыс жағынан да түзеле бастайды. Баяғы "көсемдерге басқаруға жол берілмей, шын партия ұйымы болып партияның директивасын тұрмысқа асыруға мүмкіндік туады. Төмендерде партия ұйымдарының саны молайып, жікшілдікті бітіру және мәдени, шаруашылықты өркендететін жұмыстарды қолға алуды мықтап талап етті. Партия ұйымының бұл мақсаты Қазақстанның VI партия конференциясында жүзеге асты.

1927 жылдың күзіндегі VI партия конференциясы сол уақыттағы жікшілдіктің сырын ашып, партияға залалды екенін көрсетті. Ондағы "садуақасовшылдық" жігінің байлардың пікірі екенін белгілеп, оны бітіруге жол түзді. Ол жіктің тілегі: "Қазақстанды кеңес үкіметіне бағынбайтын үкімет жасау, кеңес одағының шаруашылығына байланыстырмай өнеркәсіп құру, қазақтың байы мен кедейін айырмау, тағы-тағылар" еді, Ленин партиясының қызыл туы астына жиналған кедей, батырақтар "садуақасовшылдық" тамырына балта шапты, оның қалдықтарын да жоюға кірісті.

Қазақстанның он жылдық өмірінде партия ұйымы түрлі жіктерді жеңіп, өзінің қатарын түзеді; жат адамдардан тазаланды. Онымен мүшелердің жалпы саны кеміген жоқ, нағыз кедей, батырақтардан, өндіріс орындарындағы жұмысшылардан көп алынды.

Қазақстандағы партияға мүше, кандидаттарының тұрмыс жағына қарағанда мынадай: (процент есебімен)

Жылдар	Жұмысшы	Шаруа	Кеңес қызметкері және басқалар	Өндіріс орнындағы жұмысшы	Барлығы
1928 жыл январь	33,3	44,6	22,1	21,3	100 %
1929 жыл январь	35,3	44,1	20,1	25,3	100 %
1930 жыл апрель	45,2	48,6	16,3	34,7	100 %

Партияның қатары түзелуімен ұлт коммунистерінің саны молайды. Барлық мүше және кандидаттарды ұлтқа айырғандағы саны мынадай болып шығады:

Ұлттар	1927 жыл		1930 жыл	
	мүше, кандидат	%	мүше, кандидат	%
	саны		саны	
Қазақ	11959	39,0	21211	44,9
Орыстар	12041	38,3	17475	37,0
Украиндықтар	3425	10,9	4098	8,1
Күншығыс ұсақ ұлттар	2828	9,0	3097	6,6
Европалық ұсақ ұлттар	1323	3,8	1369	2,8
Барлығы:	31455	100%	47250	100 %

Партия ұйымында әйелдердің саны да артып келеді. Олар коммунистердің жалпы санына үстіміздегі жыл 19 процент тұтады. Әйелдерден белсенділер даярланып, жауапты жұмыстарға да қойылып отыр.

В стилистическом отношении он унаследовал напевную и игровую манеру льющихся стихов былинно-героического эпоса. Актуальная тематика, окрашенная весьма оригинальным и ярким сатирическим тоном всегда трезво и критически мыслящего поэта, делает все его произведения очень популярными в степи. Они сразу же после своего появления становятся достоянием широкой публики, исполняющей их уже в переложенном в песни виде на всех сборищах и вечеринках молодежи. Это поэт, идущий не ощупью, а вполне сознательно и твердыми шагами к современному культурному строительству, от передовой группы аула. Ходок от народной литературы, от огромной народной целины к культурному городу, ходок, за которым целой вереницей тянется прогрессирующая и жаждущая нового молодежь.

Этот же поэт одновременно является и хранителем в своей памяти многих ценных памятников старины. Таким образом, он сочетает в своем лице ценное, богатое наследие прошлой казахской культуры со своим приобщающимся к современности, актуальным, новым, в котором не только выражены его индивидуальные переживания, но и воплощены надежды и чаяния всей степи.

Все перечисленные нами до сих пор группы составляют поэтическую среду степи или как хранители всех видов памятников народной поэзии, или же как среда, создающая, движущая эту поэзию. За немногими исключениями, они представляют собой передовую, прогрессивную силу аула в его поступательном движении, устремленности ко всякого рода новым достижениям соразмерно с событиями последних лет как заметно поколебавшие вековые устои степи.

Но не из них одних состоит общество степи.

Несмотря на весь наш оптимизм, не они еще определяют основное лицо степи. Как противовес этим силам есть силы крепкого пока, патриархально-родового уклада, есть консервативный до мозга костей хранитель старинных, косных традиций — аксакал, который своим многолетним опытом, якобы большим запасом “знаний” и родовым авторитетом все еще властвует над умами и многими деяниями средних людей аула. Этот аксакал не воспринимает современность, он только мирится с нею как с неизбежностью. Он гордо пренебрегает всеми новшествами сегодняшнего дня, и, с его точки зрения, даже необходимость образования и его благотворное влияние в высшей степени сомнительны. То, что говорит современный интеллигентный казах, аксакала никакими своими качествами не покоряет, а его знания — одна только фикция, поскольку он научился таким рассуждениям у русского.

Яркий тип воплощенной косности и гордого самообольщения в результате своего большого влияния на степные дела я встретил в лице одного из албанских аксакалов — Рысменде.

Помимо своего действительного знания всех правил житейской премудрости, основанных на консервативной традиции прошлого, он имеет непоколебимую уверенность вообще в богатстве своих фактических знаний в каких угодно отраслях, доступных человеческому разуму. На все у него есть готовые ответы. Пусть это невежественно, наивно с точки зрения его собеседника, но его-то это не смущает и нисколько не побуждает пересмотреть и изменить свой взгляд на вещи. Спорить с ним бесполезно — возражений он не терпит, надо его покорно слушать и учиться всем его премудростям, как бы он не сплетал быль с небылицами.

Вы хотите щегольнуть перед ним какими-то вашими знаниями, приобретенными в городе у русского? Но разве он, Рысменде, не знает того, о чем вы говорите?

Попробуйте намекнуть о том, что говорит наука о мироздании, он сейчас же противопоставит тысячу раз им повторенную одними и теми же словами космогоническую легенду. Он знает математику по счету на пальцах, химию — по варке мяса; вы хотите что-либо сказать об истории народов — он вас и слушать не станет, ответит презрительной или всепрощающей улыбкой и изложит свою, “подлинную историю”: “Казахи происходят

от арабов. Отдаленные предки казахов, сартов, татар и многих других народов — два брата — Казах и Созак. Они сыновья гакаши, ближайшего приверженца (сахабы) пророка Магомета. Отец Гакаши— Аннас и т. п.

Чингисхан — казах, он современник калмыцкого Галдан Церена, а последний современник Аблая, Чингис, имел четырех сыновей: Танагатая, Торгалтая, Боденетая и Бургельтая. Хан Чингис, мир его праху, был самый ревностный мусульманин”... и т. д., без конца, пока вы, окончательно убедившись в своей беспомощности переубедить его, прекратите всякую беседу из обиды за достоверное человеческое знание, над которым беспощадно издевается вящая сказка и пресловутая, выдуманная генеалогия консервативного старика.

Но грубый, невежественный носитель всех ложных знаний и безапелляционный в своем самообольщении в остальных областях, он незаменимое лицо в знании ближайших событий из истории своего рода. Он несомненный знаток подлинной генеалогии рода Албан, со всеми его коленами, ответвлениями. Знает все важнейшие набеги соседних родов на албан и албан на них. Помнит имена батыров, биев того времени. Помнит старинные крупнейшие междуродовые тяжбы, съезды и состязания биев, представителей отдельных родов, защищавших интересы своего рода красноречивыми и остроумными “такбак”. Помнит всех замечательных чем-либо родовых вождей отдельных племен.

Но как обо всем этом информирует вас Рысменде? Оказывается, и тут не без греха. Он старается показать вам весь род Албан, начиная с самой отдаленной его истории во всем бывалом или небывалом блеске и могуществе. Поэтому все батыры, вышедшие из этого рода, побеждают своих соперников как умом, так и богатырским обличием. Бии тоже всегда превосходят биев других родов. Их пути всегда и всюду усеяны лаврами всеми признанной славы, величия и многочисленными трофеями счастливой победы над врагами.

А как ревностно защищает Рысменде интересы всего своего рода и честь его прошлого, насчитывающего за собой несколько веков! Он с возмущением и с присущей ему категоричностью пресек замечания скромного казаха, присутствовавшего при нашей беседе и проронившего фразу о том, что Кетык (отдаленный предок одного из крупнейших албанских родов) по-

явился на свет в результате кровосмесительной близости между двоюродными братом и сестрой от братьев Айт и Бозым. Он авторитетно исправляет “недопустимые заблуждения” и якобы необоснованную клевету, распространенную врагами албан, и старается затушевать в нас, посторонних людях, впечатление от сообщенного неосторожным собеседником. Так ревностно оберегает он честь своего рода от всех возможных нежелательных и позорных теней, которые могут лечь на столь бдительно оберегаемое аксакалом достойное прошлое своих предков и отдаленных сородичей.

Сообщая обо всем прошлом, он, между прочим, несмотря на неоднократно повторенное наше желание слышать “айтыс” биев, запечатленный в народной памяти в стихотворной форме, зачастую старательно избегает сопровождать свои сообщения поэтическими формами. Народной поэзией в ее демократических общественных формах он пренебрегает, мотивируя это тем, что “олен”[16] — дело поэтов-ремесленников, торгующих презренными импровизациями.

Повторять, запоминать то, что говорят торгаши словами, ниже достоинства Рысменде, аксакала, носителя серьезных заветов старины, освященных веками больших традиций. Ритмизованную речь он может допустить в своих сообщениях только в том случае, если она высказана крупными историческими лицами в связи с какими-нибудь важнейшими событиями и обязательно в тоне морально-воспитательном.

Таков один из наиболее распространенных типов влиятельного аксакала в степи, крепко держащегося за старый родовой патриархальный уклад и постоянно старающегося внедрить в сознание современного молодого поколения собственную идеологию и безусловное уважение ко всем устоям прошлого. Поэтому молодежь, увлекающуюся или интересующуюся всякого рода новшествами современности, он не терпит, осуждает. В среде же послушной массы средних людей он внушает презрение и вражду ко всем носителям и проводникам какого бы то ни было нового начала. Так, например, он внушает малоискушенным недоверие даже к новометодному мектебу, где, несмотря на пребывание детей целыми годами, не обучают ни одной молитве. Вполне понятно и то, что он резко осуждает и народную поэзию, проникающуюся современностью, огульно обвиняя

все посвященные современности образы, называя их созданием подкупленных профессионалов-поэтов.

Аналогичен некоторыми свойствами этому типу хранителей старины стоящий несколько в стороне от всей перечисленной среды старый поэт-книжник, небезызвестный во всей казахской степи своими распространенными еще в былые времена религиозно-героическими поэмами, — акын Хожа Жусуфбек Шейхиль-Ислам[17]. Правда, среди албан он случайное лицо. Значительную часть своей жизни он провел на севере Джетысуйской губернии. В молодые годы посетил многие районы казахской степи. Наконец, последние 20 лет провел среди китайских казахов рода Кызай и только недавно вернулся в Россию[18] и поселился среди албан.

Не желая ограничиваться одной поэтической миссией, он сочетал в своем прошлом многостороннюю деятельность. Кроме того, что он поэт, он еще и мулла, он же был популярным певцом, имея в своем музыкальном репертуаре множество старинных мотивов, композиции древних акынов-певцов и домбристов, известных в Средней и Большой Ордах. Долгое время он был известен как сказитель былин на многолюдных тоях и асах. Одновременно он выступал и в печати, издавая созданные им многочисленные религиозные поэмы.

Разносторонний в своей прошлой деятельности, он не желает ограничиваться и в беседе с нами однообразным кругом тем о поэтическом творчестве. Его соблазняет желание сообщить о своих исторических познаниях, где он буквально повторяет Рысменде, — то же сомнительное в своей правдоподобности генеалогическое древо старейших родов, те же пресловутые Казак, Созак, Гакаша, тот же мусульманин Чингис и т. д.

Казалось бы, что от Жусуфбека можно было требовать большего в этом отношении. Но при ближайшем знакомстве с ним оказывается, что и он грешит многими недостатками, и не только в отношении исторических познаний, но порой и нарочитыми неточностями даже в области литературных фактов.

Прежде всего он имеет ничем не оправданную и недопустимую слабость присваивать своему имени литературные произведения, явно не принадлежащие его перу. Так, например, он ввел в заблуждение всех казахских читателей, а в последнее время и издателей с момента первого казахского издания до

последних дней, выдавая “Кыз Жибек”, известную народную лиро-эпическую поэму, за свое собственное создание, тогда как он является только первым лицом, записавшим ее из уст прежних сказителей, ставших потом абсолютной редкостью.

На самом деле “Кыз Жибек” по художественной полноте и высоким стилистическим достоинствам никак не может стоять рядом со всеми созданиями Жусуфбека, качественно гораздо уступающим этой поэме.

Кроме “Кыз Жибек”, Жусуфбек, впервые издавший айтыс “Сары с Биржан-Салом”, тоже выдает его за свое творчество, тогда как сейчас бесспорно доказано авторство акына из рода Сыбан-Арыпа[19].

Много подобных погрешностей допускает Жусуфбек и в отношении других, мелких памятников старины. Чем объяснить подобную болезненную склонность к авантюре со стороны столь степенного акына, я ответить не берусь. Может быть, здесь просто играют роль наивное безразличие, неразборчивость, уподобляющая труд первого собирателя труду создавшего, поскольку в живой народной памяти не сохранилось имени индивидуального творца. Хотя трудно допустить возможность такой версии, оставим пока эту сторону вопроса и перейдем к тому, что представляет собой Жусуфбек как поэт и как хранитель образцов народной поэзии.

Из бесспорно принадлежащих ему произведений мы знаем целую серию религиозно-героических поэм, изданных в Казани и во множестве экземпляров распространенных в свое время в степи. Из них нам вполне знакомо его лицо старого книжника, популяризатора религиозно-патриотических идей ислама и имен, лиц, душой и телом служивших распространению веры Магомета среди всех неверных. При более систематизированном историко-литературном изучении всего литературного прошлого казахского народа этот материал, безусловно, требует оценки и анализа как с точки зрения распространения его на казахской почве, так и со стороны достоинств и недостатков. Но последние вопросы не входят в круг поставленных нами задач, поэтому, воздерживаясь от каких бы то ни было суждений на этот счет, приведем только факты, которые, по свидетельству самого Жусуфбека, способствовали ему заняться именно этими, а не другими темами. Жусуфбек — первый казахский

поэт, при жизни издававший в виде отдельных сборников или брошюр все свои произведения. По объяснению самого автора, оказывается, что инициатива в деле опубликования этих вещей принадлежала далеко не ему самому. Он выполнял заказ, который делали казанские издатели, обязательно требуя при этом, чтобы он писал на религиозные темы. Безукоризненное выполнение этого заказа, очевидно, всегда удовлетворяло казанских опекунов степи. Они писали Жусуфбеку, что у них "сердце радуется, когда акын степи посвящает себя религиозным темам, пренебрегая "сабсатой" (бессмыслицей), т. е. произведениями казахского народного творчества". Но не всегда степь внимала этому голосу в силу прочной традиции хранить и любить свои ценности. Интересы рынка нередко побеждали весь панисламистский пыл издателей, и они бывали вынуждены порой печатать и такие образцы, как "Кыз Жибек", "Сара", присылавшиеся время от времени Жусуфбеком.

Наряду с "Кыз Жибек" из больших форм народной поэзии Жусуфбеком собран ряд старинных былин, среди которых значится и былина о Чоре Нарыкове. Это один из замечательных образцов, представляющих несомненную редкость для современной народной поэзии Большой Орды, хотя Жусуфбеком эта былина записана из уст давно умершего акына Майкот из рода Дулат. Вообще говоря, для поэзии Большой Орды в данном ее состоянии почти что чужды сохранение или значительное влияние больших форм, таких, как богатырские былины с полумифическими героическими персонажами наподобие Едиге, Кобланды, Тарган. В такой же степени неизвестны для массы любителей народной поэзии и большие художественные народные поэмы, такие как знаменитый "Козы Корпеш". В этом коренное отличие малоордынской народной поэзии, где высокая традиция большой формы даже для настоящего времени прочна и непоколебима.

Заканчивая обзор распространенных поэтических форм и жанров народного поэтического творчества в пределах Большой Орды, в заключение я хочу коснуться еще двух литературных фактов, появившихся на исключительном фоне общественной жизни последних десятилетий, представленных революцией 1917 года. Один из этих фактов отмечен всем творчеством албанского поэта Асана, другой — историческая поэма, в

своем возникновении хронологически совпадающая с кануном великой революции и связанная с событиями памятного для албан 1916 года. Оба литературных факта насквозь проникнуты общественным заданием и являются достойным ответом мыслящей, творящей части общества на все сгущенные события внешней жизни, наполненной социально-правовым гнетом, хищнической эксплуатацией и издевательским пренебрежением к нуждам и надеждам порабощенных слоев основной толщи степного населения.

Творчество Асана, сплошь посвященное знакомой ему, тяготеющей, как злой рок, над его поэтической фантазией кошмарной для него современности, в целом знаменует собой хотя запоздавший, но воплощенный протест против всех несправедливостей, которые окружали тогдашнюю жизнь беднейшего казахского населения. Он умер накануне событий 1916 года. Умер, беспощадно бичуя, зло смеясь и разоблачая насквозь порочную деятельность биев, волостных управителей, всех аткамнеров[20], без заслуг стяжавших славу передовых сознательных людей степи в глазах русского чиновничества.

Он был, несомненно, одаренным поэтом, вышедшим из толщи народной. Но косная, консервативная среда, глухая к пламенному призыву поэта к справедливости, зачастую отнимала его неокрепшие силы, обезоруживала; в эти моменты он оплакивал судьбу своего народа, впадая порой в безнадежный пессимизм, в религиозную мистику. Стихи, отмеченные печатью этой мистики, своей грустной настроенностью и внешней отделкой, на первый взгляд, как бы воскрешают канон, унаследованный от времен Асан Кайгы, Бухар Жырау и развитый потом в первой половине XIX века мало- и среднеордынскими поэтами “зар заман”.

Албанский поэт в какой-то части своего творчества перекликается с традиционным прошлым казахской народной поэзии. Но это суждение относится к вопросу жанра, вопросу только внешней формы. На самом деле внутреннее содержание его поэзии всецело отражает переживаемую албанами повседневную горькую действительность. Содержание его творчества всецело от жизни. Поэтому как в момент событий 1916 года, так и долго после, до окончательного и прочного установления нормальных порядков жизни в Джетысу, его стихи были самым

ценным, любимым степью и распространенным видом поэтического творчества. Их заучивали даже старики, повторяли, цитировали все разочарованные чем-либо в жизни. Вот почему в репертуаре профессионального певца-поэта грустная, но разумная поэзия Асана как самое желанное и ценное произведение словесного искусства для слушателей из старших поколений живет до сего времени с самым многосторонним, эмоционально-действенным значением.

Не менее интересно если не по своим художественным достоинствам, то, по крайней мере, оригинальной, актуальной тематикой еще и другое литературное явление предшествовавших революции лет. Я имею в виду историческую поэму об албанском восстании 1916 года. Автор поэмы, Етекбай[21], — сам участник восстания. Он в начале этого события в числе остальных видных и идейных главарей восстания был арестован властями и направлен в Каракол (Пржевальск). Там, несомненно, его постигла бы печальная участь остальных его товарищей, если бы в пути следования однажды ночью ему не удалось бежать и спастись таким случайным образом. Поэма замечательна своей повествовательной формой, где введением и общим фоном к албанскому восстанию служит мировая война, давшая царскому правительству повод дяя усиленного нажима как на другие народности России, так и на казахское население. При описании фактов, предшествовавших мировой войне, и при перечислении всех известных ему действий и контрдействий воюющих сторон автор, между прочим, не скрывает своей явной симпатии к германцам и туркам, представляя русского царя защитником войны и самым опаснейшим врагом казахского народа. Наивное и полусказочное начало поэмы в части, посвященной мировым событиям, малодоступным пониманию степняка, заметно переходит в весьма правдоподобное. До мельчайших деталей реалистическое описание вырабатывается в стройную историческую хронику, когда действие в поэме переносится в степь. Включение в поэму каждого нового события развертывает перед глазами читателя огромную картину нарастающего недовольства, массового народного возмущения, вспыхнувшего, наконец, ярким пламенем справедливого протеста, сплотившего все слои населения народного бунта. Поэма с изумительной точностью воспроизводит все детали, сопровождавшие перего-

воры населения с правительственными карательными отрядами, смелые призывные речи и героическую смерть вдохновителей восстания Узака, Жаменке и многих других. Точно так же детально и весьма логично мотивирует автор необходимость протеста и восстания, которые должны были, наконец, выразиться в таком организованном, хотя бы и ненадолго, народном движении, в ответ на вековую несправедливость и издевательства русского самодержавия. Бунт стал свершившимся фактом, но взбунтовавшимся не пришлось долго торжествовать. Большинство главарей были пойманы и зверски казнены. Безоружный народ хотя и кипел небывалым энтузиазмом, требуя только мести и мести за поруганную народную честь, но все его попытки заранее были обречены на неудачу. Организованным правительственным войсковым частям он не мог противопоставить в какой бы то ни было степени организованный огонь. Неокрепшие, слабые народные силы дрогнули. Оставалось, покидая родные земли, привычные очаги, юрты и почти весь скот, спасаться массовым стихийным бегством за китайскую границу. Но бедствия, пережитые во время панического бегства и после прибытия в китайские пределы, были ужасны. Там их немилостиво приняли китайские власти, а вековечные враги казахов — калмыки, воспользовавшись бедствиями албан, начали беспричинно грабить их, убивать, забирать в плен жен, дочерей и торговать ими на рынках китайских городов. Было пережито кошмарное потрясение, видеть которое никому из казахов автор поэмы никогда не пожелал бы. А привели к этому бедствию действия враждебного казахскому населению правительства. Так отразила поэма по живым следам недавнего прошлого все перевиденное и пережитое в памятном для албан, злополучном 1916 году.

Таковы в общих чертах те распространенные образцы поэтического творчества, которые относятся к подлинной народной поэзии или актуальным, общеизвестным среди массы населения содержанием, или же фактом создания коллективными силами поэтов-импровизаторов, посвятивших себя обслуживанию словесным искусством художественно-поэтических запросов казахского народа в целом. Отмечая как формальные жанровые отличия одних образцов от других, так и их художественно-поэтические достоинства, я также старался в необходимых

случаях охарактеризовать, хотя бы схематически, и ту среду, которая сохраняет, популяризирует и канонизирует эти или иные традиционные формы в их бытовом, обрядовом и массовом действенном значении. Являясь в целом внешним выражением духовной жизни казахского народа, с каждой новой эпохой впитывавшей в себя все идущее от жизни, эта поэзия и в наши дни заметно проникается разнообразным плодотворным влиянием современности. Кроме всех остальных качеств, даже один этот признак имеет полное право привлечь к казахской народной поэзии пристальное внимание исследователя казахской литературы. Потому что только ей одной принадлежит несомненная роль огромной народной целины, прочного и надежного фундамента, на котором может быть построено все дальнейшее молодой казахской культуры. Вот почему она требует не только внимания вообще, но и многосторонних упорных трудов собирания, опубликования и всяких видов систематического историко-литературного исследования и оценки.

Мухтар Ауэзов
Ленинград
25.10.1927 г.

Адрес: Ленинград, Центр,
улица Декабристов, д. 14 кв. 1. ***Ауэзову Мухтару***

Пьесалар

ХАН КЕНЕ

Алты перделі тарихи пьеса

(*Бірінші нұсқасы*)

АДАМДАРЫ

Кене	
Наурызбай	— жас батыр. Кененің інісі, кіші шешеден.
Ержан	— Кененің немере ағасы.
Бопай	— Кененің апасы.
Қарашаш	— Ержанның қызы.
Ағыбай Бұқарбай Жоламан	— батырлар.
Бұғыбай	— батыр, қолбасы.
Құдайменде Көшек	— төрелер, Кененің достары.
Шеген	— қария.
Мұса	— би.
Жантөре Шотай Балғожа	— Кенеге қас би, төрелер.
Нысанбай	— ақын.
Рүстем Сыпатай Байұзақ Әрібоз	— Дулаттың бастықтары.
Жаманқара	— қырғыз батырлары.
Шалдар, әскерлер, қатындар.	

ПРОЛОГ

Дала. Жасыл төбенің басы. Алыста тау. Көп ауыл суреттері. Қасымның асы.

Бірінші көрініс

Асқа жиылған кісілер. Бір жақтан шығып, екінші жаққа өтіп жатады. Жиын осы төбеге келмек. Алғашқы шыққан үш кісі. Бәрі де орта жастағы адамдар. Ақырын аяңдап, әңгімелесіп келе жатады.

1-к і с і. Осы төбеге келеді деді ме?

2-к і с і. Осы болар, осы-ақ шығар.

3-к і с і. Бірақ, бұған мына қара құрттай қайнаған ел сия ма?

2-к і с і. Сыю қайда? Ел жақсылары мен төрелер кеп отырады.

1-к і с і. Олай болса осының бір балақ жерінен, төрелерге құлақ оты болатын жерден орын алайық[1].

3-к і с і. Қайыр, ел де жиналған-ақ екен, құмырсқаның илеуі ме, немене?

2-к і с і. Не айтып отыр өзі?! Үш жүздің баласының руруынан келмей қалған жан жоқ дегенді ұқтың ба? Жоқ па?

1-к і с і. Бәсе, бұл тілеуден кім жырылып қалады дейсің... Жарықтық Қасым мен мына Кененің жолы алабөтен ғой.

3-к і с і. Уа, осы өзі мына патсаға қарсы ғой, ә?! Өзге төрелер патсадан бақ, даража алып жатқанда, бұ неден бүйтті екен?!

1-к і с і. Өзге төре бір төбе, бұлар бір төбе ғой.

3-к і с і. Бұ бұқа сөйтеді деп.

1-к і с і. Болады да бір мәні?

2-к і с і. Садаға кетсін өзге төре... Олар елдің де, елдік ойлаған жалғыз-жарым жақсының да жауы емес пе? Солар енді аяғынан алмаса қайтеді десеңші мынаның. (*Бұлар өтіп кетеді.*)

Екінші көрініс

Төрт-бес жастау жігіттер шығады.

3-ж і г і т. Бұл алаш ұранды қазаққа біткен[2] батырдан батыр да, ақыннан ақын, балуаннан балуан қалмаған-ақ шығар, бәрі де осында-ақ білем.

2-ж і г і т. Билер мен қарияларды қайтесің? Әлде оларды менсінбеймісің? Санамаймысың?

1-ж і г і т (*күліп*). Өй, тәйірі-ай, шал дәрі ме?

3-ж і г і т (*қоса күліп*). Өлмелі шал өз үйімде де бар да!

2-ж і г і т. Неге өлмелі болсын. Кенеге елді ел қып құрап беретін солар болар.

1-ж і г і т. Құрамайым десе де қалың ел өзі-ақ құралады. Кененің жолынан шал болмаса да, басын тартатын кісі жоқ.

3-ж і г і т. Солай деймісің? Бірақ осы олар да төре, бұл да төре. Осы төре мен төре боп алып, неге тіртектесті осылар? Аналар болса және ылғи ел билеп отырған ұлық. Аға сұлтан, пәлен сұлтан, түген сұлтан дей ме, әлде не! Түбі, көп ауыз біріксе, бір ауыз жоқ болады деп, соларыңның лебі тартып кетпесе дейім-ау, осыны да.

1-ж і г і т. Е! Не қылар дейсің? Ол бесті, енді төрелер мен ұлықтың шеніне сатылған жалғыз-жарым шығар. Селдей болып ел беттесе, күлдей болып ұшып кетпей ме?

3-ж і г і т. Ел сорлы ерер-ау! Өйткені бұл ереуіл елдің өз тілегі ғой. Бірақ түбі сол, мынаның артынан еремін деп шаң қуалап қалмаса дейім-ау!

2-ж і г і т. Өй, әне бір жақта қобыз ұстағандар келеді. Ақындар шығар. Жүріңдер, солай баралық. (*Бұлар да шығып кетеді.*)

Үшінші көрініс

Үш шал шығады.

1-ш а л. Баяғыда Абылайдың асына жиналған ел ерекше болды деуші еді. Мынаған сол таласпаса, бұл өңірде, қазақ баласы білген аста, бұдан үлкені болмаған-ақ шығар. Не деген көпшілік!

2-ш а л. Және жиыны қандай ажарлы. Алуан-алуан игі жақсылар бәрі бар ғой, өзіміз естігеміз де, көргеміз де жоқ бұндайды.

3-ш а л. Шабатын аттың санынан-ақ ойласаңшы. Үш жүз дей ме, төрт жүз дей ме?

1-ш а л. Тігілген бәйгі қандай. Бар шығынды Кененің өзіне аудармай, Кіші жүз бен Орта жүз түгелімен өз мойындарына алып отыр ғой. Бір жетімнің өзіне тоғыз кісі шығарылды[3].

2-ш а л. Иә, бәйгінің бәрі жетім бастатқан тоғыздан.

3-ш а л. Тек жолдары болсын байғұстардың... Кешегі өлген Исатай мен бұл Кененің ісі бір бөлек жол ғой. Баяғы Абылай мен Тәукеден соң ұмытылып кеткен бір үлкен тілек қой. Жауы қалың, қайраты күшті. Тілектері болар ма, жоқ па?

1-ш а л. Пәлі... рас айтасың. Бұның ниеті бір үлкен игілік екені рас қой. Тек ел еруге жарасын де.

3-ш а л. Бәрінен де соны айт. Ел ерсе бірдеңе болар. Бүгін мына жиын неге байлар екен. Жә, осы бір жерден отырмаймыз ба?

1-шал. Айтшы, әлгі жерде қалады ғой енді. Ә, ә, қасында әлгі бала бар ма, жоқ па?.. (*артына қарап)* Болдырып жүрер ме екен?..

3-ш а л (*Басын шайқап)***.** Аунаса (....) тұр еді. Жазым болмаса игі еді.

2-ш а л. Аттардың өзін суартып отқа жіберу керек еді. Күні бойы аштан қатып бұралып қала ма, қайтеді? Балаға айтып кетіп ем, қайтті екен өзі. (*Алдыңғыларынша өтіп барып, соларға қосылып сахнада жарым-жартысы көрініп отырады)***.**

Төртінші көрініс

Үш кедей шығады.

1-к е д е й. Жаңағы бізге тартқан еті шала піскен бе, немене? Өзі ылғи қара кесек, жеген құрлы болмадым.

2-к е д е й. Нені жейсің? Қой етінен бір кәрі жілік бар екен. Оны Терлікбай жұлып алып, табаққа бір жапырақ салмай қойды.

3-к е д е й. Жүректі балама апарып берейін деп Қартқожа қағып әкетті.

2-к е д е й. Әуеден шұға жауса, құлға ұлтарақ тимейді деген. Сол ғой. Ханның асы, ханның асы дегенге әлдене десем бұның да қарық болатын дәнеңкесі көрінбейді.

1-к е д е й. Неге? Жұрттың бәрі өзіндей көреді деймісің. Төрелердің үйіне баршы.

3-к е д е й. Бәсе... Оларға көрсеткен сыйдан көз тұндырар. Хан дегенмен оған да бас-бас, балақ-балақ болатын шығар. Сый да, сыбаға да салмағына қарай да.

1-к е д е й. Орайы қайтпайтын қайырымға қай қазақтың баласы ақтарыла қояр дейсің. Сен оны айтамысың, бұ күнгі аста жұрттың бәрі куанып жүргенде бір жағынан еңсесі түсіп жылап жүрген де бар шығар.

2-к е д е й. Жылағаның мінеки *(ар жағын көрсетеді.)* Бағанадан осы бір қатындар шұбырып жылап, әркімге барып бірдемені айтып жүр... (*Ілгері таман аңдап барып сахнаға шығып келе жатқан төрт кедей сахнаға бұрылып қарап тұрады).*

Бесінші көрініс

Қатындар жыртық киімді. Көбі қартаң, жүдеу. Кейбірі жылайды.

1-қ а т ы н. Әлгі билері мен төрелері осы жерге келеді дейді ме? Білдіңдер ме, шырақтарым. (*Алдыңғы кедейлерге қарайды*.)

3-к е д е й. Ия, осы араға келеді. Нелерің бар еді байғұстар, оларға ә?

2-қ а т ы н. Неміз жоқ? Жап-жас жалғыз-жалғыз баламызды жетім деп бәйгеге тіккізіп отыр. Осы елдің жақсысы дей ме, несі дейді көрінде өкіргір өңкей.

3-қ а т ы н. Жазығы әкесі өлгендігі ме? Кім өлмейді. Жақсы кісі болғанда жетім-жесірді жылатып жақсы бола ма екен қайдағы би мен төресі.

4-қ а т ы н (*дуаналау. Қолында аса таяғы бар*[4]). Е, е, айтарсың түге. Менің баламды да алып отыр. (*Таяғын арт жағына қарай сілтеп тұрып*.) Қыршыныңнан қиыларсың (*болжағандай*.) Айтқаным келгенде көрерсің Әлди хақ!!! (*тістеніп, сұрланып*.) “Қара ешкіге жан қайғы, қасапшыға мал қайғы”.

1-қ а т ы н (*жылап*). Құлыным-ай, кішкентей құлыншағым-ай, ана жерде жылап тұр. “Апатай, сақтап қала гөр. Қайда қаңғып кетеміз”, — деп. (*Қатындар жылайды.*)

Жұрт келе жатқанда бір дүбір, дүсір естіледі. Сахнадағы бұрын өткендердің бәрі “Төрелер келеді, төрелер келеді” деп гүбір-гүбір сөйлесіп орындарынан тұрады. Кедейлер соларға таман кетеді. Қатындар кісілер кеткен жақта қалады. Келе жатқандардың алдынан Абылайдың сарыала туын алып батырлар өтеді. (*Сауытты, сайманды бес-алты батыр.)*

БІРІНШІ ПЕРДЕ

1-көрініс

Сахнаға Кенелер шыққанда алдыңғы жақта қалың кісі тұрғандай болады. Жұрттың арты сахнадан әрі созылып тұрғандай. Кенелердің арт жағы да сондай созылған көп халық сияқтанады. Ту артынан шынжырлы балуандар шығады. Тегіс күресетіндей киінген. Арттарынан қобызды, сыбызғылы ақындар, әнші, күйшілер шығады. Солардың артынан өте сәнді киінген Кене шығады. Екі жақ жанында Шеген, Жоламан, Мұсадай билер бар. Бұлардың артында Ержан, Наурызбай, бәрі де[5] сауыт киінген, жеңіл қару асынған, сапылы, қылышты. Сондай қаруы бар Бопай шығады. Дөң басында сандық тасқа кілем жайылған. Соған Кене мен Шеген, Қазы барып отырады. Өзге төрелер солай қозғалады. Кене жандарынан өтіп бара жатқанда жесір қатындар жылап, дауыстары ұлғайып балаларын жоқтай бастайды. (*Сахнаға көп жиын ентелей қоршап келе жатады. Бір бөлек топ болып Шотай, Жантөре, Балғожалар шығады.*)

Ж е с і р қ а т ы н д а р. Құлыным, жас құлыным, жастай жетім қалған сорлым, қарашығым.

Ж о л а м а н (*Қатындарға қарап*). Қайт арман... бұ не... не көкиді өздері. Жап ауыздарыңды. (*Тағы екі-үш ел басшылары қатындарға тебініп келеді. Өзге қатындар жасып қалады. Дуана қатын екілеп алдына шығады.*)

К е н е (*Бұрылып қатындарға*). Бұ не? Бұларға не керек?

Д у а н а қ а т ы н (*Асасын жерге қадап тұрып, түсі құбылып*). Біз жетім мен жесірміз. Жесірі міні алдыңда тұр. Жетімдерімізді ана жерде көгендеп тізіп, шабатын ат, жаңағы балуандардың бәйгесіне тігіп отыр. Жақсы төрені көріп жүрсін. Игі жақсы көзіңді шел қаптап тұр ма? (*Айғайлап*) Уа, құдай, әруақ, қайдасың, адастырма, шатыстырма мыналарыңды. А-ақ.. Құдай жылатқанды сен де жылатайын деп пе едің? Көрермін... көрермін...

Ш е г е н. Мынау бір жынды қатын ғой өзі, бейшараны алып кетіңдерші сандырақтатпай...

Ж о л а м а н. Әкетші кәпірді.

К е н е. Бұларды той басыларға апарып ырза қылыңдаршы *(Кене, Шеген тап басына барып отырысады. Екі-үш жігіт қатындардың қатарына келіп алып жүрмек болады.*)

Қ а т ы н д а р (*Шулап.*) Уа, бармаймыз онда. Ырза қыл төре бізді, босаттырып бер баламызды. Қаршадай балапандарымызды жылатпа, айырма бізді... Жолың болмайды, бізді жылатсаң.

(*Бірнеше жігіт жиналып өзге қатындарды әкетіп бара жатады. Жынды қатын таяғымен қағып ырық бермейді.*)

Д у а н а қ а т ы н. Өңкей арам әрі.. қол тигізсең кием атады. (*Таяғын нұсқап.*) Бастығы төрем, соны атады...

Ж о л а м а н (*Тап беріп*). Шығарма енді үніңді. (*Жігіттер итермелеп әкетіп бара жатады.*)

Д у а н а қ а т ы н. Көрермін. Басыңа оралатын бұлт бар... табарсың, табарсың жазаңды. Мен саған сеніп ем, ақтамадың. Сен де мендей сенгеніңді табарсың. Бір ұртың май, бір ұртың қан Төре екенсің (*айғайлап*) Әлди хан! Ауыл болсақ көпке бақ! Бақ! Сөзіме бақ! (*сүйреткендердің қолына асылып бара жатып, бір қолымен таяғын артына нұсқап*) алабас таудың түбінде (*е... е... ей... ей... деп аузы көпіріп, бұрқ-сарқ етіп мекіреніп*) көрермін... көрермін...

М ұ с а. Жоғал енді ырымың құрғыр. Жоғал атың өшкір... Жақсы тілеу үстінде қақтыққан ит. Бұл қайдан қақтығып келді пәруардігер...

(*Қатынды алып кетеді. Сахнаға көп жиын ентелеп, қоршап келе жатады. Бір бөлек топ болып Шотай, Жантөре, Балғожалар шығады.*)

Ж о л а м а н (*Шегендерге қарап дауыстап сөйлеп*). Уа, ел басшылары! Қалың қазақтың қара ордасы мінеки. Мынау қазақ баласына айтпақ сөздерің бар емес пе еді? Соған телміріп тұр. Бастаңыздар. (*Шегенге қарайды. Жұрттың арасында ентелеген, бірдеме күткендей сыбыр, жыбыр.*)

Ш е г е н (*жайланып, айналасына қарап*). Олай болса, алты арыстың баласы, мына сөзге құлақ сал! Қазақ — қазақ болғалы басынан қилы-қилы заман кешірген. Жақсы күні бір болса, асу-асу белдерден асамын деп аса алмай, қос қанаты қайрылып, ошарылған, күніренген күндері де болған. Басшыдан ми, қарашыдан күй кетіп, бет-бетімен тозып қайың сауып, қаңғып кеткен күйі де болған. Бірақ, соның бәрі болса да, бұрынғы ата-баба біз көргенді көрген жоқ еді. Қорлық, құлдық қазаққа қараңғы қара күндей қаптап келеді. Көрініп келген апаттан жаман болып, іштен кернеп келе жатқан дерттер бар. Соны бәрің де көріп, сезіп тұрсың. Көзі жасты, көңілі қаяу кәрің бар, жалын жұтып, іштен тынып шерменде болған жасың бар. Темір ноқта кигізіп, шектіргелі тұрған қолы қатты қасың бар. Ақ патсаның құлысың. Уа, ұлы емес, құлысың деп тұр, міне! (*Әр*

жерде кәрілер ортасында: **“***Уа, жалған”... “Әруағыңнан айналайын”... “Уа, сұм дүние*!*”.*) Соны көріп, осы қазақ баласының қара өзегін қақ жарған жалынды арман бар. Елдігің, бірлігің, жілігің кеткен заманда, етек-жеңін түрініп, екіленіп шыққан ерді көксейсің. Қиялай қиқу шыққанда қаңтарыла кететін омыраулы басшыға құштарсың. Жоқ па сондай тәуекел қып, тас жұтып жүрген қазақтың қамқоры?.. Кешегі Исатай, арысы Абылай, берісі сол Қасымның ұясынан ұшқан жез қанат балапаны мінекей. Алыстан тоят тіленіп, қасқарып ұшқан қырандарың осылар. Ел боламын, сілкінемін десеңдер, екі тізгін, бір шылбырды қолына беретін иең келді. Бұрынғы басшының барлығын байқамай қапы өткізсең, ендігі жалғыз келген осылар. Осыдан соң басшы жоқ. Алдыңғының сарқыны осы Кене. Бұдан айрылсаң, кейінгі заман бойыңды жазғызбайды. Тас түйіндей бірік те, жолына тілеуіңді қосып, осы ақ тілеудің үстінде, осы жиын, мына Кенені хан сайла. (*Аз тым-тырыс.*) Осындағы игі жақсының байлауы сол. Не айтасың, ел?

Ж о л а м а н. Уа, жұрт, сөйле. Сайлайтұғыныңды өз аузыңнан айт. Шығар үніңді, кәнеки.

(*Қалың жиын шу-шу етіп*).

—Уа, сайлаймыз...

— Уа, аруақ қолдап, әулие жар болсын...

— Ханымыз Кене... Хан. Кене... Абылайдың жолын берсін!..

— Я, аруақ!.. Аруақ... ханымыз... ханымыз... Жолы болсын Кененің!.. (*Көпке шейін шу, дырду, ылғи* “*хан*”, “*хан*” *деген сөздер естіледі.*)

Өзгелердің барлығын екілендіріп, айқай-шуды зорайтқан батырлар мен билер, төрелер, Кененің маңындағы жақсылар. Кедейлер үндемейді.

Б і р б а т ы р (*Жанындағы көп кедейге*). Сендер неге айқайламайсың, тіл-аузың жоқ па?

1-к е д е й. Бізсіз де жетіп жатыр ғой көптің айғайы.

А ғ ы б а й (*Ақырып*). Айғайла қазір, ас ішіп, аяқ босатқаннан басқаға жарамайтын өңшең ез (*тебініп*) шығар дауыстарыңды!

2-к е д е й (*Айғайлап*). Сайладық.

3-к е д е й. Сайладық, ханым Кене... Хан Кене.

Бұл уақыттарда сахна сыртындағы көпшілік шулап жатқан айқайлары естіліп жатады. Көп дырду. (*Бір мезгілде Мұса түрегеліп, жұртқа қолымен ишарат қылып тоқтатып.*)

М ұ с а. Уа, жұрт, адал ниет, ақ тілеудің үстіне үйіріліп түскенің көрінді. Жол болсын. Бетінен жарылғасын. Мен мына ел сүйген жас арыстан Кененің осы алты арыстың баласын бір тудың астына жиған тілегінің жолына бір көк қасқа атаймын. (*Тағы да шу, "жолы балсын", "аруақ жар болсын"... "Я, аруақ!, я, аруақ!"...*) Бірақ, ханды құр айғаймен сайламайды. Бұрынғы, соңғының жөрелгісімен ақ киізге отырғызып, осы жұртты жеті айналдырып шығу керек... Әпкел киізді! Ұмытқан ба, бұл қазақ баласы... баяғы ханның жолын! Қайда киіз? (*Көп айғай, тағы да батырлар, жақсылар, айғай. "Әпкел киіз, киіз... хан көтереміз. Жолы... жолы болсын..." Киіз әкеліп, көп жақсылар Кенені ақ киізге отырғызып алып, көтеріп алады. Сол арада қолында қобызы бар соны сілтеп, екіленіп сөйлеп Нысанбай ақын шығады*.)

2-көрініс

Н ы с а н б а й (*шұбыртпамен*)

Уау, ордалы қазақ, ортаңа
Өкіндірген заманда
Оралып келген бақ қандай?!
Өңменіңнен оқ тиіп,
Өлімші қып дөп тиіп,
Өлеріңе жеткенде
Өлтірмес дару тапқандай,
Қиялай қия шапқандай,
Ұраны шырқап аспандай,
Ала тулы жас ұлан
Аз едім деп баптанбай,
Сайланып та саптанбай
Қазақ көшін бастап ед.
Жылағанын уатты,
Жүдегенін жұбатты,
Қамалған шөлде жұртына
Тыңнан тапты суатты.
Кескілескен жауына
Қасарысып қасқайып
Әлі бермей келеді,
Кішірейген жұбапты.

Қасым ханның қырқына
Ағызды қанды бұлақты.
Сексен сарттың денесін[6],
Бес құланда сұлатты.
Жалғыз сұлтан ұранмен
Қырық мың үйін қазақтың
Бір атаның ұлындай
Іргелі елдік жолына
Жамыраған төлдей шұбатты.
Бұдан артық кім керек
Құдіретті де қуатты!?
Екі тізгін, бір шылбыр
Ұстат енді Кенеге,
Қамап тұрған құдықтың
Тас қорғанын бұзатын
Ақ алмастай жебеге.
Түкіріп кет, қарама
Жауы болған төреге,
Ұлықсыған немеге!
Жалыны бар жас-кәрі.
Ойнақтатып енді шық
Елдік бетін көрсетер
Кене тұрған төбеге.
Жасасын енді ханымыз,
Соңында шықсын жанымыз!
Ежелден келген селебе[7],
Қайырылатын орын жоқ,
Басымызды қосатын
Түстік міне кемеге!

Д а у ы с т а р . Баққа жетсін, Кенекем! Көп жасасын!.. Ердік соңынан!.. Мал, басымыз құрбандық!.. Баста... баста бізді!..

Ш а л д а р (*дауыстары жыламсыраған*). Я, аруақ, жар бола көр!.. Еріңдер!.. Еріңдер соңынан! Еркек тоқты құрбандық! (*Бұл уақытта ханды көтергендер сахнадан алып шығып кетеді. Сыртта топты айналдырып жүрген болады. Сыртта у-шу,* “*аруақ, иә, Абылай бабам, жар бола көр!..” деген ұрандар, қуанышты, қызулы шулар. Бұл уақытта Кенеге жау төрелер өзара күбірлесіп, тыжырынып отырысады.*)

3-көрініс

Есеңгіреп қалғандай болып тұрған Нысанбайға Наурызбай жетіп келіп.

Наурызбай. Уай, жел ауызды ақынсыз, желді аяқты күліксіз, желпінтетін жан қайда?!. Көрмеймісің мына сенің сөзіңнен соң манадан кібіртіктеп отырған елдің бақсы болып кеткенін. Сенсіз жүрісте ажар жоқ. Айтқан уәдең уәде ме? Уәде болса ер, Кенекемнің соңынан! Ердің бе, жоқ па?

Шалдар. Қарағым Науанжан, бердік, қостық соны. Ертіп ал. Уа, ертіп ал.

Бопай. Ергенін өзі де айтқан жоқ па? Несіне қадалдың, Науан сен? Айтқан сөзін қайта жұтар деймісің?

Нысанбай. Есім ауып қалыпты, қарағым... Соған бөгеліп тұрмын. Ердім... ердім.. Серкелерім...

Бір шал. Ермегенде бұл арттағы қу дүниеге нем бар деп қаласың? Батыр майданы — ақынның да майданы. Майданнан қашқан ақын тұлпар емес, жабы да... Қалсаң сөзің су татып кетер, барсаң бізге де жалын әкелерсің... Ер мен батырдың арттағы кәрі-жасқа жіберген сәлем хаты боларсың. (*Науан күліп, Нысанбайды арқаға қағып ертіп кетеді. Бұл уақытта Кенені ақ киізге көтерген бойынша көп батырлар, билер қайта шығады. Алдында бос Шеген, Мұса, Жоламан келеді.*)

4-көрініс

Кене (*орнығып отырып, жан-жағына қарап*). Киіз туырлықты қазақтың баласы! Сона бір қысылған шағында ер деп етегінен ұстағаның менің атам Абылай еді. Ол сеніміндi ақтағандай, сен үшін жанын салып өтіп еді. Бірақ атаға берген дәуренді берер ме, жоқ па? Енді халық дәме қылып мені сайласа, кеудемде шыбын жаным тұрғанда, ақ тілеуіңді ақтармын-ақ. Жетпей жығылсам көзің көрер. Жолыңа міне басым, міне жаным... Керегіңе жарата бер... Содан басқа айтарым жоқ. Менің риза қошым осы. Енді ана тойларыңды тойлай бер. Біз ел басшыларымен аз сөйлесіп, орталарыңа келеміз.

Жұрт. Уа, жортқанда жолың болсын! Оң сапарын берсін. Жолын ондай көр... Я, аруақ! (*Кене билермен қарсы жаққа шығып кетеді. Науан, Ағыбай, Бұқарбай шығады. Бірнеше ойындар болып өтеді. Соның бірі хан, ханшалардың шығысы. Ортасында Бопай, Қарашаш. Арттарын ала әйелдер тобы*

шығып, хормен жырламаққа ыңғайланады. Араларында домбыра тартылады. Қатарында еркектер — жігіттер тобы, олар да бірнеше домбыраны гүжілдетіп қосып айтысқа ыңғайланып тұрады.)

Қ а р а ш а ш (*Науан мен Бопайға қарап*). Осы бүгінгі күн, жақсы атамның асы еді. Жыл бойы қаралы едік. Ойын, сауықты біз ұмытпап па едік?.. Ойнымыздың жөні қалай болар екен, Науан, Әпіке?!.

Н а у а н (*күліп ойнақшып кеп, Қарашашты арқаға қағып тұрып*). Бұның билігін Әпікем айтсын!

Б о п а й. Несі бар? Күні кешеге дейін қаралы болсақ, бүгін міні, өлгенің тіріліп, өшкенің жанды деген осы. Қаза күні кетті енді. Оның орнына міні бұрынғы бағымыз, дәуіріміз қайта келді. Мен айтсам (*күліп*), күлмейтін, ойнамайтын несі бар.

Н а у а н. Төреңе құлдық, Әпіке, бәсе, соны айтшы!

А ғ ы б а й. Алдияр, бәрекелді, Бопайжан, жақсы айттың...

Б ұ қ а р б а й. Біз де біраз өнер көрсетейік...

Н а у а н. Жоқ, әуелі сен тұра тұр. (*Қыздар, жігіттер тобына паңдықпен қарап. Е-е-й, ей, сен қыз бен жігіттер, тықыршып жер сүзіп тұрған сендер көрінесің! Деп жіберші, кәнеки.*) Уа, бол, түге, Қарашаштың нөкері. (*Қарашаш екеуі күлісіп тұрады*).

Қ ы з д а р т о б ы (*хормен домбыраға қосыла лепірте*).

Жігіттің біз жақтаймыз ер көсемін,
Жібермес жатқа намыс, шетке есебін.
Қарашаш, хан нөкері жақсы атты боп,
Тілейміз болмасын деп өзге өсегін.

(*Қайырма*).

Ж і г і т т е р т о б ы.

Ендеше жігіт неге өрлемесін,
Жексен қып жауын неге жерлемесін.
Жалғыз-ақ орайына жар қуантсын,
Қайтқанда орнын сипап терлемесін.

Ж і г і т п е н қ ы з д а р т о б ы.

Жолы болсын жігіттің, жау мұқатсын,
Жорық жолын жеңумен сауықтатсын.
Хан мерейін көтеріп ер еңбегі,
Дос күліп, дұшпанын да таңырқатсын.

(*Қайырма*).

Н а у а н. Бәрекелде, Қарашашымның нөкері деген жерімнен шықты ғой. Уа, кел, жігіттер, біз де, сірә, қара жаяу емес едік қой. (*Кенелер тобы қайта шығып, қарай қалысады.*) Мынаның орайына біз де бір өнер көрсетейік.

А ғ ы б а й. Ендеше біз ана жамбыны атамыз. (*Науан мақұлдайды.)*

Б ұ қ а р б а й. Дұрыс айттың. Біз бассақ, сондай әнге басамыз. (*Нөкер қыздарға.*) Уа, қыздар, олай болса мына жігіт өнеріне қарай қал! (*Садақтарын үшеуі де қолдарына алысады.)* Әуелгі кезек менікі!..

Н а у а н. Бердім кезек... (*Бұқарбай атып қалады. Тимейді. Қыздар және басқа жұрт күледі.*)

А ғ ы б а й. Уай, тәйірі, былай тұршы, о несі!?. Жаңғыз қазық ұрмаса, оның сыбағасын мен берейін. (*Шіреніп тұрып тартып қалады. Тимейді. Жұрт тағы күледі.*)

Д а у ы с т а р. Уа, Науан, Науан... Төренің өзі, өзі тартсын...

Ж о л а м а н. Пай, пай, қос батыр-ай, ырымың қалай еді?!

Н а у а н. Уай, тәйірі, бері әпкеші садақты. (*Бұқарбай ұстата береді.*) Болар қу ма өзі сірә, болмас қу ма? (*Тартып қалады. Тимейді. Жастар жағы күледі. Хандар, кәрілер ырым көргендей тіксініп, үндемей тынып қалады. Пауза.*) Жаным-ау, шын-ақ дарыта алмай қалғанымыз ба? Айласын табар жан бар ма? (*Айналасына қарай беріп, Бопайға көзі түсіп, қасына жетіп кеп.*) Әпкетай, өзің атпасаң болмады. Қысылуға айналдық...

Қ а р а ш а ш (*жамбыға қарап, Бопай, Наурызбайға*). Бақ сынағандай боп тұрғанын қарашы бар болғырдың.

Д а у ы с т а р. Бопай! Ханша атсын.

Б о п а й. Жұрттың бәрі ырым қып кеткен екен. (*Жігітке.*) Әпкелші садағымды!.. (*Аздан соң садағын алып келеді.*) Несі бар еді бұ неменің сонша ырым қылатын. Ендеше ату олай емес, былай... (*Жүріңкіреп кеп, табанын тасқа тіреп қалып тартып кетеді. Жамбы ұшып түседі. Жұрт мәз-мәйрам. Хандар да, мырзалар да жүре береді. Қыздар топтары Қарашаш, Бопайлардың артынан кете береді. Науан Кенелердің арт жағынан кеп Жоламанды тоқтатады.*)

Н а у р ы з б а й. Мен әлгі ақынға айналып, кеңесінің байлауын ести алмай қалдым. Не дестіңдер? Айтшы кәні?

Ж о л а м а н. Науан-ау, мұндай жиын үнемі бола бермейді, ел кісісі не ойлайтұғынын түгел естісең болмаушы ма еді! Керек қой саған.

Н а у а н. Жә! Қой енді кемерленбей, мінемей-ақ қойсаңшы. Айт, не болды?

Ж о л а м а н. Ел жақсыларының сөзі — ұлықтан астыртын тілхат жіберіп, үнемі хабарландырып тұрмақ болды. Қазақ ішінде дос кім, дұшпан кім — оны да білдіріп тұрмақ.

Н а у а н. Кімді жазалап, кімді шабатынды өздері атап беретін болса тіпті жақсы. Әйтпесе ананы үйттің, мынаны бүйттің деп қыңқыл, сыңқылы қалмайды артынан.

Ж о л а м а н. Зекет деп, үнемі елден салық жиып жіберіп тұрмақ болды.

Н а у а н. ...Онан соң?! Тағы не бар? (*Сапысын ойнақшытып тұрады.*)

Ж о л а м а н. Орынбор мен Омбы қазағын ұлық екі бөлсе де, жігін ашпай, тату сақтамақ. Ел-елді араздастырмай, ашындырмай басып тұрмақ...

Н а у а н. Оны қойшы, көнбеген қазақты өзім де көріп аламын. Тағы?

Ж о л а м а н. Содан сендер не Сырға, не Алатау сияқты бір жерге ірге теуіп, қалың қазақтың тобын жиып елдік құраңдар. Содан кейін Сарыарқа, Сыр, Алатауды түгел қосып, патсаға келістіріп майдан беріп, Қытай мен екі арасына қазақтың қара ордалы патшалығын орнатамыз десті.

Н а у а н. Е, бұның бәрі Кенекем мен сендердің ісің. Бәрі де алыстағы әңгіме ғой?

Ж о л а м а н. (*күліп*). Е, енді қайт дейсің?

Н а у а н. Іштеңе қыл демеймін. Дұрыс. Бірақ, одан беріде Науан істейтін істі айтпапсыңдар... Оны мен өзім көрсетермін. Жарайды... Тарт енді ана жиынға қарай. (*Жүріп бара жатып Жоламанды жонынан ұстап ырғап.*) Өзіңді батыр дейді, осындай жуан құрсақ батыр бола ма екен? Күшіңді ішек-қарныңа жиған немемісің әлде? Бір жекпе-жегің бар ма?! (*Ырғағанда Жоламан тәлтіректеп қалады.*)

Ж о л а м а н. Қой, қой, бала... Апырай, сені қайтер екем осы. Айтпақшы, бұл жиын Кенеге әрі серік жолдасың, әрі қолбасың болсын деп Бұғыбайды қосып берді. Онан соң ру-рудың батырларын қосып беретін болды.

Н а у а н. Қолбасы дейді? Қолбасыны өзіміз сайлаймыз ба? Бұл қалай? Жарайды, қолбасы бастай ма, Науан бастай ма, көрерміз. (*Шығып кетіседі.*)

5-көрініс

Шотай, Жантөре, Балғожа шығады.

Ш о т а й (*Жантөреге күлімсіреген пішінмен*). Сұлтан, бұл істі не дейсіз? Мына, мыналардың хан сайлағаны... Тағы жаңағы оңашаланып барып сөз байласқан сыбыр-күбірін деймін-ау?!.

Ж а н т ө р е. Ішіңе тоқи берсеңші. Сүйт дегенім қайда манадан саған?!

Ш о т а й. Әйтсе де, жаңа Кене хан сайланды ғой. Жанның бәрі шұбырып, шулап лепіріп жүр. Осыны не дейсіз? Шынымен-ақ Кенесары хан болып қалғаны ма?

Ж а н т ө р е. Хан! Не қылған хан-ау. Елдің шуы деген не? Ет пен терінің арасындағы, той үстінің бір желігі. Бір ұшықтағаннан қалар ма екен? Хандық құрып, іргелі ел болатын қазақ па екен?

Б а л ғ о ж а. Рас айтады. Осы елдің көбі өздері не айтып, неге байланғанын да білмейді. Әншейін қымыздың көп дырдуының бірі де. Анық бір айға барар ма екен осы екпін.

Ш о т а й. Ал, Кенесары осы қазақ ортасында жақсы атты, мақтаулы кісі сияқтанатыны қалай?

Ж а н т ө р е (*кекетіп*). Мақтаулы ма?! Адыра қалсын да... Ертең иығыма шен орнатып, сол Кенесарының жауымын деп әскермен келіп осы елді жиып алайыншы, мені де, сені де хан көтеріп, ұлығы қылып алады. Бұл ел байғұс жайдақ су емес пе? Ит те, құс та жалайтын. Кенесары шолақтығымен: “жалғыз жалай білетін ит менмін” деп жүр ғой. Қайдан білсін көптің сыбағасы екенін. (*Бәрі күліседі.*) Елдің бәрін сол алып кетіп, мен, сен, Қоңырқұлжа, Баймағамбет, Жамантай бұт артатын тұғырсыз жаяу қаңғып қалады дейді ғой.

Ш о т а й (*күліп*). Е, үйіп-төгіп кеткен деген сол болады да. Жаяу қалмай қайтеміз? Қыпшағыңыз қайда кетті десе не дейсіз тіпті, шынын айтқанда (*Күліп, Балғожаға көзін қысып қояды.)*

Б а л ғ о ж а . Ой, ол сөз бе тәйірі. Сұлтан айтты ғой.

Ж а н т ө р е (*Шотайға*). Одан да бүгінгі көрген-білгендеріңді тізе бер. Хабар қыл. Құр қысыр кеңесті қой. Онан соң осыны

бүгін хан сайлап тұрған өзіңнен де түңілме... Қармақты сал, сонау жердің өзіне сал деймін. Анау Мұса-Мұсаларға сал! Білдің бе! (*Сырттан айғай-шу: "Ат келеді..." "Кененің тел қызылы алдында келеді... Тел қызыл... Тел қызыл!" деп шұбырып жүгіргендер дүсірі естіледі. Сахнадан да үш-төрт рет топ-топ кісілер шулап жүгіріп өтеді.*)

Ш о т а й (*түрегеліп*). Міні, құдай бергенге құлай бергені. Әні, аты да келе жатыр. Тағы бізден асты ма деймін. (*Балғожаны түртіп қояды.*)

Ж а н т ө р е (*тұрып кетіп бара жатып*). Көрермін. Асар да, басылар да. Астан-кестең жығылып, алдыңа келіп бас ұрар да. (*Тағы шулар... Бұлар жылдам басып кетеді.*)

Ш ы м ы л д ы қ

ЕКІНШІ ПЕРДЕ

Ханның ордасы. Үлкен үй. Салтанатты, сәнді, қызыл-жасыл жібекті, жарқырауық күмісті. Қызыл жібекке бөленген төсек сияқты тақ. Есік алдында даяшы жігіт. Тақта Кене отырады, қасында, төмен жағында жерде Жоламан.

1-көрініс

К е н е (*ақырындау*). Тыныштық па?! Жақсы, жаманнан не естіп-білгенің бар?

Ж о л а м а н. Тақсыр, жүретін елшілер дайындалып жатыр.

К е н е ... Қытайға, Қырғыз, Дулатқа жүретіндердің бәрі де бүгін жүре ме? Өзің қашан жүрмексің?

Ж о л а м а н. Өзім де бүгін жүрем деп отырмын. Қырғызға баратындардан Бұғыбай ғана жоқ. Ол қазір келеді деп отырмын. Кеше кешке алдынан хабар келді. Науан да, ол да аман дейді. Олжалы болып келе жатса керек.

К е н е. Жүрсеңдер жүріңдер. Аялдайтын дәнеңе жоқ.

Ж о л а м а н. Жүреміз, жүреміз, тақсыр. (*Аз отырып.)* Онан соң Көшек сұлтан мен Байқадам Мұсаны әкеле жатыр дейді.

К е н е (*селк еткендей көтеріліп қарап, кекеткендей*). Келе ме екен Мұса? Менің бетімді көрерлік жүзі бар ма екен әлде болса...

Ж о л а м а н. Өзі іздеп келмес, алып келе жатқан шығар.

К е н е. Әттең, айналаның жаулығынан арқа, басым босаған күн болса, "Мұсалар", көрер едім күшіңді.

Ж о л а м а н. Тақсыр, бір есептен Мұсаны осы бетімен алып кетсек не етер еді?!

К е н е (*тікірейіп*). Алып кетіп не қылам? Неме дәрі болады. Достық шығар жан болса қойныма-ақ салып жүрмес пе ем... Кәні жылынғаны. (*Ойланып.*) Бір Мұса ма? Атқа мінген, тәуірмін дегеннің кімі Мұса болмай отыр?

Ж о л а м а н. Қазақ жақсысының жайдақтығы бар-ақ қой сорлының.

К е н е. Не қылған жақсы?.. Жақсы болса жалғыз Шеген ғана жақсы. Одан басқаның жеріне жеткеміз жоқ па! (*Бәсеңсіп.*) Ажар менен намыстан бұл сорлы елдің айырылғаны қашан? Ойнасшы қатынды баққан кәрі байдай сол Мұсамен ұялмастан жүз көріскелі отырмын міне тағы. (*Қатайып.*) Үстермедім, ел сияқты елдің еркегі болсам. (*Тым-тырыс. Мұса, Көшек кіреді.)*

2-көрініс

М ұ с а (*босағаға қамшысын тастап, тағзыммен молдаша сәлем беріп, қол құсырып*). Алдияр тақсыр!..

(*Кене ақырын сәлем алады.*)

М ұ с а. Тақсыр, аман-сау жүрсіз бе?

К е н е (*күлімсіреп, кекетіп*). Менің амандығым дәрі ме еді? Саған одан зияннан басқа не келеді. (*Үндемей отырып жанынан бүктеулі қағазды алып, Мұсаға көрсетіп тұрып.*) Міні, ақтабан сойылдың табанына тығып, жирен атты жансыздан Омбы ұлығына менің үстімнен жіберген шағымың. Танимысың, жоқ па? (*Тастай береді.)*

М ұ с а (*Кененің аяғын құшақтап жығылып*). Тақсыр-ай, құрығы ұзын патса еді, бір күн болмаса, бір күн ісім түсер деп жіберіп едім. Әйтпесе: “Пәлен жерде жатыр, пәлендей қолы бар, сүйтіп келсең аласың” дегенім жоқ еді.

К е н е (*зорлықпен күліп, кекетіп*). Алдарсың... алдарсың... Кенесары патсаның кескілескен жауы, елді зорлықпен қорқытып алып, сонымен ғана артынан ертіп жүр деген сөз мін емес қой. (*Үңіліп.*) Осы сен кешегі мені хан сайлаған Мұсамысың? Жоқ, мен ұйқысырап отырмын ба? Ә-ә?!

М ұ с а. Тақсыр, адасқаным рас... Бірақ, алдыңа келдім ғой.

К е н е (*тікірейіп, қатты*). Тайжанды неге ұстап бердің? (*Ақырып.*) Тайжандай ер туып па еді Қаржастан?

М ұ с а (*сасып*). Тақсыр, құдай атын аузыма алып айтайын, мен емеспін ұстап берген. Наныңыз.

К е н е (*кекетіп күліп*). Жау ісін істеп отырып, еркекше жауласуға да жарамайсың. Танасың... Арзаннан табылатын бақ іздейсің. Мен ол жолда серік бола алмаймын саған. Мен бақ пен шен іздесем бүйтер ме едім. Патса ұлығына мен де барып жағынар едім. Сүйтсем және сендерден кем орын алар ма едім?! Жамантай, Қоңырқұлжа Баймағамбет алған орынды алар едім-ау, мен де! Бірақ, мен оны ойлап жүрмін бе? Қалың қазақ баласының қамалған көшіне септігім тиер ме деп жүрмін ғой. Езіліп бара жатқан елдің жоғын жоқтап жүргем жоқпын ба? Бүлінгені бүтінделер деп бас қамын ұмытып жүргем жоқ па, сол ел үшін. (*Кекетіп, сұлқ күліп.*) Сондағы сенген сүйенішім сенбісің?!. Сен өлтіруге де тұрмайсың. Бар, кете бер... Бірақ, енді қайтып маған кездеспе. (*Аз тым-тырыстан соң Мұса сүйретіліп шығып кетеді.*)

3-көрініс

К е н е (*аз тұнжырап отырып, ақырында шұғылынан басын көтеріп алып*). Жә! Болды! Әлі, қырғызға баратын елшіге еретін қол дайын ба, жоқ па! Тұр, Жоламан! Соларды біраз ойнатып көрелік.

Ж о л а м а н (*ұшып тұрып*). Құп,тақсыр. (*Кене тұрады.*)

4-көрініс

Көшек жалғыз қалады. Аз заманнан соң Біржан, Бопай, Қарашаш кіреді.

К ө ш е к. Немене, не хабар бар!

Б о п а й. Орта жүз бен Кіші жүздің жапсарына кеткен қол келді.

К ө ш е к. Науан мен Бұғыбай қайда? Олар да келді ма?

Е р ж а н. Келді. Осылай келе жатыр. Тегіс аман. Олжалы қайтқан көрінеді. Басқа сөзін естігем жоқ. (*Науан, Бұғыбай кіреді. Сауытты, сайманды, найзалары сыртта қалған.*)

5-көрініс

Көшекпен амандасады. Көшек Науанның бетінен сүйеді.

Е р ж а н. Е, жол-жорықтарыңа ризамысыңдар, қолдың күйі қалай? Өздеріңді сүйсіндірді ме, қайтті, бұл жол?

Б ұ ғ ы б а й. Тақсыр, қайсыбірін сұрайсың, сүйіндіргені де, күйіндіргені де бар. Қолбасшы мен болсам, бел шешпестен келіп ханға айтайын деген арман да бар.

Б о п а й (*қасында отырған Бұғыбайдың жүзіне жылы ұшырай қарап*). Е, ол қандай жұмыс? Бізге айтуға бола ма, болмай ма? Әлде ханнан басқаға айтпай бүркей тұрғың келе ме, батыр?

Б ұ ғ ы б а й. Неге? Сіздерден несін іркейін. Мұнда бөтен жан жоқ. Айтсам айтып та салам.

К ө ш е к (*Науанға*). Бұнысы не бұның, кібіртіктеп отырғаны?

Н а у а н. Тәйірі-ай, не дейсің! Менің үстімнен шағым ала келіп отыр. Осы жорықта тапқан бір олжасы сол, бұл қолбасының. (*Отырғандар үрпиісіп қалады.*)

К ө ш е к. Не дейді?

Е р ж а н. Айтыңдаршы енді шім-шімдетпей. (*Күліп.*) Екі қошқар бір майданға сыймай келгенсің ғой, түгі... Менің бармағаным абиұр болған екен. Біреулеріңмен мен де шектесіп қайтам ғой!

Б ұ ғ ы б а й. Бармағаның емес, барғаның-ақ абиұр болар еді, көзің көріп келер еді.

Н а у а н. Жә! Енді ертегідей созбай айтсаңшы, әке, айтарыңды... мынау жұртқа.

Б о п а й. Қойшы, Науан, алдын орап алып ұшпай, жеңілсіңау, жарықтығым.

Н а у а н (*наразы пішінмен*). Ал қойдық. Алдын-ала жапырыла бастапсыз ғой, Әпіке!

Б о п а й. Бір сүт пісірім тақат болмас па? Қайда болсаң жарғыласпай отырмаймысың.

Н а у а н (*күйгелектеніп*). Қойдым, қойдым. Мен сіздің қаққыға көнген кісі. Өзгеге бірдеңе дер едім, сіз болған соң амал бар ма? Айтқыза бер анауыңа. (*Жұрт үндемейді.*)

Б ұ ғ ы б а й (*аздан соң өзгелерге*). Науан бала ер де, батыр да. Көп қала шапты. Көрсетті ерлігін. Осы жүрген қолдың үйдегі, түздегісінің ешбірі ол жағынан тең келмейді. Бұл ісіне қуанамын, сүйінемін де.

Н а у а н. Шын сүйінсең бүйтпес едің, айта бер...

Б ұ ғ ы б а й. Бірақ, ерлікті жұмсайтын да, жұмсамайтын да жер бар. Ерлікпен жауды мұқатып, елді артымызға ертеміз

деп жүрміз. Қызуы үстеген шағында Науан жазығы жоқ, дос боларлық елді де егер қылып кетеді.

Н а у а н. Жазығы жоқ елің кім?! Айт, санашы кәні.

Б ұ ғ ы б а й. Жазығы жоқ Тілеуқабақ[8]. Көрініп дос болмаса да, жаулық қылар ниеті жоқ еді. Болмай егер қылып оны шапты.

Н а у а н. Онан соң?

Б ұ ғ ы б а й. Онан соң бұзылғалы, жауға қосылғалы жүрген сезікті жандар бар. Бүгінгі күнде өзі бой көрсетіп жаулыққа шыққанша тимеу керек еді. Аққошқар Сайдалыны шаптың.

Н а у а н. Қамын жеп отырған елінің түрін көріңдер, тағы да?

Б ұ ғ ы б а й. Тағы да сондай елдің бірі Жаппас еді.

Н а у а н. Е, соған кел. Ішіңді айт, ашынар болған жеріңе кел.

Б о п а й. Тоқтаймысың, Науан, енді жағаласпай! Баласың-ау әлі күнге.

Н а у а н (*кекесінмен иіліп*). Алдияр, жаздым.

Б ұ ғ ы б а й. Осы жолы Жаппаста Алтыбайды ұстап алып, үстіне кәресин құйып өртеді.

К ө ш е к. Істесін Алтыбайға, обал жоқ. Атакеңді қайтесің.

Е р ж а н. Тоқта, оның кінәсі мойнына түскен жоқ, дос ел емес пе. Жазалауға ерте еді (*басын шайқап*.) Бекерлік екен.

Б ұ ғ ы б а й. Алтыбай өлген соң Жанғабыл деген інісі біз аз кісімен оқшау жатқанымызда жүз жігіт ертіп келіп жекпе-жек қылып қырғын бастаймын деп кеп асқақ сөз айтты. Шығамын деп еді, Науанның өзін де шығартпай қойдым. Ат-тонын алғызып кетіп, ана ашынып тұрған неме төре атына дақ сала ма деп.

К ө ш е к. Енді қайтіп тоқтаттыңдар? Неге бермедіңдер жекпе-жегін. Өзге батыр қайда қалды?

Б ұ ғ ы б а й. Өзге батыр жанымда емес еді. Қайтып тоқтаушы едік! Түн болған соң сусып кеттік. “Өтпес жарлық бойға қорлық” деп осы жолдағы жақсылықтың жалғыз өзі бір төбе болды. Хан басына мін болып, қол атына таңба түскендей болды. Тірі келіп отырған жоқ, белім сынып келіп отырмын. Арттағы бірталай елді жау қылып кеткенім анау.

Н а у а н. Осының бәрін істегенім рас, ондайларға әлі де болса істеймін. Өзі жау боп, өзімен бірге қыруар елді достыққа келтірмей адастырып отырған кісіні әлі маған оқ атқан жоқ деп отырайын ба? Орайы келсе езіп жібермей, астына кірейін бе? (*Сапымен жер сабап отырып*.) Бұған белің сынса, ілгеріде беліңе қосып мойныңды да сындыратын іс істермін.

Б о п а й. Ақырын сөйле, Наурызбай! Бұғыбай сенің қарашың емес. Оғыңды кімге жұмсап отырғаныңды ойлаймысың?

Н а у а н (*Бұғыбайға*). Сен менің тепкіме жарамағаныңмен қоймай, басыма мін тағайын деген екенсің? (*Ақырып, жүгініп алып.*) Өзім қойған текешік өз басыма секіруді ойладың ба? (*Бұдан кейін ылғи ашулы шапшаң сөйлеседі.*)

Б ұ ғ ы б а й (*жұлып алғандай*). Өй, Науан, менің алдыма сен бұл сөзді көлденеңдете берме! Бір емес, осымен екі айттың.

Н а у а н. Екі емес, жүз айтамын, қоймаймын.

Б ұ ғ ы б а й. Олай болса, мені сен сайлаған жоқсың. Кешегі Кенекемді хан сайлаған ел мені қолбасы сайлаған.

Н а у а н. Ел сайламақ түгіл, құдай сайласа да, қаламасам қағып түсірермін.

Е р ж а н. Қой, Наурызбай, қой, тоқтаңдар.

Б ұ ғ ы б а й (*тоқтамай)*. Мені түсірсең, ханды да түсірерсің. Өз тамырыңа өзің балта шаппа! Тастай алмаған шоқпар ғой бұл сөзің.

Н а у а н. Адыра қал!.. Әліңді білмей тантырай бастаған екенсің. Бұғыбай кететін күні хандық қоса кететін болса, абыройымнан садаға ол хандық.

Б ұ ғ ы б а й. Олай болса, кешегі ел сайлаған хан түсірсе, түсемін мен. Ханнан қазық, биден тоқпақ деген кешегі ел. Мен сол бидің қосқан кісісімін.

Е р ж а н (*ашуланып*). Жә, тоқтат енді... Жап осы арада екеуің де бұл сөзді. Хан құлағына тимейді бұл сөз. Алыстан арбасып келген ажарларыңды көріп, бізге болса да айтып басылсын десем, қайда шаңғып барасыңдар. (*Ақырып***.**) Бұдан соң жұмған ауыздарыңды ашпа екеуің де.

Б ұ ғ ы б а й. Айтпасыңды айтқызады.

К ө ш е к. Қой, қой... енді тоқта деген сөзді ұқтың ба?

Б ұ ғ ы б а й. Тоқтадым, қойдым.

Б о п а й. Науан, сен тентексің! Дәйімі үстесің.

Н а у а н. Ой, тәйірі-ай, қойшы, Әпіке! Тыңдамаймын сөзіңді.

Б о п а й (*ашуланып*). Тыңдайсың.

Н а у а н (*бетіне қарап тұрып, басын шайқап*). Пай, пай, пай.

Е р ж а н. Қой дегенім қайда... Қой енді бәрің де.... Бұл жараны жап, жоғалтыңдар жаралығын... Осы отырғаннан басқа тірі

жан білмесін. Ұқтыңдар ма? (*Бұғыбай Науанға қадалып ашу-мен қарайды*).

Б ұ ғ ы б а й.

Н а у а н (*ақырын*). Ұқтық, ұқтық.

Е р ж а н. Таранда р... Тыныңыңдар... Кенеге сендердің жүрістеріңді өзім мәлім етермін. (*Бопай, Бұғыбай, бір бөлек, Көшек, Ержан бір бөлек шығып кетеді. Үйде Қарашаш пен Науан ғана қалады*.)

6-көрініс

Науан (*сауыт-сайманын шешіп жатып күліп, Қарашашқа*). Қалқам, бұл сияқты сөзді есіткенің бар ма? Әлгі не деді, мен не дедім? Сен не дейсің бұған! (*Күледі.*)

Қ а р а ш а ш. Мен сендікпін, Науанжан. Сенікі дұрыс. Бірақ күйіп отырмын. Намыстары қайда кеткен әлгілердің. Тіпті сенікі теріс болғанда, неге сөйтіп қарсыластырады? Неге бетіңнен алғызады? Өзге болмаса да, ағам байғұс неге ойламайды соны... Ол кім, сен кім?

Н а у а н. Оны айтасың, мені тентек деген жоқ па Әпікем?

Қ а р а ш а ш. Қойшы Әпікем жарықтықты. Еркекшора болған деген со-дағы (*Күліп.*) Кейде тіпті не еркек ойлайтынды, не ұрғашы ойлайтынды ойламай, бір жаққа қаңғып шығып кетеді. (*Аз үндемей.*) Бірақ, мәні де бар шығар, кім біледі.

Н а у а н. Ер, есті екені рас қой... Бірақ өзім: жалғыз сол Әпікемнің бетінен сақта деп қана сыйынам. (*Күледі.*)

Қ а р а ш а ш. Ерлігі де бар... бірақ басқасы да бар шығар? Ұрыстырып, өршітіп, әлдекімге құрық беріп. Әншейіндегі жігерлісі қайда?

Н а у а н. Әйтеуір күннің бәрі осымен өте ме деймін. Түзде бір майдан, үйге келсең және майдан.

Қ а р а ш а ш (*жаны аши ентелеп келіп*). Налимысың, Науанжан-ау?

Н а у а н. Налимын да кейде!.. Мені сағынатын жан бар ма осында? Кейде қарадан қарап жүріп құлазығандай болам. Мені сағына ма осы бір де біреу?

Қ а р а ш а ш. Сағынады. Неге сағынбайды.

Н а у а н. Кім?..

Қ а р а ш а ш. Осында ақын сағынады, одан соң мен сағынам.

Н а у а н (*күлімсіреп қадалып қарап*). Не дейсің, қалқам?

Қ а р а ш а ш. Бұғыбайды Әпікем сағынады.

Н а у а н (*тікірейіп таңданып*). Не дейсің?.. Қойшы, қайта айтшы.

Қ а р а ш а ш. Несі бар? Сағынады.

Н а у а н (*басын шайқап, аз отырып, қайта күліп*). Сен мені қалай сағынасың... Әпікемше ме?!.

Қ а р а ш а ш. Тілесең, солай да сағынамын.

Н а у а н (*ұмтылып келіп құшақтай алып*). Сәулешім, не дейсің?.. Жүрегім, жүрегім... Маған үйде жылы ұя керек. Көмескі еді, оймен іздеуші едім сен сияқты... сен сияқты, қуатым.

Қ а р а ш а ш. Тоқта. Осыны айтсам да, обалынан қорқам.

Н а у а н. Керегі жоқ обалдың... Біздің жүрген сапарда обалға да, сауапқа да орын жоқ... Оның бәрі кеңшілікте. Бүгін бар, ертең жоқ Науанға дүние қызығын ғана жұтып қалуды кім күнә дейді? Сәулешім, сен менің күйімді ұғыпсың. (*Құшақтап сүйіп-сүйіп алады. Артынан Қарашаш өзі құшақтап кеп, Науанды тамағынан сүйеді.*)

Қ а р а ш а ш (*тамағынан сүйіп алып*). Жарығым, сақтанып жүр. Өлме. Қимаймын. (*Науан құшақтап отырады. Сол уақытта Бопай кіреді.*)

7-көрініс

Науан құшағын алмайды.

Б о п а й. Бұл қай отырыс?!.

Н а у а н (*мысқылмен күліп*). Неменесі бар екен? Азар болса өзіңіз дағдыланған отырыс дейтін шығарсың, Әпіке?

Б о п а й. Не айтып отыр мынау!.. Не деп отырсың өзің?

Н а у а н. Ойында өрелгі жоқ, Әпіке, өзіңіз де әртүрлі отырысты біледі екенсіз ғой. Сүйенгенді: керегінде қолменен, кезегінде тілменен де сүйей білетін көрінесіз ғой.

Б о п а й. Тәйт әрі. Өзіме қарай қаптауын мұның. Өтірік айтасың.

Н а у а н. Ылайым өтірік болсын (*Басын көтеріп қатайыңқырап.*) Өтірік болмаса келіспейміз.

Б о п а й. Керегі жоқ сөзіңнің. Өздерің бұдан былай бүйтіп отырушы болмаңдар. Отырмайды бүйтіп ешкім. Ұқтың ба, Қарашаш!

Қ а р а ш а ш. Несі бар екен? Не ойлап тұрсыз өзіңіз?

Н а у а н. Жаңа өзі келе жатқанда ғана осылай отыра қалғанды біліп, өзімді мазақтады деп қатуланып тұр. Көрмеймісің? (*Бо-*

пай сеніп күледі, Қарашаш та күледі. Науан қатуланып.) Бірақ, Әпіке, шын емес деп ойлаймын. Шын болмайды. Егер шын болса, менен жақсылық көрмейді.

Б о п а й. Тантырама енді. Болды. Керегі жоқ сөзіңнің. Қайда қаңғып барасың?

Н а у а н (*күліп, жуаси қалып*). Құп... құп! Алдияр... Көндім... Көзім жетпей сөйлемеймін..

Тыста (*айғай*). Хан келеді... Хан келеді. (*Үйдегілер тұтас тысқа шығып кетеді*).

8-көрініс

Аздан соң хан кіреді. Қасында Құдайменде, Жоламан, Бұғыбай, Ержан бар.

К е н е (*орнығып отырған соң Құдаймендеге*). Бәріңнің де бір сөз ұстап баратындарың айтылды ғой, әйтсе де әрқайсың діңгек қылатын түбір сөздерің не? Соны кетер алдарыңда тағы бір айтайын.

Ж о л а м а н. Айтыңыз, тақсыр. Үйткені әрқайсымыз өзді-өзімізге тапсырылған сөз болмаса, өзгеге не айтылғанын әлі естігеміз жоқ.

К е н е (*Құдаймендеге*). Сенің Қытайға айтатын сөзің орыс патшасы “өз жерінің шегін Қытайдың қақ іргесіне әкеп тірегелі қол созып келеді. Бір жер емес, басы анау Алтайдың арғы сілемінен Қашқарға шейін жеткізбекші. Арадағы: Қазақ, Қырғыз, Ойрат, Қалмақ, Қохан, Хиуа, Бұхара, әрі-беріден соң Қашқарына шейін де обырдай обып алғалы сұғын қадап тұр. Осы елдерге керуен үстіне керуен, елші үстіне елші, әскер үстіне әскер төгіп бастырмалатып келеді. Енді көп болса бесон жыл, әйтпесе одан да тез қытай шегіне орыстың әскері тұратын қалалар салынбақ. Біз осы шепке қарсыласқалы шыққан елміз. Тілегіміз: Қытаймен тату көрші болып отырып орыстың бері қарай жылжуына жол бермейміз дейміз. Өз жеріміздің шегін қорғаймыз. Қытайға арқа тіреп жаңағы елдің барлығын тұтастырып орыс қаласына бөгет саламыз. Біріккен елдік жасаймыз. Соны кейін тіпті орыс өктеп бара жатса біздің таңдайтынымыз Қытай патшалығы. Әйтеуір біз бағынатын болсақ Қытайға бағынамыз. Орысты біз темір ноқта деп білеміз. Осыған — арысы көмек, берісі достық, тілек қосуын тілейміз. Жау бетіне салатын дос боламыз. Бізге бермеген көмегін кімге береді? Соны айт!

Құдайменде. Құп ұқтым. Тілге келіп сөз ұғатын неме болса, Қытай мені ұғар, мен арқылы сізді де ұғар. Тәуекел енді аттанамын. Ең болмаса күндердің күнінде өзімен ұстасатын шақ болса, осы сөз ұпай болар. Соны да ескертермін.

Е р ж а н. Тым онша жалбақтамай, ірге бермей, тең кісідей сөйлес. Салмағы ауыр ошарылған неме ғой. Бүгінгі күнде қастық қылмасын деген болмаса, ақтарылып шешілме. Қанша да көмек берер дейсің. Соншалық етпеттеп жалынған кісі сияқты болма.

Құдайменде. Жалынған, жағынған деп, не айтып отырсың өзің. Құдайменде Құдайменде болғалы ешкімге де жалынып көрген жоқ. Мен Қытайға бара жатқанда бас ием, жалпылдаймын деп барам ба? Жоқ сұмдықты бастамай отыршы!

К е н е (*тоқтатып*). Иә, солай... (*Жоламанға.*) Сен Дулатқа айтар сөзіңді өзің де білесің ғой.

Е р ж а н. Әділет таба алмай, ырза болмай Қоқаннан қашқан ел атанып келе жатыр. Қыруар ел бола тұрып, елді қорғар азаматы сай тұрып өстіп қаңғуға салып, торғайдай тозып, іріпшіріп бітер кім? Жоқ ерленіп елдік қылып, бірі басшы, бірі қосшы болып қалың қазақ қамына ұйытқы болар іс істеймін. Қалың Дулат бастаса, өзге қазақ қостағалы отыр... Бірігуге, ел болып дөң басына шығуға жарай ма, жарамай ма? Жараймын десе, маған келсін.

Ж о л а м а н. Құп, тақсыр. Қазақтың баласы ғой. Келісерміз деймін. Басқа да ырғасу сөз көп болар. Арттағы қазақ ниетін кешегі орыспен алысқандағы қалың қазақтың бірлік достығын да айтармыз, келісерміз деймін. Егер елді басшы мен деген бірен-сарандар қаңғыртып адастырмаса.

Е р ж а н. Басшысына мұнда да Қоқанның алған шені құрым, бектік пен датқалық болар, оны да айт.

К е н е (*Бұғыбайға*). Қырғызбен келісер-келіспесіңе кезім жетпейді. Атамның қылығын алдыңа тартар. Тұтқында кеткен мың үйлі қырғызды айтпас деймісің. Бірақ, оның да бір жағында Қытай, Қалмақ, бір жағында Қоқан, тағы бір жағында қапқалы келе жатқан Орыс. Бір заманда өкпелі болса да, қазірде қазақтан басқа кімі бар. Сөзді ұқсын, келіссін. Алатауға ірге тіреп қырғыз-қазақ бірігіп елдік жасаймыз. Содан соң сыртынан қапсыра құшақтап буып алғалы орыс келе жатса да өзімен-өзі алысып жатқан Қоқан, Бұхара анау, соның екеуін де біріксек біз

аламыз. Содан соң ондағы, солдағы жаудың екеуін де көріп аларсмыз. Ықтиярымен көнбейтін болса бағындырамын, көндіремін, сонымды айт! Менің Арқадан кеткендегі тұратыным: Алатау. Ірге көметін жерім осы. Бұл таудың іші-тысын жайлаған ел не менімен дос болып бауырыма кіреді, не болмаса қасым болып қарсыма шығады. Аралықта қалмайды, соны айт!

Б ұ ғ ы б а й. Құп, тақсыр!

К е н е. Барыңдар, енді, жолдарың болсын. Тез оралыңдар. Жолды тығыздатып жіті жүріңдер. (*Бәрі де тұрысады.*)

Е р ж а н. Жолдарың болсын!

Ж о л а м а н. Жолымыз болсын.

Қ ұ д а й м е н д е. Бірге-бірге болсын.

Б ұ ғ ы б а й. Оң сапарын берсін.

Ш ы м ы л д ы қ

ҮШІНШІ ПЕРДЕ

Бұрынғы ханның ордасы. Екінші бөлімдегідей ханның ордасы. Перде ашылғанда Кене, Бұғыбай, Науан, Сыпатай, Рүстем отырады.

1-көрініс

Н а у а н (*желігіп көтеріліп*). Қырғыз жеңіле бастады... Жолымыз болып келеді... Осыны Кенекемнің алдында бір жырлатайын, әлгі ақын қайда? Шақыршы мұнда! (*Даяшы жігіт шығып кетеді.*)

С ы п а т а й. Қырғыз әлі күшін құрып беттескен жоқ. Қуанышымыз ерте емес пе, батыр?..

Н а у а н. Жеңілгеннің алды осы, артын тағы көрсетемін. Кер тарттырмашы, тәйірі! (*Нысанбай келеді, қолында домбыра, сәлем беріп тұрады.*)

К е н е (*күлімсіреп*). Ақын келіп қалды. Бас, желдірмеңе!

Н ы с а н б а й (*тұрған қалпында соғып қоя беріп, жүріп келе жатады. Біраздан соң жүгініп отырып айтады.*)

Алдияр! Мен келейін желдірмемен,
Айт десең, ақын сорлың кергімеген.
Айшықты ала тудай Кенекемнің
Жанында сөзім бейне жел гулеген.
Уай! Ұмытқан ер ұраны қайта шықты

Ісіне қай қазақ бар телмірмеген?
Қамқоры қалың қазақ Абылайдың
Әне тұр ала туы желбіреген.
Атаның мирас қылған шақпақ отын
Зергері табылыпты сөндірмеген,
Артыңнан намысты ерлер жосылып жүр,
Бәрі де “жау қайдалап”, “жүр, жүр!” деген.
Жағасын жұлып жеген жас жолбарыс,
Шетінен “мен айтайын, сен тұр” деген.

Н а у а н (*күле айғайлап*). Уай, сорлы ағам-ай, сөйлеші, сөйлеші!

Б ұ ғ ы б а й. Байғұсың айта біледі-ау!... Соқ, соға бер. (*Бұл уақытта есіктен қарап тұрған көп кісі болады*).

Н ы с а н б а й (*тоқтамай*).

Уау! Артыңда ақ тілеумен елің отыр,
Азған да, тозған да жоқ ендірмеден.
Сенгені, сыйынғаны сенің жолың,
Ем таппай орыс қалды шүлдірлеген.
Сол елдің батасымен шыққан ерге
Қас ойлап қырғыз шықты жөн білмеген.
Түбі бір, тілеуі бір бола тұра
Адасып босқа шықты қыздырмамен.
Көнбесең жолға бүгін саламын деп,
Ашуға Науан шықты, айып сенен.
Телегей теңіз болып, қаның ағып,
Қырылды қатын-бала талай неге.
Жер қалып, малың қалып мәнің кетіп,
Не көрдік, неге қаштың немене деп.
Бұл күнде қан жоса боп шұбырған ел
Будамдай тығылыпты қапшағайға.
Буындым, түйіндім деп лепіргенмен
Ертең-ақ қанын құсып қақсамай ма?
Онан да алыстағы тілекті ұғып,
Жаулықты елдік үшін тастағай да.
Болмаса, бүгінгідей тағы асырып
Ер Науан тың ойынды бастамай ма,
Қайырлы, баянды боп басталған бақ,
Аспанға айдынымыз шапшығай да.
Бір емес, екі де емес, салған сайын
Ақ тәңірім дәйім оңға бастағай да.

(*Күліп*). Әзірге осымен тоқтатайын. (*Жұрттың бәрі қошеметтеп күледі.)*

К е н е. Жарайсың, ақыным. Сүйіндірсең осылай сүйіндірерсің.

Н а у а н. Жүр, ақын аға. Сөзіңнің ақысына үйде сақтаған бір сыйым бар еді, жүрші! (*Шығып кетеді.*)

К е н е (*Бұғыбайға*). Қырғыз осымен келістіріп екі шабылды. Көнбегеннің жазасын тартып келеді, қарсылықтың бос арам тер екенін ұғынар да, түсінер енді. (*Аз отырып.*) Жә, әнеугі келген кісілер жатыр ма әлі?..

Б ұ ғ ы б а й. Жатыр, тақсыр. Бірақ елшіні тұтқын қылдың деп күніне аузына келгенін сөйлеп, қиғылық салып қояды.

Б а й ұ з а қ. Аты кім дейді өзінің? Өзі әлі қабыл алмаған атауды көрсе де, сына қоймаған тәрізді ме немене?

Б ұ ғ ы б а й. Аты Жаманқара, тегі батыр болса керек.

2-көрініс

Науан кіреді.

К е н е. Шабылған қырғыздан қыз-қатындай, түскен қазынадай, малдай олжа бар. Оны қайтіп жатырсыңдар?

Б ұ ғ ы б а й. Бұл екі жолғы олжаның екеуін де мына кісілердің өз елі Дулатқа беріп жатырмыз. Өздері Қоқаннан ауамыз деп жолда күйреген ел кішкене әл жисын дестік.

К е н е. Мақұл, беріңдер. Қоқаннан көрген тепкісі көп. Әлі де Дулаттың олқысы толған жоқ. Көкірегі өсіп, қоңы толсын.

Н а у а н. Қызыл тұмсық болсын деп бар тапқан табысты беріп жатырмыз ғой, мына Рүстем төренің еліне. Сыйламасаң бірге кеп сыйлағанды, сенгенді ақтамаса Дулатқа кел.

С ы п а т а й. Олай демеңіз, тақсыр, еңбек қылып, еркек болып жауды шапқан ел олжа алмай қайтушы ма еді?

Р ү с т е м. Бәсе, өз табысын өзі алғаны үшін қызыл тұмсық қылам дегені қисына ма екен?

Н а у а н. Қисынбай қайтушы еді? Біздің жорыққа ерген жалғыз Дулат па еді? Бірақ, өзгеге бір суыртпақ бергеніміз жоқ.

Р ү с т е м. Біз білмейміз.

Н а у а н. Сен білмесең, мен білемін, төре! Кеше Тынай мен Бөлекбайды шапқан қолдың ішінде Дулат жоқ. Бірақ оның олжасын тағы да Дулатқа таратқамыз.

С ы п а т а й. Тынайдан олжа алмаса да болушы ма еді, қайтер еді? Мал, қазынаны алмай-ақ, адамына істегеннің өзі де жеткілікті болған білем.

Р ү с т е м. Рас, бұны көрген қырғыз не біржолата әлі бітіп жығылып болған соң көнер, не болмаса, тіпті қорқып кетсе,

жылы ұшырап, алаңсыз дос болып, бауыр болып келеді деу қиын шығар.

Б ұ ғ ы б а й. Тынайдың, әсіресе Науандардың шауып алған бір ауылы тым ауыр жазаға ілінген көрінеді.

К е н е (*сызданып*). Не болыпты? Не қылыпты?

Н а у а н. Өзім айтайын. Қалпақ дегеннің ауылы екен. Қарсыласып көп тартысты. Артынан, ауылды алған соң, қызкеліншегін тұтқын қылдық та, буаз қатындардың ішін жарып, баласын керегеге ілдік. Суанбек деген бір жігіт көген арасында жараланып жатыр екен. Соны тірідей сойып, жүрегін алып аузына тықтым.

Б а й ұ з а қ. Ойпыр-ай, тым қатты, тым ауыр істеген екен.

Н а у а н. Тағы қолға түскен бір батырын әлгіден де сорақы жазамен өлтірттім. Қалай қылғанды айтпай-ақ қояйын. Бұғыбай соны естігеннен бері өзім қолға түссем жаман болар деп күйінді болғансып жар салып жүр. Ісім сол-ақ. Көндіремін осымен, әке-үке деп ешкімді ала алмаймын (*Өзгелер Кенеге қарайды.*)

К е н е. Жаза қаттырақ болған екен. Бірақ үркер, қорқар, енді тоқтар, (*Науанға қарап*) осы да болады. Енді бұдан былай істемеңдер мұндайды... Кезінде жауға — жауша, досқа — досша іс істеген мақұл. Бірақ шегі бар, тоқтар жері бар. (*Өзгелер үндемейді.*)

Р ү с т е м. Қырғыз, Дулат ежелгі көрші ел еді. Дулаттың бұл есітіп, көрмеген құқайы. Не дер екен?

К е н е. Емексітпеңдер үйтіп! Қан майдан, қырғын үсті екенін ұмытпау керек. Дулатты қырғыз да аяп жүрген жоқ. (*Барлығы үндемей қалады, аздан соң Кене сазарып ашуланыңқырағандай, Бұғыбайға.*) Шұбар айғырдың үйірі табылды ма?

Б ұ ғ ы б а й. Қырғыздың Бөлекбай ішінде бір ауылы апарып қырып алыпты.

К е н е. Анық па, осы?

Б ұ ғ ы б а й. Анық, тақсыр!

К е н е. Бағынудың орнына жаулықты алысқа айдағысы келген екен (*Ақырып.*) Алып кел, анау келген екі елшінің бастығын. (*Бұғыбай шығып кетеді.*)

К е н е. Әлдеқашан осы арада іргені бекітіп, бір араға күш құрап, алыстағы мұратқа беттейтін күн болып еді. Емексумен, ырқына жіберумен келіп-келіп енді бұл менің өзімді қабуды да ойлаған екен. Қолыңнан келсе ашынған жау болып аяспайын деген екен.

3-көрініс

Жаманқараны ертіп Бұғыбай кіреді.

К е н е (*Жаманқараға қатты*). Сенің еліңе не керек? Нені тілейді, жақсы сөзге көнер деп елші жібердім. Түзу жауап орнына соғыс салды. Жаулық керек болса деп елін шауып егер қылдым. Жөнімді сөзге көнбесең, күшке көнесің дегенмін. Көрсеттім міне күшімді. Енді не қыл дейсің сен, қырғыз. Неге қоймайсың әлі күнге аяғымнан алғаныңды. Бағынамысың, жоқ па? Неге басылмайсың? Ел боламысың, болмаймысың?

Ж а м а н қ а р а (*ашулы*). Әуелі мен сөйлеспейін деп бекініп едім. Тұтқын қылғаннан бері қарай өзің тілеп сөйлеттің. Енді мен сенің бетіңді аямаймын, төре. Маған қыларыңды қылғансың. Енді бұдан әрі не қыласың? (*Салмақпен, ашулы.*) Иә, ел болар ем, ел қыларлық жан болса. Бірақ, ежелгі жау ел болмас деп еді. Абылайдың тұқымы, қазақтың асқақ төресі, сенің қырғыз, қазақты ел қылар сиқың жоқ. Кешегі сен істеймін деген іс патшаға қарсы күрестегі сен бастайтын іс емес еді. Қырғыз-қазақтың қалың елінің өзі істейтін іс еді. Сен киліктің де, бүлдірдің, абұйыр-атақты өз басыңа бұрам десе енді мен бастаймын деген. Бір емес, екі көрсеттің бұныңды.

К е н е. Екі емес, мың көрсетемін. Тапқан екенсің кінәні. Асып жүрген екенсің... Торғайдай тоздырармын.

Ж а м а н қ а р а. Олай болса, тоздырып бақ. Бас кессе де, тіл кеспек жоқ. (*Жүгініп алып.*) Уай, төрем, енді аса берме, қырғыз да қыруар ел. Қалың елді жылатып сенің жолың болмайды. Бір сенің басыңа бақ пен атақ әпереміз деп қалың елдің кәрі, жасы сорлай алмайды.

К е н е. Сөз ұқпайтын санасыз. Бір менің басымның қамы ма екен, осы жүргенім... Қалың ел, қара ордалы жұрттың қамы емес пе?

Ж а м а н қ а р а. Ол қалың қазағың қайда қалды? Сен қайда жүрсің олай болса?

К е н е. Қалың қазақ артымда. Керек қылсам, жалғыз ұранымнан қалмайды. Мін қылатын жерді тапқанын бұның! Айтқанға көнбей, айдауға жүрмейсің. Бір күнде қырып салармын, сол қазақтың селімен.

Ж а м а н қ а р а. Көпіре берме қазақ деп. Ол қазақ сенен кеткен.

Н а у а н (*бағанадан тықыршып, шыдай алмай отырған*). Тарт тіліңді, ей, қырғыз.

Ж а м а н қ а р а . Тарта алмаймын.... Мен тең сөзді айтқалы келдім.

К е н е . Қай қазақ менен кетіпті? Қазақ тірі тұрғанда кімде менің кегім кетіпті?.. Ең әуелі орыстың маған әлі келді ме? Сандалған сорлы, осымен сандалып жүрсің ғой сен.

Ж а м а н қ а р а . Кегің кетпесе бас теріңді тірідей сойып Қоқанға берген қазақ емей кім еді? (*Үйдегінің бәрі тіксініп үрпиіп қалады. Наурызбай, Бұғыбай тап беруге дайындалады.*) Өзің де соқтықпай отырған қырғызға келіп әзірейілдей қадалдың, татулық, тілеулестік, басқа не жазығым бар еді. Шыны қазақ сенің тілеуіңде болса, Арқа мен Сырдағы елдің бәрін бастап шұбыртып келгеніңді неге көрмеймін мен? Кекшіл болсаң өзіңе қылғанға неге қылмадың, бас терісін сылып ап Қоқанға беріп еді, кәне алғаның әкеңнің кегін?..

Н а у а н (*Кенеге ентелеп*). Осының орайына маған берші сөзді, Кенеке.

К е н е. Не айтасың?

Н а у а н. Маған ұлықсат берген болсаң, мен кезегімді сапыма бердім... (*Сапысын жұлып алып, Жаманқараны екі бүйірден салып-салып жіберіп жайратып салып.*) Тірідей бүйрегін суырып аламын ит қырғыздың... *(Дулат бастықтары үрпиісіп, қорыққандай түрегеліседі.)*

К е н е (*ақырып*). Тарт ананы... Тоқтат! (*Бұғыбай, Сыпатай Наурызбайды кейін алып кетеді.*) Алып кет мынаның өлексесін... Тілін бұл неменің?.. (*Жұрт үрпиісіп, ашумен үндемей қатып қалады. Наурызбай да солай.*)

Б а й ұ з а қ (*Бұғыбайға*). Қап, бәрекелді-ай, қате болды-ау!.. Елшіні өлтірген ежелгі тынбас жаудың ісі еді...

Б ұ ғ ы б а й. Өлтірмеу керек еді.

Б а й ұ з а қ. Ұлының ұлына, қызының қызына кетіп жүрмесе игі еді бұл жаулық. (*Бұғыбай кісі әкеліп, Жаманқараның өлігін алып шығып кетеді.*)

С ы п а т а й (*Байұзаққа*). Төре мен қырғыз арасында енді бітім жоқ...

К е н е (*түйілген күйінен көтеріліп*). Бұл қырғызбен алысуымыз аз ғанамен тынбайтын болды. Енді осыны үстіне қатқабаттамай бұл түйін шешілмейді екен. Ертеңнен бастап қалың

қолмен соғысамыз. Тұрыңдар... Жүріңдер... Қолдың күйін көреміз... Қамдансын бүгін бәрі де.

Б ұ ғ ы б а й. Құп, тақсыр.

С ы п а т а й. Мақұл... мақұл... жүрейік.

Б а й ұ з а қ. Жүрейік. (*Бәрі шығады.*)

4-көрініс

Бопай кіреді.

Б о п а й (*есіктен*). Бұғыбай!!!... Батыр... Бері бұрыла кет...

Б ұ ғ ы б а й (*кіріп*). Сенбісің?! Хан қолды аралап, ойнатып көргелі шықты. Қазір жетуім керек (*Жақындап келіп, Бопай күліп тұрады.*) Не айтайын деп едің?

Б о п а й (*күліп тұрып*). Асықпа! Неге алып-ұшып тұрсың? Қырғыз елшісін неге өлтірдіңдер?

Б ұ ғ ы б а й. Қырғыздың тілінен де болды. Әлін білмей, аса сөйлеп жіберді. Бірақ ханнан емеурін болған сияқтанып, Наурызбай өлтіріп жіберді.

Б о п а й. Бәсе, Науан шығар деп едім тағы...

Б ұ ғ ы б а й. Хан да ашуға билетіп жіберді. Аял қылған мақұл еді.

Б о п а й. Қап, ашу алдынан, ақыл соңынан деп еді... Ақылға билетсе бүйтпес еді... Науанға неге жол берді екен... Қате болды-ау...

Б ұ ғ ы б а й. Наурызбайға не керек? Оңды-солды ағызған қан ғана керек. Қайратты жұмсар жер мен жұмсамас жердің парқын айыра ма? Қайда барса да орнына жау тауып өршітеді де отырады. Бұл мінезбен ханның ісі өрге басады деп білмеймін.

Б о п а й. Жә! Тым сонша тұқыртпасаңшы...

Б ұ ғ ы б а й. Осының бәрінің түбінен жақсылық шықпайды... Сенбеймін... Жолдың болар-болмасы екіталай.

Б о п а й. Сенбесең неге жүрсің? Не айтасың өзің қолбасы бола тұрып?

Б ұ ғ ы б а й. Неге жүрмін. Бір Кенекемнің басы мен сен үшін жүрмін.

Б о п а й. Керегі жоқ маған ол сөзіңнің. Батыр, сен маған ондай жауап берме. Менің сендік екенім рас. Бірақ сен көп тілеуі үшін, ұлы ниет үшін де жүрсің. Сен көптің бірі емессің. Жақсы тілеу жолында осы кептің басшысысың.

Б ұ ғ ы б а й. Бопайжан-ай, олай емес қой... Жауды көп қашырады, жақсы аты Бараққа қалады деп, жақсы аты төреге қалады... Бұғыбайға не қалушы еді? Түптің түбіне келгенде “сендікпін” деген сөзінді ғана сүйеу қылам... Бірақ қашан мендік боласың?

Б о п а й. Мен сенен ешқайда кетпеймін... Бірақ жалдамаға жүргендей, өзге ақылы аз ғана батырлардай, мұрат-мақсұтсыз жүргеніңді місе қылмаймын мен... Қай күнде болса да осы сөзім есіңде болсын.

Б ұ ғ ы б а й. Оны қойшы. Кәне, қашан мендік боласың? Соны айтшы?

Б о п а й. Құдай бұйырса, осы жорық жақсылықпен аяқталсын. Сонан соң сен мені аласың.

Б ұ ғ ы б а й. Осының шындығына бір сүйші!..

Б о п а й (*қасына келіп назданып*). Жібің босап кетіпті ғой әлдекімше...

Б ұ ғ ы б а й. Рас... ширатып жібер олай болса.

Б о п а й. Шира, тез! Бұл пішінді көрсетпе (*Күліп келіп, тамағынан сүйіп тұрады. Бұл уақытта Науан кіріп келіп, үндемей сапысына қолын бір салып жіберіп, артынан тоқтап үндемей тұрады.*) Бұдан соң сен қара емессің, төресің. Біз намыс қылған нәрсені сен де намыс қыласың. Біліп жүр оны...

5-көрініс

Н а у а н (*ілгері басып, ақырып жіберіп*). Бұл не сұмдық? (*Бұғыбайға.*) Жоғал қазір көзімнен (*ашулы.*) Майдан үсті шығар, әйтпесе тоңмойын құл тірі кетпес едің бұл жерден. Босағамнан озбайтын құл басымен қарашы, мұның қылығын. (*Тап беріп.*) Шық!.. Жоғал!.. (*Бұғыбай шығып кетеді. Науан Бопайға.*) Сен де жақсы екенсің. Қасымның қара шаңырағында, ханның қара ордасында кімді иығыма шығарып жүрсің? Намысың қайда? Табылмады ма көп төренің біреуі?..

Б о п а й (*саспай*). Науан, мен басым бос әйелмін... Төре, қараның керегі жоқ. Кімді ұнатсам — сол төре! Кінәлама мені...

Н а у а н. Осыдан тартарсың сазаңды... Қатарға алған қарашы қас болмаған күні жоқ. Басып ұстайтын немені қайда аспандатып жібердің... Ханның қызы бола тұрып қақ төсіңе мінгізіп?!.

Б о п а й. Қысқарт енді, Наурызбай. Әкем өлгеннен бері кезегін тосамын деп қаралы болуым жеткен... Байға тигізбейін деп пе едің мені?..

Н а у а н. Тигізбеймін Бұғыбайға.

Б о п а й. Боқты тигізбессің.

Н а у а н. Қазір өлемін десең де тигізбеймін. Тек майдан бітсін. Тақ сол күні лақша бауыздап өлтіремін. Хан қызының ойнасы атанып күйек астынан табысуын мұның?!

Б о п а й (*қатты*). Наурызбай, қайт бұл сөзіңнен, әйтпесе, сен кетісесің менімен.

Н а у а н. Кетіспеген нең қалды.

Б о п а й. Солай ма?.. Жарайды... Көндім... Бұ да болса, Кенекемнің соры шығар. Онда болса ел ала, мұнда келсе жанындағы жақындары қырық пышақ...

Н а у а н. Мейлі!.. Бұғыбайдың мойнын торғайдай бұрап алмасам көрерсің.

Б о п а й. Бұл маған да қыламын дегенің ғой. Тостым. (*Шығып кетеді. Тыста: "хан келеді, хан келеді.*)

6-көрініс

Кене, Бұғыбай, Байұзақ, Рүстем, Сыпатай, Ержан, Науан кіреді.

К е н е (*орнығып отырып*). Әскердің күйін көрсетпеді тағы бір бөгет болып. Мыналардың сөзін естіген соң қайта аттанамыз. Кіргіз өлгі қырғыздың елшісін. Бұнысы не айтар екен? (*Бұғыбай шығады да, Кәрібоз Қалығұлмен қайта кіреді.*)

7-көрініс

Келгендер амандасады. Хан жөндеп амандаспайды.

К е н е (*Кәрібозға*). Уа, не айтасың? Еліңнің түгел сөзін ұстап келдің бе? Жоқ: "қырғыздың үйі бар, үйі сайын биі бар" деп үйіңнің ғана биімісің?

К ә р і б о з. Қалың қырғыз мен тоқтасам тоқтасып, мен жаулассам бірі қалмай сені жаулайтын болса, не ақың бар, төрем?

К е н е. Кәне, олай болса, біріккен қырғызыңның сөзін айт! Түгел сөзіңнің түбін ұстап отырғаның кім, әуелі соны айт!

К ә р і б о з. Біздің жалғыз әмір қылатын ханымыз жоқ. Ол мін болатын болса, түгел сөздің түбін кеңесім билейді. Жанқараш, Жантай, Төрекелді мына екеуімізді жіберді. Кеңесім мына мені жіберді.

К е н е. Манаптарың не қыл дейді?

К ә р і б о з. Ең әуелі — бұрын жіберген елшіміз Жаманқара Қалша қайда? Ол неге қайтпайды? Ерлік, қайрат майданда бо-

лушы еді. Үйіңе келген елшіні тұтқын қылғаның қай қайрат, қай ерлігің?.. Ең әуелі солардың дерегін білгелі келдік?

К е н е. Иә, одан әрі тағы нең бар.

К ә р і б о з. Одан әрі айтатыным: біз де өз елің сияқты Қытай менен Орыстай екі оттың ортасында отырғанымыз рас. Оның үстіне бір күн Қоқан, бір күн қалмақ та қожақтаудан сау емес. Сеніменен ел болып, екі елдің кәрі, жасының тілеуін қосқаным лайық. Қосар едік, бірақ, сенің арылмастай мінің бар, төре тұқымы, сүйегіңе біткен мінің сол: елдің елдігі десең де, өз басыңның абиұр-атақ айдынын одан әрі ойлайсың. Саған өзгенің бәрінен бұрын хандық пенен тақ керек.

К е н е. Не дер екенсің, айтып бол...

Н а у а н (*жақтырмай).* Айтқызып неге керек. Бұ да тантып келеді.

К ә р і б о з. Айтарсың, бала, Наурызбай деген сенсің ғой. Сенің ісіңе де келемін. Ел үшін күйінді болдым десең де, хандық үшін күйінділігің одан да зор. Игілік пен бірлікті ел істеді, елдің елдігінен болды дегізбей, ханның хандығынан болды дегізгің келеді. Қайратыммен, қаһарыммен жеткіздім деп артыңдағы қамалған көпті көзге шұқудан тайынбайсың сен.

К е н е. Бағынып, бастатып көрмеген, береке мен елдік жолын іздеп көрмеген көрбала ел сен сүйдеп аяқтан алмағанда не дейсің. Қай қылығымнан соны көрдің?

К ә р і б о з. Қылығыңа келейін олай болса. Мен орыс пен Қытайдан неге қашам, неге алысам? Дұспандығының қаттылығынан қашам. Бірақ, сенің бүгінгі күн істегеніңді қай орыс, қытай істеп еді?

Е р ж а н. Соғыста сен не қылсаң, біз де соны қылдық. Неге соғыстың?

К ә р і б о з. Асқақтық қылығың көп, соғыспағанда қайтейін. Ең әуелі елшімді қамап отырсың. Кеше барып, буаз қатынымның ішін жарып, баласын итке лақтырдың... Ағатайлап жалынған баланы бауыздатып, қасап қып қырдың. Бүгін барған әскерің Қанай мен Есқожаның сырлаған тамын құлатып келіп отыр. Ашуын бассын деп аяғыңа жығылғандай болып, жазықсыз болсам да елші жібердім, қыз бастатқан тоғызбен. Жолыңнан көлденеңдемейін деп атақоныс мекенімді тастап көштім. Шұбырып елім кетті... Иесіз болып шулап, сенің қолыңа жем болып малым қалды.

К е н е. Соғыссаң солай боласың. Қылығыңның жазасы... Еркіңмен көнсең, елің емей кім едім мен саған? Сенімен туысам деп келмеп пе едім... Жазықты мен бе? Сенсің.

К ә р і б о з. Жазықты болсам, ат жалын тартып мінген қарсыласар қайратым бар мен жазықты, ер-азамат жазықты шығар... Үйде жатқан кемпір-шалым, қатыным саған не жазды?.. Бізді аямасаң да жолыңда жатқан бесікті аясаң болмай ма? Тіпті тірімнің бәрі жазықты болса да, елігім саған не жазып еді? Қай қазақтың әкесінің кез құны бар еді... Аруақта, бабамның қабырында... Көр ақтартқаның қай қастығың? Осының бәрін — кәрімді, қайратымды танытамын деп істедің. Кенесарылығыңды білдіремін деп істедің. Кенесары, сен бір бөлек, қалың қазақ ежелгі досым — ол бір бөлек. Ол, түбі бірге туысқан, маған өздігімен мұны істемес еді! Ушықтырдың, бүлдірдің сен бізді...

К е н е. Ұстара көрмей, қарын шашың алынбай кеткен екен. Сен бір бірігіп елдік қылатын жерде берекесіздігіңнен белің сынып жатса да — оны сөйлемейсің. Әр үйіңнен, бұйым құрлы сәні жоқ, бұрау сынса соны сөйлеп, соны жоқтайсың сен. Ұстара көрмей, тез көрмей түзелмейсің. Бүлдіріп отырып түзеймін мен.

К ә р і б о з. Түземей-ақ қой. Түзеттірмеймін де, көнбеймін. Өзім деген жақыным сенен көргенім бұл болса, орыстың өзінеақ қараймын. Айтқалы келген сөзім сол. Енді іргеңді аулақ сал! Босат жерімді... Қырғыз саған жоқ.

К е н е. Ә-е, солай деймісің? (*Ақырып*) Олай болса сойқанымды көрерсің... Енді өз обалың өзіңе... Сорлы қырғыз.

Н а у а н. Байлап салу керек бұны да. (*Ұшып түрегеліп.*) Неге кезек береміз осы итке...

К е н е. Тоқта (*Ақырып.*) Отыр!

К ә р і б о з. Байлап көр... Екі төре, сендердің қылығың қырғыз баласын шоқтай иіріп отыр бұл күнде. Асқақтай берме... Құдайым осы қылығыңның кезегін берер. Көздеріңді сол күнде қырғыз ояр... Бүйте берсең.

Н а у а н (*атып тұрып*). Көтере алмаймын бұдан арғы кесірді. (*Қамшымен Кәрібозды бастан ұрып жібермек болады.)*

К е н е (*ақырып*)**.** Қысқарт, Наурызбай!.. Шық қазір үйден...

Б а й ұ з а қ. Қой, Науан... қой, шырағым...

Н а у а н (*зорға басылып, Кенеге*). Құлдық, тақсыр... (*Отырады.*)

К ә р і б о з (*тұруға қамданып*). Бүйткенше көпірден шықсаң етті сен... Жалғыз қырғыз қалғанша жағаласып өлмесем — ел болмаймын.

К е н е. Олай болса ертең-ақ әкеңді танытамын. Қыларыңды қылып бақ. Көнсең де көнесің, көнбесең де көнесің. (*Қырғыздар шығып кетеді. Хан ашулы, аздан кейін отырып.*) Жетті менің емексітуім. Қырғыз-қазақ баласы ел болып елдік жолына еруге жарамасаң, барыңнан жоғың. Бұл жүрген буын қырылып-ақ қал. Көзім жетті келіп-келіп менің. Енді еріп жүрер жайым жоқ. Ездікпен, іріткімен шіріген еліңді қан шығармай, ем қонбайды. Бүгінгі қан ертеңгі игілікке жол көрсетеді. Бәрібір менің артымнан қазақтың қайта сілкінуі оңай емес. Сонда менің жолым мен жерім үлкен құлдық, қорлық алдында ел тамырын ұстаған тамыршының сынындай бір сын болып қалсын. Өлімге қарсы тұяқ серіпкен жалғыз жанға оңалмастық қырсықтың қандай істер істеткенін көрсін ертең кейінгі ұрпақ... Кінә менде емес, елдің өзінде. Шығыңдар қазір бәрің атқа мініп. Бүгін күні бойы әскер дайындалсын. Ертең қалың майдан. (*Өзгелері.*) “Құп, тақсыр, құп”. (*Кенеден басқаның бәрі шығып кетеді.*)

К е н е. Ай-ай, Наурызбай, қал сен мұнда!.. (*Науан қалады.*)

8-көрініс

К е н е (*қатты ашумен түрегеліп*). Не естідім мен жаңа?.. Қандай қорлық көрдім?.. Кімнен?.. Сенен... Сенің ойсыздығыңнан, кезсіздігіңнен. Жаман айғыр енесіне тап бере деп, қырғыз бенен қазаққа келгенде жының түскен екен сенің. Менің де, артта қалған елдің де сорымызға тудың ғой сен қырсық. Қанайдың тамын кім құлат деді?..

Н а у а н (*жуас*). Мен құлат дедім...

К е н е (*Науанды жағасынан ұстап сілкіп*). Не дейсің? Не дейсің? Қаныңды ұрттайын ба осы жерде? Атадан тумай кеткір санасыз. (*Қанжарын ұстайды.*)

Н а у а н. Мен сенің ашуың мен қайратыңмын. Мені бастап жүрген ақыл жоқ. Әйтеуір беттескен жау болған соң, айдындырам деп аяғам жоқ. Мен білегіңмін, керексіз білек болсам осы арада кесіп таста, өкінбеймін.

К е н е (*босатып жіберіп, ойланып тұрып қалып*). Жә! Ертеңгі соғыста бір төре үйде отырып қалмасын. Не жеңіп шық, не осы арада қаза тап бәрің де.

Н а у а н (*иіліп*). Алдияр... (*Кене тез қамданып шығып кетеді*.)

9-көрініс

Қарашаш кіреді.

Қ а р а ш а ш (*киініп, қамданып жатқан Науанға жүгіріп келіп, құшақтай алып*). Науанжан, бағанадан аңдып едім жолығайын деп... Неге өлтірдің қырғыздың елшісін?

Н а у а н. Уh... (*Қарашашты құшақтап сүйіп алып.)* Ой, сәулем-ай, қай мінімді айтамын? Қанайдың тамын да құлаттырдым. Жаңа Кәрібозды да сабай жаздадым. Кенекемді де күйгіздім... Ертеңгі соғыста не жеңіп шығамын, не сүйегім Алатаудың бір тасында қалады... Одан басқа таңдау қалған жоқ маған...

Қ а р а ш а ш. Қойшы, қалқам, сұмдықты айтпашы! Бұл байлауыңа ырза емеспін. Мен десең өлімге басыңды байлама... Қимаймын, қуатым... Күйдірмеші, қайтшы сөзіңнен...

Н а у а н (*зорлықпен күліп*). Өмірге қош айтып қойып ем жаңа... Сен бар екенсің ғой... Әлде сен үшін қала тұрайын ба? Келші... келші.... (*Қысып құшақтап, сүйіп тұрғанда Бопай кіреді*.)

10-көрініс

Б о п а й (*ақырып*). Ойпыр-ай, мынау не деген сұмдық еді?

Н а у а н (*ашулы*). Не сұмдық бола қалыпты? Шығарма үніңді...

Б о п а й (*ақырып*). Қарабет, қайтіп маған сөйлеп тұрсың?.. Бір шешеден тумағандығыңды қылдың-ау, арам... Жер қылдың бар аруақты?..

Н а у а н. Сен атаңның атын сыйлап жүрген шығарсың... Өзің де етегіңе намаз оқып жүрген жоқсың. Жап аузыңды...

Б о п а й. Өлтіремін, өлтіремін... Наурызбай!.. Неге бірге тудың. Тумай кеткір... Қайда Кенекем... (*Есікке қарай жүгіреді*.)

Қ а р а ш а ш (*артынан жүгіріп*). Әпіке, әпіке... Жаным, әпіке... Жалғыз сөз... (*Бопай жүгіріп шығып кетеді. Қарашаш артынан бірге кетеді*.)

Н а у а н (*жалғыз*). Қай қысталаңға көнбей тұрған Наурызбай. Тіпті өлер алдында өрісімді тауысып, армансыз кетейін. Ешкімнің татпағанын татқаным сол... Мейлі...

Ш ы м ы л д ы қ

ТӨРТІНШІ ПЕРДЕ

Майдан. Тау арасындағы далашық. Жақында қарлы Алатау. Маңайда жартастар. Сахнаның бір жағында тігулі жасыл жібек шатыр. Ханның шатыры. Жанында сарала ту шаншулы тұр. Сахнаның көп жері бос. Әр жерде жатқан текше-текше тастар. Үстеріне кісі отырмақ. Көбіне кілем жабылған. Сахнаның көп жері ашық. Көгал. Әр жерде кішкене көк түбір ағаш. Шымылдық ашылғанда алыстан соғыс сарыны естіліп жатады. Сарнап тартқан соғыс сырнайы естіледі. Кейде жақындап, кейде алыстап тұрған тасыр-тұсыр шабыс, ұрыс естілгендей болады. Аздан соң сахнаға жылдам басып Рүстем шығады. Артынан Сыпатай Байұзақты ертіп келе жатады. Бәрі де садақты, найзалы, қарулы.

1-көрініс

Р ү с т е м (*асығыстау*). Бері келіңдер... Екеуіңмен сөйлесетін сөз келіп қалды. Ең әуелі осы соғыс жәйі қалай? Қай жағы дендеп тұр? Сыпатай, сен ішінен келдің ғой... Айтшы әуелі.

С ы п а т а й. Не айтатыны бар, қырғыз жеңгізетін емес. Наурызбай мен Ержан өктеп ұрысып, ілгерілеп жүр. Бірақ, өзге жағын қайта-қайта туға тығып жапырып тұр.

Б а й ұ з а қ. Иә, солай көрінді. Қырғыз шоқтай болып үйіріліп алған ғой деймін...

Р ү с т е м. Олай болса, мен жаңа қырғыздан тіл алдым. Жантай, Жанғараштың жіберген елшісі келіп сөйлесіп кетті.

С ы п а т а й. О не қылған елші, кімге келіпті?

Б а й ұ з а қ. Бәсе, кімге келіп жүр?

Р ү с т е м. Төреге емес, Дулатқа. Дулат басшысы деп бізге жіберген елші...

С ы п а т а й. Солай ма? (*Түйсінгендей болады.*)

Р ү с т е м. Біздің жауымыз қалың қазақ баласы емес. Мына қазақ, қырғызды жауықтырып отырған Абылай тұқымы, төре... Дулат басшысынан қан қазынамды аярым жоқ. Барымды алсын, бірақ бойын тартсын мынаның қырғынынан дейді... Бұған не айтасыңдар?

С ы п а т а й. Өзің не дедің, төре?

Р ү с т е м. Мен сендермен сөйлесіп барып жауабын бермек болдым. Әйтсе де күдерін үзгізгем жоқ. Неге десең, мынау екі төремен оттаса алатын емеспін. Мынау, түбі, шегі жоқ жаулыққа кетті ғой өзі... Қорқытқанда өстіп қорқыт деп пе едім деп, не біз сияқты ел басшысына салар ақылы жоқ. Өздері шешеді. Өздігімен жаулық пен жазаның мөлшерін білері де жоқ.

Б а й ұ з а қ. Рас тіпті, сорлының осы мінезі түбіне жете ме деймін... Түп ниеті жақсы дегенмен, әр нәрсенің өрісі бар емес пе?

С ы п а т а й. Түп ниет, бергі ниет дегенді білмеймін... Әуелі қырғыз оңай жау емес, ол біржолата буынып-түйініп алды. Жеңгізбейді. Екінші төреге хандық әпереміз деп елімізді үзілмес жаулық, арылмас қырғынға ұшыратқалы отырмын, қазақ ісі болатын болса, бар қазақ неге көтермейді? Бар ауыртпалықты Дулаттың тілеп алғаны несі?

Б а й ұ з а қ. Жол болуға көз жетіп оңайлықпен бітетін іс болса, ол дәнеңе емес еді ғой. (*Аз үндемей.*) Осы әр алуан күдік Кенесарының өз кісілерінің ойына да кіре бастаған сияқты...

Р ү с т е м. Рас айтасың, қария... Кешегі Бұғыбайдың сөзін естідің ғой?

С ы п а т а й. Не дейді?.. Мен естігем жоқ.

Р ү с т е м. Алғашқы шыққанда сенімім зор еді. Енді күнненкүнге суынып келем. Наурызбайдың қылығы ылғи жаман аттан басқа игілік әперетін емес. Бара-бара жауды да жау, досты да жау қылып, өз қылығымызға өзіміз оралып құласақ керек. Маңайына ақыл салмайды. Тегінде, өзгелердің де өзді-өз күйлеріңді ойлағаның мақұл. Ең болмаса ханменен ашып сөйлесіп алыңдар дейді.

С ы п а т а й. Не дейді, жарқыным-ау?! Бұғыбай бұлай айтса мен Наурызбаймен де, Кенесарымен де сөйлеспеймін тіпті. Арқаның игі жақсысы жиылып төреге ел атынан қосып берген ақылшысы солай десе, онда сөйлесетін не ісіміз қалды. Ел тілшісімен есептескісі келмегені де мұның. (*Бұл уақытта соғыс сарыны басылып қалған болады.*)

Б а й ұ з а қ. Бұғыбайдың айтып отырғаны хан емес, Наурызбай. Наурызбайдың өрескелі көп екені рас. (*Бір топ Дулат шығып, жасырынып тыңдап тұрады.*)

Р ү с т е м. Наурызбай деген емес. Соның ісіне нағыз жазалы кісі — хан! Тыю неге салмайды. Ойдағысын соның қолымен істейді. Осыны әлі танып болмадыңдар ма? Өтірік тентек атандырып қойып, әдейі құрық беріп отырады. Осылар жолы болып хан болып алса, қайсысы болса да ешқайсымызды ру басшысы, ел ағасы екен деп еске алып, есепке тұтпайды. Мен соны білем. “Қызыл тұмсық” болсын деп Дулатты жемдеп жатырмын деген сөзді кеше өз құлағыңмен есіттің. Онысы кім — біз. Ит

болғанымыз ғой онда. Оның үстіне сенімен есептеспей қырғыз елшісін өлтіріп отырғаны анау. Хан қасында көптің бірі — қарашы болғаныма құмар болғаным не осынша? Менің тілімді алсаңдар, енді Дулаттың бетін бұрып жіберу керек. Ал өзіміз қырғыздың манабымен достасайық!

С ы п а т а й. Онысы рас. Шынның шыны осы. Қышыған жерімді жаңа таптың, төре! Бұлар хандық құрған күні біз бүгінгі орнымыздан айрыламыз. Қырғыздың манабы, Дулаттың датқасы мен төресі ежелден бір бас, бір тас емес пе еді? Талайы тіпті осы тұрған үшеуміздің айқыш-ұйқыш құда, жекжатымыз емес пе? Бастасым солар! Табысамын! Мынау бір рудан игі жақсыдан бөлек — дараның керегі жоқ.

Б а й ұ з а қ. Мейілдерің. Мен де Бұғыбай сөзінен соң торығып тұрмын.

С ы п а т а й. "Құдадан құтыны кием деп, сар жарғақтың шүкірінен айрылыпты" деп, біреуге хандық әперем деп өз орнымнан неге айрылам мен?!

Р ү с т е м. Мақұл. Болды. Ендеше ірітіңдер Дулатты... Ана сыйын алайық. Хан керек болса, Дулатқа өзім де ханмын. Қырық ру қазақ баяғыдан бір ханға билетпей-ақ күн көрген. Бәрін қосып хан боламын десе, ана өзі шыққан Орта жүзінің қазағын баурап алсын. Сонан соң тең сөйлесіп отырып қосылармыз қосылсақ...

С ы п а т а й. Ж ү р, олай болса, әлгі қырғыздың елшісіне. Қабыл алдық сол жіберген сыйын. (*Бұлар шығып кетеді. Тыңдап тұрған Дулат шығады.*)

1-Д у л а т. Көрдіңдер ме?! Елді баста неге әкелгенін білдіңдер ғой! Енді жемсауға қарай жантайып тұрғаны мынау.

2-Д у л а т. "Дулатты іріт" дейді. Біз бір шілдің боғы ғой бұларға...

3-Д у л а т. Біріне тақ, біріне бақ керек. Көп қошқардың басы бір қазанға сыймай жатқанын көрмеймісің? Көп қой бір лақтырған тас бұларға.

4-Д у л а т. Ой, енді не сөзі бар. Көптің тасадан ойлаған күдігі дәл шықты міні.

1-Д у л а т. Олай болса несі бар? Сол арам тердің бірі ана қырғыз ғой. Сөз салу керек соларға. Көпке көптің сәлемін жеткізу керек. (*Жүдеген ақ шашты кемпір шығады.*) Е, бейшара сен кімсің, бұ қырғынның ортасында, неғып жүрген адамсың.

К е м п і р. Ей, шырағым, мені сұрап не қыласың! Одан да әлгі қанқұйлы төрең қайда? Қанқұйлы!

Д а у ы с т а р. О қай төре? Қайсысын айтасың. Уһ, өзің қырғызбысың, қазақпысың!?

4-Д у л а т. Иә, қырғызбысың, қазақпысың, кімсің өзің?!

К е м п і р. Қырғыз-қазақ! Ру-ұран! Оның бәрі кеңшілікте, тоқшылықта! Уа, тентіреген жетімге қырғызы не, қазағы не, жарқыным.

2-Д у л а т. Уа, сүйтсе де кімсің? Жөніңді айтшы. Қазақсың ба, қырғызсың ба?!

К е м п і р. Уа, мен анамын! Аңыраған анамын (*Таяғымен бір жаққа нұсқап.*) Мына Кенесары жалғыз баласын құл қып әкеткен анамын. Ізімен талай жыл тентіреп келе жатқан бетім осы. Жауым, мың да бір жауым Кенесары. Соның қасындағы игі жақсы.

3-Д у л а т. Енді өз кісілеріне көрінгенше тіпті жақсы болды. Ана қырғыздың көбіне жансыздап баруға ең қолайлы тілхат осы.

2-Д у л а т. Барар ма екен?

1-Д у л а т (*Кемпірге*). Уа, шеше, олай болса, біз де сол Кенесары мен жақсыларынан түңілген елміз. Бұларды тастайық деп тұрмыз.

К е м п і р. Қарағым-ау, жақсы лепес — жарым ырыс. Сендер кім едіңдер?

1-Д у л а т. Уа, біз Дулат, Дулаттың көбі. Сен барып қырғыздың көбіне сәлем жеткіз. Мына біз, көпшілік, төре мен манаптың қызығынан бас тартамыз. Ана пара алып жатқан Дулаттың басшысының керегі жоқ. Көппен көп боп табысамыз деп айтты де. Өздері және бізге көп атынан елші жіберсін де! Барасың ба?

К е м п і р. Уа, сонда мына сұм төре, асқақ төре қара жерге отыра ма?

Д у л а т. Отырады. Соры бұның ішіне де бір қату боп байланған ғой. Мынаның қорлығы.

К е м п і р. Ендеше бардым, бардым міне, қарағым. Несі бар! Кеше тентіреп жүріп оларға да барып ем. Онда да мендей аңыраған көп екен. Жатың емес, тақ сендейдің жатың емес көрінеді олар да (*Бір топ қозғалады. Кемпірді "жүр-жүр, олай болса тамам де" десіп ертіп кетеді.*)

2-көрініс

Сахнаға соғыстан қайтқан Бұғыбай, Құдайменде шығады. Бұларға қарсы Жоламан, Бопай келеді.

Ж о л а м а н. Уа, жарқындарым, не боп жатыр? Не күйлерің бар?..

Б о п а й (*Бұғыбайға*). Батыр, аман қайттың ба? Не айтасың, хабарын біл деп хан жіберді бізді. Ана жерде қарауылда тұр.

Б ұ ғ ы б а й. Білмеймін. Бүгінгі соғыс үлкен қырғын болып тұр. Екі жақтан да көп өлді... Бірақ қырғыз бәсеңситін емес... Әнекей, әлі қажымай ұрысып тұр...

Ж о л а м а н. Науан қайда?

Б ұ ғ ы б а й. Науанның осы жолғы кетісінен қорқып тұрмын. Құдай білсін немен тынарын.

Б о п а й. Е, не болды? Не қып жатыр?

Б ұ ғ ы б а й. Аз қолмен Ержан сұлтанды ертіп, бір қалың жаудың ішіне кіріп кетті. Артымызды екі жақтағы қырғыз қамап, оқ жауғызып жүргізбейді. Аналарды екі бүйірден қысып әкетті. Өзгелер тоқталып қалып тұр. Әзірге Науандардан дерек жоқ.

Ж о л а м а н. Ойпырым-ай, қауіп екен? Жазым болмаса игі еді... Ханға айту керек екен.

Б о п а й. Не дейді? Неге шаппайсыңдар енді? Ержекем де сонда қалды ма?

Құ д а й м е н д е. Ержан бауырың болғанда, Науан бауырың емес пе?.. Немене түге, жырып сөйлеп тұрғаның... Науаннан артық кім бар еді?.. Әуелі соның амандығын тілесеңші... тілегіш болсаң.

Б ұ ғ ы б а й. Өзгесі өзге. Тақ осы жолы сол аз ғана қол жамандық көрсе, кінәлі жалғыз Наурызбай... Мен соны білем.... Аз тоқта, қанатымызды жиып бірге қаптайық десем, тақат қылмай, қасындағыларды ақырып-қорқытып алып кетті.

Ж о л а м а н. Енді өзге көп қайда? Неге шаппайды, неге іркіледі?

Б ұ ғ ы б а й. Көп қол беттей алмай тұр, қажып қап тұр, түннен бергі ұрыстан... Оның үстіне қырғыз қолы үсті-үстіне төгіліп тұр.

Б о п а й (*Сахнаның соғыс жақ бұрышына көзін салып қарап тұрып*). Қолың қайтып келеді ғой өзі... Келіп қалды ғой... Міне алды...

Ж о л а м а н (*Қарайды. Бәрі де солай қарайды*). Бәсе, келді ғой, мынау Науан ғой, я, сәт... Аман шыққан екен ғой, қарағым, арыстаным... (*Науан жылдам басып сахнаға шығады. Жанындағы Ағыбай, Бұқарбай бәрі де алба-жұлба, бәрінің де үстері қан, үрпиіскен, түтіккен. Жау сырнайы естіліп жатады.*)

Ж о л а м а н (*алдынан жүгіріп*). Аман келдің бе, Науанжан?

Н а у а н. Аманы бар болсын...

Б о п а й. Сұмдық-ай, не дейді... Ержекем қайда?

Н а у а н. Қолға түсіп кетті, тұтқын болды. (*Барлығы үндемей сілейіп қалады. Бұғыбайға қатты.*) Сен неге қайтып кеттің? Неге шаппайсың артымыздан?

Б ұ ғ ы б а й. Мен қайтейін? Шаппадым ба? Немді аядым. Аз кісімен ішіне кірме десем, болмайсың...

А ғ ы б а й. Ой, бар болсын ақылың... Сен жазықтысың... Ақауыз атқа оқ тиіп, біз Бұқарбай екеуміз Науанды аман алып құтылдық, талқан болып.

Б ұ қ а р б а й. Бұ не қылған қолбасы өзі, айналшық жегендей хан шатырының қасынан шықпайтын.

Б ұ ғ ы б а й (*қатты*). Мен кінәлі емес, сендер кінәлісіңдер... Бағыну жоқ. Байыптау жоқ.. Кіміңді бастайын мен сенің?!

Б ұ қ а р б а й . О, құрып кет бастамай... Бастамай қалғыр...

Н а у а н. Бұғыбай, қылдың сен маған бүгін... Текке қылған жоқсың.

Б ұ ғ ы б а й. Үйтіп мені күйдірме, Наурызбай... Олай болса, Ержанды сен апарып жарға жықтың...

Н а у а н (*ақырып*). Не дейсің? Әй, әкеңнің... Сенсіз дүние тұл қалса да... (*Тап беріп, сапысын суырып алады.*)

Б ұ ғ ы б а й (*шапшаң сапысын суырып алып, қарсы ұмтылып).* Наурызбай, жетті... жетті енді!... Өлісіп-ақ көрейін, келші!.. (*Өзгелерден Жоламан ғана жүгіреді, басқалар тұрып қалады. Жоламан екеуін ұстай алмайды.)*

Ж о л а м а н. Уа, қой... қой... бұл не деген сұмдық?!. (*Бұл уақытта сапымен қағысып кеткенде екеуінің сапысы да орталарынан омырылып ұшып-ұшып кетеді. Наурызбай қырылдап тұншыққандай болып екпіндеп келіп, Бұғыбайды қос қолдап омырауынан ұстап алып жерге тымақша алып ұрып, кеудесіне тізерлеп отырып, қолы қалшылдап, қонышындағы пышағын суырып жатады.)*

Н а у а н. Алғышын жағамнан... бұл құлдың... басыңды кесіп алайын...

Б о п а й. Ұмтыл!.. Ойбай-ау, ұмтыл!.. Ұмтылсаңшы, түге! (*Наурызбайдың пышақ ұстаған қолына жармаса түседі. Өзгелер жабылып, арашалап алады.*)

Б ұ ғ ы б а й (*тұрып*). Уа, Бопай, мендік болсаң ұмтыл енді ханға!.. Бар да, көріп-білгеніңнің бәрін айт!.. Енді аянатын түк те қалған жоқ. Қырғыз да бір, Наурызбай да бір енді сені мен маған...

Н а у а н (*Бопайға тістеніп*). Арсыз байтал, балақтағы битті басыма шығардың ба?

Б о п а й. Қысқарт, Наурызбай, көзіңді оямын енді мен сенің.

Б ұ ғ ы б а й (*бармағын шайнап).* Әттең, елдің биі-ай, осыдан да дәме тіледің-ау сен. Сен адастырдың-ау мені де (*күйініп, қайнап*). Бүйткенше Мұса, Мұса неге болмадым мен? Қайда барсам бұйырғаны қарашылық болса, орысқа-ақ қарашы болсам етті. Ел дегені өтірікке сеніп, сол қураған ескі тулаққа қайта отырып қаппыз ғой, қарақан қара басынан басқа ойы бар ма еді бұның. (*Бопайға қарап, ойына басқа нәрсе түсіп.)* Жар дегенде жалғыз Ержанның басына екі бірдей қастық істеп отырғаны мынау!.. Не күтемін, не күтемін мен мұнан. Жүгір, Бопай...

Н а у а н (*ұмтылып).* Арам құл, не айтасың? (*Өзгелер жібермейді. "Қой, тоқта, қой, қарағым" деген көп дауыстар.*) Қазір мойныңды бұрап аламын. Бұғыбай, сені өлтірмесем әкемнен тумай кетейін.

Б о п а й. Не дейді... мынау, не дейді... Көрейін, көрейін, көрейін мен... (*Жүгіріп кетеді. Бұл уақытта сахнадан Наурызбайды алып өзгелер кетеді. Бір жаққа Бұғыбай да кетеді.)*

3-көрініс

Аздан соң хан мен Бопай шығады.

К е н е (*мұңды, қатты дауыс*). Қайран Ержекем кетті ме?! Кетті ме Ержан... Ендігі кезек ханыңа да келер... Соған таман келе жатыр... (*Басын шайқап, қыстығып күйініп.*) Әттең... әттең, арманды жалғыз басым... оқ үстіне оқ тиген. (*Үндемей ойға кеткендей.*)

Б о п а й (*аз аялдап ханға қарап, аяғында бекініп*). Оқ үстіне оқ екені рас, Кенеке... Тағы бір сұмдық бар, соны айтқалы

келдім сені осында... Іркіп келіп ем... Енді шыдар жәйім жоқ. Ержекемнің тұтқын болуына жазалы кісі — Наурызбай...

К е н е. Наурызбай?! Атамашы құрып кеткірдің атын...

Б о п а й. Атаймын... атағанда қастығын айтамын. Наурызбай сол Ержекемнің баласы Қарашашпен қосылыпты, кеше ұстап алдым...

К е н е (*ақырып қатты*). Не дейді? Қайда ол ит... (*Айғайлап.*) Әпкел қазір!..

Б о п а й. Наурызбайдың қылығынан қол да іріп-шіріп бітті. Бұғыбай да сенен кеткелі тұр. Біздің сорымыз түзден-жаудан емес, үйден шықты ғой, Кенеке. (*Жылап жіберіп.*) Қайтермін. Шыдай алмай айтып тұрмын.

К е н е (*айғайлап, Наурызбай кеткен жаққа таман*). Қайда Наурызбай?.. Әпкел, әкпел мұнда, шапшаң...

4-көрініс

Наурызбайды ертіп Құдайменде, Жоламан, Ағыбай, Бұқарбай шығады. Барлығы: “Алдияр!” дейді.

К е н е (*Наурызбайға*). Рас па? Мына Бопайдың айтқан сөзі? Айт шыныңды! (*Тепсініп қасына келеді.*)

Н а у а н (*салқынқанды*). Рас...

К е н е. Шын айтамысың, жүзіқара... (*Дірілдеп қалш-қалш етеді.*)

Н а у а н. Шын айтамын. Мен сорыңа біткен туысқаныңмын. Менен құтыл!..

К е н е (*қасындағыларға ақырып*). Байла қолын, олай болса... (*Өзгелер қозғалмайды.*) Байла, мен бұйырамын. Неге тұрсыңдар?..

Н а у а н (*қасындағыларға*). Байла... (*Екі қолын артына белдікпен байлайды.*)

К е н е. Әпкел шылбырды, сал мойнына... (*Өзгелері тағы іркіледі.*) Әпкел! Сал... Дүниенің тұтқасы осы ит пе еді? Неге тұрсың?.. (*Өзгелер барып алып келіп, шылбырды мойнына салады.*) Мініндер атқа қазір, Ағыбай, Бұқарбай... Сүйретіп өлтіріндер... Осы арада... осы арада... Қазір... қазір... Көрсетпе енді менің көзіме... (*Аз тым-тырыстан соң.*) Кімге айттым? Не айттым?..

Құ д а й м е н д е (*ашулы, нық басып ілгері шығып).* Шынымен-ақ, байлауың осы ма, Кенеке?..

К е н е. Ашпа аузыңды. Тыңдамаймын сөзіңді...

Құ д а й м е н д е (*қатты*). Тыңдайсың, ханым... Мен де тең төренің ұлымын. Өлтіртпеймін. (*Кене тікірейіп қатты қарағанда.)*

Н а у а н. Жоқ. Өлтірсін, өлемін... Кенекем жарлығының екі болғанының керегі жоқ. Осылай өл десең осылай-ақ мізбақпай өлемін. Бірақ, жалғыз ғана датым бар.

А ғ ы б а й. Тақсыр, хан, ең болмаса датын айтқыз, біз соны тілейміз.

Б ұ қ а р б а й } Жолдас десең, қарашы десең —
Ж о л а м а н } біз сұраймыз.

(Кене үндемейді.)

Н а у а н. Ұлы майдан үстінде сенің ниетіңе қарсы боп белдесіп қарсылық қып тұрған жаудың бетінде тұрсың. Наурызбайды Кене өлтіріпті дегенге өз қолыңның сағы сынып, жаудың шоқтығы шыға ма деймін. Мен өлейін. Жалғыз-ақ қоя бер. Ана сырнай-кернейлетіп ат ойнатып тұрған жауыңның тап ортасына барып жұлқысып тұрып өлейін. Өлімге бұйырған жазаң — жаза, жалғыз-ақ қалай өлуді өз таңдауыма бер...

Құ д а й м е н д е.
Ж о л а м а н. } Бер осы тілегін. Бере гөр.
А ғ ы б а й. } Тақсыр... Мақұл ғой сөзі.

К е н е (*ойланып тұрып*). Бердім. (*Науанды өзгелер босатады.*)

Н а у а н (*Кенеге*). Жалғыз-ақ, осы арада, қазір аттанар жерде қазақ жиынына аз ғана сөзім бар. Ергені ерер, ермегені қалар. Соған ұлықсат бер.

К е н е (*теріс қарап тұрып, қайғылы*). Бердім...

Н а у а н. Алдияр... Ағыбай, Бұқарбай, барыңдар шапшаң, жиып әкел осы араға қолдың бәрін. Қазір келемін. (*Жылдам басып шығып кетеді. Ағыбай, Бұқарбай екі жаққа шапшаң басып кетіп қалады. Кене жалғыз ойға кетіп, ашулы түспен отырып қалады. Бір бөлек Құдайменде отырады. Өзгелер шығып кетеді.*)

5-көрініс

Сахнаның сыртында Ағыбай, Бұқарбай, Жоламандардың “жүр, жүр бері” деген дауыстары. Осы кезде жау сырнайы қайтадан өктеп, үсті-үстіне екіленіп шығады.

А ғ ы б а й (*дауыстап, сыртта*). Уа, қазаққа қараған қол атаулы, бері кел. Жиыл-жиыл мұнда!

Б ұ қ а р б а й. Уай, бері тарт... Тартыңдар бері... Сендерге айтылатын сөз бар.

Ж о л а м а н. Уай, тарамаңдар, тоқталатын шақ емес. Бері кел... Жүр мұнда... (*Тағы да дауыстар.*) Уа, мұнда, мұнда жүріңдер... Бері жүріңдер... Жүріңдер хан алдына.

Б ұ қ а р б а й (*сыртта*). Қол-қолыңмен. Жігіңді бұзбай кел, түге... (*Әскер сахнаның екі жағынан бөлек-бөлек кеп иін тіресіп тұрады. Хан қасына Бопай, Бұғыбай, Жоламан, Құдайменде келіп тұрады. Осылармен қатар Рүстем, Байұзақ, Сыпатай келіп шығады. Бұл уақытта жау сырнайы өктей береді. Жаңа дауысқа салғандай.*)

К е н е (*Байұзаққа*). Кешеден мына бір сырнай даусы жоқ еді... Жаңа шыға бастады... Бұнысы кім сиырша мөңіреген?

6-көрініс

Р ү с т е м. Хан, кешеден бері қырғыздың шабағымен шарпысып жатыр едік, шаяны жаңа келді білем. Бұл сырт қырғызын жиып келген Орман (*Сыпатайға.*) Жүрегі шайлыға берсін.

С ы п а т а й (*ақырын*). Жақсы айттың, төре!.. (*Сол кезде ақбоз атқа мінген, екіленіп бастырып Науан шығады. Басында құндыз бөркі бар. Сыртқы құндыз ішіктің оң жеңін беліне қыстырып алған. Қолында найза, мойнында мылтық, жанында қылыш. Бір жағында садақтың қорамсағы, жанында садақ бар. Келеді.)*

Д а у ы с т а р: “Науан, Науан!.. Батыр Науан келеді”.

Н а у а н. Уай, қазақтың баласы! Кенекем бастаған иігілікке етек-жеңіңді түріп, қатын, бала, ел-жұртыңды тастап еріп шығып ең. Бұл жол қалың қазақтың қамын ойлап сынға шыққан жол еді. Өлмеймін, сау қайтамын деп шыққамыз жоқ. Осы игілік жолында өлсем арманым жоқ деп шығып ең. Еркек тоқты құрбандық емес пе едің? Иыққа шығарып қойғанымыз ба мына жауды. Көздеген өріске жетпей жығылып, жапырылып қалғанымыз ба? Енді қазақ бұдан соң бірігіп белге шығар ма? Біз қорғанып қорқып тоқтасақ, ел жағасы жығылып жасып сөніп кетпес пе? Ақ бата беріп аттандырып, сеніп шығарған серкесі біз емес пе ек? Өлім бе еді біздің іркілетін жеріміз. Абылай аспас асу деп тұр ананы! (*Қылышын жалаңдатып*

суырып алып, нұсқап тұрып.) Неге содан аспай тұрмыз әлі күнге... Екіленіп ұмтылсақ аспайтұғын несі бар? Аса алмасақ, сол асуды мегзеп өлсекші... Шықтым мына мен иә өлімге, иә баққа. Өлсем өкінбей өлемін. Мынау ақбоз атқа қызыл қаным жарассын. Кенекем бастаған ақ жолдың айтқан тоқтысы болып өлемін... Ол арқар ұранды, төренің жолы! Ел болатының шын болса, елу жігіт артымнан ер... Иә бабам, Абылай аруағы, қайдасың? Қолда... қолдай көр! (*Қылышын көтеріп, екіленіп басып, тарта береді.*)

Н ы с а н б а й (*айғайлап*). Уай, жалғызым... Жалын жұтқан жалғызым. Сенен басқа ұл туды ма қазақтан?.. Жар бола көр, ие құдай... (*Жылап жібереді. Наурызбай шығуға жақындап, артына қарап тұрады.*)

А ғ ы б а й. Уай, тәуекел қыл да тас жұт, ажал келмей өлмек жоқ... Ердім міне мен Науанға... Шық еркекпін дегенің...

Б ұ қ а р б а й . Мен неге қаламын? Мен де еремін.

Қ ұ д а й м е н д е . Бұл дүниеде екі өлмек жоқ, екі айналып келмек те жоқ. Қалғаным да өлгенім. Барып өлем онан да... Кеттім мен де... (*Бұлардың бәрі қаруларын асынып қамданып жатады.*)

Б і р н е ш е д а у ы с (*Екі жақтағы аз ғана батырлар дауысы.*) Мен де ердім мен де... мен де.. Кеттім. Кеттік Науанның артынан... Соңында өлеміз Науанның... Кеттік... Жүр... Жүр... баста...

Н а у а н. Елу-ақ жігіт керек. Ер, олай болса, артымнан. (*Тартып береді. Екі жақтағы қолдан жапырлап көп жұрт артынан шұбырады.*)

С о л д а у ы с т а р . Иә, аруақ... иә, бақ... Жусат!.. Жусат! Енді! (*Алысқа тасырлатып кетіп бара жатқан көп қолдың дауысы естіліп жатады.*)

Ж о л а м а н. Жолдарың болсын... Елу емес, жүзден аса жігіт кетті. (*Өзге мұнда қалған қол арттарынан қарап тұрады.*)

К е н е (*аз үндемей отырып барып, қасындағы Жоламан, Байұзақ, Бұғыбайларға*). Сорлы, менің ашуым мен қайратым екені рас еді.. Атаның жалаңаш намысын уыстап туған ұлы еді бұл. Ашуы мен қайратына ақылы тең болса, менің орным осынікі еді... Кезенген жаумен кескілесіп тұрып өлісуге шыдайтын ұл болмаса, сондай ұлды туғызып тұрған ел болмаса, қазақтың қай ісі өрге басар дейсің? Жолы болсын сорлының!

Қараңдаршы!.. (*Жоламан, Бұғыбай барып көзін салып қарап тұрады.*)

Ж о л а м а н. Араласты, араласты барып...

Д а у ы с т а р. Тобымен барып араласты... Жау сырнайы басылып қалды... Жау тобы шашырай бастады...

(Бағанағы Дулат 1,2,3 жігіттер.)

Б і р і н ш і. Дулат ерген жоқ қой осы.

Е к і н ш і. Е, әлгі есерсоқ батырлары өздерінің.

Ү ш і н ш і. Елуден артық емес ерген кісі. Соңғы тұяқ серпуі ғой.

Б і р і н ш і (*қарап*). Ой, ана жақ жапырыла бастады. Қырғыз қолы көп-ақ еді. Мыналарың тықсырып бара ма қалай, бұ несі?!

Е к і н ш і. Жан ашуы ғой.

Б і р і н ш і. Қап, қап (*басын шайқайды.*)

Е к і н ш і. Е, неге өкіндің?

Б і р і н ш і. Өкінбесі бар ма? Бағанағы кемпір жетті ғой сол сөзбен?

Е к і н ш і
Ү ш і н ш і } Ойпырмау, ойбай-ай, рас соның өзінен болмаса игі еді.

Б і р і н ш і. Қырғыз көбі бізге сеніп дегенінен шыққаны боса қайттік, өтірікші боламыз ба? Хан үшін алдаған боп көрінсек масқара ғой! Уәдемен қайтарып жібердік.

Ж о л а м а н. Уа, сүйінші... сүйінші... Жау қашты... жау қашты.

Көп д а у ы с. Жау қашты, жау қашты!.. Иә, аруақ!.. Иә, аруақ!.. Иә, аруақ! (*Қол екіленіп қозғалақтай бастайды. Кене жылдам басып сахнаның төріндегі тасқа шығып қарап алып, айналадағы қолға.*)

К е н е (*айғайлай*). Уа, өлімге, абиұрға да ортақ болған достарым! Ажалдан бұрын кісі өлетін болса, өлмес пе еді, аналар?.. Не тұрыс бар... Не аяну бар енді?.. Жол болғанның алды осы. (*Қылышын суырып алып, басына көтеріп.*) Жеңілді, қашты, міне қырғыз... Бет қаратпа тарт енді артымнан. Бастатқан елім, шыбын жаным сенің алдыңда шықсын. Көр міне, сенен аяп қалған түгім жоқ. (*Бұл уақытта қол кернеп ілгері ентелейді.*) Иә, бабам Абылай!.. (*Түсе жөнеліп.*) Абылай!.. Абылай!..

Қ а л ы ң ж ұ р т (*жосылып шулап*). Абылай!.. Абылай!.. Жау қашты... Жау қашты... (*Сатыр-сұтыр жұрттың бәрі кетіп*

жатады. Жоламан, Бопайлар да кеткен. Сыпатай, Байұзақ қана қалады. Жұрт кетіп арылып қалғанда, Рүстем шығады.)

7-көрініс

Р ү с т е м. Бұ не, бұ не болды, бұл?!. Дулат қайда?.. Неге кетті... Қалған Дулат бар ма, жоқ па?

С ы п а т а й. Мына қария екеуміздан басқа бір Дулат та қалған жоқ.

Р ү с т е м. Не дейді?.. Не айтады?.. Білдірмеп пе едіңдер... Не деймін қырғызға... Сыйына шейін әкеп төгіп қойды.

Б а й ұ з а қ. Ой, саспаңдар... Саспа, төрем... Осымен бітіп, тынып тоқтап қалар деймісің. Өлім алдында тұяқ серіпкен сияқты бір жалғыз желік қой.

Р ү с т е м. Желік болса, Наурызбай желіксін, Дулатқа не бар?..

Б а й ұ з а қ. Е, шығарып салсын. Бір шабысқа ерсе, ерсін.

С ы п а т а й. Бірге де ергізбес едім... Көпшілікті хабарландыра алмай қалдым... Кәне, қай жерде әлгі қазынасы?.. Жүр, жүр, көрейік. (*Бәрі аяңдап кетіп бара жатады. Осы уақытта қол кеткен жақтан Нысанбай шығады.*)

8-көрініс

Н ы с а н б а й. Сүйінші... сүйінші... Ақ түйенің қарны жарылды... Ханымдар, ханымдар қайда? Қуантайын... Уа, ханымдар қайда (*Алдынан жүгіре басып 4-5 қыз нөкері бар, Қарашаш шығады.*)

9-көрініс

Қ а р а ш а ш. Шын ба, шын ба, жаным... ағатай... Ал... ал.... Сүйіншіңді... Науан ба осыны істеген?..

Н ы с а н б а й. Қалқатайым... қуаныш, зор қуаныш... Қисайған жығаны түзеген Науанжан... Ақ беренім... Ақ жолдағы айшықты ала туым... Науаным...

Қ а р а ш а ш. Уа, садағаң кетейін... жалғызым... жарығым... Науанжаным...

Н ы с а н б а й (*асығып).* Қарашығым... Қуан!.. Қуант!.. Науаннан басқа ер жоқ!.. Өл соның жолында... Уа, сүйінші!... сүйінші!... Қайда ханымдар (*Қарсыдан қатындардың қуаныш шуы естіледі.*)

Қ а т ы н д а р д а у ы с ы. Уа, мұнда кел!.. мұнда кел!.. Ханымға айт... Ханымға айт... Шақырады!.. Сүйінші!.. Сүйінші!.. (*Сахнадағының бәрі де жүгіріп шулап.*) Иә, бақ!.. Иә, аруақ!.. Науан... Науан... Науан... (*Шығып кетеді.*)

Ш ы м ы л д ы қ

БЕСІНШІ ПЕРДЕ

Түн. Сахна ала көлеңке. Жерге ай сәулесі түсіп тұр. Аспанда жұлдыздар. Жартас арасы. Қырғыз қамап алған. Шымылдық ашылғанда сахнаның төрінде үш кісі қаруларын жастанып ұйқыда жатады.

1-көрініс

Сахнаға бірінің артынан бірі тізіліп, жалтақтап қорқып келе жатқан үшеу шығады. Қашуға бет алғандар.

1-к і с і. Бұ, көп Дулат қайда, түге?..

2-к і с і. Қайтейін деп ең бар Дулатты? Топтанып қашушы ма ең...

3-к і с і. Ертеден білдірмей... Бізді кім елеп-ескереді дейсің. Әлгі басшы болыстарымыз ғой елден бұрын өздері бас сауғалады... (*Бұлар шығып кетеді. Аздан соң тағы бір үшеу шығады.*)

1-к і с і. Өй, Сыпатай мен Байұзақ қайда екен? Осында ма, кетіп пе?

2-к і с і. Олар бағана, елдің алдымен кетіпті.

1-к і с і. Бас амандаған деген сол ғой.... Елмен бірге-ақ кетсейші.

3-к і с і. Ермейтін немелерге хан сайладым деп, елді еліктіріп ертіп, оны хан сайлап, өздері уәзір боп отырмақ қой. Енді көрдің бе, бұл жеңілтек болған соң қырғыздан қараны соғып ап жатқандарын басшының! Ел құйрығын қарға шанышқан деген осы міні. (*Кете береді.*)

2-көрініс

Арт жақтарынан Ағыбай жылдам басып шығады. (Үшеу шығады).

1-к і с і. Ой, бұл хандар неғып жатыр? Хан қайтеді?

2-к і с і. Не ақың бар онда? Қарашы қамын хан жейді. Ханның қамын қарашы жеуші ме еді? Жүре береді.

1-к і с і. Ой, есіттің бе сен... Енді байқасам, өзі Арқа қазағы да біріне-бірі ерігіп ере шығыпты да, артынан тастап-тастап кеткен екен ғой. Ерген елдің бәрі де торығып шығып отырыпты ғой өзінен.

3-к і с і. Ерген емес, ұқпайсың ғой, басында іс бастаған елдің өзі емес пе? Ол ел анау патшаға, ұлыққа қарсы шыққан екен ғой.

1-к і с і. Иә, байғұс десеңші.

3-к і с і. Мұны мыналар ортадан килігіп бастаймын деп, артынан өздері хан боламыз деп былай бұрып әкетті. Оған келгенде Арқаның елі ермепті, ілеспей қала беріпті.

(*Төртіншідегі топ Дулат 1-2-ші бір жақтан, 3-4-ші екінші жақтан шығып жалғасады.*)

3-Д у л а т. Неге хабар бермеді. Бұ қырғыз тобы. Келіп жатқан кісілеріміз қай-қай жерлерден өтер екен?!

4-Д у л а т. Қараңғыда қақтығысып, бірін-бірі танымай босқа қан төгіп жүрмесе жарар еді.

1-Д у л а т. Әлі көп жұрт кеткен жоқ қой.

2-Д у л а т. Көпшілік бір-ақ жерде жиылып тұр. Қырғыздан хабар болса, тік көтеріле бір-ақ аттанады.

3-Д у л а т. Үйткенмен жалғыз-жарымдап кетіп жатқандар да бар ғой. Солар арандап қалмаса. (*Кемпір шығады. Артынан тыс жақта 3-4 қырғыз келе жатады. Бастарына қызыл шыт тартқан. Үстері қырғыз әскерінше.*)

К е м п і р. Бері-бері шыға беріңдер. Бұлар жау емес, ел. Ал міні жылқы баласы кісінегенше, адам баласы сөйлескенше, араңа от тастап жүрген хан жоқ мұнда, сөйлесесіңдер түгі, бір бас, бір тас боп.

1-қ ы р ғ ы з. Кәрінің сөзі шын ғой. Солай ма, солай емес пе?!

1-Д у л а т. Шын солай. Қырғыз түбі жатсынбаса, біз жаулықты тастайық. Адасыппыз. Енді құшағыңа құшағым.

1-қ ы р ғ ы з. Болды олай болса. Ал жылжып жүре бер ендеше бүркенбей-ақ. Біз жаңа Байұзақ, Рүстемді тұтқын қып алып ек. Жолшыбай Орман, Жантай сауға деп арашалап әкетті.

1-Д у л а т. Өзге Дулатты да сүйтіп бөгеп, қараңғыда қақтығысып қалмаса қырғыз-Дулат.

2-қ ы р ғ ы з. Жоқ біз әдейі белгі айтқалы келдік.

4-Д у л а т. Белгі не?

1-қ ы р ғ ы з. Қырғыз шерулеріне жақындағанда бөріктеріңді қамшының сабына ілгізіп өте беріңдер. Сол бейбіттіктің белгісі болсын.

1-Д у л а т. Мақұл. Жол қайсы?

1-қ ы р ғ ы з. Жол Майтөбенің күнгей жақ тұмсығы.

Д а у ы с т а р. Болды. (*Барлық Дулат — қырғыз кете береді. Артта қырғыздар. Ол кезде арт жақтарынан Ағыбай жылдам басып шығады.*)

А ғ ы б а й. Тоқта... Елмісің, жаумысың. (*Садағын кезеп қараңғыға атып жіберіп қалады.*) Бұ не, жаным-ау, қырғыз-қазағы араласып кеткен бе немене, қарғыс тигірдің?!. Кімсің, атам (*тағы да кезеніп атады)* кімсің, атам иттің?!. (*Сол уақытта тас арасынан кемпір шығады.*)

К е м п і р. Атсаң екеуін бердей атасың. Қырғыз-қазақ табысқан. Сен кім ең? Әлде мына сұм ханның итаршысы ма ең!

А ғ ы б а й. Не оттайсың? Кімсің сен өзің? Қаңғыған ит.

К е м п і р. Рас айтасың, қаңғыған екенім рас, қаңғыдым, тентіредім балам үшін. Қаңғыртқан сендерсің. Енді мен дегеніме жетіп келем. (*Науан шығады, тыңдайды.*)

К е м п і р. Атқан оқ, шапқан қылыш болған есерсоқ батырсың ғой. Қолы жетсе, дегені болса, сол күні осы ханыңның өзі ояр әлі көзіңді. Үйткенше сен де есің барда елің тап.

А ғ ы б а й. Не оттайды мына қар? (*Тап береді. Сол уақытта бұдан бұрын ағып кеп Наурызбай кемпірді бүріп алады.*)

Н а у а н. Не дедің? (*Қырылдап.*) Не дедің? Жауым ғой мынау менің!..

А ғ ы б а й. Жаңа бір қырғыздар кетті ғой осы арадан. Соларды ертіп әкелген осы болса керек.

К е м п і р. Әкелдім... Қыларымды қылдым... сен дұшпаным ең қу төре. Зарлатып ең баламды, құл қып әкетіп. Көрің қазылсын... Қуылды *(Бұл уақытта Наурызбай бүктеп тізерлеп астына баса береді де, қылыш суырып жатады.*)

Н а у а н. Басыңды алайын ит! Тілін... тілін... бұның!

А ғ ы б а й (*қылышты ұстап*). Қанын жүктеп не қыласың сол иттің, Науан. (*Наурызбай болмай, қырылдап кемпірдің басын иіп тұрып бірдеңесін кесіп алады. Ол бұрылып кемпірді теуіп сахна сыртына итеріп тастайды. Кемпір сүйретіле басып кеп бұрымын алады.*)

К е м п і р. Баласы құл, анасы қорлық, тепкі көрген, бұрымы кесілген тұл (*Кетеді.*)

3-көрініс

Аздан соң сахнаға Науан, Құдайменде, Ағыбай шығады.

Н а у а н (*Ағыбайға*). Шынды айтшы осы, қырғыз қамап алды ғой өзі әбден. Мұндағы қол қалай? Қарасы азайып барады. Қашып жатыр ма, осы неғып барады?

А ғ ы б а й. Шынды айтайын, Науанжан... қашып жатыр...

Құ д а й м е н д е. Дулат түгел кетті дей ме, немене?..

Н а у а н. Не дейді, шын ба?..

А ғ ы б а й. Дулат түгіл өз қазағың да кетіп жатыр білем. Талай жанды көре алмай жүрмін.

Құ д а й м е н д е (*Науанға*). Енді қайтеміз? Хан түстен бері қабағын қарс жауып, сөзді қойды. Бірдеңе байлау жасап, өзіне барып ақылдасамыз ба, қайтеміз?

А ғ ы б а й. Құр бос қамалып өлеміз бе енді?..

Н а у а н. Ханда енді не ақыл қалды... Есеңгіретті ғой азғырынды араласты да... бұл ел. Адастырды ғой бұл елді. Мен білген Кенекем болса, енді өлімді тілеп отыр.. Өрісін тауысқан сорлы сүйтпегенде қайтушы еді?..

А ғ ы б а й. Кене өрісін тауысқан болса, біздің қайда барып жайлауымыз жарасады? Қасықтай қанымыз қалғанша екеуіңнің қастарыңда тұрып қаламыз. Жігін жазбай жүрген аз ғана батыр бар. Соларға не айтасың? Мен міне соны есіткелі келдім.

Н а у а н (*Құдаймендеге сынағандай күлімсіреп*). Бұл сөзге сен не айтасың?

Құ д а й м е н д е. Қалғанымыз бес болайық, он болайық, хан қасына жиылып тұрып, солар не көрсе, соны көрейік деймін.

Н а у а н. Дұрыс, міне, жарайды. Бәсе, естіп бір жұбатары, бір сүйінтері болмас па? Сор болғанда да қалың қара тұмандай айықпас сор бола ма екен. Бойымды өсіріп жібердің ғой, Құдайменде. Әдейі сынап айтып ем.

Құ д а й м е н д е. Әй, тентек-ай, сынамас жерде сынайсыңау!.. Сүйтсе Құдайменде неге бола қойсын. Қорқар болсам, мен өзім тіленіп келмес едім ғой. Арқадан сені қуып.

Н а у а н. Мың-сан қол кетсе де, шын сенген достарым, сендер тастап кетпесең болады. Сендер тастамасаңдар, өлсем де

сағым сынбай, жасымай, өкінбей өлемін. Өлмейтұғын кім бар? Беттеген жолдан жалтартып, бір ізіңді екі бастыратын болса, ол өмір адыра қалсын. Мен ырзамын сендерге. Кәрі қазақ аруағы ырза шығар. Ертең қаншамыз аман қалар екенбіз. Не өлерміз, не қалармыз. Соның алдында ырза қошымыз осы болсын да (*Күліп.*) Әдейі айтып тұрмын, соны ойлап.

Құдайменде. Айтқаның айтқан, неге күлесің?

Н а у а н. Күлмей, тәйірі деген, жылаймын ба?.. Тіршілік деген арманыңа жетіп, жайлауың жарасқан күнде тәтті шығар. Әйтпесе, абиұр мен арымның садағасы кетсін...

А ғ ы б а й. Науанжан, сөзіңе құлдық. Рас айтасың. Өлетін болсақ етімізден ет кесіп жатса былқ етпей, кірпік қақпай өлеміз, уәдеміз сол болсын.

Н а у а н. Ие, осы біздің антымыз болсын.

Құдайменде. Болса-болсын. Болсын солай. (*Аз тұрып.*) Онан соң бір сөз бар, мен осы байлаумен Кенекеме барып ақылдасайық дегелі тұрмын. Өзі көнетін болса, қазір өлісуге шыдайтын ең ірікті жігітпен ханды ортаға алып, жүріп көрейік. Жарып шығам сол қырғыздың шебін.

Н а у а н. Мен қашты деген атты құптамаймын. Бірақ, хан білсін, түбінде хан білсін... Ақылдассаң ақылдасыңдар... (*Науан қалады. Ағыбай, Құдайменде шығып кетеді. Науан тас үстінде қылышын ойнақшытып, ыңырсып бір мұңды сарынға салып әндетіп отырады. Аздан соң сахнаға Қарашашты бастап Құдайменде шығады.)*

4-көрініс

Құдайменде. Қарағым, анау отырған Науан. Қазір сендер жүресіңдер де, ол бұл жерде қалады. Қайта айналып көресің бе, жоқ па? Адыра қалсын өзге жұрттың сопылығы. Екеуің де қыршын жас едің. Бірақ көрген қызығыңның алды да, арты да осы бола ма қайтеді. Іштеріңде шерлерің кетпесін. Армандарыңнан шығып арыздасып қал... Бүгінгіні құдай да, аруақ та кешеді. Бар, қарағым. (*Науан бұлар келгеннен түрегеліп, ұмтылғалы тұрған, Құдайменде қайта бұрылып жүруге айналғанда.*)

Н а у а н. Уай, қайран ағам-ай, шыны кемел сен екенсің ғой. Қадіріңді білмей жүріппін ғой. Ердің ері сен екенсің ғой.

Қайдан таптың бұл ақылды, қайдан ғана таптың. Бар жарамды жаздың ғой. (*Қарашашқа.*) Келші... жалғызым... жалғызым...

Қ ұ д а й м е н д е (*кетіп бара жатып күліп*). Уай, тентек, сен білмей жүрсің ғой ағаңның сырын. (*Шығып кетеді.*)

5-көрініс

Н а у а н (*Қарашашты келіп сүйіп*). Жарығым... Менен алыстап, суынып кетті ме деп едім... Іздеп пе едің мені?

Қ а р а ш а ш (*өңі ағарған, қаралы киімі бар, жүдеу*). Іздеп едім... Ағамның күйігін баса ма деп едім... Баспады... Науанжан-ай, өле-өлгенше арманда қалып кетуге бола бастаған бір іс қой бұл. Осы дәурен мауқымызды басқызбай, мейіріңді қандырмай шолтаң етіп таусылатынын ойлаған сайын ішім жалындап жанғандай. Тірлігімде сән жоқ, құр сүлдерім ғана жүр...

Н а у а н. Сәулешім, көрісеміз, көрісеміз тағы. Неге күдер үзесің?

Қ а р а ш а ш. Ай, Науан-ай, әншейін жұбатқың келеді ғой. Онан да маған шыныңды айтсаңшы...

Н а у а н. Солай ма, қалқам. Шынды айтсам, көріспеспіз де... Солай шығар... (*Аздан соң.*) Бірақ, осы жалындап тұрған шағымда өлімге көнгім де келмейді. Әлде тіпті аман да шығармын...

Қ а р а ш а ш. Бұл дәурен, тегінде, бізге бұйырылмаған дәурен екен. Бұл екеуімізге арымастай темір үйдің ішінде құлыпта жатқандай дәурен.

Н а у а н. Сөйтсе де жеттік қой. Әлі де болса кім біледі? (*Сахнадан шығуға екінші жаққа қарай құшақтасып аяңдайды.*)

Қ а р а ш а ш. Кім білгеннің не керегі бар? Жол жүрген жорық үстіндегі ойланбай істеген бір іс қой... Бүгіннен соң аман қайтсаң да, мен саған жоқпын, Науан. Иілеміз, тоқтаймыз, бұрынғыша бауырың болам. Адастырып, бір іске бұрып әкеткен майдан үсті. Оны біліп қой.

Н а у а н. Шынымен солай ма?! Бүгінгі-ақ түн бе?

Қ а р а ш а ш. Бүгін-ақ... (*Үндеспей бір-біріне қарасып қалғаннан кейін құшақтасып жүріп кетеді.*)

Қ а р а ш а ш (*әнмен*). Бақыл бол, ырзалық бер, Науаным. Жолың боп, бағыңды ашсын бір құдайым! Көңілде арманы көп шермендемін. Қазбалап одан ары не қылайын.

Н а у а н (*әнмен*). Қалқашым, мен садаға ақылыңнан,
Шекпесін жаның күйік жақыныңнан.
Күнім бол жаным мұндай болмас еді,
Көп жаман қажалады тақымымнан.

Екеуі қайыра айтады.

Н а у а н с ө з і:

Сонда да жау мерейін асырмаймын,
Пендеге кішірейіп бас ұрмаймын.
Қалқытып хан ордасын бір шырқаттым,
Арысқа аласұрдым, жасырмаймын.

Қ а р а ш а ш с ө з і: Науан-ай, шын-ақ жолсыз болармыз ба,
Дегенге жетпей көктей солармыз ба.
Тұқымы асыл ханның біз емес пе,
Әлі де пісіп, шалқып толармыз ба.

Е к і н ш і д а у ы с Н а у а н с ө з і:

Сыбағам Хандық еді өз бесігім
Көптің мен тобын бастар серкесімін.
Не қылам, не қоямын ерік өзімде,
Сынайтын кім бар еді, еркесімін.

Қ а р а ш а ш сезі: Болмаса да өренбіз деп өткеніме,
Оралмай ата бағы кеткені ме.
Ақ сұңқар тор ішіне шырмалды ма,
Қарашы қатарға жеткені ме.

(*Екеуі де шығады.*)

6-көрініс

Сахнадан тағы 2-3 қашқын өтеді. Жалтақтап, көлеңкедей елбектеп бара жатады. Аздан соң арттарынан Ағыбай шығады.

А ғ ы б а й. Жаңа бір-екеу осылай кетсе керек еді.. Қашып бара жатқан құрғырдың бірі сияқты... Кімдер екен бұл? Кешегі 12 мың қол, бүгін шілдің боғындай тозуы-ай... Кеше қара ордалы елдей болып, бүгін құйын қуған шөптей болып ұшуын қарашы... желп етпей жатып басылып, жігерді құм қылғанда, осылай құм қыласың да, сорлы қазақ. (*Қарсыдан Бұғыбай шығады.)*

7-көрініс

Б ұ ғ ы б а й (*жақындап келіп*). Бопайды көрдің бе? Қайда Бопай?

А ғ ы б а й. Е, қолбасы, ертеңгі күнге ойланған сенің қамың сол ма?

Б ұ ғ ы б а й. Ойланған қамым сол... сол-ақ... Қамыңды жеймін деп қамыға-қамыға болғамын... Ендігіні сендерге бердім... Көрдің бе, Бопайды?

А ғ ы б а й. Бопай жаңа сені іздеттіріп жүрген өзі де... Осы маңнан табылып қалар. (*Кекетіп.*) Бетің дұрыс. (*Бопай шығады. Бұғыбай қарсы аяңдайды. Ағыбай Бұғыбай келген жаққа өтіп кетеді.*)

8-көрініс

Б о п а й. Немене, жаным-ау! Не боп кетті! Не болып барады қолдарың? Кетіп жатыр дей ме, немене?

Б ұ ғ ы б а й. Иә, кетіп жатыр... Қырғыз болса, қамап алды... Қол болса, кетіп жатыр... Таң атқанша кім қалары белгісіз... Тозығы жеткен дүние! Енді осымен тарқайтын шығар бұл той... Мен өзіңді іздеп келдім.

Б о п а й. Мен құрғыр іздемесең де осындамын ғой... Мен қайда қашар дейсің... Мына қайғыны айтсаңшы... Шынымен-ақ Кенекемнің жолы болмай, жығылғаны ма... жеңілгеніміз бе?

Б ұ ғ ы б а й (*келіп құшақтап, қасына алып отырып*). Бопайжан-ай, қайсыбірін уайым қылып, қашанғы жүдей береміз... Тасташы соны... Ойламау керек.

Б о п а й (*таңданып*). О не деген сөз? Сен қолбасылығыңды ұмытып кеткенбісің?.. Қысылған жерде ақыл табудың орнына, ойламау керек дегенің не дегенің?

Б ұ ғ ы б а й. Ойлағанмен енді түк таппайсың, мен сені алып кеткелі келдім. Ермеймін десең — қоштасып кеткелі...

Б о п а й (*сөзін бітіртпей*). Не айтып отырсың өзің, Кенекем қайтеді?

Б ұ ғ ы б а й. Бірдеңе қылып шығып көрер. Қасында батырлар бар ғой.

Б о п а й. Қашқанды тоқтатады десе, бұл қай сөзің өзіңнің?

Б ұ ғ ы б а й. Қашқанды ниет қылып алған ел тоқтатқанмен бола ма? Қайсыбірін тоқтатайын. Бұл — қажыған қол. Ештеңе ем болмайды бәрібір.

Б о п а й. Кетіп жатқан кім? Кімдер өздері! Дулат тұтас кетті ме?

Б ұ ғ ы б а й. Тұтас кетті.

Б о п а й. Соның бәрі бірдей-ақ қажып қалды ма жарым жолға жетпестен.

Б ұ ғ ы б а й. Басшылары алып кетті.

Б о п а й. Не дейді! Оны сен қайдан білдің?

Б ұ ғ ы б а й. Мен ерте күннен білгем, шынды айтсам: мен де қажыған кісімін.

Б о п а й. Бұғыбай, сен мені адастырма, не боп кеткен өзіңе... Сен бұрынғы Бұғыбай емессің ғой өзің, айтшы барыңды?

Б ұ ғ ы б а й. Мен осы келгенде, мендік екенің шын болса, сені алып кеткелі келдім.

Б о п а й. Мені әкетуден бұрын әуелі мына сөзіңнің жөнін ұқтыршы... Қолдың кететінін ертеден білсең, неге іркіп жүрдің? Неге айтпайсың барыңды?

Б ұ ғ ы б а й. Дулат арасына сөз кіргелі екі күн болды. Барымды айтсам, сол суық сөздің басталуына өзім де себепші болдым... Аздым мен де... Аздырды Наурызбай...

Б о п а й (*қасынан атып тұрып, ашулы*). Не оттап отырсың өзің? Еркек екен десем, құл екенің рас екен ғой.

Б ұ ғ ы б а й (*ашулы, түрегеліп*). Бопа-а-й! Бопай! Бұ не сөз?..

Б о п а й. Битке өкпелеп тоныңды отқа салып, Наурызбайды сылтау қып Кенекемді жарға жықпақшы екенсің ғой... Барлық ойлаған ой, беттеген адал ниетті былғапсың ғой. Құл демей сені не дейін...

Б ұ ғ ы б а й. Мен құл болсам, сен күңсің... Сен менің қатынымсың...

Б о п а й. Садаға кет, менен сен. Арам болармын енді саған мен...

Б ұ ғ ы б а й. Байқап сөйле, Бопай! Өкінесің... Менен қалсаң, кеш болады...

Б о п а й. Өліп қалсам да енді саған ермеймін. (*Ашуланып.)* Қорлығын-ай бұл тұқымың құрғыр құлдың. Намыстан, ардан кешіп қасындағы жар деген жалғызын тастап, бас амандап қашпақ, садаға кеткір. Әлдеқандай көріп, сұңқар екен деп жүрсем, жемтік басындағы қарға екенсің ғой... Науан істеп жүрген жақсылық пен сол тапқан абиұрды былғап, шайқап жүрген арамтамақ екенсің ғой. Сөйтіп тұрған сен итке еріп,

ағамды, арымды садаға қылып, артыңа мінгесіп қашып кетсем керек қой мен... Тапқан екенсің өзіңдей арсыз, жігерсіз жанды... Жоқ... ішімді жайлап жүрген қуарған мерез... Бопайды олай десең адасқаның... жоғал қазір жаның барында...

Б ұ ғ ы б а й (*саспай, кекетіп*). Жігер, намыс деп, хан деп, бек деп мен білмейтін қай сырың бар? Неменесіне дарданданайсың?

Б о п а й. Қысқарт, тарт енді тіліңді...

Б ұ ғ ы б а й. Мен хан қылсам, хан шығарсың... Мен тастаған күні қарашыдан қадірсіз боларсың. Ит жемі боп өлерсің. Менен жасырын қай түкпірің бар еді. (*Сылқ-сылқ күледі*.)

Б о п а й. Қырық кессе де, жыланның кесірткелік әлі бар. Түкпірім бар. Тіліңді тартпасаң, көрсетермін енді...

Б ұ ғ ы б а й (*кетуге бұрылып, әлі де күліп*). Өзім жайлаған байтал, өрекпімесеңші... (*Кетіп бара жатады*.)

Б о п а й. Қысқартпадың ба, асқақ құл, өкінерсің!

Б ұ ғ ы б а й (*кетіп бара жатып*). Өкінбеспін. Кеттім мен енді. Қала бер.

Б о п а й (*садағын ыңғайлап алып*). Шын өкінбеймісің?

Б ұ ғ ы б а й (*сахнадан шығып кетеді*). Шын... міне шыны көрсең, кеттім міне...

Б о п а й. Ап, олай болса. (*Атып жібереді*.)

Б ұ ғ ы б а й (*арқасынан қадалған оқпенен сахна сыртында біраз өлімші дауыспен: "А, а, а, ha..." деп барып, сахнаның шетіне шыға бере етбетінен құлап түседі*).

9-көрініс

Аздан соң Кене шығады, жалғыз. Бұғыбайды көрмей, тұнжырап, қайғылы күрсініп, тас үстінде отырады. Біраздан соң Жоламан шығады.

К е н е (*басын көтеріп*). Жоламанбысың?

Ж о л а м а н. Иә, тақсыр...

К е н е. Бала-шаға жүріп кетті ме? Жүргіздіндер ме?

Ж о л а м а н. Тақсыр, әлі жүрген жоқ... Бірақ, қазір жүргелі дайын тұр. Жалғыз-ақ, ханымдар сізге келіп көрісіп, амандасып кетсек деп лұқсат сұрайды.

К е н е (*саспай*). Жоқ... жоқ... көріспей-ақ қойсын... Көрісетін не сиық бар? Құдай қосқан уақытта көрісерміз. Тапсырдым бір құдайға бәрін де... Жүрсін енді тоқталмай.

Ж о л а м а н (*үндемей тұрады да*). Солай дейін бе, тақсыр, енді? Келмесін дедіңіз ғой?

К е н е. Айттым ғой. Бар енді...

Ж о л а м а н. Құп, тақсыр. (*Кетіп бара жатады.)*

К е н е. Әй, өзгелерді қой. Сыдықты алып келші, маңдайынан бір сүйіп қалайын. (*Жоламан шығып кетеді. Кене үндемей отырып барып.*) Бойы өсіп, бұғанасы қатпай жас қалып барады... Атаның не қасіретпен өткенін ұғатын, түсінетін кезі емес... Болмаса, менің нәсілімде бір шағым қу қалса, осында бола ма деуші едім. (*Жоламан жетектеп 6 жасар Сыдықты алып шығады. Сыдық Кенені танысымен жүгіріп келіп құшақтамақ болады. Кене алдымен құшақтап көтеріп алады. Бала мойынынан құшақтап, жабыса береді.*)

С ы д ы қ. Аға, жүр... Бізбен бірге жүр... Сені тастамаймыз...

К е н е. Тастамайсың, қарағым... білемін.. Мен де барамын арттарыңнан, ұлғайып азамат бол. Ешнәрседен қорықпа, қорғанба! Артыңа үлгі қалдыратын адам бол... Еліңнің ері бол. (*Маңдайынан иіскеп.*) Ата жолын қуарсың, жалғыз үміт қылған балапаным ең... Ақтарсың... Бірақ, заманың әлдеқалай болар. Кім білер. (*Бала жабысып қайта құшақтайды. Кене Жоламанға бергісі келеді.*)

С ы д ы қ. Кетпейміз... аға... жүр... жүр... қалма...

К е н е (*Жоламанға беріп*). Қарағым, бар... бар... Апаңа сәлем айт. Құдайға тапсырдым. (*Бала жылайды.*) Бар, алып бар... Жолдары болсын. Бетінен жарылғасын. (*Жоламан Сыдықпен шығып кетеді. Кене күрсініп, ойланып, әрлі-берлі жүріп кеп аяғында Бұғыбайдың өлігін көреді.*)

10-көрініс

К е н е (*жалғыз, Бұғыбайға бір рет үңіліп қарап танып, қайта бұрылып салқын*). Бұғыбай ғой! Бұндағы қол ішіндегі алалық та жетер өрісіне жеткен екен... Жасырғансыпты менен... Мәлім... мәлім еді... (*Тасқа отырып ойланады. Қасына Жоламан келіп төменірек отырады.*) Жерім таусылды. Өріс тарылып болды ма деймін... Нем қалды?.. Енді сенер кім қалды?.. Қазақ желігі басылып бітті. Сөнді. Аз ғана ұшықтаумен-ақ басында желп еткен жігер қайта құлады. (*Біраз отырып*) Кім ұқты? Кім қажымай еруге шыдады? Мені қара қайрат алған жоқ. Кескілесіп қарсыласқан жауым да емес... Сырттың күші жығатын болса, әлдеқашан жықпас па еді? Бәрі де ала алған жоқ. Мені іштегі дерт жығып отыр... Менің жауым... мұршам

жетпеген жалғыз жауым — ел аузының алалығы. Менің күйігім де, ажалым да содан. Сенген елім жықты. Қас болғандықтан жыққан жоқ. Ерген болып еді. Бірінші елдік қылып көрмеген көр балалықтан, көзсіздігінен жықты. Елдің елдік дегені орданың ұранынан аспайды екен. Мен соны айырмай адасыппын. Менің ойымда жүрген бағытымды ойламайды екен. Осы түйінге келіп шатастым мен. Ел мені осыған қамап жықты. Бір мені жыққан ел өзі қоса жығылғанын ұға ма екен, ойлар ма екен!.. Өңшең азғын арам бездер! Солар ала қылды, солар адастырды елді де... Менің күйігім де, ажалым да солардан... Бірақ, мені жыққан сол жауыздар жұртты қоса жыққанын ұға ма екен? Ойлар ма екен? Алатаудың бауырында Кенесары жығылса, сыналатын өткелде қазақ елі бірге жығылды. Түсінер ме соны? Өкінер ме? Менің жығылғаным арман емес. Ел болар ма екен, елімнің шу дегенге жарамаған арман менің қайғым. Жалғыз-ақ, ел болар ма деген елімнің көші қайда қалды? Қайда қалды, қайран елім, не боп қалдың? (*Аз отырып.)* Мен сүйінер ел ішінің қайғысы ол жеңгізбейтін дерт болды. Армандамын, соған өлім жетпегендігіне армандамын. (*Аз отырып.*) Бәрібір мен сүйінер өмір, мен жұбанар үміт қалған жоқ. Бұдан арғыны көргенше, алланың ақ бұйрықты ажалы келсін. Содан басқа тілегім жоқ. (*Басын төмен салып шөккендей, үн шығармай маңдайына қылышын таянып отырып қалады.*)

Ж о л а м а н. (*Ақырын тұрып барып Бұғыбайды көріп, өзіөзіне).* Бұнысы несі? Мынаған не болған? (*Ойланып шығып кетеді.*)

11-көрініс

Соның артында жау сырнайы екіленіп шығады. Таң ағарып атып келе жатады.

К е н е (*Қалғып кетеді. Жалғыз. Біраздан соң үсті-басы түгелімен аққа оралған, ақыретке оралған сияқты әруақ шығады. Ай сәулесі оның үстіне түсіп тұрады. Сахнаның түкпірінен жүріп келмейді, жығылып сырғанатып әкелгендей болады*).

Ә р у а қ. Балам, мен атаң Абылай, сенің айыбың аз ғана... өкінбе, күйме, сен елің үшін аянған жоқсың. Кінәлі заманың, сенің дәрменің жеткен жоқ. Піспеген екен, азаматы есейген жоқ, намыс-жігер өсіп болған жоқ. Әлі талай-талай жылдар,

қилы-қилы күндер өтеді. Оған шекті талай сен сияқты ерлер келіп күйіп-күйіп жылап өтер. Сен соның бірі болсаң да, арман қылар орның жоқ. Ұрысың бітті, өз ісіңді істедің. Енді қайтарсың, қайт өзіме, балам! Жасыма, жібімей, іштегі жалын, сырттағы ызғарыңмен қайт... Тіршіліктен түйілген қабағыңмен кет, кел өзіме!.. (*Жоқ болады*.)

12-көрініс

К е н е (*оянып, жалғыз*). Алдияр! Әруағыңнан айналайын, адастым ба деп едім, күдік қылып ем. Әлі де болса бағытымнан адасқан жоқ екем ғой. Қалың қазаққа қадірлі, қасиетті бабам... (*Жау сырнайы жақындап шатырлаған ұрыстар естіледі. Жоламан келіп шығады*.)

Ж о л а м а н. Тақсыр-ай, жау қысып кетті ғой... Қашпадың ғой тым құрыса...

К е н е. Оны ойлап күймей-ақ қой... Бала-шаға аман кетті ме? Өтті ме қамаудан?

Ж о л а м а н. Алдияр, аман өтті... Жаңа Ағыбай, Бұқарбай аман өткізіп қайтып келді.

К е н е. Дұрыс ендеше, арман жоқ... ұрысып жатқандар кім? (*Көзін салады*).

Ж о л а м а н (*о да қарап, шарт-шұрт ұрыс*). Ұрысып жатқандар Науан бастаған өзіне қараған аз ғана батырлар. Сізді алатын болса қырғыз біздің өлігімізден аттап келіп алсын. Қасықтай қанымыз қалғанша қырылып өлеміз деп жатыр. Сізді оятпа деп тапсырып еді, мен күзетте тұрмын.

К е н е. Күзетті не? (*Қарап тұрып*) Күзетпеді не? Енді бәрібір біткен шығар.

Ж о л а м а н *(қарап тұрып)*. Ай, есіл Науан-ай!.. Қарағым-ай.. Жарығым-ай.. Жаңа бір-екі батырын сайып түсіріп еді, енді міне... тағы екі-үшеуін түсірді... Әне... әне... тағы бірін құлатты. Өзгелері де жан салып жатыр-ау... Ойпыр-ай... ойпыр-ай... Ой-бай, құдай... қаптап кетті ғой. Селдей басып кетті ғой. (*Кене үндемей қарап тұрады*.) Тақсыр... тақсыр!.. Енді міне, бітті ғой үміт... Қош, жарықтығым... қош ....Қара түнде шамдай жанған жарық жұлдызым.

К е н е (*ақырын*). Көрсетпе босаған пішініңді енді... Өлсең үн шығармай өл. (*Сахнаға екі жақтан қаптап бастарын қызылмен таңған, қару-жарақты қырғыз батырлары шығады. Айнала қамап үрпиісіп тұрып алады. Бастығы Кәрібоз*.)

13-көрініс

К ә р і б о з. Бар батырың тұтқын болды... Кенесары. Ханның қарамен жағаласқаны жараспас. Өзің де тұтқынсың енді, қолыңдағы қаруыңды бер.

К е н е. Ал келіп. Апарып берушім ем. (*Екі қырғыз жетіп келгенде, Кене екі жағынан салып-салып жіберіп, құлатып-құлатып тастайды. Бірақ, сол уақытта өзгелер қаптап келіп ұстап, қаруын алады.*)

Д а у ы с т а р. Байла қолын... Не қылмап еді... Кәдір білуші ме еді.

К ә р і б о з. Уай, тоқта, тоқтат, байлама... Қаруын алдыңдар ғой. Бос алып жүр. Жетеді со да!.. Жүр енді... Тарт. (*Бәрі жүріп кетеді. Жоламанды да ұстап алған, оны да алып кетеді.*)

Ш ы м ы л д ы қ

АЛТЫНШЫ ПЕРДЕ

1-көрініс

Қырғыз іші. Жантай манаптың ордасы. Сәнді-салтанатты, қызыл-жасылды, ескілікті, келісті. Шымылдық ашылғанда Жантай ордасы. Артынан Қалығұл кіреді.

Ж а н т а й (*үндемей отырып Қалығұл кірген соң*). Немене? Жанқараш келді ме? Жоқ па? Орман да келмей, о да келмей, неғып кешігіп жатыр?..

Қ а л ы ғ ұ л. Әлі екеуі де келген жоқ. Бірақ келеді ғой. Тегі Дулаттан түскен кейбір тұтқындарды жөнелтіп жатса керек.

Ж а н т а й. Е, Дулаттан кешегі Аққойлы баладан басқа түскені тағы бар екен.

Қ а л ы ғ ұ л. Бар екен ғой. Бар болғанда оның шортаны ілініпті. Байұзақ датқаны ұстап алыпты ғой. Сол күні біздің кісілер.

Ж а н т а й (*күліп*). Не дейік. Бұл ерте кетпеген бе екен?

Қ а л ы ғ ұ л. Ерте кеткен, соң кеткенін білмеймін. Байұзақ екенін қай қырғыз білмейді. Бөлекбайлардың бірі ұстап алып, Орман аулына алып келген екен қашып бара жатқанда.

Ж а н т а й. Е, бұлай болса, оны үлкен сыймен жөнелту керек қой. Не беріпті?

Қ а л ы ғ ұ л. Мол сый беремін деген екен, Кенесарылар бұлай болып жатқанда қазақ ортасына қандай біраз айтып алып барамын, көп сый беремін деп әуреленбеңдер алғашқыда депті.

Ж а н т а й. Сонымен қойып па? Олай десе де қисынын тауып беру қиын ба еді?

Қ а л ы ғ ұ л. Орекең де өзіңізше ойласа керек. Тіпті болмаса былай болсын деп, бір бәйгелі ат басы таққан тоғыз жақсы беріп қайырыпты.

Ж а н т а й. Ой, бұл да сый емес қой. Дулатпен табысамын деп отырған соң мал-дүниені бүкпелемей-ақ қойса етті.

Қ а л ы ғ ұ л (*аз үндемей отырып*). Олай болғанда мына өзімізге тұтқын болып отырған баланы қалай аттандырамыз?

Ж а н т а й. Бұл өзі Аққойлы ішінде Бәйтік баласы екен. Бұл күнгі Дулаттың ішінде мал мен басы сай болған сүбе жері. Мен мұны әлдекімше қайтарғым келмейді. Әр нені ойлап отырмын.

Қ а л ы ғ ұ л. Өзі бір болпаш, маңғаз, ханзада сияқты бала көрінеді. Кигенінің асылы-ай өзінің. Ат-сайманынан басқа іші-тысы құндыз бөркі бар. Алты кемер белдігі бар. Тұтас құндыздан істеген ішігі бар екен деп жұрттың бәрі таңырқап жүр соны.

Ж а н т а й. “Сөздің түбін шын бекітеді, даудың түбін қыз бекітеді” деп Аққойлымен құда болғым келіп отыр. Бұл баланы жүз түйесімен ұзаттырамын.

Қ а л ы ғ ұ л. Қырғыз-Дулат ежелгі көрші, дос ел еді. Әуелі қыз алысқаны бұл емес, істесеңіз істеңіз солай. Қайырлы болсын. Ал мына өзге Арқаға қарағаннан тұтқын болғандарын қайтеміз. Ішінде батыры бар, төресі бар. Кенесары, Наурызбайдың өзі бір бөлек болғанмен, бұлар соның жолдасы. Басшыларына істейтінді бұларға да істейміз бе, жоқ олардың жөні бір басқа бола ма?

Ж а н т а й. Бұлар жайын кеңесерміз. Әйтсе де жеңілді, жығылды ғой. Кінәлі болса Кенесары, Наурызбай кінәлі. Абылай мен Кенесары қазақ-қырғыз арасын ушықтырса да, қосшының бәріне бірдей басшыға істегенді істеген лайық болмас. Біраз уақыт тұтқын қылып, Кенесары, Наурызбай жайын анықтай шешкен соң, олардың бәріне де астына ат беріп, қайырған мақұл шығар деймін. (*Жанқараш келеді. Қасында бір жолдасы бар. Амандасады.*)

2-көрініс

Ж а н қ а р а ш . Орман әлі келмеді ме?

Ж а н т а й. Келген жоқ... Бірақ келер жақында.

Ж а н қ а р а ш . Бұл ой әр кісімен отырып, басшылар болып қана кеңесетін ой ғой. Әр жақтан ағылып кеп жатқан кісі көп көрінеді. Тұтқындарды көрем деп жүргендері де бар шығар. Өйткенмен осында да келіп қалар. Тегінде көп кернесе сөз бітпейді. Өзгелердің бұл үйге кірмегені мақұл болар.

Ж а н т а й. Оның рас. Қалығұл, сен шығып соны жайлап айтып кел. (*Жанқараштың жолдасы шығып кетеді. Қалығұл кетіп бара жатқанда.*) Уай, Қалығұл, бері мойныңды бұршы.

Қ а л ы ғ ұ л (*қайта айналып келіп*). Не айтасыз, не бұйырасыз?

Ж а н қ а р а ш (*Жантайға қарап*). Жол бойы кездескен ауыл, ауылдың бәрінде де дауыс айтып жылап бір-біріне шұбырып үбе жиып жүрген қатындарды көрдім. Сұрастырып едім, осы қырғында байлары, балалары өлген қатындар дейді. Саны 300 қаралы болса керек. Әр нәрсе айтады дейді. Өздері осылай бет-теп келе жатыр білем. Біз кеңесеміз деп жүргенде олар көзсіз сел емес пе, өз білгенін істеп тастап жүрмесе.

Ж а н т а й (*Қалығұлға*). Тұр олай болса қазір атқа мінгіз, осы ауылдың естияр жігіттерін (*аз тоқтайды.*)

Қ а л ы ғ ұ л. Иә, оларға не тапсырайық?

Ж а н т а й. Барып айт. Мына біз айтты де. Қатындар мұнда келмесін. Қазақпен соғысқан қатын емес, Қырғыздың ер азаматы. Оны бастап ұрыстырған біз. Жауды жыққан бізбіз, белдескен жерде бекем ұрып жығуға жарасақ, енді қалың ел үшін де, сол қатындар үшін де кінәліні жазалауға жараймыз. Келмесін... қайтсын... тарасын деңіз.

Қ а л ы ғ ұ л. Құп... айтқызайын... жіберейін. (*Шығып кетеді.*)

3-көрініс

Ж а н т а й. Уа, Орман қайда, Кәрібоз қайда? Неғып жүр бұлар? Тегінде елдің алдын ал. Бір байлау жасамаса, кеш болып қалар деймін.

Ж а н қ а р а ш . Оның рас, соғыс бітті дегенді қаражұрт түсіне ме? Әлі соғысып жүр екенбіз дегенге осы көпшіліктің

ажары қаралы болып қанына қарайғандар да жоқ емес. (*Кәрібоз, Орман кіреді. Өзгелері тыста дауыстап қалады. Келгендер амандасады.*)

4-көрініс

Ж а н т а й. Біз сендерді тосып отырмыз. Үш күннен бері тұтқын болып Кенесары, Наурызбайың жатыр. Байлауыңды тез жаса деп, дегбір қағып асықтырып ашынды болған ел жүр. Енді бүркеуге болмайды. Осы арада шешу керек. Ойланбай жүрген жоқсың. Әрқайсың да ойланып жүрсің, не дейсіңдер кәнеки!..

О р м а н. Бәсе... Не дейсіңдер, айтыңдар?! Елдің үркіп жүргені рас. Бұл елде әйтеуір бір жолғы айқайға береке көрсеткендей басын біріктірген болса да, түбінде сыры мәлім. Білесіңдер, ретке бағынып, айтқанды істеп, үнемі бастап, үнемі қостап көрген жоқ. Кейде олай болса, кейде бұлай (*аз отырып*), қазақ мойнына түскен орыс патшасының құрығы бізге де созылып келе жатыр. Қырғызға жау істемейтін істі істесе де, алысқа қанат жайып ұзақ ұрыстан дәме қылған жайы тағы бар еді. Сол жағына келгенде біздің тілегіміз де сол тілек еді, бірақ ол ыңғайын көргендейміз. Олай болса, әлгі елге бейімдеп шешеміз бе? Жоқ, қисыны мен лайығына қараймыз ба? (*Аз тым-тырыс.*)

Ж а н қ а р а ш. Ел нысанасы бергі жерден аспайтыны рас. Ол бүгінде кекті ғана біледі. Алысқан қазағына қырғызын қосып қапсыра құшақтағалы келе жатқан мол қайраттың барын ойламайды, түсінбейді. Бірақ сүйтсе де дәл ол осы күнде біздің айналаның бәрін ойлап келіп байлаған байлауымыз болса, соған тұтас қарсыласа қояр ма екен. Менің сондай да дәмем бар.

К ә р і б о з. Ай, білмеймін, ол шырғаға бүгінгі күйінде болып тұрған ел көнер ме екен! Ең болмаса жарым-жартылап қарқынын бастырмаса, артығын сонан ұғындырмаса құлағына сөз қонбай ма деймін!?

Ж а н т а й (*Кәрібозға*). Олай болғанда, не істеу керек?

К ә р і б о з. Олай болғанда, осы елдің шын ашулы болып жүрген кісісі Наурызбай. Тынайға қылғанын немен болса да ұмыттыра алмаймыз.

Ж а н қ а р а ш (*киіп кетіп*). Иә, ері ер-ақ. Ерлігі үшін қимаймын сорлыны. Бағытын түзеп жау бетіне салып қойсаң, артын сүйіндіріп отыратын-ақ қайраты бар. Иә, айта бер.

К ә р і б о з. Бірақ ер болғанмен, орайын білмей адасып кеткен ісі көп, өрескелі көп, қырғызды дос қыламын деп сөйлеп жүрсе де, ұйытқыған жауы қылып алды. Байқауымша, оның сол мінезіне Кенесары да разы емес. Өкінулі сияқты еді.

О р м а н. Солай болса керек. Байұзақ та соны айтады.

К ә р і б о з. Ер дегенмен жалғыз ерлік пе екен, ел бастайтын, дос жиятын жақсы басшының міні. Бүгін сол өз қылығы үшін өзі жаза тартуы керек. Кенесарының ниеті — біздің де ниет. Оны орысқа, ұлы жауына тілеу қосып беттетейік. Сыйсыяпатпен қайырайық. Ал Наурызбайды елдің қолына берейік, ел оны да аяр, қимас, осылай қылса не етер деймін.

Ж а н т а й. Бұл ақылың болмайды, Кәрібоз! Ең әуелі Наурызбайды ел қимайды дегенді қой. Бассыз ел бүгінгі өз бойындағы жарасы біткен жоқ. Соның ашуымен өлтіріп жібереді. Сонан соң Кенесарыға разы қошың бола ма? Аяғаны екен деп ойлауға бола ма? Одан ары ұлы жұмысқа тілек қосам деген тіпті болмайтын іс (*аз отырып*) бұны не елге ересің деп кетті. Кенесары мен Наурызбай отырған үйді іздеп жүр. Болар емес, қайтеміз.

О р м а н (*ақырып*). Тый... тоқтат... Мінгіз жігіттерді атқа. Мұндағы сөз байланған жоқ.

Ж а н т а й. Бұл не қылған бассыздық! Бар тоқтатыңдар (*Тағы қол шығады бірге. Бұған қарсы бір жігіт кіреді.*)

5-көрініс

Ж і г і т. Кенесары сіздердің не бәріңізбен, не біріңізбен болса да сөйлесем дейді. Не айтасыздар?

К ә р і б о з. Сөйлессе, сөйлескен теріс болмас па еді, қайтер еді.

Ж а н т а й. Жанқараш екеуің барып сөйлесіңдер. Өздері не айтпақ, не іздейді екен (*Тағы қол кіреді.*)

6-көрініс

Қ а л ы ғ ұ л. Ойбай... бәле жалғыз қатындарда емес екен. Тынай мен Бөлекбай дейді. Қаптаған қол. Осы өлкенің бәрін басып алды. Кек аламыз, өлтіреміз деп келеді дейді.

О р м а н (*өкінгендей күйіншті дауыспен*). Бәсе, бұ да іші құрт, қырғыз ішіне ала алмаймын. Өз басыма елдің наразылығын қалдырма деп екеуін де ел қолына бересің.

Ж а н қ а р а ш. Жоқ, осы елдің өзі келіп, ырыққа көнбеген бетімен зорлықпен алып кетпесе, біз ырзалықпен көндіре алмаймыз, кеңесімізбен бере алмаймыз.

Ж а н т а й. Олай болса, қайтарарсың, екеуін де қайтарарсың... Қайтарғанда бітісіп, тынысып, достасып қайтарарсың. Егер осылай байлассақ менің ойыма келетін тағы бір жұмыс қазақ елі, қалың жұрты әлі де баяғыша досым, туысқаным, оның үстіне ұрыс жаулығы екеуін бұрынғыдан да қойындастырып, қолтықтастыратын күн туады. Сондықтан Кенесарының бір жолғы адасқанын ұлы мақсат үшін кешірген болып қайтарсақ, ондағы айтатыным екеуін де қалың айттырып беріп ырғап-жырғап табысып жөнелтеміз. Баяғы ескі қырғыз жолы осы. Ежелден егер болып жауласса да, қолға түскен Ханға істейтін ескі мұрасы осы болатын (*Тыстан тағы қол жүгіріп кіреді.*)

7-көрініс

Қ а л ы ғ ұ л. Ойбай, қаралы қатындар айтқан сөзге тоқтамай, кернеп жайлаған. Көрбала соқыр ел емес пе? Елдікті не қылып ұқсын, жалған намыскерлер шығып желіктіріп алған ғой.

Ж а н қ а р а ш. Айқай!.. Өкініші кетпейтін іс істемесе игі еді. Жау деп қуанып жүргені түптің түбінде елдің елі екенін қайдан ұқсын. Ақылы көзінде тұрған шолақ жұрт.

К ә р і б о з. Қамап алса, енді өстіп отырамыз ба? Барамыз ба Кенесарыға, жоқ па?

Ж а н қ а р а ш. Барғаныңнан енді не шығады.

О р м а н. Барғаныңнан енді ештеңе шықпайды. Енді оны қой. Жалғыз-ақ осы үй сорлының қара шаңырағы ғой. Мына бастатып отырған манап ордасы ғой. Осы үйге сонша өкім қыла қоймас. Кенесары мен Наурызбайды осында алып келіңдер. Қалығұл, сен қасында бол. Өзгеміз тысқа шығып, сөз ұғарлық кісісімен сөйлесіп көрейікші (*өзгелерге қарап.*) Осы қалай болар екен?

Ж а н т а й. Осыдан басқа не қалды енді? (*Қалығұл мен жігітіне*) Бар сен де, осында алып келіңдер.

Ж а н қ а р а ш. Бірдеме қып ем болса осы болар. Бұдан басқа айла жоқ.

К ә р і б о з. Е, олай болса шығайық. (*Бәрі де тұруға ыңғайланады.*) Көнсе ел көнді, онда тоқтатып алып ылайықты байлау жасармыз. Көнбес не айла бар?! Біз шешкенді ел қолы

билеп өзі шешкен болат та. Қара қайрат жеңгенінде не дәрмен бар. (*Бұлар кетіп бара жатқанда алдынан бір жігіт кіріп есікте.*)

8-көрініс

Ж а н т а й. Е, не болып жатыр? Не бар?..

Ж і г і т. Кенесары, Наурызбайды бір он шақты жігіт тауып алды. Өзге қалың жиын қатындар алысырақта еді. Соған хабаршы жіберіпті.

Ж а н қ а р а ш. Тұтқындарға әзірше ештеңе істеген жоқ па?

Ж і г і т. Екеуінің де қолына кісен салып алды. Бірақ Қалығұл барып осылай қарай әкелгелі жатыр білем (*Бәрі де шығады.*)

9-көрініс

Аздан соң Кене мен Наурызбайды алып 5-6 жігіт кіреді. Екеуінің де қолында кісен. Бірақ ажарлары жоқ. Бұлар келіп отырған соң арттарынан 3-4 жігіт, Тайсары, Толыбай кіріп келеді.

Т а й с а р ы (*ашулы*). Жаңа анау үйде деп еді, енді мында алып келген екен. Жантайдікіне әкелсе жан батпайды дейді ғой. Көрсетермін батпағанды. Шақыр мұнда қатындарды, әуелі көріп алсын солар...

Т о л ы б а й. Алып кел. Қатындарды. Бұларды аман алып қалады ғой манаптар. Мұнда қырғызға, онда қазаққа жақсы атты кісі болмақ қой. (*Бұл уақытта екеуі қылыштарын жаланданып жанып.*)

Т а й с а р ы (*кекетіп*). Жақсы атты болады ғой. Неге болмасын (*ақырып*) шығып көрсін алдымнан, не қырғызбен, не қазақпен болар. Орман мен өртеніп кетсін манаптарымен мына қазақ басшысы. Субанбектің кегін алмай мен неге тірі жіберемін.

Т о л ы б а й (*екіленіп*). Қалпақтың қанын мен жоқтамаймын ба екем. (*Тағат қыла алмай түкіріп жібереді. Толыбай Кенеге келіп*).

Т а й с а р ы (*ақырып*). Қолыңа түскен қырғыздан аман қалған кісі бар ма, жоқ па? (*Кене үндемейді.*)

Т о л ы б а й. Неге айтпайсың? Осында қолға түскен бір кісің де бір ауыз жауап берген жоқ дейді өзі. Неге айтпайсың?!

Т а й с а р ы. Айтамысың, жоқ па?!

К е н е (*қатты*). Бары бар, жоғы жоқ, не айтушы едім мен саған.

Н а у р ы з б а й. Не емексітетіні бар, мен жауап берем, Кенеке. Ай, ит кім керек өзіңе. Жасырушы ем қалғанымды.

Т а й с а р ы (*ашулы*). Тарт тіліңді... бауыздаймын қазір.

Н а у р ы з б а й . Адырағал!.. Ығатын кісіні тапқан екенсің.

Т о л ы б а й (*ақырып*). Жаманқараны не қылдың? Қалпақты қайттің?..

Н а у р ы з б а й . Жаманқараңды жайлаған, Орманбекті ойрандаған, Субанбекті сұлатқан, Қалпағыңды талпақ қылған қолым осы... Білгеніңді қыла ғой.

Т а й с а р ы (*тепсініп*). Соған қылғаныңның барлығын өзіңе қылайын ит. Қой, шығарма енді үніңді.

Т о л ы б а й. Сені сыйлағаным емес. Ежелгі қырғыз әдеті еді. Өлетін кісіден арманын сұрайтын. Қазір сендер өлесіңдер, (*Кенеге*) не арманың бар, айт? (*Кене үндемейді.*)

Т а й с а р ы (*тепсініп*). Неге айтпайсың?

К е н е. Айтпаймын. Сандырақтамай аулақ кет.

Т а й с а р ы (*Наурызбайға*). Сенің не арманың бар? (*Бұл уақыттарда*)

А л д ы ң ғ ы қ а т ы н (*даусы ылғи кекесінді*). Е, жақсы хан, жайлы жатырмысың? Уа, мен өзің өлтірген Жаманқараның қатынымын... Ерімді жеңген ердің ері екенсің. Келші, көрісейін. (*Ұмтыла береді.)*

К е н е (*Көзін алмай, міз бақпай қарап тұрып*). Е, қас батырдың ажалы қатыннан деп еді, келсең кел...

А л д ы ң ғ ы қ а т ы н (*Жақындай беріп, қойнындағы сапыны суырып алып. Кенеге салып жібереді.)* Міне!.. Міне!.. Келген деген. (*Сол кезде екінші қатын шығады.*)

С о ң ғ ы қ а т ы н . Уа, мен Қалпақтың қатынымын. Маған, Наурызбай, сен қалдың. Керегім де сен едің. (*Ұмтыла береді.*)

Н а у а н. Уай, қырғыз, еркегің құрып кеткен бе сенің. Мені еркегің өлтірсін.

Т о л ы б а й (*жақындап қалған Қалпақтың қатынын қағып қалып*). Тұр былай... Олай болса, міне еркек, тілегіңнің қарымы. (*Ұмтылып келіп жүрегінен қанжарды салып жібереді. Науан құлайды*).

С о ңғ ы қ а т ы н (*ұмтылып*). Қанын ұрттаймын, қанын ұрттаймын! (*Ұрттап, ұрттап алады.*)

К е м п і р (*Кенесарыға*). Асқақ төре, азғын бек, үлкен тақ, жақсы атақ алмақ ең. Жылаулардың жасы тұншықтырғанын көр міне!.

Ш ы м ы л д ы қ

ХАН КЕНЕ

Бес перделі тарихи пьеса

(*Екінші нұсқасы*)

АДАМДАРЫ:

К е н е	
Н а у р ы з б а й	— жас батыр. Кененің інісі, кіші шешеден.
Е р ж а н	— Кененің немере ағасы.
Б о п а й	— Кененің апасы.
Қ а р а ш а ш	— Ержанның қызы.
А ғ ы б а й	
Б ұ қ а р б а й	— батырлар
Ж о л а м а н	
Б ұ ғ ы б а й	— батыр, қолбасы.
Қ ұ д а й м е н д е	
К ө ш е к	— төрелер, Кененің достары.
Ш е г е н	— қария.
М ұ с а	— би.
Ж а н т ө р е	
Ш о т а й	— Кенеге қас би, төрелер.
Б а л ғ о ж а	
Н ы с а н б а й	— ақын.
Р ү с т е м	
С ы п а т а й	— Дулаттың бастықтары.
Б а й ұ з а қ	
К ә р і б о з	
Ж а м а н қ а р а	— қырғыз батырлары.

Шалдар, әскерлер, қатындар.

ПРОЛОГ

Дала. Жасыл төбенің басы. Алыста тау. Көп ауыл суреттері. Қасымның асы.

Бірінші көрініс

Асқа жиылған кісілер. Бір жақтан шығып, екінші жаққа өтіп жатады. Жиын осы төбеге келмек. Алғашқы шыққан үш кісі. Бәрі де орта жасты адамдар. Ақырын аяңдап, әңгімелесіп келе жатады.

1-к і с і. Осы төбеге келеді деді ме?

2-к і с і. Осы болар, осы-ақ шығар.

3-к і с і. Бірақ, бұған мына қара құрттай қайнаған ел сия ма?

2-к і с і. Сыю қайда?

1-к і с і. Осының бір балақ жерінен, құлақ оты болатын жерден орын алайық.

3-к і с і. Қайыр, ел де жиналған-ақ екен. Құмырсқаның илеуі ме, немене?

2-к і с і. Не айтып отыр өзі?! Үш жүздің баласының руруынан келмей қалған жан жоқ дегенді ұқтың ба? Жоқ па?

1-к і с і. Бәсе, бұл тілеуден кім жырылып қалды дейсің...

3-к і с і. Уа, осы өзі мына патсаға қарсы ғой, ә?! Өзге төрелер патсадан бақ, дәреже алып жатқанда, бұ неден бүйтті екен?!

1-к і с і. Өзге төре бір төбе, бұлар бір төбе ғой.

2-к і с і. Садаға кетсін өзге төре... Олар елдің де, елдік ойлаған жалғыз-жарым жақсының да жауы емес пе? Солар енді аяғынан алмаса қайтеді десеңші мынаның. (*Бұлар өтіп кетеді.)*

Екінші көрініс

Төрт-бес жастау жігіттер шығады.

3-ж і г і т. Бұл қазақ ұранды халыққа біткен батырдан батыр, ақыннан ақын, балуаннан балуан қалмаған-ақ шығар, бәрі де осында-ақ білем.

2-ж і г і т. Билер мен қарияларды қайтесің? Әлде оларды менсінбеймісің? Санамаймысың?

1-ж і г і т (*күліп*). Өй, тәйірі-ай, шал дәрі ме?

3-ж і г і т (*қоса күліп*). Өлмелі шал өз үйімде де бар де!

2-ж і г і т. Неге өлмелі болсын. Кенеге елді ел қып құрап беретін солар болар.

1-ж і г і т. Құрамаймын десе де қалың ел өзі-ақ құралады. Кененің жолынан шал болмаса да, басын тартатын кісі жоқ.

3-ж і г і т. Солай деймісің? Бірақ осы аналар да төре, бұл да төре. Осы төре мен төре боп алып, неге тіркестесті осылар? Олар болса және ылғи ел билеп отырған ұлық. Аға сұлтан, пәлен сұлтан, түген сұлтан дей ме, әлде не! Түбі, көп ауыз біріксе, бір ауыз жоқ болады деп, соларыңның лебі тартып кетпесе дейім-ау, осыны да.

1-ж і г і т. Е! Не қылар дейсің? Ол бесті, енді төрелер мен ұлықтың шеніне сатылған жалғыз-жарым шығар. Селдей болып ел беттесе, күлдей болып ұшып кетпей ме?

3-ж і г і т. Ел сорлы ерер-ау! Өйткені бұл ереуіл елдің өз тілегі ғой. Бірақ түбі сол мынаның артынан еремін деп шаң қуалап қалмаса дейім-ау!

2-ж і г і т. Ой, әне бір жақта қобыз ұстағандар келеді. Ақындар шығар. Жүріңдер, солай баралық. (*Шығып кетеді.)*

Үшінші көрініс

Үш шал шығады.

1-ш а л. Баяғыда Абылайдың асына жиналған ел ерекше болды деуші еді. Мынаған сол таласпаса, бұл өңірде, қазақ баласы білген аста, бұдан үлкені болмаған-ақ шығар. Не деген көпшілік!

2-ш а л. Және жиыны қандай ажарлы. Өзіміз естігеміз де, көргеміз де жоқ бұндайды.

3-ш а л. Шабатын аттың санынан-ақ ойласаңшы. Үш жүз дей ме, төрт жүз дей ме?

1-ш а л. Тігілген бәйгі қандай. Бар шығынды Кененің өзіне аударма́й, Кіші жүз бен Орта жүз түгелімен өз мойындарына алып отыр ғой.

3-ш а л. Тек жолдары болсын байғұстардың... Баяғы Абылай мен Тәукеден соң ұмытылып кеткен бір үлкен тілек қой. Жауы қалың, қайраты күшті. Тілектері болар ма, жоқ па?

1-ш а л. Пәлі... рас айтасың. Бұның ниеті бір үлкен игілік екені рас қой. Тек ел еруге жарасын де.

3-ш а л. Бәрінен де соны айт. Ел ерсе бірдеңе болар. Бүгін мына жиын неге байлар екен. Жә, осы бір жерден отырмаймыз ба?

БІРІНШІ ПЕРДЕ

Көрініс

Сахнаға Кенелер шыққанда алдыңғы жақта қалың кісі. Жұрттың арты сахнадан әрі созылып тұр. Кенелердің арт жағы да сондай созылған көп халық. Ту артынан шынжырлы балуандар шығады. Тегіс күресетіндей киінген. Арттарынан қобызды, сыбызғылы ақындар, әнші, күйшілер шығады. Солардың артынан өте сәнді киінген Кене шығады. Екі жақ жанында Шеген, Жоламан, Мұса. Бұлардың артында Ержан, Наурызбай, бәрі де сауыт киген, жеңіл қару асынған, сапылы, қылышты. Сондай қаруы бар Бопай шығады. Дөң басында сандықтасқа кілем жайылған. Соған Кене мен Шеген, Мұса барып отырады. Өзге төрелер солай қозғалады. Сахнаға көп жиын ентелей қоршап келе жатады. Бір бөлек топ болып Шотай, Жантөре, Балғожалар шығады.

Ж о л а м а н (*Шегендерге қарап дауыстап сөйлеп*). Уа, ел басшылары! Қалың қазақтың қара ордасы мінеки. Мынау қазақ баласына айтпақ сөздерің бар емес пе еді? Соған телміріп тұр. Бастаңыздар. (*Шегенге қарайды. Жұрттың арасында ентелеген, бірдеме күткендей сыбыр, жыбыр*.)

Ш е г е н (*жайланып, айналасына қарап*). Олай болса, алты арыстың баласы, мына сөзге құлақ сал! Қазақ қазақ болғалы басынан қилы-қилы заман кешірген. Жақсы күні бір болса, асу-асу белдерден асамын деп аса алмай, қос қанаты қайрылып, ошарылған, күңіренген күндері де болған.

Басшыдан ми, қарашыдан күй кетіп, бет-бетімен тозып қайың сауып, қаңғып кеткен күні де болған. Бірақ, соның бәрі болса да, бұрынғы ата-баба біз көргенді көрген жоқ еді. Көрініп келген апаттан жаман болып, іштен кернеп келе жатқан дерттер бар. Соны бәрің де көріп, сезіп тұрсың. Көзі жасты, көңілі қаяу кәрің бар, жалын жұтып, іштен тынып шермендe болған жасың бар. Темір ноқта кигізіп, шектіргелі тұрған қолы қатты қасың бар. Ақ патсаның құлысың. Уа, ұлы емес, құлысың деп тұр, міне! (*Әр жерде кәрілер ортасында: “Уа, жалған”... “Уа, сұм дүние!”*) Соны көріп, осы қазақ баласының қара өзегін қақ жарған жалынды арман бар. Елдігің, бірлігің,

игілігің кеткен заманда, етек-жеңін түрініп, екіленіп шыққан ерді көксейсің. Қиялай қиқу шыққанда қаңтарыла кететін омыраулы басшыға құштарсың. Жоқ па сондай тәуекел қып, тас жұтып жүрген қазақтың қамқоры?... Арысы Абылай, берісі... Қасымның ұясынан ұшқан жез қанат балапаны мінекей. Алыстан тоят тіленіп, қасқарып ұшқан қырандарың осылар. Ел боламын, сілкінемін десеңдер, екі тізгін, бір шылбырды қолына беретін иең келді. Бұрынғы басшының барлығын байқамай қапы өткізсең, ендігі келген осылар. Алдыңғының сарқыны осы. Бұдан айрылсаң, бойыңды жазғызбайды. Тас түйіндей бірік те, жолына тілеуіңді қосып, осы ақ тілеудің үстінде, осы жиын, мына Кенені хан сайла. (*Аз тым-тырыс*.) Осындағы игі жақсының байлауы сол. Не айтасың, ел?

Ж о л а м а н. Уа, жұрт, сөйле. Сайлайтыныңды өз аузыңнан айт. Шығар үніңді, кәнеки.

(*Қалың жиын шу-шу етіп.*)

— Уа, сайлаймыз!..

— Уа, аруақ қолдап, әулие жар болсын!..

— Ханымыз Кене... Хан Кене... Абылайдың жолын берсін!..

— Я, аруақ!.. Аруақ!... Ханымыз!.. Ханымыз!.. Жолы болсын Кененің!... (*Көпке шейін шу, дырду, ылғи "хан", "хан" деген сөздер естіледі. Бір мезгілде Мұса түрегеліп, жұртқа қолмен ишарат қылып тоқтатып*.)

М ұ с а. Уа, жұрт, адал ниет, ақ тілеудің үстіне үйіріліп түскенің көрінді. Жолы болсын! Бетінен жарылғасын! Мен мына ел сүйген жас арыстан Кененің осы алты арыстың баласын бір тудың астына жиған тілегінің жолына бір көк қасқа атаймын. (*Тағы да шу, "жолы болсын", "аруақ жар болсын" "Я, аруақ, я, аруақ"...*) Бірақ, ханды құр айғаймен сайламайды. Бұрынғы, соңғының жөрелгісімен ақ киізге отыртып, осы жұртты жеті айналдырып шығу керек... Әпкел киіз! Ұмытқан ба, бұл қазақ баласы... баяғы ханның жолын! Қайда киіз? (*Көп айғай, "әпкел киіз, киіз... хан көтереміз. Жолы... жолы болсын.." Киіз әкеліп, көп жақсылар Кенені ақ киізге отырғызып алып, көтеріп алады. Сол арада қолындағы қобызын сілтеп, екіленіп сөйлеп Нысанбай ақын шығады.*)

Көрініс

Нысанбай (*шұбыртпамен*).

Уау, ордалы қазақ, ортаңа
Өкіндірген заманда
Оралып келген бақ қандай?!
Өңменіңнен оқ тиіп,
Өлімші қып дөп тиіп,
Өлеріңе жеткенде
Өлтірмес дару тапқандай,
Қиялай қия шапқандай,
Ұраны шырқап аспандай,
Ала тулы жас ұлан
Аз едім деп баптанбай,
Сайланып та саптанбай
Қазақ көшін бастап ед.
Жылағанын уатты,
Жүдегенін жұбатты,
Қамалған шөлде жұртына
Тыңнан тапты суатты.
Кескілескен жауына
Қасарысып қасқарып
Әлі бермей келеді,
Кішірейген жұбапты.
Қасым ханның қырқына
Ағызды қанды бұлақты.
Сексен бектің келдесін
Бес құланда сұлатты.
Жалғыз салған ұранмен
Қырық мың үйін қазақтың
Бір атаның ұлындай
Іргелі елдік жолына
Жамыраған төлдей шұбатты.
Бұдан артық кім керек
Құдіретті де қуатты!?
Екі тізгін, бір шылбыр
Ұстат енді Кенеге,
Қамап тұрған құлдықтың
Тас қорғанын бұзатын

Ақ алмастай жебеге.
Түкіріп кет, қарама
Жауы болған төреге,
Ұлықсыған немеге!
Жалыны бар кәрі-жас.
Ойнақтатып енді шық
Елдік бетін көрсетер
Кене тұрған төбеге.
Жасасын енді ханымыз,
Соңында шықсын жанымыз!
Ежелден келген селебе,
Қайырылатын орын жоқ,
Басымызды қосатын
Түстік міне кемеге!!

Д а у ы с т а р . Баққа жетсін, Кенекем! Көп жасасын!.. Ердік соңынан! Мал, басымыз құрбандық!.. Баста... баста бізді!

Ш а л д а р (*дауыстары жыламсыраған*). Я аруақ, жар бола көр!. Еріңдер!.. Еріңдер соңынан! Еркек тоқты құрбандық! (*Бұл уақытта ханды көтергендер сахнадан алып шығып кетеді. Сыртта топты айналдырып жүрген болады. Сыртта у-шу, "аруақ, аруақ, иә, Абылай бабам, жар бола көр!.." деген ұрандар, қуанышты, қызулы шулар. Бұл уақытта Кенеге жау төрелер өзара күбірлесіп, тыжырынып отырысады.*)

Көрініс

Есеңгіреп қалғандай болып тұрған Нысанбайға Наурызбай жетіп келіп.

Н а у р ы з б а й. Уай, жел ауызды ақынсыз, желді аяқты күліксіз, желпінтетін жан қайда... Көрмеймісің мына сенің сөзіңнен соң манадан кібіртіктеп отырған елдің бақсы болып кеткенін. Сенсіз жүрісте ажар жоқ. Айтқан уәдең уәде ме? Уәде болса ер, Кенекемнің соңынан! Ердің бе, жоқ па?

Ш а л д а р. Қарағым Науанжан, бердік, қостық соны. Ертіп ал. Уа, ертіп ал.

Б о п а й. Ергенін өзі де айтқан жоқ па? Несіне қадалдың, Науан сен? Айтқан сөзін қайта жұтар деймісің?

Н ы с а н б а й. Есім ауып қалыпты, қарағым... Соған бөгеліп тұрмын. Ердім... ердім.. Серкелерім...

Б і р ш а л. Ермегенде бұл арттағы қу дүниеге нем бар деп қаласың? Батыр майданы — ақынның да майданы. Майданнан қашқан ақын тұлпар емес, жабы да... Қалсаң — сөзің су татып кетер, барсаң — бізге де жалын әкелерсің... Ер мен батырдың арттағы кәрі, жасқа жіберген сәлем хаты боларсың. (*Науан күліп, Нысанбайды арқаға қағып ертіп кетеді. Бұл уақытта Кенені ақ киізге көтерген бойынша көп батырлар, билер қайта шығады. Алдында бос Шеген, Мұса, Жоламан келеді.*)

Көрініс

Кене (*орнығып отырып, жан-жағына қарап*). Киіз туырлықты қазақтың баласы! Сона бір қысылған шағында ер деп етегінен ұстағаның менің атам Абылай еді. Ол сеніміңді ақтағандай, сен үшін жанын салып өтіп еді. Бірақ атаға берген дәуренді берер ме, жоқ па? Енді халық дәме қылып мені сайласа, кеудемде шыбын жаным тұрғанда, ақ тілеуіңді ақтармын-ақ. Жетпей жығылсам, көзің көрер. Жолыңа міне басым, міне жаным!.. Керегіңе жарата бер... Содан басқа айтарым жоқ. Менің риза қошым осы. Енді ана тойларыңды тойлай бер. Біз ел басшыларымен аз сөйлесіп, орталарыңа келеміз.

Ж ұ р т. Уа, жортқанда жолың болсын! Оң сапарын берсін! Жолын оңдай көр... Я, аруақ! (*Кене билермен қарсы жаққа шығып кетеді. Науан, Ағыбай, Бұқарбай шығады. Бірнеше ойындар болып өтеді. Соның бірі хан, ханшалардың шығысы. Ортасында Бопай, Қарашаш. Арттарын ала әйелдер тобы шығып, хормен жырламаққа ыңғайланады. Араларында домбыра тартылады. Қатарында еркектер — жігіттер тобы, олар да бірнеше домбыраны гүжілдетіп қосып айтысқа ыңғайланып тұрады.*)

Қ а р а ш а ш (*Науан мен Бопайға қарап*). Осы бүгінгі күн, жақсы атамның асы еді. Жыл бойы қаралы едік. Ойын, сауықты біз ұмытпап па едік?.. Ойынымыздың жөні қалай болар екен, Науан, Әпіке?!.

Н а у а н (*күліп ойнақшып кеп, Қарашашты арқаға қағып тұрып*). Бұның билігін Әпікем айтсын!

Б о п а й. Несі бар? Күні кешеге дейін қаралы болсақ, бүгін міні: өлгенің тіріліп, өшкенің жанды деген осы. Қаза күні кетті енді. Оның орнына міні бұрынғы бағымыз, дәуіріміз қайта келді. Мен айтсам (*күліп*), күлмейтін, ойнамайтын несі бар.

На у а н. Төреңе құлдық, Әпіке, бәсе, соны айтшы!

А ғ ы б а й. Алдияр, бәрекелді, Бопайжан, жақсы айттың...

Б ұ қ а р б а й. Біз де біраз өнер көрсетейік...

Н а у а н. Жоқ, әуелі сен тұра тұр. (*Қыздар, жігіттер тобына паңдықпен қарап.*) Е-е-й, ей, сен қыз бен жігіттер, тықыршып жер сүзіп тұрған сендер көрінесің! Деп жіберші, кәнеки!.. Уа, бол, түге, Қарашаштың нөкері. (*Қарашаш екеуі күлісіп тұрады.*)

Қ ы з д а р т о б ы (*хормен домбыраға қосыла лепірте).*

Жігіттің біз жақтаймыз ер көсемін,
Жібермес жатқа намыс, шетке есебін.
Қарашаш, хан нөкері жақсы атты боп,
Тілейміз болмасын деп өзге өсегін.

(Қайырма)

Ж і г і т т е р т о б ы.

Ендеше жігіт неге өрлемесін,
Жексен қып жауын неге жерлемесін.
Жалғыз-ақ орайына жар қуантсын,
Қайтқанда орнын сипап терлемесін.

Ж і г і т п е н қ ы з д а р т о б ы.

Жолы болсын жігіттің, жау мұқатсын,
Жорық жолын жеңумен сауықтатсын.
Хан мерейін көтеріп ер еңбегі,
Дос күліп, дұспаны да таңырқатсын.

(Қайырма)

Н а у а н. Бәрекелде, Қарашашымның нөкері деген жерімнен шықты ғой. Уа, кел, жігіттер, біз де, сірә, қара жаяу емес едік қой. (*Кенелер тобы қайта шығып, қарай қалысады.*) Мынаның орайына біз де бір өнер көрсетейік.

А ғ ы б а й. Ендеше біз ана жамбыны атамыз (*Науан мақұлдайды.*)

Б ұ қ а р б а й. Дұрыс айттың. Біз бассақ, сондай енге басамыз. (*Нөкер қыздарға.*) Уа, қыздар, олай болса мына жігіт өнеріне қарай қал! (*Садақтарын үшеуі де қолдарына алысады.*) Әуелі кезек менікі!..

Н а у а н. Бердім кезек... (*Бұқарбай атып қалады. Тимейді. Қыздар және басқа жұрт күледі.*)

А ғ ы б а й. Уай, тәйірі, былай тұршы, о несі!?. Жаңғыз қазық ұрмаса, оның сыбағасын мен берейін. (*Шіреніп тұрып тартып қалады. Тимейді. Жұрт тағы күледі.*)

Д а у ы с т а р. Уа, Науан, Науан... Төренің өзі, өзі тартсын...

Ж о л а м а н. Пай, пай, қос батыр-ай, ырымың қалай еді?!

Н а у а н. Уай, тәңірі, бері әкпеші садақты. (*Бұқарбай ұстата береді.*) Болар ку ма өзі сірә, болмас ку ма? (*Тартып қалады. Тимейді. Жастар жағы күледі. Хандар, кәрілер ырым көргендей тіксініп, үндемей тынып қалады. Пауза.*) Жаным- ау, шын-ақ дарыта алмай қалғанымыз ба? Айласын табар жан бар ма? (*Айналасына қарай беріп, Бопайға көзі түсіп, қасына жетіп кеп.*) Әпкетай, өзің атпасаң болмады. Қысылуға айналдық...

Қ а р а ш а ш (*Жамбыға қарап, Бопай, Наурызбайға*). Бақ сынағандай боп тұрғанын қарашы бар болғырдың.

Д а у ы с т а р. Бопай! Ханша! Ханша атсын.

Б о п а й. Жұрттың бәрі ырым қып кеткен екен. (*Жігітке.*) Әпкелші садағымды!.. (*Аздан соң садағын алып келеді.*) Несі бар еді бұ неменің сонша ырым қылатын. Ендеше ату олай емес, былай... (*Жүріңкіреп кеп, табанын тасқа тіреп қалып тартып кетеді. Жамбы ұшып түседі. Жұрт мәз-мейрам. Хандар да, мырзалар да жүре береді. Қыздар топтары Қарашаш, Бопайлардың артынан кете береді. Науан Кенелердің арт жағынан кеп Жоламанды тоқтатады.*)

Н а у р ы з б а й. Мен әлгі ақынға айналып, кеңесінің байлауын ести алмай қалдым. Не дестіңдер? Айтшы кәні?

Ж о л а м а н. Науан-ау, мұндай жиын үнемі бола бермейді, ел кісісі не ойлайтұғынын түгел естісең болмаушы ма еді!

Н а у а н. Жә! Қой енді кемерленбей, мінемей-ақ қойсаңшы. Айт, не болды?

Ж о л а м а н. Ел жақсыларының сөзі ұлықтан астыртын тілхат жіберіп, үнемі хабарландырып тұрмақ болды. Қазақ ішінде дос кім, дұспан кім — оны да білдіріп тұрмақ.

Н а у а н. Кімді жазалап, кімді шабатынды өздері атап беретін болса тіпті жақсы. Әйтпесе ананы үйттің, мынаны бүйттің деп қыңқыл, сыңқылы қалмайды артынан.

Ж о л а м а н. Зекет деп, үнемі елден салық жиып жіберіп тұрмақ болды.

Н а у а н. ...Онан соң?! Тағы не бар? (*Сапысын ойнақшытып тұрады.*)

Ж о л а м а н. Орынбор мен Омбы қазағын ұлық екі бөлсе де, жігін ашпай тату сақтамақ. Ел-елді араздастырмай, ашындырмай басып тұрмақ...

Н а у а н. Оны қойшы, көнбеген қазақты өзім де көріп аламын. Тағы?!

Ж о л а м а н. Содан сендер не Сырға, не Алатау сияқты бір жерге ірге теуіп, қалың қазақтың тобын жиып елдік құраңдар. Содан кейін Сарыарқа, Сыр, Алатауды түгел қосып, патсаға келістіріп майдан беріп, ...қазақтың іргелі елдігін орнатамыз десті.

Н а у а н. Е, бұның бәрі Кенекем мен сендердің ісің. Бәрі де алыстағы әңгіме ғой?

Ж о л а м а н (*күліп*). Е, енді қайт дейсің?

Н а у а н. Ештеңе қыл демеймін. Дұрыс. Бірақ, одан беріде Науан істейтін істі айтпапсыңдар... Оны мен өзім көрсетермін. Жарайды... Тарт енді ана жиынға қарай. (*Жүріп бара жатып Жоламанды жонынан ұстап ырғап.*) Өзіңді батыр дейді, осындай жуан құрсақ батыр бола ма екен? Күшіңді шек-қарныңа жиған немемісің әлде? Бір жекпе-жегің бар ма?! (*Ырғағанда Жоламан тәлтіректеп қалады.*)

Ж о л а м а н. Қой, қой, бала... Апырай, сені қайтер екем осы. Айтпақшы, бұл жиын Кенеге әрі серік жолдасың, әрі қолбасың болсын деп Бұғыбайды қосып берді. Онан сон ру-рудың батырларын қосып беретін болды.

Н а у а н. Қолбасы дейді? Қолбасыны өзіміз сайлаймыз ба? Бұл қалай? Жарайды, қолбасы бастай ма, Науан бастай ма, көрерміз. (*Шығып кетіседі.*)

Көрініс

Шотай, Жантөре, Балғожа шығады.

Ш о т а й *(Жантөреге күлімсіреген пішінмен).* Сұлтан, бұл істі не дейсіз? Мына, мыналардың хан сайлағаны... Тағы жаңағы оңашаланып барып сөз байласқан сыбыр-күбірін деймін-ау?!.

Ж а н т ө р е. Ішіңе тоқи берсеңші. Сүйт дегенім қайда манадан саған?!

Ш о т а й. Әйтсе де, жаңа Кене хан сайланды ғой. Жанның бәрі шұбырып, шулап лепіріп жүр. Осыны не дейсіз? Шынымен-ақ Кенесары хан болып қалғаны ма?

Ж а н т ө р е. Хан! Не қылған хан-ау. Елдің шуы деген не? Ет пен терінің арасындағы, той үстінің бір желігі. Бір ұшықтағаннан қалар ма екен? Хандық құрып, іргелі ел болатын қазақ па екен?

Б а л ғ о ж а. Рас айтады. Осы елдің көбі өздері не айтып, неге байланғанын да білмейді. Әншейін қымыздың көп дырдуының бірі де.

Ш о т а й. Ал, Кенесары осы қазақ ортасында жақсы атты, мақтаулы кісі сияқтанатыны қалай?

Ж а н т ө р е (*кекетіп*). Мақтаулы ма?! Адыра қалсын да... Ертең иығыма шен орнатып, сол Кенесарының жауымын деп Әскермен келіп осы елді жиып алайыншы, мені де, сені де хан көтеріп, ұлығы қылып алады. Бұл ел байғұс жайдақ су емес пе? Ит те, құс та жайлайтын. Кенесары шолақтығымен: "жалғыз жалай білетін ит менмін" деп жүр ғой. Қайдан білсін көптің сыбағасы екенін. (*Бәрі күліседі.*) Елдің бәрін сол алып кетіп, мен, сен, Қоңырқұлжа, Баймағамбет, Жамантай бұт артатын тұғырсыз жаяу қаңғып қалады дейді ғой.

Ш о т а й (*күліп*). Е, үйіп-төгіп кеткен деген сол болады да. Жаяу қалмай қайтеміз? Қыпшағыңыз бүгін қайда кетті десе не дейсіз тіпті, шынын айтқанда (*Күліп, Балғожаға көзін қысып қояды.*)

Б а л ғ о ж а. Ой, ол сөз бе тәйірі. Сұлтан айтты ғой.

Ж а н т ө р е (*Шотайға*). Одан да бүгінгі көрген-білгендеріңді тізе бер. Хабар қыл. Құр қысыр кеңесті қой. Онан соң осыны бүгін хан сайлап тұрғанның өзінен де түңілме... Қармақты сал, сонау жердің өзіне сал деймін. Анау Мұса — Мұсаларға сал! Білдің бе! (*Сырттан айғай-шу: "Ат келеді..." "Кененің тел қызылы алдында келеді... Тел қызыл... Тел қызыл*!" *деп шұбырып жүгіргендер дүсірі естіледі. Сахнадан да үш-төрт рет топ-топ кісілер шулап жүгіріп өтеді.*)

Ш о т а й (*түрегеліп*). Міні, құдай бергенге құлай бергені. Әні, аты да келе жатыр. Тағы бізден асты ма деймін. (*Балғожаны түртіп қояды.)*

Ж а н т ө р е (*тұрып кетіп бара жатып*). Көрермін. Асар да, басылар да. Астан-кестең жығылып, алдыңа келіп бас ұрар да. (*Тағы шулар... Бұлар жылдам басып кетеді.*)

Ш ы м ы л д ы қ

ЕКІНШІ ПЕРДЕ

Ханның ордасы. Үлкен үй. Салтанатты, сәнді, қызыл-жасыл жібекті, жарқырауық күмісті. Қызыл жібекке бөленген төсек сияқты тақ. Есік алдында даяшы жігіт. Тақта Кене отырады, қасында, төмен жағында жерде Жоламан.

Көрініс

К е н е (*ақырындау*). Тыныштық па?! Жақсы, жаманнан не естіп-білгенің бар?

Ж о л а м а н. Тақсыр, жүретін елшілер дайындалып жатыр.

К е н е. Қырғыз, Дулатқа жүретіндердің бәрі де бүгін жүре ме? Өзің қашан жүрмексің?

Ж о л а м а н. Өзім де бүгін жүрем деп отырмын.

К е н е. Жүрсеңдер жүріңдер. Аялдайтын дәнеңе жоқ.

Ж о л а м а н. Жүреміз, жүреміз, тақсыр. (*Аз отырып.*) Онан соң Көшек сұлтан мен Байқадам Мұсаны әкеле жатыр дейді.

К е н е (*селк еткендей көтеріліп қарап, кекеткендей*). Келе ме екен Мұса? Менің бетімді көрерлік жүзі бар ма екен әлде болса...

Ж о л а м а н. Өзі іздеп келмес, алып келе жатқан шығар.

К е н е. Әттең, айналаның жаулығынан арқа, басым босаған күн болса, “Мұсалар”, көрер едім күшіңді!

Ж о л а м а н. Тақсыр, бір есептен Мұсаны осы бетімен алып кетсек не етер еді?!

К е н е (*тікірейіп*). Алып кетіп не қылам? Неме дәрі болады. Достық шығар жан болса қойныма-ақ салып жүрмеп пе ем... Кәні жылынғаны. (*Ойланып.*) Бір Мұса ма? Атқа мінген, тәуірмін дегеннің кімі Мұса болмай отыр?

Ж о л а м а н. Жақсы дегендердің жайдақтығы бар-ақ қой сорлының.

К е н е. Не қылған жақсы?.. Жақсы болса Шеген мен Жазы ғана жақсы. Одан басқаның жеріне жеткеміз жоқ па! (*Бәсеңсіп.*) Ажар менен намыстан бұндай топтың айырылғаны қашан? Ойнасшы қатынды баққан кәрі байдай сол Мұсамен ұялмастан жүз көріскелі отырмын міне тағы. (*Қатайып.*) Үстермедім. (*Тым-тырыс, Мұса, Көшек кіреді.*)

Көрініс

М ұ с а (*босағаға қамшысын тастап, тағзыммен молдаша сәлем беріп, қол қусырып*). Алдияр, тақсыр!.. (*Кене ақырын сәлем алады.*)

М ұ с а. Тақсыр, аман-сау жүрсіз бе?

К е н е (*күлімсіреп, кекетіп*). Менің амандығым дәрі ме еді? Саған одан зияннан басқа не келеді. (*Үндемей отырып жаныннан бүктеулі қағазды алып, Мұсаға көрсетіп тұрып*.) Міні, ақтабан сойылдың табанына тығып, жирен атты жансыздан Омбы ұлығына менің үстімнен жіберген шағымың. Танимысың, жоқ па? (*Тастай береді.*)

М ұ с а *(Кененің аяғын құшақтап жығылып).* Тақсыр-ай, құрығы ұзын патса еді, бір күн болмаса, бір күн ісім түсер деп жіберіп едім. Әйтпесе: "Пәлен жерде жатыр, пәлендей қолы бар, сүйтіп келсең аласың" дегенім жоқ еді.

К е н е (*зорлықпен күліп, кекетіп*). Алдарсың... алдарсың... Кенесары патсаның кескілескен жауы, елді зорлықпен қорқытып алып, сонымен ғана артынан ертіп жүр деген сөз мін емес қой. (*Үңіліп*.) Осы сен кешегі мені хан сайлаған Мұсамысың? Жоқ, мен ұйқысырап отырмын ба? Ә-ә?!

М ұ с а. Тақсыр, адасқаным рас... Бірақ, алдыңа келдім ғой.

К е н е (*тікірейіп, қатты*). Тайжанды неге ұстап бердің? (*Ақырып.*) Тайжандай ер туып па еді Қаржастан?

М ұ с а (*сасып*). Тақсыр, құдай атын аузыма алып айтайын, мен емеспін ұстап берген. Наныңыз.

К е н е (*кекетіп күліп*). Жау ісін істеп отырып, еркекше жауласуға да жарамайсың. Танасың... Арзаннан табылатын бақ іздейсің. Мен ол жолда серік бола алмаймын саған. Мен бақ пен шен іздесем бүйтер ме едім. Патса ұлығына мен де барып жағынар едім. Сүйтсем және сендерден кем орын алар ма едім?! Жамантай, Қоңырқұлжа, Баймағамбет алған орынды алар едім-ау, мен де! Бірақ, мен оны ойлап жүрмін бе? Қалың қазақ баласының қамалған көшіне септігім тиер ме деп жүрмін ғой. Езіліп бара жатқан елдің жоғын жоқтап жүрген жоқпын ба? Бүлінгені бүтінделер деп бас қамын ұмытып жүргем жоқ па, сол ел үшін. (*Кекетіп, сұлқ күліп*.) Сондағы сенген сүйенішім сенбісің?!. Сен өлтіруге де тұрмайсың. Бар, кете бер... Бірақ, енді қайтып маған кездеспе. (*Аз тым-тырыстан соң Мұса сүйретіліп шығып кетеді.*)

Көрініс

К е н е (*аз тұнжырап отырып, ақырында шұғылынан басын көтеріп алып*). Жә! Болды! Әлі, қырғызға баратын елшіге

еретін қол дайын ба, жоқ па! Тұр, Жоламан! Соларды біраз ойнатып көрелік.

Ж о л а м а н (*ұшып тұрып*). Құп, тақсыр. (*Кенет тұрады.*)

Көрініс

Көшек жалғыз қалады. Аз заманнан соң Ержан, Бопай, Қарашаш кіреді.

К ө ш е к. Немене, не хабар бар!

Б о п а й. Орта жүз бен Кіші жүздің жапсарына кеткен қол келді.

К ө ш е к. Науан мен Бұғыбай қайда? Олар да келді ма?

Е р ж а н. Келді. Осылай келе жатыр. Тегіс аман. Олжалы қайтқан көрінеді. Басқа сөзін естігеміз жоқ. (*Науан, Бұғыбай кіреді. Сауытты, сайманды, найзалары сыртта қалған.*)

Көрініс

Көшекпен амандасады. Көшек Науанның бетінен сүйеді.

Е р ж а н. Е, жол-жорықтарыңа ризамысыңдар, қолдың күйі қалай? Өздеріңді сүйсіндірді ме, қайтті, бұл жол?

Б ұ ғ ы б а й. Тақсыр, қайсыбірін сұрайсың, сүйіндіргені де, күйіндіргені де бар. Қолбасшы мен болсам, бел шешпестен келіп ханға айтайын деген арман да бар.

Б о п а й (*қасында отырған Бұғыбайдың жүзіне жылы ұшырай қарап*). Е, ол қандай жұмыс? Бізге айтуға бола ма, болмай ма? Әлде ханнан басқаға айтпай бүркей тұрғың келе ме, батыр?

Б ұ ғ ы б а й. Неге. Сіздерден несін іркейін. Мұнда бөтен жан жоқ. Айтсам айтып та салам.

К ө ш е к (*Науанға*). Бұнысы не бұның, кібіртіктеп отырғаны?

Н а у а н. Тәйірі-ай, не дейсің! Менің үстімнен шағым ала келіп отыр. Осы жорықта тапқан бір олжасы сол, бұл қолбасының. (*Отырғандар үрпиісіп қалады.*)

К ө ш е к. Не дейді?

Е р ж а н. Айтыңдаршы енді шім-шімдетпей. (*Күліп.*) Екі қошқар бір майданға сыймай келгенсің ғой, түгі... Менің бармағаным абиұр болған екен. Біреулеріңмен мен де шектесіп қайтам ғой!

Б ұ ғ ы б а й. Бармағаның емес, барғаның-ақ абиұр болар еді, көзің көріп келер еді.

Н а у а н. Жә! Енді ертегідей созбай айтсаңшы, әке, айтарыңды... мынау жұртқа.

Б о п а й. Қойшы, Науан, алдын орап алып ұшпай, жеңілсіңау, жарықтығым.

Н а у а н (*наразы пішінмен*). Ал қойдық. Алдын ала жапырыла бастапсыз ғой, Әпіке!

Б о п а й. Бір сүт пісірім тақат болмас па? Қайда болсаң жарғыласпай отырмайсың.

Н а у а н (*күйгелектеніп*). Қойдым, қойдым. Мен сіздің қаққыға көнген кісі. Өзгеге бірдеңе дер едім, сіз болған соң амал бар ма? Айтқыза бер анауыңа. (*Жұрт үндемейді.*)

Б ұ ғ ы б а й (*аздан соң өзгелерге*). Науан бала ер де, батыр да. Көп қала шапты. Көрсетті ерлігін. Осы жүрген қолдың үйдегі, түздегісінің ешбірі ол жағынан тең келмейді. Бұл ісіне қуанамын, сүйінемін.

Н а у а н. Шын сүйсінсең бүйтпес едің, айта бер...

Б ұ ғ ы б а й. Бірақ, ерлікті жұмсайтын да, жұмсамайтын да жер бар. Ерлікпен жауды мұқатып, елді артымызға ертеміз деп жүрміз. Қызуы үстеген шағында Науан жазығы жоқ, дос боларлық елді де егер қылып кетеді.

Н а у а н. Жазығы жоқ елің кім?! Айт, санашы кәні.

Б ұ ғ ы б а й. Жазығы жоқ Тілеуқабақ. Көрініп дос болмаса да, жаулық қылар ниеті жоқ еді. Болмай, егер қылып оны шапты.

Н а у а н. Онан соң?

Б ұ ғ ы б а й. Онан соң бұзылғалы, жауға қосылғалы жүрген сезікті жандар бар. Бүгінгі күнде өзі бой көрсетіп жаулыққа шыққанша тимеу керек еді. Аққошқар Сайдалыны шаптың.

Н а у а н. Қамын жеп отырған елінің түрін көріңдер, тағы да?

Б ұ ғ ы б а й. Тағы да сондай елдің бірі Жаппас еді.

Н а у а н. Осының бәрін істегенім рас, ондайларға әлі де болса істеймін. Өзі жау, өзімен бірге қыруар елді достыққа келтірмей адастырып отырған кісіні, әлі маған оқ атқан жоқ деп отырайын ба? Орайы келсе езіп жібермей, астына кірейін бе? (*Сапымен жер сабап отырып.*) Бұған белің сынса, ілгеріде беліңе қосып мойныңды да сындыратын іс істермін.

Б о п а й. Ақырын сөйле, Наурызбай! Бұғыбай сенің қарашың емес. Оғыңды кімге жұмсап отырғанынды ойлаймысың?

Н а у а н (*Бұғыбайға*). Сен менің текпіме жарамағаныңмен қоймай, басыма мін тағайын деген екенсің? (*Ақырып, жүгініп алып.*) Өзім қойған текешік өз басыма секіруді ойладың ба? (*Бұдан кейін ылғи ашулы шапшаң сөйлеседі.*)

Б ұ ғ ы б а й (*жұлып алғандай*). Өй, Науан, менің алдыма сен бұл сөзді көлденеңдете берме! Бір емес, осымен екі айттың.

Н а у а н. Екі емес, жүз айтамын, қоймасаң.

Б ұ ғ ы б а й. Олай болса, мені сен сайлаған жоқсың. Кешегі Кенекемді хан сайлаған ел, мені қолбасы сайлаған.

Н а у а н. Ел сайламақ түгіл, құдай сайласа да, қаламасам қағып түсірермін.

Е р ж а н. Қой, Наурызбай, қой, тоқтаңдар.

Б ұ ғ ы б а й (*тоқтамай*). Мені түсірсең ханды да түсірерсің. Өз тамырыңа өзің балта шаппа! Тастай алмаған шоқпар ғой бұл сөзің.

Н а у а н. Адыра қал!.. Әддіңді білмей тантырай бастаған екенсің. Бұғыбай кететін күні хандық қоса кететін болса, абыройымнан садаға ол хандық.

Б ұ ғ ы б а й. Олай болса, кешегі ел сайлаған хан түсірсе, түсемін мен. Ханнан қазық, биден тоқпақ деген кешегі ел. Мен сол бидің қосқан кісісімін.

Е р ж а н (*ашуланып*). Жә, тоқтат енді... Жап осы арада екеуің де бұл сөзді. Хан құлағына тимейді бұл сөз. Алыстан арбасып келген ажарларыңды көріп, бізге болса да айтып басылсын десем, қайда қаңғып барасыңдар. (*Ақырып.*) Бұдан соң жұмған ауыздарыңды ашпа екеуің де.

Б ұ ғ ы б а й. Айтпасыңды айтқызады.

К ө ш е к. Қой, қой... Енді тоқта деген сөзді ұқтың ба?

Б ұ ғ ы б а й. Тоқтадым, қойдым.

Б о п а й. Науан, сен тентексің! Дәйімі үстесің.

Н а у а н. Ой, тәйірі-ай, қойшы, Әпіке! Тыңдамаймын сөзіңді.

Б о п а й (*ашуланып*). Тыңдайсың.

Н а у а н (*бетіне қарап тұрып, басын шайқап*). Пай, пай, пай.

Е р ж а н . Қой дегенім қайда... Қой енді бәрің де... Бұл жараны жап, жоғалтыңдар жаралығын... Осы отырғаннан басқа тірі жан білмесін. Ұқтыңдар ма? (*Бұғыбай Науанға қадалып ашумен қарайды.*)

Бұғыбай }
Науан } (*Ақырын*). Ұқтық, ұқтық.

Ержан. Таралдар... Тыныңыңдар... Кенеге сендердің жүрістеріңді өзім мәлім етермін. (*Бопай, Бұғыбай бір бөлек, Көшек, Ержан бір бөлек шығып кетеді. Үйде Қарашаш пен Науан ғана қалады*).

Науан (*сауыт-сайманын шешіп жатып күліп, Қарашашқа*). Қалқам, бұл сияқты сөзді есіткенің бар ма? Әлгі не деді, мен не дедім? Сен не дейсің бұған! (*Күледі*).

Қарашаш. Мен сендікпін, Науанжан. Сенікі дұрыс. Бірақ күйіп отырмын. Намыстары қайда кеткен әлгілердің. Тіпті сенікі теріс болғанда, неге сүйтіп қарсыластырады? Неге бетіңнен алғызады? Өзге болмаса да ағам байғұс неге ойламайды соны... Ол кім, сен кім?

Науан. Оны айтасың, мені тентек деген жоқ па Әпікем?

Қарашаш. Қойшы Әпікем жарықтықты. Еркекшора болған деген со дағы. (*Күліп.*) Кейде тіпті не еркек ойлайтынды, не ұрғашы ойлайтынды ойламай, бір жаққа қаңғып шығып кетеді. (*Аз үндемей.*) Бірақ, мәні де бар шығар, кім біледі.

Науан. Ер, есті екені рас қой... Бірақ өзім: жалғыз сол Әпікемнің бетінен сақта деп қана сыйынам. *(Күледі.*)

Қарашаш. Ерлігі де бар... бірақ басқасы да бар шығар? Ұрыстырып, өршітіп, әлдекімге құрық беріп. Әншейіндегі жігерлісі қайда?

Науан. Әйтеуір күннің бәрі осымен өте ме деймін. Түзде бір майдан, үйге келсең және майдан.

Қарашаш (*жаны ашып ентелеп келіп*). Налимысың, Науанжан-ау?

Науан. Налимын да кейде!.. Мені сағынатын жан бар ма осында? Кейде қарадан қарап жүріп құлазығандай болам. Мені сағына ма осы бірде-біреу?

Қарашаш. Сағынады. Неге сағынбайды?

Науан. Кім?..

Қарашаш. Осында ақын сағынады, одан соң мен сағынам.

Науан (*күлімсіреп қадалып қарап*). Не дейсің, қалқам?

Қарашаш. Бұғыбайды Әпікем сағынады.

Науан (*тікірейіп, таңданып*). Не дейсің?.. Қойшы, қайта айтшы.

Қарашаш. Несі бар? Сағынады.

Н а у а н (*басын шайқап, аз отырып, қайта күліп*). Сен мені қалай сағынасың... Әпікемше ме?!..

Қ а р а ш а ш. Тілесең солай да сағынамын.

Н а у а н (*ұмтыла келіп құшақтай алып*). Сәулешім, не дейсің?.. Жүрегім, жүрегім... Маған үйде жылы ұя керек. Бір жылы жүрек, ыстық жалын керек. Көмескі еді, оймен іздеуші едім сен сияқты... сен сияқты, қуатым.

Қ а р а ш а ш. Тоқта. Осыны айтсам да, обалынан қорқам.

Н а у а н. Керегі жоқ обалдың... Біздің жүрген сапарда обалға да, сауапқа да орын жоқ... Оның бәрі кеңшілікте. Бүгін бар, ертең жоқ Науанға дүние қызығын ғана жұтып қалуды кім күнә дейді? Сәулешім, сен менің күйімді ұғыпсың (*құшақтап сүйіп-сүйіп алады. Артынан Қарашаш өзі құшақтап кеп, Науанды тамағынан сүйеді.*)

Қ а р а ш а ш (*тамағынан сүйіп алып*). Жарығым, сақтанып жүр. Өлме. Қимаймын. (*Науан құшақтап отырады. Сол уақытта Бопай кіреді.*)

Көрініс

Науан құшағын алмайды.

Б о п а й. Бұл қай отырыс?!.

Н а у а н (*мысқылмен күліп*). Неменесі бар екен? Азар болса өзіңіз дағдыланған отырыс дейтін шығарсың, Әпіке?

Б о п а й. Не айтып отыр мынау!.. Не деп отырсың өзің?

Н а у а н. Ойында өрелгі жоқ, Әпіке, өзіңіз де әртүрлі отырысты біледі екенсіз ғой. Сүйенгенді: керегінде қолменен, кезегінде тілменен де сүйей білетін көрінесіз ғой.

Б о п а й. Тәйт әрі. Өзіме қарай қаптауын мұның. Өтірік айтасың.

Н а у а н. Ылайым өтірік болсын. (*Басын көтеріп қатайыңқырап.*) Өтірік болмаса келіспейміз.

Б о п а й. Керегі жоқ сөзіңнің. Өздерің бұдан былай бүйтіп отырушы болмаңдар. Отырмайды бүйтіп ешкім. Ұқтың ба, Қарашаш!

Қ а р а ш а ш. Несі бар екен? Не ойлап тұрсыз өзіңіз?

Н а у а н. Жаңа өзі келе жатқанда ғана осылай отыра қалғанды біліп, өзімді мазақтады деп қатуланып тұр. Көрмеймісің? (*Бопай сеніп күледі, Қарашаш та күледі. Науан қатуланып*) Бірақ,

Әпіке, шын емес деп ойлаймын. Шын болмайды. Егер шын болса, менен жақсылық көрмейді.

Б о п а й. Тантырама енді. Болды. Керегі жоқ сөзіңнің. Қайда қаңғып барасың?

Н а у а н (*күліп, жуаси қалып*). Құп... құп! Алдияр... Көндім... Көзім жетпей сөйлемеймін.

Т ы с т а (*айғай*). Хан келеді... Хан келеді. (*Үйдегілер тұтас тысқа шығып кетеді.*)

Көрініс

Аздан соң хан кіреді. Қасында Құдайменде, Жоламан, Бұғыбай, Ержан бар.

Қ ұ д а й м е н д е. Құп ұқтым. Тілге келіп сөз ұғатын неме болса, ...мені ұғар. Мен арқылы сізді де ұғар.

Е р ж а н. Тым онша жалбақтамай, ірге бермей, тең кісідей сөйлес.

Қ ұ д а й м е н д е. Не айтып отырсың өзің. Мен... бара жатқанда бас ием, жалпылдаймын деп барам ба? Жоқ сұмдықты бастамай отыршы!

К е н е (*тоқтатып*). Иә, солай... (*Жоламанға.*) Сен Дулатқа айтар сөзді өзің де білесің ғой. Қалың Дулат бастаса, өзге қазақ қостағалы отыр... Бірігуге, ел болып дөң басына шығуға жарай ма, жарамай ма? Жараймын десе маған келсін.

Ж о л а м а н. Құп, тақсыр. Қазақтың баласы ғой. Келісерміз деймін.

Е р ж а н. Басшысына мұнда да Қоқаннан алған шені құрым, бектік пен датқалық болар, оны да айт.

К е н е (*Бұғыбайға*). Қырғызбен келісер-келіспесіңе көзім жетпейді. Атамның қылығын алдыңа тартар. Тұтқында кеткен мың үйін көксемейді деймісің. Бірақ, ықтиярымен, өздігімен көнсін де. Сонымды айт! Менің Арқадан кеткендегі тұратыным — Алатау. Ірге көметін жерім осы. Бұл таудың іші-тысын жайлаған ел не менімен дос болып бауырыма кіреді, не болмаса қасым болып қарсыма шығады. Аралықта қалмайды, соны айт!

Б ұ ғ ы б а й. Құп, тақсыр!

К е н е. Барыңдар, енді, жолдарың болсын. Тез оралыңдар. Жолда тығыздатып жіті жүріңдер. (*Бәрі де тұрысады.*)

Е р ж а н. Жолдарың болсын!

Ж о л а м а н. Жолымыз болсын.

Құдайменде. Бірге-бірге болсын.

Бұғыбай. Оң сапарын берсін.

Шымылдық

ҮШІНШІ ПЕРДЕ

Екінші бөлімдегі ханның ордасы. Перде ашылғанда Кене, Байұзақ, Бұғыбай, Науан, Сыпатай, Рүстем отырады.

Көрініс

Науан (*желігіп көтеріліп*). Қырғыз жеңіле бастады... Жолымыз болып келеді... Осыны Кенекемнің алдында бір жырлатайын, әлгі ақын қайда? Шақыршы мұнда! (*Даяшы жігіт шығып кетеді.*)

Сыпатай. Қырғыз әлі күшін құрап беттескен жоқ. Қуанышымыз ерте емес пе, батыр?..

Науан. Жеңілгеннің алды осы, артын тағы көрсетемін. Кер тарттырмашы, тәйірі! (*Нысанбай келеді, қолында домбыра, сәлем беріп тұрады.*)

Кене (*күлімсіреп*). Ақын келіп қалды. Бас, желдірмеңе!

Нысанбай (*тұрған қалпында соғып қоя беріп, жүріп келе жатады. Біраздан соң жүгініп отырып айтады.*)

Алдияр! Мен келейін желдірмемен,
Айт десең, ақын сорлың кергімеген.
Айшықты ала тудай Кенекемнің
Жанында сөзім бейне жел гулеген.
Уай! Ұмытқан ер ұраны қайта шықты
Ісіңе қай қазақ бар телмірмеген?
Қамқоры қалың қазақ Абылайдың
Әне тұр ала туы желбіреген.
Атаның мирас қылған шақпақ отын
Зергері табылыпты сөндірмеген.
Артыңнан намысты ерлер жосылып жүр,
Бері де “жау қайдалап”, “жүр, жүр!” деген.
Жағасын жұлып жеген жас жолбарыс,
Шетінен “мен атайын, сен тұр” деген.

Науан (*күле айғайлап*). Уай, сорлы ағам-ай, сөйлеші, сөйлеші!

Б ұ ғ ы б а й. Байғұсың айта біледі-ау!.. Соқ, соға бер. (*Бұл уақытта есіктен қарап тұрған көп кісі болады.*) Н ы с а н б а й (*тоқтамай*).

Уау! Артыңда ақ тілеумен елің отыр,
Азған да, тозған да жоқ ендірмеден.
Сенгені, сыйынғаны сенің жолың,
Ем таппай патса қалды шүлдірлеген.
Сол елдің батасымен шыққан ерге
Қас ойлап қырғыз шықты жөн білмеген.
Түбі бір, тілеуі бір бола тұра,
Адасып босқа шықты қыздырмамен.
Бұл күнде қан жоса боп шұбырған ел
Буамдай тығылыпты қапшағайға.
Буындым, түйіндім деп лепіргенмен,
Ертең-ақ қанын құсып қақсамай ма?
Онан да алыстағы тілекті ұғып,
Жаулықты елдік үшін тастағай да.
Болмаса, бүгінгідей тағы асырып
Ер Науан тың ойынды бастамай ма.
Қайырлы, баянды боп басталған бақ,
Аспанға айдынымыз шапшығай да.
Бір емес, екі де емес, салған сайын
Ақ тәңірім дәйім оңға бастағай да.

(*Күліп*). Әзірге осымен тоқтатайын. (*Жұрттың бәрі қошеметтеп күледі.*)

К е н е. Жарайсың, ақыным. Сүйіндірсең осылай сүйіндірерсің.

Н а у а н. Жүр, ақын аға. Сөзіңнің ақысына үйде сақтаған бір сыйым бар еді, соны берейін, жүрші! (*Шығып кетеді.*)

К е н е (*Бұғыбайға*). Қырғыз осымен келістіріп екі шабылды. (*Аз отырып.*) Жә, әнеугі келген кісілер жатыр ма, әлі?..

Б ұ ғ ы б а й. Жатыр, тақсыр.

Б а й ұ з а қ. Аты кім дейді өзінің?

Б ұ ғ ы б а й. Аты Жаманқара, тегі батыр болса керек.

Көрініс

Науан кіреді.

К е н е. Шабылған қырғыздан түскен қазынадай, малдай олжа бар. Оны қайтіп жатырсыңдар?

Б ұ ғ ы б а й. Бұл екі жолғы олжаның екеуін де мына кісілердің өз елі Дулатқа беріп жатырмыз.

К е н е. Мақұл, беріңдер. Қоқаннан көрген тепкісі көп. Әлі де Дулаттың олқысы толған жоқ. Көкірегі өсіп, қоңы толсын.

Н а у а н. Қызыл тұмсық болсын деп бар тапқан табысты беріп жатырмыз ғой, мына Рүстем төренің еліне.

С ы п а т а й. Олай демеңіз, тақсыр, еңбек қылып, еркек болып жауды шапқан ел олжа алмай қайтуші еді?

Р ү с т е м. Бәсе, өз табысын өзі алғаны үшін қызыл тұмсық қылам дегені қисыны ма екен?

Н а у а н. Қисынбай қайтушы еді? Біздің жорыққа ерген жалғыз Дулат па еді? Бірақ, өзгеге бір суыртпақ бергеніміз жоқ.

Р ү с т е м. Біз білмейміз.

Н а у а н. Сен білмесең, мен білемін, төре! Кеше Тынай мен Бөлекбайды шапқан қолдың ішінде Дулат жоқ. Бірақ оның олжасын тағы да Дулатқа таратқамыз.

С ы п а т а й. Тынайдан олжа алмаса да болушы ма еді, қайтер еді? Мал, қазынаны алмай-ақ, адамына істегеннің өзі де жеткілікті болған білем.

Р ү с т е м. Рас, бұны көрген қырғыз не біржолата өлі бітіп жығылып болған соң көнер, не болмаса, тіпті қорқып кетсе, сол шошығандықтан бағынар. Бірақ, бұдан кейін жылы ұшырап, алаңсыз дос болып, бауыр болып келеді деу қиын шығар.

К е н е. Емексітпеңдер үйтіп! Қан майдан, қырғын үсті екенін ұмытпау керек. (*Барлығы үндемей қалады, аздан соң Кене сазарып ашуланыңқырағандай Бұғыбайға.*) Шұбар айғырдың үйірі табылды ма?

Б ұ ғ ы б а й. Қырғыздың Бөлекбай ішінде бір ауылы апарып қырып алыпты.

К е н е. Анық па осы?

Б ұ ғ ы б а й. Анық,тақсыр!

К е н е. Бағынудың орнына жаулықты алысқа айдағысы келген екен. (*Ақырып.*) Алып кел, анау келген екі елшінің бастығын. (*Бұғыбай шығып кетеді.*)

К е н е. Әлдеқашан осы арада іргені бекітіп, бір араға күш құрап, алыстағы мұратқа беттейтін күн болып еді. Қолынан келсе ашынған жау болып аяспайын деген екен.

Көрініс

Жаманқараны ертіп Бұғыбай кіреді.

К е н е (*Жаманқараға қатты*). Сенің еліңе не керек? Нені тілейді, неге басылмайсың? Ел боламысың, болмаймысың?

Ж а м а н қ а р а (*ашулы*). Өзің тілеп сөйлеттің. Енді мен сенің бетіңді аямаймын, төре. Маған қыларыңды қылғансың. Енді бұдан әрі не қыласың? (*Салмақпен, ашулы.*) Иә, ел болар ем, ел қыларлық жан болса. Бірақ, ежелгі жау ел болмас деп еді. Абылайдың тұқымы, қазақтың асқақ төресі, сенің қырғыз, қазақты ел қылар сиқың жоқ. Бір емес, екі көрсеттің бұныңды.

К е н е. Тапқан екенсің кінәні. Асып жүрген екенсің...

Ж а м а н қ а р а. Олай болса, тоздырып бақ. Бас кессе де, тіл кеспек жоқ. (*Жүгініп алып.*) Уай, төрем, енді аса берме, қырғыз да қыруар ел. Қалың елді жылатып сенің жолың болмайды. Бір сенің басыңа бақ пен атақ әпереміз деп қалың елдің кәрі, жасы сорлай алмайды.

К е н е. Сөз ұқпайтын санасыз. Бір менің басымның қамы ма екен, осы жүргенім... Қалың ел, қара ордалы жұрттың қамы емес пе?

Ж а м а н қ а р а. Ол қалың қазағың қайда қалды? Сен қайда жүрсің олай болса?

К е н е. Қалың қазақ артымда. Керек қылсам, жалғыз ұранымнан қалмайды.

Ж а м а н қ а р а. Ол қазақ сенен кеткен.

Н а у а н (*бағанадан тықыршып, шыдай алмай отырған*). Тарт тіліңді, ей, қырғыз.

Ж а м а н қ а р а. Тарта алмаймын... Мен тең сөзді айтқалы келдім.

К е н е. Қай қазақ менен кетіпті? Қазақ тірі тұрғанда кімде менің кегім кетіпті?.. Ең әуелі орыстың маған әлі келді ме? Сандалған сорлы, осымен сандалып жүрсің ғой сен.

Ж а м а н қ а р а. Шыны қазақ сенің тілеуіңде болса, Арқа мен Сырдағы елдің бәрін бастап шұбыртып келгеніңді неге көрмеймін мен? Кекшіл болсаң, өзіңе қылғанға неге қылмадың, бас терісін сылып ап Қоқанға беріп еді, кәне алғаның әкеңнің кегін?..

Н а у а н (*Кенеге ентелеп*). Осының орайына маған берші сөзді, Кенеке.

К е н е. Не айтасың?

Н а у а н. Маған ұлықсат берген болсаң, мен кезегімді сапыма бердім... (*Сапысын жұлып алып, Жаманқараны екі бүйірден салып-салып жіберіп жайратып салып*.) Тірідей бүйрегін суырып аламын... (*Дулат бастықтары үрпиісіп, қорыққандай түрекеліседі*.)

К е н е (*ақырып*). Тарт ананы... Тоқтат! (*Бұғыбай, Сыпатай Наурызбайды кейін алып кетеді*.) Алып кет мынаның өлексесін... Тілін бұл неменің?.. (*Жұрт үрпиісіп, ашумен үндемей қатып қалады. Наурызбай да солай*.)

Б а й ұ з а қ (*Бұғыбайға*). Қап, бәрекелді-ай, қате болды-ау!.. Елшіні өлтірген ежелгі тынбас жаудың ісі еді...

Б ұ ғ ы б а й. Өлтірмеу керек еді.

Б а й ұ з а қ. Ұлының ұлына, қызының қызына кетіп жүрмесе игі еді бұл жаулық. (*Бұғыбай кісі әкеліп, Жаманқараның өлігін алып шығып кетеді*.)

С ы п а т а й (*Байұзаққа*). Төре мен қырғыз арасында енді бітім жоқ...

К е н е (*түйілген күйінен көтеріліп*). Ертеңнен бастап қалың қолмен соғысамыз. Тұрыңдар... Жүріңдер... Қолдың күйін көреміз... Қамдансын бүгін бәрі де.

Б ұ ғ ы б а й. Құп, тақсыр.

С ы п а т а й. Мақұл... мақұл... жүрейік.

Б а й ұ з а қ. Жүрейік (*бәрі шығады*.)

Көрініс

Бопай кіреді.

Б о п а й (*есіктен*). Бұғыбай!!! Батыр... Бері бұрыла кет...

Б ұ ғ ы б а й (*кіріп*). Сенбісің?! Хан қолды аралап, ойнатып көргелі шықты. Қазір жетуім керек (*жақындап келіп, Бопай күліп тұрады*.) Не айтайын деп едің?

Б о п а й (*күліп тұрып*). Қырғыз елшісін неге өлтірдіңдер?

Б ұ ғ ы б а й. Қырғыздың тілінен де болды. Әлін білмей, аса сөйлеп жіберді. Бірақ ханнан емеурін болған сияқтанып, Наурызбай өлтіріп жіберді.

Б о п а й. Бәсе, Науан шығар деп едім тағы...

Б ұ ғ ы б а й. Хан да ашуға билетіп жіберді. Аял қылған мақұл еді.

Б о п а й. Қап, ашу алдынан, ақыл соңынан деп еді... Ақылға билетсе бүйтпес еді... Науанға неге жол берді екен... Қате болды-ау...

Б ұ ғ ы б а й. Наурызбайға не керек?

Б о п а й. Жә! Тым сонша тұқыртбасаңшы...

Б ұ ғ ы б а й. Осының бәрінің түбінен жақсылық шықпайды... Сенбеймін...

Б о п а й. Сенбесең неге жүрсің? Не айтасың өзің қолбасы бола тұрып?

Б ұ ғ ы б а й. Бопайжан-ай, олай емес қой... Жауды көп қашырады, жақсы аты Бараққа қалады деп, жақсы аты төреге қалады... Бұғыбайға не қалушы еді? Түптің түбіне келгенде "сендікпін" деген сөзінді ғана сүйеу қылам... Бірақ қашан мендік боласың?

Б о п а й. Мен сенен ешқайда кетпеймін... Бірақ жалдамаға жүргендей, өзге ақылы аз ғана батырлардай, мұрат-мақсұтсыз жүргеніңді місе қылмаймын мен... Қай күнде болса да осы сөзім есіңде болсын.

Б ұ ғ ы б а й. Оны қойшы. Кәне, қашан мендік боласың? Соны айтшы?

Б о п а й. Құдай бұйырса, осы жорық жақсылықпен аяқталсын. Сонан соң сен мені аласың.

Б ұ ғ ы б а й. Осының шындығына бір сүйші!..

Б о п а й (*қасына келіп назданып.*) Жібің босап кетіпті ғой әлдекімше...

Б ұ ғ ы б а й. Рас... ширатып жібер олай болса.

Б о п а й. Шира, тез! Бұл пішінді көрсетпе (*күліп келіп, тамағынан сүйіп тұрады. Бұл уақытта Науан кіріп келіп, үндемей сапысына қолын бір салып жіберіп, артынан тоқтап үндемей тұрады.*) Бұдан соң сен қара емессің, төресің. Біз намыс қылған нәрсені сен де намыс қыласың. Біліп жүр оны...

Наурызбай.

Н а у а н (*ілгері басып, ақырып жіберіп*). Бұл не сұмдық? (*Бұғыбайға.*) Жоғал қазір көзімнен. (*Ашулы.*) Майдан үсті шығар, әйтпесе тоңмойын құл тірі кетпес едің бұл жерден. Босағамнан озбайтын құл басымен қарашы, мұның қылығын. (*Тап беріп.*) Шық!.. Жоғал!.. (*Бұғыбай шығып кетеді. Науан Бопайға.*) Сен де жақсы екенсің? Қасымның қара шаңырағында, ханның қара ордасында кімді иығыма шығарып жүрсің? Намысың қайда? Табылмады ма көп төренің біреуі?..

Б о п а й (*саспай*). Науан, мен басым бос әйелмін... Төре, қараның керегі жоқ. Кімді ұнатсам — сол төре! Кінәлама мені...

Н а у а н. Осыдан тартарсың сазаңды... Қатарға алған қарашы қас болмаған күні жоқ. Басып ұстайтын немені қайда аспандатып жібердің... ханның қызы басыңмен қақ төсіңе мінгізіп?!.

Б о п а й. Қысқарт енді, Наурызбай. Әкем өлгеннен бері кезегін тосамын деп қаралы болуым жеткен... Байға тигізбейін деп пе едің мені?..

Н а у а н. Тигізбеймін Бұғыбайға.

Б о п а й. Боқты тигізбессің.

Н а у а н. Қазір өлемін десең де тигізбеймін. Тек майдан бітсін. Тақ сол күні лақша бауыздап өлтіремін. Хан қызының ойнасы атанып, күйек астынан табысуын мұның?!

Б о п а й (*қатты*). Наурызбай, қайт бұл сөзіннен, әйтпесе, сен кетісесің менімен.

Н а у а н. Кетіспеген нең қалды.

Б о п а й. Солай ма?.. Жарайды... Көндім... Бұ да болса, Кенекемнің соры шығар. Онда болса ел ала, мұнда келсе жанындағы жақындары қырық пышақ...

Н а у а н. Мейлі!.. Бұғыбайдың мойнын торғайдай бұрап алмасам көрерсің.

Б о п а й. Бұл маған да қыламын дегенің ғой. Тостым. (*Шығып кетеді. Тыста: “хан келеді, хан келеді”.*)

Көрініс

Кене, Бұғыбай, Байұзақ, Рүстем, Сыпатай, Ержан, Науан кіреді.

К е н е (*орнығып отырып*). Әскердің күйін көрсетпеді тағы бір бөгет болып. Мыналардың сөзін естіген соң, қайта аттанамыз. Кіргіз әлгі қырғыздың елшісін. Бұнысы не айтар екен? (*Бұғыбай шығады да, Кәрібоз Қалығұлмен қайта кіреді.*)

Көрініс

Келгендер амандасады. Хан жөндеп амандаспайды.

К е н е (*Кәрібозға*). Уа, не айтасың? Еліңнің түгел сөзін ұстап келдің бе? Жоқ: “қырғыздың үйі бар, үйі сайын биі бар” деп, үйіңнің ғана биімісің?

К ә р і б о з. Қалың қырғыз мен тоқтасам тоқтасып, мен жаулассам бірі қалмай сені жаулайтын болса, не ақың бар, төрем?

К е н е. Кәне, олай болса, біріккен қырғызыңның сөзін айт! Түгел сөзіңнің түбін ұстап отырғаның кім, әуелі соны айт!

К ә р і б о з. Біздің жалғыз өмір қылатын ханымыз жоқ. Ол мін болатын болса, түгел сөздің түбін кеңесім билейді. Жанқараш, Жантай, Төрекелді мына екеуімізді жіберді. Кеңесім мына мені жіберді.

К е н е. Не қыл дейді?

К ә р і б о з. Ең әуелі — бұрын жіберген елшіміз Жаманқара Қалша қайда? Ол неге қайтпайды? Ерлік, қайрат майданда болушы еді. Үйіңе келген елшіні тұтқын қылғаның қай қайрат, қай ерлігің? Ең әуелі солардың дерегін білгелі келдік?

К е н е. Иә, одан әрі тағы нең бар.

К ә р і б о з. Одан әрі айтатыным: біз де өз елің сияқты екі оттың ортасында отырғанымыз рас. Оның үстіне бір күн Қоқан, бір күн қалмақ та қожақтаудан сау емес. Сеніменен ел болып, екі елдің кәрі, жасының тілеуін қосқаным лайық. Қосар едік, бірақ, сенің арылмастай мінің бар, төре тұқымы, сүйегіңе біткен мінің сол: елдің елдігі десең де, әз басыңның абиұр, атақ айдынын одан әрі ойлайсың. Саған өзгенің бәрінен бұрын хандық пенен тақ керек.

К е н е. Не дер екенсің, айтып бол...

Н а у а н (*жақтырмай*). Айтқызып неге керек. Бұ да тантып келеді.

К ә р і б о з. Айтарсың, бала, Наурызбай деген сенсің ғой. Сенің ісіңе де келемін. Ел үшін күйіңді болдым десең де, хандық үшін күйінділігің одан да зор. Игілік пен бірлікті ел істеді, елдің елдігінен болды дегізбей, ханның хандығынан болды дегізгің келеді. Қайратыммен, қаһарыммен жеткіздім деп артындағы қамалған көпті көзге шұқудан тайынбайсың сен.

К е н е. Бағынып, бастатып көрмеген, береке мен елдік жолын іздеп көрмеген көрбала ел сен сүйдеп аяқтан алмағанда не дейсің. Қай қылығымнан соны көрдің?

К ә р і б о з. Қылығыңа келейін олай болса. Мен орысқа, қытайға неге қашам, неге алысам? Дұспандығының қаттылығынан қашам. Бірақ, сенің бүгінгі күн істегеніңді қай орыс, қытай істеп еді?

Е р ж а н. Соғыста сен не қылсаң, біз де соны қылдық. Неге соғыстың?

К ә р і б о з. Асқақтық қылығың көп, соғыспағанда қайтейін. Ең әуелі елшімді қамап отырсың. Кеше барып, буаз қатынымның ішін жарып, баласын итке лақтырдың... Ағатайлап жалынған баланы бауыздатып, қасап қып қырдың. Бүгін барған әскерің Қанай мен Есқожаның сырлаған тамын құлатып келіп отыр. Ашуын бассын деп аяғыңа жығылғандай болып, жазықсыз болсам да, елші жібердім, қыз бастатқан тоғызбен. Жолыңнан көлденеңдемейін деп атақоныс мекенімді тастап көштім. Шұбырып елім кетті... Иесіз болып шулап, сенің қолыңа жем болып малым қалды.

К е н е. Соғыссаң солай боласың. Қылығыңның жазасы... Еркіңмен көнсең, елің емей кім мен саған? Сенімен туысам деп келмеп пе едім... Жазықты мен бе? Сенсің!

К ә р і б о з. Жазықты болсам, ат жалын тартып мінген қарсыласар қайратым бар мен жазықты, ер-азамат жазықты шығар... Үйде жатқан кемпір-шалым, қатыным саған не жазды?.. Бізді аямасаң да, жолыңда жатқан бесікті аясаң болмай ма? Тіпті тірімнің бәрі жазықты болса да, өлігім саған не жазып еді? Қай қазақтың әкесінің көз құны бар еді... Аруақты бабамның қабырында... Көр ақтартқаның қай қастығың? Осының бәрін кәрімді, қайратымды танытамын деп істедің. Кенесарылығыңды білдіремін деп істедің. Кенесары, сен бір бөлек, қалың қазақ ежелгі досым — ол бір бөлек. Ол, түбі бірге туысқан, маған өздігімен мұны істемес еді! Ушықтырдың, бүлдірдің сен бізді...

К е н е. Бірігіп елдік қылатын жерде берекесіздігіңнен белің сынып жатса да оны сөйлемейсің. Әр үйіңнен, бұйым құрлы сәні жоқ, бұрау сынса соны сөйлеп, соны жоқтайсың сен. Ұстара көрмей, тез көрмей түзелмейсің. Бүлдіріп отырып түзеймін мен.

К ә р і б о з. Түземей-ақ қой. Түзеттірмеймін де, көнбеймін. Өзім деген жақыным сенен көргенім бұл болса, орыстың өзінеақ қараймын. Айтқалы келген сөзім сол. Енді іргеңді аулақ сал! Босат жерімді... Қырғыз саған жоқ.

К е н е. Ә-е, солай деймісің? (*Ақырып.*) Олай болса, сойқанымды көрерсің... Енді өз обалың өзіңе!.. Сорлы қырғыз!

Н а у а н. Байлап салу керек бұны да. (*Ұшып түрегеліп.*) Неге кезек береміз осы итке...

К е н е. Тоқта. (*Ақырып.*) Отыр!

К ә р і б о з. Байлап көр... Екі төре, сендердің қылығың қырғыз баласын шоқтай иіріп отыр бұл күнде. Асқақтай берме... Құдайым осы қылығыңның кезегін берер. Көздеріңді сол күнде қырғыз ояр... Бүйте берсең.

Н а у а н (*атып тұрып*). Көтере алмаймын бұдан арғы кесірді. (*Қамшымен Кәрібозды бастан ұрып жібермек болады.*)

К е н е (*ақырып*). Қысқарт, Наурызбай!.. Шық қазір үйден...

Б а й ұ з а қ. Қой, Науан... Қой, шырағым...

Н а у а н (*зорға басылып, Кенеге*). Құлдық, тақсыр... (*Отырады.*)

К ә р і б о з (*тұруға қамданып*). Бүйткенше кәпірден шықсаң етті сен... Жалғыз қырғыз қалғанша жағаласып өлмесем — ел болмаймын. (*Қырғыздар шығып кетеді.*)

К е н е. Өлімге қарсы тұяқ серіпкен жалғыз жанға оңалмастық қырсықтың қандай істер істеткенін көрсін ертең кейінгі ұрпақ... Кінә менде емес, елдің өзінде. Шығыңдар қазір бәрің атқа мініп. Бүгін күні бойы әскер дайындалсын. Ертең қалың майдан. (*Өзгелері.*) “Құп, тақсыр, құп”. (*Кенеден басқаның бәрі шығып кетеді.*)

К е н е. Ай-ай, Наурызбай, қал сен мұнда!.. (*Науан қалады.*)

К е н е (*қатты ашумен түрегеліп*). Не естідім мен жаңа?.. Қандай қорлық көрдім?.. Кімнен?.. Сенен... Сенің ойсыздығыңнан, көзсіздігіңнен. Жаман айғыр енесіне тап береді деп, қырғыз бенен қазаққа келгенде жының түскен екен сенің. Менің де, артта қалған елдің де сорымызға тудың ғой сен қырсық. Қанайдың тамын кім құлат деді?..

Н а у а н (*жуас*). Мен құлат дедім...

К е н е (*Науанды жағасынан ұстап сілкіп*). Не дейсің? Не дейсің? Қаныңды ұрттайын ба осы жерде? Атадан тумай кеткір санасыз. (*Қанжарын ұстайды.*)

Н а у а н. Мен сенің ашуың мен қайратыңмын. Мені бастап жүрген ақыл жоқ. Әйтеуір беттескен жау болған соң, айдындырам деп аяғам жоқ. Мен білегіңмін, керексіз білек болсам осы арада кесіп таста. Өкінбеймін.

К е н е (*босатып жіберіп, ойланып тұрып қалып*). Жә! Ертеңгі соғыста бір төре үйде отырып қалмасын, не жеңіп шық, не осы арада қаза тап бәрің де.

Н а у а н (*иіліп*). Алдияр... (*Кене тез қамданып шығып кетеді.*)

Көрініс

Қарашаш кіреді.

Қ а р а ш а ш (*киініп, қамданып жатқан Науанға жүгіріп келіп, құшақтай алып*). Науанжан, бағанадан аңдып едім жолығайын деп... Неге өлтірдің қырғыздың елшісін?

Н а у а н. Уh... (*Қарашашты құшақтап сүйіп алып*). Ой, сәулем-ай, қай мінімді айтамын? Қанайдың тамын да құлаттырдым. Жаңа Кәрібозды да сабай жаздадым. Кенекемді де күйгіздім... Ертеңгі соғыста не жеңіп шығамын, не сүйегім Алатаудың бір тасында қалады... Одан басқа таңдау қалған жоқ маған...

Қ а р а ш а ш. Қойшы, қалқам, сұмдықты айтпашы! Бұл байлауыңа ырза емеспін. Мен десең, өлімге басыңды байлама... Қимаймын, қуатым... Күйдірмеші, қайтшы сөзіңнен...

Н а у а н (*зорлықпен күліп*). Өмірге қош айтып қойып ем жаңа... Сен бар екенсің ғой... Әлде сен үшін қала тұрайын ба? Келші... Келші... (*Қысып құшақтап, сүйіп тұрғанда Бопай кіреді.*)

Көрініс

Б о п а й (*ақырып*). Ойпыр-ай, мынау не деген сұмдық еді?

Н а у а н (*ашулы*). Не сұмдық бола қалыпты? Шығарма үніңді...

Б о п а й (*ақырып*). Қарабет, қайтіп маған сөйлеп тұрсың?.. Бір шешеден тумағандығыңды қылдың-ау, арам... Жер қылдың бар аруақты?..

Н а у а н . Сен атаның атын сыйлап жүрген шығарсың... Өзің де етегіңе намаз оқып жүрген жоқсың. Жап аузыңды!..

Б о п а й. Өлтіремін! Өлтіремін!.. Наурызбай!.. Неге бірге тудың. Тумай кеткір... Қайда Кенекем... (*Есікке қарай жүгіреді.)*

Қ а р а ш а ш (*артынан жүгіріп*). Әпіке, әпіке... Жаным, әпіке... Жалғыз сөз... (*Бопай жүгіріп шығып кетеді. Қарашаш артынан бірге кетеді.*)

Н а у а н (*жалғыз*). Қай қысталаңға көнбей тұрған Наурызбай. Тіпті өлер алдында өрісімді тауысып, армансыз кетейін. Ешкімнің татпағанын татқаным сол... Мейлі...

Ш ы м ы л д ы қ

ТӨРТІНШІ ПЕРДЕ

Майдан. Тау арасындағы далашық. Жақында қарлы Алатау. Сахнаның бір жағында тігулі жасыл жібек шатыр. Ханның шатыры. Шымылдық ашылғанда алыстан соғыс сарыны естіліп жатады. Аздан соң сахнаға жылдам басып Рүстем шығады. Артынан Сыпатай Байұзақты ертіп келе жатады. Бәрі де садақты, найзалы, қарулы.

Көрініс

Р ү с т е м (*асығыстау*). Бері келіңдер... Екеуіңмен сөйлесетін сөз келіп қалды. Ең әуелі осы соғыс жәйі қалай? Қай жағы дендеп тұр? Сыпатай, сен ішінен келдің ғой... Айтшы әуелі.

С ы п а т а й. Не айтатыны бар, қырғыз жеңгізетін емес. Наурызбай мен Ержан өктеп ұрсысып, ілгерілеп жүр. Бірақ, өзге жағын қайта-қайта туға тығып жапырып тұр.

Б а й ұ з а қ. Иә, солай көрінді. Қырғыз шоқтай болып үйіріліп алған ғой деймін...

Р ү с т е м. Олай болса, мен жаңа қырғыздан тіл алдым. Жантай, Жанғараштың жіберген елшісі келіп сөйлесіп кетті.

С ы п а т а й. О н е қылған елші, кімге келіпті?

Б а й ұ з а қ. Бәсе, кімге келіп жүр?

Р ү с т е м. Төреге емес, Дулатқа. Дулат басшысы деп бізге жіберген елші...

С ы п а т а й. Солай ма? (*Түйсінгендей болады.*)

Р ү с т е м. Біздің жауымыз қалың қазақ баласы емес. Мына қазақ, қырғызды жауықтырып отырған Абылай тұқымы, төре... Дулат басшысынан қан қазынамды аярым жоқ. Барымды алсын, бірақ бойын тартсын мынаның қырғынынан дейді... Бұған не айтасыңдар?

С ы п а т а й. Өзің не дедің, төре?

Р ү с т е м. Мен сендермен сөйлесіп барып жауабын бермек болдым. Әйтсе де күдерін үзгізгем жоқ. Неге десең, мынау екі төремен отаса алатын емеспін. Мынау, түбі, шегі жоқ жаулыққа кетті ғой өзі... Қорқытқанда өстіп қорқыт деп пе едім деп, не біз сияқты ел басшысына салар ақылы жоқ. Өздері шешеді.

Б а й ұ з а қ. Рас тіпті, сорлының осы мінезі түбіне жете ме деймін... Түп ниеті жақсы дегенмен, әр нәрсенің өрісі бар емес пе?

С ы п а т а й. Түп ниет, бергі ниет дегенді білмеймін... Әуелі қырғыз оңай жау емес, қазақ ісі болатын болса, бар қазақ неге көтермейді? Бар ауыртпалықты Дулаттың тілеп алғаны несі?

Б а й ұ з а қ (*аз үндемей*). Осы әр алуан күдік Кенесарының өз кісілерінің ойына да кіре бастаған сияқты...

Р ү с т е м. Рас айтасың, қария... Кешегі Бұғыбайдың сөзін естідің ғой?

С ы п а т а й. Не дейді?.. Мен естігем жоқ.

Р ү с т е м. Алғашқы шыққанда сенімім зор еді. Енді күннен-күнге суынып келем. Наурызбайдың қылығы ылғи жаман аттан басқа игілік әперетін емес. Тегінде, өзгелерің де өзді-өз күйлеріңді ойлағаның мақұл. Ең болмаса ханменен ашып сөйлесіп алыңдар дейді.

С ы п а т а й. Не дейді, жарқыным-ау?! Бұғыбай бұлай айтса, мен Наурызбаймен де, Кенесарымен де сөйлеспеймін тіпті. (*Бұл уақытта соғыс сарыны басылып қалған болады*.)

Б а й ұ з а қ. Бұғыбайдың айтып отырғаны хан емес, Наурызбай. Наурызбайдың өрескелі көп екені рас. (*Бір топ Дулат шығып, жасырынып тыңдап тұрады*.)

Р ү с т е м. Наурызбай деген емес. Соның ісіне нағыз жазалы кісі — хан! Осылар жолы болып хан болып алса, қайсысы болса да ешқайсымызды ру басшысы, ел ағасы екен деп еске алып, есепке тұтпайды. Мен соны білем. Осы хан қасында көптің бірі қарашы болғаныма құмар болғаным не осынша? Менің тілімді алсаңдар, енді Дулаттың бетін бұрып жіберу керек. Ал өзіміз қырғыздың манабымен достасайық!

С ы п а т а й. Шынның шыны осы. Қышыған жерімді жаңа таптың, төре! Бұлар хандық құрған күні біз бүгінгі орнымыздан айрыламыз. Қырғыздың манабы, Дулаттың датқасы мен төресі ежелден бір бас, бір тас емес пе еді? Талайы — тіпті осы тұрған үшеуміздің айқыш-ұйқыш құда, жекжатымыз емес пе? Бастасым солар! Табысамын!

Б а й ұ з а қ. Мейілдерің. Мен де Бұғыбай сөзінен соң торығып тұрмын.

С ы п а т а й. “Құдадан құтыны кием деп, сар жарғақтың шүкірінен айрылыпты” деп, біреуге хандық әперем деп, өз орнымнан неге айрылам мен?!

Р ү с т е м. Мақұл. Болды. Ендеше, ірітіңдер Дулатты... Ана сыйын алайық. Хан керек болса, Дулатқа өзім де ханмын. Қырық ру қазақ баяғыдан бір ханға билетпей-ақ күн көрген. Бәрін қосып хан боламын десе, ана өзі шыққан Орта жүзінің қазағын баурап алсын. Сонан соң тең сөйлесіп отырып қосылармыз қосылсақ.

С ы п а т а й. Жүр, олай болса, әлгі қырғыздың елшісіне. Қабыл алдық сол жіберген сыйын. (*Бұлар шығып кетеді. Тыңдап тұрған Дулат шығады.*)

1-Д у л а т. Көрдіңдер ме?! Елді әуелде неге әкелгенін білдіңдер ғой! Енді жемсауға қарай жантайып тұрғаны мынау.

2-Д у л а т. "Дулатты іріт" дейді. Біз бір шілдің боғы ғой бұларға...

3-Д у л а т. Көп қошқардың басы бір қазанға сыймай жатқанын көрмеймісің?

Көрініс

Сахнаға соғыстан қайтқан Бұғыбай, Құдайменде шығады. Бұларға қарсы Жоламан, Бопай келеді.

Ж о л а м а н. Уа, жарқындарым, не боп жатыр? Не күйлерің бар?..

Б о п а й (*Бұғыбайға*). Батыр, аман қайттың ба? Не айтасың, хабарын біл деп хан жіберді бізді.

Б ұ ғ ы б а й. Білмеймін. Бүгінгі соғыс үлкен қырғын болып тұр. Екі жақтан да көп өлді... Бірақ қырғыз бәсеңситін емес... Әнекей, әлі қажымай ұрысып тұр...

Ж о л а м а н. Науан қайда?

Б ұ ғ ы б а й. Науанның осы жолғы кетісінен қорқып тұрмын. Құдай білсін немен тынарын.

Б о п а й. Е, не болды? Не қып жатыр?

Б ұ ғ ы б а й. Аз қолмен Ержан сұлтанды ертіп, бір қалың жаудың ішіне кіріп кетті. Артымызды екі жақтағы қырғыз қамап, оқ жауғызып жүргізбейді. Аналарды екі бүйірден қысып әкетті. Әзірге Науандардан дерек жоқ.

Ж о л а м а н. Ойпырым-ай, қауіп екен? Жазым болмаса игі еді... Ханға айту керек екен.

Б о п а й. Не дейді? Неге шаппайсыңдар енді? Ержекем де сонда қалды ма?

Қ ұ д а й м е н д е. Ержан бауырың болғанда, Науан бауырың емес пе?.. Немене түге, жырып сөйлеп тұрғаның... Науаннан артық кім бар еді?.. Әуелі соның амандығын тілесеңші... тілегіш болсаң.

Б ұ ғ ы б а й. Өзгесі өзге. Тақ осы жолы сол аз ғана қол жамандық көрсе, кінәлі жалғыз Наурызбай... Мен соны білем...

Аз тоқта, қанатымызды жиып бірге қаптайық десем, тақат қылмай, қасындағыларды ақырып қорқытып алып кетті.

Ж о л а м а н. Енді өзге көп қол қайда? Неге шаппайды, неге іркіледі?

Б ұ ғ ы б а й. Көп қол беттей алмай тұр, қажып қап тұр, түннен бергі ұрыстан... Оның үстіне қырғыз қолы үсті-үстіне төгіліп тұр.

Б о п а й (*сахнаның соғыс жақ бұрышына көзін салып қарап тұрып*). Қолың қайтып келеді ғой өзі... Келіп қалды ғой... Міне алды...

Ж о л а м а н (*Қарайды. Бәрі де солай қарайды*). Бәсе, келді ғой, мынау Науан ғой, я, сәт... Аман шыққан екен ғой, қарағым, арыстаным... (*Науан жылдам басып сахнаға шығады. Жанындағы Ағыбай, Бұқарбай бәрі де алба-жұлба, бәрінің де үстері қан, үрпиіскен, түтіккен. Жау сырнайы естіліп жатады.*)

Ж о л а м а н (*алдынан жүгіріп*). Аман келдің бе, Науанжан?

Н а у а н. Аманы бар болсын...

Б о п а й. Сұмдық-ай, не дейді... Ержекем қайда?

Н а у а н. Қолға түсіп кетті, тұтқын болды. (*Барлығы үндемей сілейіп қалады. Бұғыбайға қатты.*) Сен неге қайтып кеттің? Неге шаппайсың артымыздан?

Б ұ ғ ы б а й. Мен қайтейін? Шаппадым ба? Немді аядым. Аз кісімен ішіне кірме десем, болмайсың...

А ғ ы б а й. Ой, бар болсын ақылың... Сен жазықтысың... Ақауыз атқа оқ тиіп, біз Бұқарбай екеуміз Науанды аман алып құтылдық, талқан болып.

Б ұ қ а р б а й . Бұ неғылған қолбасы өзі, айналшық жегендей хан шатырының қасынан шықпайтын.

Б ұ ғ ы б а й (*қатты*). Мен кінәлі емес, сендер кінәлісіңдер... Бағыну жоқ. Байыптау жоқ.. Кіміңді бастайын мен сенің?!

Б ұ қ а р б а й . О, құрып кет бастамай... Бастамай қалғыр...

Н а у а н. Бұғыбай, қылдың сен маған бүгін... Текке қылған жоқсың.

Б ұ ғ ы б а й. Үйтіп мені күйдірме, Наурызбай... Олай болса, Ержанды сен апарып жарға жықтың...

Н а у а н (*ақырып*). Не дейсің? Әй, әкеңнің... Сенсіз дүние тұл қалса да... (*Тап беріп, сапысын суырып алады.*)

Б ұ ғ ы б а й *(шапшаң сапысын суырып алып, қарсы ұмтылып).* Наурызбай, жетті... Жетті енді!.. Өлісіп-ақ көрейін,

келші!.. (*Өзгелерден Жоламан ғана жүгіреді, басқалар тұрып қалады. Жоламан екеуін ұстай алмайды.*)

Ж о л а м а н. Уа, қой... қой... Бұл не деген сұмдық?!. (*Бұл уақытта сапымен қағысып кеткенде екеуінің сапысы да орталарынан омырылып ұшып-ұшып кетеді. Наурызбай қырылдап тұншыққандай болып екпіндеп келіп, Бұғыбайды қос қолдап омырауынан ұстап алып жерге тымақша алып ұрып, кеудесіне тізерлеп отырып, қолы қалшылдап, қонышындағы пышағын суырып жатады.*)

Н а у а н. Алғышын жағамнан... бұл құлдың... басыңды кесіп алайын...

Б о п а й. Ұмтыл!.. Ойбай-ау, ұмтыл!.. Ұмтылсаңшы, түге! (*Наурызбайдың пышақ ұстаған қолына жармаса түседі. Өзгелер жабылып, арашалап айырып алады.*)

Б ұ ғ ы б а й (*тұрып*). Уай, Бопай, мендік болсаң ұмтыл енді ханға.... Бар да, көріп-білгеніңнің бәрін айт!.. Енді аянатын түк те қалған жоқ. Қырғыз да бір, Наурызбай да бір енді сені мен маған...

Н а у а н (*Бопайға тістеніп*). Арсыз байтал, балақтағы битті басыма шығардың ба?

Б о п а й. Қысқарт, Наурызбай, көзіңді оямын енді мен сенің.

Б ұ ғ ы б а й (*бармағын шайнап*). Әттең! (*Күйініп, қайнап*). Бүйткенше Мұса, Мұса неге болмадым мен?!. (*Бопайға қарап, ойына басқа нәрсе түсіп.*) Жар дегенде жалғыз Ержанның басына екі бірдей қастық істеп отырғаны мынау!.. Не күткемін, не күткемін мен мұнан... Жүгір, Бопай!..

Н а у а н (*ұмтылып*). Арам құл, не айтасың? (*Өзгелер жібермейді. "Қой, тоқта, қой, қарағым" деген көп дауыстар.*) Қазір мойныңды бұрап аламын. Бұғыбай, сені өлтірмесем әкемнен тумай кетейін.

Б о п а й. Не дейді!.. Мынау, не дейді!.. Көрейін, көрейін, көрейін мен... (*Жүгіріп кетеді. Бұл уақытта сахнадан Наурызбайды алып өзгелер кетеді. Бір жаққа Бұғыбай да кетеді.*)

Көрініс

Аздан соң хан мен Бопай шығады.

К е н е (*мұңды, қатты дауыс*). Қайран Ержекем кетті ме?! Кетті ме Ержан!.. Ендігі кезек ханыңа да келер... Соған таман

келе жатыр... (*Басын шайқап, қыстығып күйініп.*) Әттең!.. Әттең, арманды жалғыз басым!.. Оқ үстіне оқ тиген. (*Үндемей ойға кеткендей.*)

Б о п а й (*аз аялдап ханға қарап, аяғында бекініп*). Оқ үстіне оқ екені рас, Кенеке... Тағы бір сұмдық бар, соны айтқалы әкелдім сені осында... Іркіп келіп ем... Енді шыдар жәйім жоқ. Ержекемнің тұтқын болуына жазалы кісі Наурызбай...

К е н е. Наурызбай?! Атамашы құрып кеткірдің атын...

Б о п а й. Атаймын!.. Атағанда қастығын айтамын. Наурызбай сол Ержекемнің баласы Қарашашпен қосылыпты, кеше ұстап алдым...

К е н е (*қатты ақырып*). Не дейді? Қайда ол ит!.. (*Айғайлап.*) Әпкел қазір!..

Б о п а й. Наурызбайдың қылығынан қол да іріп-шіріп бітті. Бұғыбай да сенен кеткелі тұр. Біздің сорымыз түзден-жаудан емес, үйден шықты ғой, Кенеке. (*Жылап жіберіп.*) Қайтермін. Шыдай алмай айтып тұрмын.

К е н е (*айғайлап, Наурызбай кеткен жаққа таман*). Қайда Наурызбай?.. Әпкел, әпкел мұнда, шапшаң!..

Көрініс

Наурызбайды ертіп Құдайменде, Жоламан, Ағыбай, Бұқарбай шығады. Барлығы: “Алдияр, алдияр!” дейді.

К е н е (*Наурызбайға*). Рас па? Мына Бопайдың айтқан сөзі? Айт шыныңды! (*Тепсініп қасына келеді.*)

Н а у а н (*салқынқанды*). Рас...

К е н е Шын айтамысың, жүзіқара... (*Дірілдеп қалш-қалш етеді*).

Н а у а н. Шын айтамын. Мен сорыңа біткен туысқаныңмын. Менен құтыл!..

К е н е (*қасындағыларға ақырып*). Байла олай болса!.. (*Өзгелер қозғалмайды.*) Байла, мен бұйырамын! Неге тұрсыңдар?..

Н а у а н (*қасындағыларға*). Байла... (*Екі қолын артына белдікпен байлайды.*)

К е н е. Әпкел шылбырды, сал мойнына!.. (*Өзгелері тағы іркіледі.*) Әпкел! Сал!.. Дүниенің тұтқасы осы ит пе еді? Неге тұрсың?.. (*Өзгелер барып алып келіп, шылбырды мойнына*

салады.) Мініндер атқа қазір, Ағыбай, Бұқарбай... Сүйретіп өлтіріндер... Осы арада... Осы арада!... Қазір!.. Қазір!.. Көрсетпе енді менің көзіме!.. (*Аз тым-тырыстан соң.*) Кімге айттым? Не айттым?..

Құдайменде (*ашулы, нық басып ілгері шығып*). Шынымен-ақ, байлауың осы ма, Кенеке?..

Кене. Ашпа аузыңды! Тыңдамаймын сөзіңді!..

Құдайменде (*қатты*). Тыңдайсың, ханым... Мен де тең төренің ұлымын. Өлтіртпеймін. (*Кене тікірейіп қатты қарағанда.*)

Науан. Жоқ. Өлтірсін, өлемін... Кенекем жарлығының екі болғанының керегі жоқ. Осылай өл десең, осылай-ақ мізбақпай өлемін. Бірақ, жалғыз ғана датым бар.

Ағыбай. Тақсыр, хан, ең болмаса датын айтқыз, біз соны тілейміз.

Бұқарбай, Жоламан } Жолдас десең, қарашы десең — біз сұраймыз.

(*Кене үндемейді.*)

Науан. Жаудың шоқтығы шыға ма деймін. Мен өлейін. Жалғыз-ақ қоя бер. Ана сырнай-кернейлетіп ат ойнатып тұрған жауыңның тап ортасына барып жұлқысып тұрып өлейін. Өлімге бұйырған жазаң — жаза, жалғыз-ақ қалай өлуді өз таңдауыма бер...

Құдайменде, Жоламан, Ағыбай } Бер осы тілегін... Бере гөр, тақсыр!.. Мақұл ғой сөзі.

Кене (*ойланып тұрып*). Бердім.

(Науанды өзгелер босатады.)

Науан (*Кенеге*). Жалғыз-ақ, осы арада, қазір аттанар жерде қазақ жиынына аз ғана сөзім бар. Соған ұлықсат бер.

Кене (*теріс қарап тұрып, қайғылы*). Бердім...

Науан. Алдияр... Ағыбай, Бұқарбай, барыңдар шапшаң, жиып әкел осы араға қолдың бәрін. Қазір келемін. (*Жылдам басып шығып кетеді. Ағыбай, Бұқарбай екі жаққа шапшаң басып кетіп қалады. Кене жалғыз ойға кетіп, ашулы түспен отырып қалады. Бір бөлек Құдайменде отырады. Өзгелер шығып кетеді.*)

Көрініс

Сахнаның сыртында Ағыбай, Бұқарбай, Жоламандардың “жүр, жүр бері” деген дауыстары. Осы кезде жау сырнайы қайтадан өктеп, үсті-үстіне екіленіп шығады.

А ғ ы б а й (*дауыстап, сыртта*). Уа, қазаққа қараған қол атаулы, бері кел. Жиыл-жиыл мұнда.

Б ұ қ а р б а й . Уай, бері тарт... Тартыңдар бері...

Ж о л а м а н. Уай, тарамаңдар, тоқталатын шақ емес. Бері кел!.. Жүр мұнда!.. (*Тағы да дауыстар.*) Уа, мұнда, мұнда жүріңдер... Бері жүріңдер... Жүріңдер хан алдына.

Б ұ қ а р б а й (*сыртта*). Қол-қолыңмен, жігіңді бұзбай кел, түге... (*Әскер сахнаның екі жағынан бөлек-бөлек болып кеп иін тіресіп тұрады. Хан қасына Бопай, Бұғыбай, Жоламан, Құдайменде келіп тұрады. Осылармен қатар Рүстем, Байұзақ, Сыпатай келіп шығады. Бұл уақытта жау сырнайы өктей береді. Жаңа дауысқа салғандай.*)

Көрініс

К е н е (*Байұзаққа*). Кешеден мына бір сырнай даусы жоқ еді... Жаңа шыға бастады... Бұнысы кім сиырша мөңіреген?

Р ү с т е м. Хан, кешеден бері қырғыздың шабағымен шарпысып жатыр едік, шаяны жаңа келді білем. Бұл сырт қырғызын жиып келген Орман. (*Сыпатайға*) Жүрегі шайлыға берсін.

С ы п а т а й (*ақырын*). Жақсы айттың, төре!.. (*Сол кезде ақбоз атқа мінген, қару асынған Науан шығады. Басында құндыз бөркі бар. Сыртқы құндыз ішіктің оң жеңін беліне қыстырып алған.*)

Д а у ы с т а р . “Науан, Науан!.. Батыр Науан келеді”.

Н а у а н. Уай, қазақтың баласы! Кенекем бастаған иігілікке етек-жеңіңді түріп, қатын, бала, ел-жұртыңды тастап еріп шығып ең. Осы игілік жолында өлсем арманым жоқ деп шығып ең... Абылай аспас асу деп тұр ананы! (*Қылышын жалаңдатып суырып алып, нұсқап тұрып.*) Неге содан аспай тұрмыз әлі күнге... Екіленіп ұмтылсақ аспайтұғын несі бар? Аса алмасақ, сол асуды мегзеп өлсекші... Шықтым мына мен я өлімге, я баққа. Өлсем — өкінбей өлемін... Мынау ақбоз атқа қызыл қаным жарассын. Кенекем бастаған ақ жолдың айтқан тоқтысы болып өлемін... Ол ел ұраны, елдік жолы! Ел болатының шын болса,

елу жігіт артымнан ер... Я, бабам, Абылай аруағы, қайдасың? Қолда... қолдай көр! (*Қылышын көтеріп, екіленіп басып тарта береді.*)

Н ы с а н б а й (*айғайлап*). Уай, жалғызым... Жалын жұтқан жалғызым! Сенен басқа ұл туды ма қазақтан?.. Жар бола көр, я, құдай!.. (*Жылап жібереді. Наурызбай шығуға жақындап, артына қарап тұрады.*)

А ғ ы б а й. Уай, тәуекел қыл да тас жұт, ажал келмей өлмек жоқ!.. Ердім міне мен Науанға... Шық еркекпін дегенің...

Б ұ қ а р б а й. Мен неге қаламын? Мен де еремін.

Қ ұ д а й м е н д е. Бұл дүниеде екі өлмек жоқ, екі айналып келмек те жоқ. Қалғаным да — өлгенім. Барып өлем онан да... Кеттім мен де... (*Бұлардың бәрі қаруларын асынып қамданып жатады.*)

Б і р н е ш е д а у ы с (*Екі жақтағы аз ғана батырлар дауысы.*) Мен де ердім! Мен де!.. Мен де!.. Кеттім. Кеттік Науанның артынан!.. Соңында өлеміз! Науанның!.. Кеттік!.. Жүр!.. Жүр!.. Баста!..

Н а у а н. Елу-ақ жігіт керек. Ер, олай болса, артымнан. (*Тартып береді. Екі жақтағы қолдан да жапырлап көп жұрт артынан шұбырады.)*

С о л д а у ы с т а р. Я, аруақ... Я бақ!.. Жусат!.. Жусат! Енді! (*Алысқа тасырлатып кетіп бара жатқан көп қолдың дауысы естіліп жатады.*)

Ж о л а м а н. Жолдарың болсын... Елу емес, жүзден аса жігіт кетті. (*Өзге мұнда қалған қол арттарынан қарап тұрады.*)

К е н е (*аз үндемей отырып барып, қасындағы Жоламан, Байұзақ, Бұғыбайларға*). Сорлы, менің ашуым мен қайратым екені рас еді. Атаның жалаңаш намысын уыстап туған ұлы еді бұл. Ашуы мен қайратына ақылы тең болса, менің орным осынікі еді... Кезенген жаумен кескілесіп тұрып өлісуге шыдайтын ұл болмаса, сондай ұлды туғызып тұрған ел болмаса, қазақтың қай ісі өрге басар дейсің? Жолы болсын сорлының! Қараңдаршы!.. (*Жоламан, Бұғыбай барып көзін салып қарап тұрады.*)

Ж о л а м а н. Араласты, араласты барып!..

Д а у ы с т а р. Тобымен барып араласты... Жау сырнайы басылып қалды... Жау тобы шашырай бастады...

Ж о л а м а н. Уа, сүйінші!.. Сүйінші!.. Жау қашты!.. Жау қашты!

К ө п д а у ы с. Жау қашты, жау қашты!.. Я, аруақ!.. Я, аруақ!.. (*Қол екіленіп қозғалақтай бастайды. Кене жылдам басып сахнаның төріндегі тасқа шығып қарап алып, айналадағы қолға.*)

К е н е (*айғайлай*). Уа, өлімге, абиұрға да ортақ болған достарым! Ажалдан бұрын кісі өлетін болса, өлмес пе еді, аналар?.. Не тұрыс бар... Не аяну бар енді?.. Жол болғанның алды осы. (*Қылышын суырып алып, басына көтеріп.*) Жеңілді, қашты, міне қырғыз... Бет қаратпа... Тарт енді артымнан... Бастатқан елім, шыбын жаным сенің алдыңда шықсын. Көр міне, сенен аяп қалған түгім жоқ. (*Бұл уақытта қол кернеп ілгері ентелейді.)* Я, бабам Абылай!.. (*Түсе жөнеліп.*) Абылай!.. Абылай!..

Қ а л ы ң ж ұ р т (*жосылып шулап*). Абылай!.. Абылай!.. Жау қашты!.. Жау қашты!.. (*Сатыр-сұтыр жұрттың бәрі кетіп жатады. Жоламан, Бопайлар да кеткен. Сахнадан жұрт арылып кеткен. Сыпатай, Байұзақ қана қалады. Жұрт кетіп арылып қалғанда Рүстем шығады.)*

Көрініс

Р ү с т е м. Бұ не, бұ не болды, бұл?!. Дулат қайда?.. Неге кетті?.. Қалған Дулат бар ма, жоқ па?

С ы п а т а й. Мына қария екеуміздан басқа бір Дулат та қалған жоқ.

Р ү с т е м. Не дейді?.. Не айтады?.. Білдірмеп пе едіңдер... Не деймін қырғызға... Сыйына шейін әкеп төгіп қойды.

Б а й ұ з а қ. Саспа, төрем... Өлім алдында тұяқ серіпкен сияқты бір жалғыз желік қой.

Р ү с т е м. Желік болса, Наурызбай желіксін, Дулатқа не бар?..

Б а й ұ з а қ. Е, шығарып салсын. Бір шабысқа ерсе, ерсін.

С ы п а т а й. Бірге де ергізбес едім... Көпшілікті хабарландыра алмай қалдым... Кәне, қай жерде әлгі қазынасы?.. Жүр, жүр, көрейік. (*Бәрі аяңдап кетіп бара жатады. Осы уақытта сахнаға қол кеткен жақтан Нысанбай шығады.*)

Көрініс

Н ы с а н б а й. Сүйінші!.. Сүйінші!.. Ақ түйенің қарны жарылды!.. Ханымдар, ханымдар қайда? Қуантайын... Уа, ханым-

дар қайда? (*Алдынан жүгіре басып 4-5 қыз нөкері бар, Карашаш шығады.)*

Көрініс

Қ а р а ш а ш. Шын ба, шын ба, жаным... ағатай!.. Ал... ал.... Сүйіншіңді!.. Науан ба осыны істеген?..

Н ы с а н б а й. Қалқатайым... Қуаныш, зор қуаныш!.. Қисайған жығаны түзеген Науанжан... Ақ беренім!.. Ақ жолдағы айшықты ала туым!.. Науаным!..

Қ а р а ш а ш. Уа, садағаң кетейін... жалғызым... жарығым... Науанжаным...

Н ы с а н б а й (*асығып*). Қарашығым... Қуан... Қуант... Науаннан басқа ер жоқ... Өл соның жолында!.. Уа, сүйінші... Сүйінші... Қайда ханымдар... (*Қарсыдан қатындардың қуаныш шуы естіледі*).

Қ а т ы н д а р д а у ы с ы. Уа, мұнда кел... Мұнда кел... Ханымға айт... Ханымға айт... Шақырады... Сүйінші... Сүйінші... (*Сахнадағының бәрі де жүгіріп шулап.*) Я, бақ... Я аруақ... Науан... Науан... Науан... (*Шығып кетеді*.)

Ш ы м ы л д ы қ

БЕСІНШІ ПЕРДЕ

Түн. Сахна ала көлеңке. Үш кісі қаруларын жастанып ұйқыда жатады.

Көрініс

Сахнаға бірінің артынан бірі тізіліп, жалтақтап қорқып келе жатқан үшеу шығады. Қашуға бет алғандар.

1-к і с і. Бұ, көп Дулат қайда, түге?..

2-к і с і. Қайтейін деп ең бар Дулатты? Топтанып қашушы мең...

3-к і с і. Ертеден білдірмей... Бізді кім елеп-ескереді дейсің. Әлгі басшы болыстарымыз ғой елден бұрын өздері бас сауғалады... (*Бұлар шығып кетеді. Аздан соң тағы бір үшеу шығады.*)

1-к і с і. Өй, Сыпатай мен Байұзақ қайда екен? Осында ма, кетіп пе?

2-к і с і. Олар бағана, елдің алдымен кетіпті.

1-к і с і. Бас амандаған деген сол ғой...

3-к і с і. Көрдің бе, бұл жеңілетін болған соң қырғыздан параны соғып ап жатқандарын... Басшы!.. Ел құйрығын қарға шанышқан деген осы міне! (*Кете береді.*)

Көрініс

Арт жақтарынан Ағыбай жылдам басып шығады.

А ғ ы б а й. Тоқта!.. Елмісің, жаумысың! (*Садағын кезеп қараңғыға атып жіберіп, тап береді де, тоқтай қалады.*) Бұ не жаным-ау, қырғыз-қазағы араласып кеткен бе, немене! (*Тағы да кезеніп атпай.*) Иә, кімсің әй?

Көрініс

Аздан соң сахнаға Науан, Құдайменде шығады.

Н а у а н (*Ағыбайға*). Шынды айтшы осы, қырғыз қамап алды ғой өзі әбден? Мұндағы қол қалай? Қарасы азайып барады. Қашып жатыр ма, осы неғып барады?

А ғ ы б а й. Шынды айтайын, Науанжан... қашып жатыр...

Қ ұ д а й м е н д е. Дулат түгел кетті дей ме, немене?..

Н а у а н. Не дейді, шын ба?..

А ғ ы б а й. Дулат түгіл өз қазағың да кетіп жатыр білем. Талай жанды көре алмай жүрмін.

Қ ұ д а й м е н д е (*Науанға*). Енді қайтеміз? Хан түстен бері қабағын қарс жауып, сөзді қойды. Бірдеңе байлау жасап, өзіне барып ақылдасамыз ба, қайтеміз?

А ғ ы б а й. Құр босқа қамалып өлеміз бе енді?..

Н а у а н. Ханда енді не ақыл қалды... Есеңгіретті ғой азғырынды араласты да... Адастырды ғой бұл елді. Мен білген Кенекем болса, енді өлімді тілеп отыр. Өрісін тауысқан сорлы сүйтпегенде қайтушы еді?..

А ғ ы б а й. Кене өрісін тауысқан болса, біздің қайда барып жайлауымыз жарасады?.. Қасықтай қанымыз қалғанша екеуіңнің қастарыңда боламыз.

Н а у а н (*Құдаймендеге сынағандай күлімсіреп*). Бұл сөзге сен не айтасың?

Құдайменде. Қалғанымыз бес болайық, он болайық, хан қасына жиылып тұрып, солар не көрсе, соны көрейік деймін.

Науан. Бәсе, өстіп бір жұбатары, бір сүйінтері болмас па?

Құдайменде. Әй, тентек-ай, сынамас жерде сынайсыңау!..

Науан. Мың-сан қол кетсе де, шын сенген достарым, сендер тастап кетпесең болады. Өлмейтұғын кім бар? Беттеген жолдан жалтартып, бір ізіңді екі бастыратын болса, ол өмір адыра қалсын. Ертең қаншамыз аман қалар екенбіз... Соның алдында ырза қошымыз осы болсын да. (*Күліп.*) Әдейі айтып тұрмын, соны ойлап.

Құдайменде. Айтқаның айтқан, неге күлесің?

Науан. Күлмей, тәңірі деген, жылаймын ба?.. Тіршілік деген арманыңа жетіп, жайлауың жарасқан күнде тәтті шығар. Әйтпесе, абиұр мен арымның садағасы кетсін...

Ағыбай. Науанжан, сөзіңе құлдық.

Науан. Иә, осы біздің антымыз болсын.

Құдайменде. Болса-болсын. Болсын солай. (*Аз тұрып.*) Онан соң бір сөз бар, мен осы байлаумен Кенекеме барып ақылдасайық дегелі тұрмын. Өзі көнетін болса, қазір өлісуге шыдайтын ең ірікті жігітпен ханды ортаға алып, жүріп көрейік. Жарып шығам сол қырғыздың шебін.

Науан. Мен қашты деген атты құптамаймын. Бірақ хан білсін, түбінде хан білсін... Ақылдассаң ақылдасыңдар... (*Науан қалады. Ағыбай, Құдайменде шығып кетеді. Науан тас үстінде қылышын ойнақшытып, ыңырсып бір мұңды сарынға салып әндетіп отырады. Аздан соң сахнаға Қарашашты бастап Құдайменде шығады.*)

Көрініс

Құдайменде. Қарағым, анау отырған Науан. Қазір сендер жүресіңдер де, ол бұл жерде қалады. Армандарыңнан шығып, арыздасып қал... Бүгінгіні құдай да, аруақ та кешеді. Бар, қарағым. (*Науан бұлар келгеннен түрегеліп, ұмтылғалы тұрған, Құдайменде қайта бұрылып жүруге айналғанда.*)

Науан. Уай, қайран ағам-ай, шыны кемел сен екенсің ғой.

Бар жарамды жаздың ғой. (*Қарашашқа.*) Келші... жалғызым... жалғызым...

Қ ұ д а й м е н д е (*кетіп бара жатып күліп*). Уай, тентек, сен білмей жүрсің ғой ағаңның сырын. (*Шығып кетеді.*)

Көрініс

Н а у а н (*Қарашашты келіп сүйіп*). Жарығым... Менен алыстап, суынып кетті ме деп едім... Іздеп пе ең мені?

Қ а р а ш а ш (*өңі ағарған, қаралы киімі бар, жүдеу*). Іздеп едім... Ағамның күйігін баса ма деп едім... Баспады... Тірлігімде сән жоқ, құр сүлдерім ғана жүр...

Н а у а н. Сәулешім, неге күдер үзесің?

Қ а р а ш а ш. Ай, Науан-ай, әншейін жұбатқың келеді ғой. Онан да маған шыныңды айтсаңшы...

Н а у а н. Солай ма, қалқам. Шынды айтсам, көріспеспіз де... Солай шығар... (*Аздан соң.*) Бірақ, осы жалындап тұрған шағымда өлімге көнгім де келмейді. Әлде тіпті аман да шығармын...

Қ а р а ш а ш. Бұл дәурен, тегінде, бізге бұйырылған дәурен емес.

Н а у а н. Шынымен солай ма?! Бүгінгі-ақ түн бе?

Қ а р а ш а ш. Бүгін-ақ... (*Үндеспей бір-біріне қарасып қалады да, кейін құшақтасып жүріп кетеді.)*

Көрініс

Сахнадан тағы 2-3 қашқын өтеді. Жалтақтап, көлеңкедей елбектеп бара жатады. Аздан соң арттарынан Ағыбай шығады.

А ғ ы б а й. Жаңа бір-екеу осылай кетсе керек еді. Қашып бара жатқан құрғырдың бірі сияқты... Кімдер екен бұл? Кешегі 12 мың қол, бүгін шілдің боғындай тозуы-ай... Кеше қара ордалы елдей болып, бүгін құйын қуған шөптей болып ұшуын қарашы... Желп етпей жатып басылып, жігерді құм қылғанда осылай құм қыласың да. (*Қарсыдан Бұғыбай шығады.)*

Көрініс

Б ұ ғ ы б а й (*жақындап келіп*). Бопайды көрдің бе? Қайда Бопай?

А ғ ы б а й. Е, қолбасы, ертеңгі күнге ойланған сенің қамың сол ма?

Б ұ ғ ы б а й. Ойланған қамым сол... сол-ақ... Қамыңды жеймін деп қамыға-қамыға болғамын... Ендігіні сендерге бердім... Көрдің бе, Бопайды?

А ғ ы б а й. Бопай жаңа сені іздеттіріп жүрген өзі де... Осы маңнан табылып қалар. (*Кекетіп.*) Бетің дұрыс. (*Бопай шығады. Бұғыбай қарсы аяңдайды. Ағыбай Бұғыбай келген жаққа өтіп кетеді.)*

Көрініс

Б о п а й. Немене, жаным-ау! Не боп кетті! Не болып барады қолдарың? Кетіп жатыр дей ме, немене?

Б ұ ғ ы б а й. Иә, кетіп жатыр... Қырғыз болса, қамап алды... Қол болса, кетіп жатыр... Таң атқанша кім қалары белгісіз... Тозығы жеткен дүние! Енді осымен тарқайтын шығар бұл той... Мен өзіңді іздеп келдім.

Б о п а й. Мен құрғыр іздемесең де осындамын ғой... Мен қайда қашар дейсің... Мына қайғыны айтсаңшы... Шынымен-ақ Кенекемнің жолы болмай, жығылғаны ма... жеңілгеніміз бе?

Б ұ ғ ы б а й (*келіп құшақтап, қасына алып отырып*). Бопайжан-ай, қайсыбірін уайым қылып, қашанғы жүдей береміз... Тасташы соны... Ойламау керек.

Б о п а й (*таңданып*). О не деген сөз? Сен қолбасылығыңды ұмытып кеткенбісің?.. Қысылған жерде ақыл табудың орнына ойламау керек дегенің не дегенің?

Б ұ ғ ы б а й. Ойлағанмен енді түк таппайсың, мен сені алып кеткелі келдім. Ермеймін десең — қоштасып кеткелі...

Б о п а й (*сөзін бітіртпей*). Не айтып отырсың өзің, Кенекем қайтеді?

Б ұ ғ ы б а й. Бірдеңе қылып шығып көрер. Қасында батырлар бар ғой.

Б о п а й. Қашқанды тоқтатады десе, бұл қай сөзің өзіңнің?

Б ұ ғ ы б а й. Бұл — қажыған қол. Ештеңе ем болмайды бәрібір.

Б о п а й. Оны сен қайдан білдің?

Б ұ ғ ы б а й. Мен ерте күннен білгем, шынды айтсам: мен де қажыған кісімін.

Б о п а й. Бұғыбай, сен мені адастырма, не боп кеткен өзіңе...

Б ұ ғ ы б а й. Мен осы келгенде, мендік екенің шын болса, сені алып кеткелі келдім...

Б о п а й. Мені әкетуден бұрын әуелі мына сөзіңнің жөнін ұқтыршы... Қолдың кететінін ертеден білсең, неге іркіп жүрдің? Неге айтпайсың барыңды?

Б ұ ғ ы б а й. Дулат арасына сөз кіргелі екі күн болды. Барымды айтсам, сол суық сөздің басталуына өзім де себепші болдым... Аздым мен де... Аздырды Наурызбай...

Б о п а й (*қасынан атып тұрып, ашулы*). Не оттап отырсың өзің?

Б ұ ғ ы б а й (*ашулы, түрегеліп*). Бопа-а-й! Бопай! Бұ не сөз?..

Б о п а й. Наурызбайды сылтау қып Кенекемді жарға жықпақшы екенсің ғой... Барлық ойлаған ой, беттеген адал ниетті былғапсың ғой. Құл демей сені не дейін...

Б ұ ғ ы б а й. Мен құл болсам, сен күңсің... Сен менің қатынымсың...

Б о п а й. Садаға кет, менен сен. Арам болармын енді саған...

Б ұ ғ ы б а й. Байқап сөйле, Бопай! Өкінесің... Менен қалсаң кеш болады...

Б о п а й. Өліп қалсам да енді саған ермеймін. (*Ашуланып.*) Әлдеқандай кәріп, сұңқар екен деп жүрсем, жемтік басындағы қарға екенсің ғой... Сөйтіп тұрған сен итке еріп, ағамды, арымды садаға қылып, артыңа міңгесіп қашып кетсем керек қой мен... Тапқан екенсің өзіңдей арсыз, жігерсіз жанды... Жоқ... ішімді жайлап жүрген қуарған мерез... Бопайды олай десең адасқаның... жоғал қазір жаның барында...

Б ұ ғ ы б а й (*саспай, кекетіп*). Жігер, намыс деп, хан деп, бек деп мен білмейтін қай сырың бар? Неменесіне дарданданайсың?

Б о п а й. Қысқарт, тарт енді тіліңді...

Б ұ ғ ы б а й. Мен хан қылсам, хан шығарсың... Менен жасырын қай түкпірің бар еді. (*Сылқ-сылқ күледі.)*

Б о п а й. Түкпірім бар... Тіліңді тартпасаң көрсетермін енді...

Б ұ ғ ы б а й (*кетуге бұрылып, әлі де күліп*). Өзім жайлаған байтал, өрекпімесеңші... (*Кетіп бара жатады.*)

Б о п а й. Ал, олай болса. (*Атып жібереді.*)

Б ұ ғ ы б а й (*арқасынан қадалған оқпенен сахна сыртында біраз өлімші дауыспен: “А, а, а, ңа...” деп барып, сахнаның шетіне шыға бере етбетінен құлап түседі.*)

Көрініс

Аздан соң Кене шығады, жалғыз. Бұғыбайды көрмей, тұнжырап, қайғылы күрсініп, тас үстінде отырады. Біраздан соң Жоламан шығады.

К е н е (*басын көтеріп*). Жоламанбысың?

Ж о л а м а н. Иә, тақсыр...

К е н е. Бала-шаға жүріп кетті ме? Жүргіздіңдер ме?

Ж о л а м а н. Тақсыр, әлі жүрген жоқ... Бірақ, қазір жүргелі дайын тұр. Жалғыз-ақ ханымдар сізге келіп көрісіп, амандасып кетсек деп лұқсат сұрайды.

К е н е (*саспай*). Жоқ... жоқ... Көріспей-ақ қойсын... Көрісетін не сиық бар? Құдай қосқан уақытта көрісерміз. Тапсырдым бір құдайға бәрін де... Жүрсін енді тоқталмай.

Ж о л а м а н (*үндемей тұрады да*). Солай дейін бе, тақсыр, енді? Келмесін дедіңіз ғой?..

К е н е. Айттым ғой, бар енді...

Ж о л а м а н. Құп, тақсыр. (*Кетіп бара жатады.*)

К е н е. Әй, өзгелерді қой. Сыдықты алып келші, маңдайынан бір сүйіп қалайын. (*Жоламан шығып кетеді. Кене үндемей отырып барып.*) Бойы өсіп, бұғанасы қатпай жас қалып барады... Атаның не қасіретпен өткенін ұғатын, түсінетін кезі емес... Болмаса, менің нәсілімде бір шағым ку қалса, осында бола ма деуші едім. (*Жоламан жетектеп 5-6 жасар Сыдықты алып шығады. Сыдық Кенені танысымен жүгіріп келіп, құшақтамақ болады. Кене бұрын құшақтап көтеріп алады. Бала мойнынан құшақтап, жабыса береді.*)

С ы д ы қ. Аға, жүр... Бізбен бірге жүр... Сені тастамаймыз...

К е н е. Тастамайсың, қарағым... білемін. Мен де барамын арттарыңнан... ұлғайып азамат бол. Ешнәрседен қорықпа, қорғанба! Артыңа үлгі қалдыратын адам бол... Еліңнің ері бол. (*Маңдайынан иіскеп.*) Ата жолын куарсың, жалғыз үміт қылған балапаным ең... Ақтарсың... Бірақ, заманың әлдеқалай болар. Кім білер. (*Бала жабысып қайта құшақтайды. Кене Жоламанға бергісі келеді.*)

С ы д ы қ. Кетпейміз... аға... жүр... жүр... қалма...

К е н е. (*Жоламанға беріп*). Қарағым, бар... бар... Апаңа сәлем айт. Құдайға тапсырдым. (*Бала жылайды.*) Бар, алып бар... Жолдары болсын. Бетінен жарылғасын. *(Жоламан Сыдықпен шығып кетеді. Кене Бұғыбайдың өлігін көреді.*)

Көрініс

К е н е (*жалғыз, Бұғыбайға бір рет үңіліп қарап танып, қайта бұрылып салқын).* Бұғыбай ғой! Бұндағы қол ішіндегі алалық та жетер өрісіне жеткен екен... Жасырғансыпты менен... Мәлім... мәлім еді... (*Тасқа отырып ойланады. Қасына Жоламан келіп төменірек отырады.*) Жерім таусылды. Өріс тарылып болды ма деймін... Нем қалды?.. Енді сенер кім қалды?.. Желік басылып бітті. Сөнді. Аз ғана ұшықтаумен-ақ басында желп еткен жігер қайта құлады. (*Біраз отырып.*) Кім ұқты? Кім қажымай еруге шыдады? Мені қара қайрат алған жоқ. Кескілесіп қарсыласқан жауым да емес... Сырттың күші жығатын болса, әлдеқашан жықпас па еді? Бәрі де ала алған жоқ. Мені іштегі дерт жығып отыр... Менің жауым... мұршам жетпеген жалғыз жауым... Өңшең азғын арам бездер! Солар ала қылды, солар адастырды елді де... Менің күйігім де, ажалым да солардан... Бірақ, мені жыққан сол жауыздар жұртты қоса жыққанын ұға ма екен? Ойлар ма екен? Алатаудың бауырында Кенесары жығылса... Түсінер ме соны? Өкінер ме? Менің жығылғаным арман емес. Жалғыз-ақ, ел болар ма деген елімнің көші қайда қалды? Қайда қалдың, қайран елім, не боп қалдың? (*Аз отырып.*) Мен сүйінер өмір, мен жұбанар үміт қалған жоқ... Бұдан арғыны көргенше Алланың ақ бұйрықты ажалы келсін. Содан басқа тілегім жоқ! (*Басын төмен салып шөккендей, үн шығармай маңдайына қылышын таянып отырып қалады.*)

Ж о л а м а н (*ақырын тұрып барып Бұғыбайды көріп өзі-өзіне).* Бұнысы несі? Мынаған не болған? (*Ойланып шығып кетеді.*)

Көрініс

Соның артынан жау сырнайы екіленіп шығады. Таң ағарып атып келе жатады.

Ж о л а м а н. Тақсыр-ай, жау қысып кетті ғой!... Қашпадың ғой тым құрыса...

К е н е. Оны ойлап күймей-ақ қой... Бала-шаға аман кетті ме? Өтті ме қамаудан?

Ж о л а м а н. Алдияр, аман өтті... Жаңа Ағыбай, Бұқарбай аман өткізіп қайтып келді.

К е н е. Дұрыс ендеше, арман жоқ... Ұрысып жатқандар кім? (*Көзін салады.*)

Ж о л а м а н (*о да қарап, шарт-шұрт ұрыс*). Ұрысып жатқандар Науан бастаған өзіңе қараған аз ғана батырлар. Сізді алатын болса, жау біздің өлігіміздан аттап келіп алсын. Қасықтай қанымыз қалғанша қырылып өлеміз деп жатыр. Сізді оятпа деп тапсырып еді, мен күзетте тұрмын.

К е н е (*қарап тұрып*). Күзетті не? Күзетпеді не? Енді бәрібір біткен шығар.

Ж о л а м а н (*соғысқа қарап тұрып*). Ай, есіл Науан-ай!.. Қарағым-ай!.. Жарығым-ай!.. Жаңа бір-екі батырын сайып түсіріп еді, енді міне... тағы екеуін түсірді... Әне... әне... Тағы бірін құлатты. Өзгелері де жан салып жатыр-ау... Ойпыр-ай!.. ойпыр-ай!.. Ойбай, құдай... Қаптап кетті ғой... Селдей басып кетті ғой. (*Кене үндемей қарап тұрады.*) Тақсыр... тақсыр!.. Енді міне, бітті ғой үміт... Қош, жарықтығым... қош! Қара түнде шамдай жанған жарық жұлдызым.

К е н е (*ақырып*). Көрсетпе босаған пішініңді енді... Өлсең үн шығармай өл. (*Сахнаға бастарын қызылмен таңған, қару-жарақты қырғыз батырлары шығады. Үрпиісіп тұрып алады. Бастығы Кәрібоз.*)

Көрініс

К ә р і б о з. Бар батырың тұтқын болды... Кенесары. Ханның қарамен жағаласқаны жараспас. Өзің де тұтқынсың енді, қолыңдағы қаруыңды бер.

К е н е. Ал келіп. Апарып берушіме ем. (*Екі қырғыз жетіп келгенде, Кене екі жағынан салып-салып жіберіп, құлатып-*

құлатып тастайды. Бірақ, сол уақытта өзгелер қаптап келіп ұстап, қаруын алады.)

Д а у ы с т а р . Байла қолын!.. Не қылмап еді... Кәдір білуші ме еді.

К ә р і б о з. Уай, тоқта, тоқтат, байлама... Қаруын алдыңдар ғой. Бос алып жүр. Жетеді со да!.. Жүр енді... Тарт! (*Бәрі жүріп кетеді. Жоламанды да ұстап алған, оны да алып кетеді.*)

Ш ы м ы л д ы қ

ХАН КЕНЕ

Историческая пьеса в 6-ти действиях

(*Подстрочный перевод*)
1928 год

Действующие лица:

Кене-Сары — потомок среднеординского хана Аблая, 30 лет.

Наурызбай (Науан) — брат Кене от другой матери, 24 года.

Ержан — племянник Кене, 35 лет.

Бопай — сестра Кене, 25 лет.

Карашаш — дочь Ержана, 17 лет.

Худай-Менде — потомок среднеординского хана Букея, союзник Кене, 30 лет.

Жоламан — советник Кене, 40 лет.

Бугубай — полководец, представитель сильного рода Чапрашты, 35 лет.

Бухарбай, Агыбай — батыры, представители сильных родов, 35—40 лет.

Кошек — старший сородич Кене, 45 лет.

Нысанбай — поэт-импровизатор при хане Кене, 40 лет.

Шеген — почетный бий Средней Орды, 70 лет.

Муса Чорманов — бий из рода Каржас, 40 лет.

Жан-Тюре, Шотай — султаны, ставленники царского правительства, 30—40 лет.

Бал-Кожа — бий, сторонник царского правительства, 50 лет.

Байзак, Сыпатай — руководители рода Дулат, 40—50 лет.

Рустем — тюре (ханский потомок) рода Дулат, 35 лет.

Жаман-Кара, Кары-Боз — послы от киргизов.

Орман, Жантай, Жанкараш — киргизские манапы.

Калигул, Тай-Сары, Толебай — джигиты-киргизы.

Джигиты, старики, женщины-казашки, женщины-киргизки, бедняки.

ХАН КЕНЕ

(*Вместо пролога*)

(Зеленый холм в степи. Вдали горы, в горах много аулов. День поминок хана Касыма (отца Кене). Проходит группа собравшихся на поминки — три человека средних лет.)

1-й человек. Соберутся на этом холме? Да?

2-й человек. Должно быть, тут.

3-й человек. Но разве людской муравейник разместится здесь.

2-й человек. Где им разместиться! Будут сидеть только тюре и вожди племен.

1-й человек. Если так, то давайте устроимся где-либо поблизости, пониже.

3-й человек. Ну и собралось же народу! (*Смотрит из-под руки назад.*) Точно муравейник!

2-й человек. Да о чем тут толковать! Ведь явились из всех трех орд.

1-й человек. Конечно, кто же отстранится от такого благого дела. Ведь пути Касыма и этого Кене особые. Все тюре — одна куча, а они двое — совсем иное.

2-й человек. Пусть сгинут другие тюре! Не они ли враги и народа, и вождя народного?! Только бы они не подставили ножку теперь этому.

(*Уходят. Входят четыре-пять джигитов.*)

1-й джигит. Ну, наверно, ни один из носящих клич “казах” не остался дома — ни батыр, ни певец, ни борец — все они тут!

2-й джигит. А почему не упоминаешь знаменитых биев, старейшин? Или они не в счет, по-твоему?

1-й джигит. (*смеется*) Ну какая цена старикам!

3-й д ж и г и т. Скажи — дряхлость и у себя дома есть.

4-й д ж и г и т. Почему дряхлость? Ведь они сколачивают народ для Кене.

1-й д ж и г и т. Народ объединится вокруг Кене и без них! И без стариков от его пути никто не отвернет головы.

4-й д ж и г и т. Как знать! Много друзей, но говорят же, что среди этих казахов есть и враги.

1-й д ж и г и т. Ничего они не сделают. Это — пять-десять тюре и продавшиеся за чины одиночки. Хлынет потоком народ, как золу их смоет.

2-й д ж и г и т. Глядите, там идут с кобызом, должно быть певцы, идемте туда скорее.

(*Проходят. Входят трое стариков.*)

1-й с т а р и к. Рассказывали, несметное число людей собралось некогда на поминки Аблая. Давно не бывало такого сборища, разве только поминки Аблая могут сравниться с сегодняшними. Какое множество!

2-й с т а р и к. И какие отборные люди собрались! Правду сказать, я не слышал и не видел ничего подобного.

3-й с т а р и к. Представь себе только число одних скакунов! Ведь 300—400 пускают, говорят.

1-й с т а р и к. А какие призы! Говорят, издержки взяли на себя Средняя и Малая Орда. Одних сирот — девять!*

2-й с т а р и к. Да, каждый крупный приз состоит из девяти ценных вещей. Во главе — сирота.

3-й с т а р и к. Да будет прославлен их путь! Дела погибшего недавно Исатая и этого Кене поистине особые. С давних времен, со времен Аблая и Тауке это забытые мечты... Враг силен и крепок, сбудутся надежды или нет...

1-й с т а р и к. Да, ты прав. Он задумал большое. Только бы народ смог поддержать.

3-й с т а р и к. Да, это важнее всего. Пойдет народ, может и выйдет... Как решат сегодня. Ну, надо где-то сесть.

1-й с т а р и к. А кони наши останутся там? Будет ли смотреть этот мальчик? (*Смотрит назад.*) А то как бы седла не попортили.

---

* Сироты, полученные в качестве приза. Будущие рабы.

3-й с т а р и к. (*Качает головой*). А у моего седла петля слабая, как бы не порвалась...

(*Проходят. Выходят три бедняка.*)

1-й б е д н я к. А нам мясо подали недоваренное и ни одного жирного куска. Будто и не ел!..

2-й б е д н я к. Да что там есть-то! Из баранины был всего несчастный кусочек передней ноги, да и тот сцапал Терликпай и один съел.

3-й б е д н я к. А сердце схватил Карткожа, сказал, сыну свезет.

2-й б е д н я к. Не напрасно говорят — "с неба сукна дождем, а бедняку и на стельку не достанется". Ханские, ханские поминки кричали, думал, бог знает что, оказывается, ничего особенного.

1-й б е д н я к. А ты думаешь всем такой прием, как тебе? Попробовал бы заглянуть в юрты биев и тюре.

3-й б е д н я к. То-то и оно! От угощений для них глаз померкнет... Каким бы хорошим ханом ни называли, для него голова — голова, а подол — подол. И дары, и угощения по весу.

1-й б е д н я к. На благо без возмездия какой же казах развернется?! Ты толкуешь об этом, все ликуют сегодня, а ведь может быть, тут же есть и плачущие.

3-й б е д н я к. Плачущие? Да вот они. (*Показывает назад.*) Давно эти женщины ходят со слезами, что-то каждому говорят.

(*Отходят, смотрят на вышедших четырех женщин. Женщины оборванные, старые, исхудалые, двое плачут.*)

1-я женщина. Эти бии и тюре у них сюда придут? Не знаете, милые? (*Смотрит на бедняков.*)

3-й б е д н я к. Да, сюда придут. А что вам, несчастным, до них?

2-я ж е н щ и н а. Как что? Малолетних наших сыновей как сирот отдают в призы эти сильные, чтоб им завыть в гробу!

3-я ж е н щ и н а. Разве их вина, что отцы умерли? Кого минует смерть? Если хотят славы, то разве через слезы обездоленных идет она? Где эти бии и тюре ихние?

4-я ж е н щ и н а (*юродивая, в руке посох.*) Да, скажешь, скажешь много... И моего сына забрали. Покарает их за это. (*Грозит назад посохом.*) Будешь выворочен с корнями. (*Прорицая.*) Я зрю... увидите, как это сбудется. О, боже истинный! (*Скреже-*

щет зубами, бледнеет.) Черная коза жизнью дорожит, а мясник жиром.

1-я ж е н щ и н а (*плачет*). Несчастный, родной мой! Стоит там в слезах! Молит: “Мама, спаси, куда меня угонят!”. (*Женщины плачут. Слышен гул идущих. Все проходившие возвращаются, сидевшие встают. Впереди идут с полосатым знаменем* (*желтое с белым*) *Аблая. Батыры в доспехах.*)

ДЕЙСТВИЕ 1-е

(Выходят полуголые борцы, за ними поэты, певцы с кобызами, кураями (вид флейты), за ними роскошно одетый Кене. По обе стороны бии — Шеген, Жоламан, Муса. За ними Ержан, Наурызбай, вооруженные ножами, кинжалами, и так же вооруженная Бопай. На холме разостлан ковер, туда направились Кене, Шеген и Муса. Когда Кене поравнялся с женщинами, они начали голосить.)

1-я ж е н щ и н а. Несчастный мой сирота, бедный, одинокий.

Ж о л а м а н (*повернулся к ней.*) Прочь! Что она болтает! Заткни свою пасть!

(*Несколько человек грозно придвинулись к женщинам. Женщины испуганно умолкли, а юродивая рванулась вперед.*)

К е н е (*повернулся к ним.*) Что тут? Что им надо?

Ю р о д и в а я. (*Оперлась на посох*) Мы сироты, обездоленные... Одни вот стоят перед тобой, а другие, дети, связанные, брошены там, отдадут в призы этим борцам и скакунам. Хороший тюре, что ты смотришь? И вы? Хваленые, что вы, ослепли? (*Кричит.*) Где вы, духи предков?! Направьте их на истинный путь! Или ты хочешь обидеть того, кто уже богом обижен? Увижу... увижу.

Ш е г е н. Это помешанная. Уберите несчастную.

Ж о л а м а н. Уведите злобную.

К е н е. Поведите к распорядителям, пусть успокоят их.

(*Кене, Шеген, Муса поднимаются на холм, садятся. Два джигита подходят к женщинам, хотят увести.)*

Ж е н щ и н ы (*шумят.*) Не пойдем туда! Освободи наших детей, тюре! Не проливай их слез! Не разлучай нас! Не будет тебе счастья, если заставишь плакать нас!

(*Джигиты уводят женщин, юродивая не дается, отбиваясь палкой.*)

Ю р о д и в а я. Поди ты дальше! Коснешься — покарает! (*Показывает посохом на хана.*) Тебя первого, тюре!

Ж о л а м а н (*наступая*). Замолчи ты!

(*Джигиты тащат ее.*)

Ю р о д и в а я. Увижу... тучи соберутся над твоей головой. Найдешь, найдешь свою кару! Надеялась на тебя, обманулась, и ты, как я, будешь обманут. Из твоего рта одним — масло, а другим — кровь. О, истинный боже! Запомни, запомни мои слова! Увижу... Увижу...

М у с а. Сгинь, ты, проклятая! Исчезни! Чтоб имя твое стерлось. Мы в счастливой надежде, откуда под ноги подвернулась такая собака!..

(*Женщину уводят. Собирается народ. Выходят вместе Шотай, Жан-Тюре, Бал-Кожа, садятся отдельно.*)

Ж о л а м а н. (*Обращаясь к Кене и Шегену.*) Вы — вожди народа. Вот перед вами черная казахская орда, вы хотели сказать им... Вот они ждут, говорите!

Н а у а н. Эй, вы, сыны казахов! (*Вынув саблю, указывая на горы.*) Они прозвали вон тот перевал "Гибельным перевалом", и мы до сих пор его не взяли... Разве не смогли бы мы преодолеть его. Пусть лучше погибнем там, если не одолеем! Вот я вышел, или удача, или смерть. Умру, не дрогнув! Пусть моя алая кровь украшает этого белого коня. Погибну жертвой светлого пути, по которому ведет Кенеке. Это желанный, заветный путь многочисленных родов казахских. Если ты достойный народ, пусть последуют со мной пятьдесят джигитов твоих! О, дух моего предка Аблая! Будь опорой мне! (*Подняв саблю, быстро направляется.*)

Н ы с а н б а й (*кричит*). О ты, одинокий мой! Ты, глотнувший пламя! Разве родился более достойный сын от казаха?! Аллах, будь опорой тебе! (*Плачет.*)

(*Наурызбай. Остановился, смотрит назад.*)

А г ы б а й. Если решился, глотай камень! Нет смерти до предрешенного конца. Иду я с Науаном. Выходи, кто считает себя мужем.

Б у х а р б а й. Зачем мне оставаться? Иду и я!

Х у д а й-М е н д е. Нет двух смертей, и не приходят к жизни дважды. Остаться — позорная смерть. Лучше погибну там и я. (*Все они вооружаются. Голоса со всех сторон*: "*Иду и я, иду и я, и я. За Науаном, умрем с ним, веди, веди нас*".)

Н а у а н. Только пятьдесят джигитов! Следуйте со мной! (*Уезжает. За ним ушло много народа.*)

Г о л о с а. О духи предков! Удачи нам, удачи! Уничтожьте, уничтожьте врагов. *(Слышны звуки уходящей рати.*)

Ж о л а м а н. Счастье на вашем пути! Не пятьдесят, а больше ста ушло. (*Все смотрят туда.*)

К е н е (*после паузы*). Несчастный, он был моей силой, моим гневом. Он знал только одну честь — ханскую... если он имел бы разум равный его силе и гневу, мое место принадлежало бы ему! Какое дело может иметь успех, если нет человека, который в борьбе выдержит, как кромсают его тело... и если нет народа, могущего родить такого сына... Пусть путь его будет удачен. Посмотрите-ка! (*Жоламан, Бугубай смотрят из-под руки.*)

Ж о л а м а н. Врезались... Смешались...

Г о л о с а: Все одной массой. Трубы врагов замолчали. Их силы рассеиваются.

С ы п а т а й (*Байзаку.*) Почему же много ушло и от Дулатов? Много ли? (*Слышны боевые клики казахов.*)

Б а й з а к. Ушло много, пусть, может что и выйдет...

С ы п а т а й. Зачем ушли? Уже и сам колеблешься? Разве не предупредил своих?

Б а й з а к. Всех не смог. Но ведь и предупрежденные ушли... Стой, потерпи. Народ охвачен жаром.

С ы п а т а й. Не надо теперь никакого жару! Киргизам послали наше обещание.

Ж о л а м а н. О, радуйтесь, радуйтесь! Бегут, бегут враги...

Г о л о с а. Бегут, бегут... О, предки.

К е н е (*быстро поднялся на высокий камень*). О, друзья, делящие со мной и славу и опасность! Разве не погибли бы те, если смерть приходит даже пред определенного конца. Чего больше ждать? Это начало нашей победы. (*Вынул саблю, высоко поднял.*) Вон, бежит побежденный киргиз, идите за мной! Народ, доверивший мне судьбу, пусть минует жизни впереди тебя. Смотри, ничего я не пожалел для тебя. О, дед мой Аблай! (*Быстро спускаясь, идет в бой.*)

Г о л о с а. Аблай, Аблай! Гони, бей, режь врага! (*Убегают все, остаются Сыпатай, Байзак, к ним входит Рустем.*)

Р у с т е м. Что же? Что это? Где Дулаты? Зачем? Остался хоть один Дулат?

С ы п а т а й. Кроме него и меня, ни единого.

Р у с т е м. Какой позор! Что я скажу киргизам. Они передали уже и дары!

Б а й з а к. Не огорчайся, тюре! Предсмертные судороги.

Р у с т е м. Пусть судороги у Наурызбая, а причем Дулаты?

Б а й з а к. Пусть проводят последний раз.

С ы п а т а й. И на это не пустил бы!

(*Медленно уходят. Выбегает Нысанбай.*)

Н ы с а н б а й. Радуйтесь! Радуйтесь! Счастье! Где ханши? Где? Обрадую! (*Навстречу выбегает с пятью девушками Карашаш.)*

К а р а ш а ш. Правда? Правда ли? Друг, родной мой! Возьми, возьми за радостную весть! Скажи, это дело Науана?

Н ы с а н б а й. Милая, радуйся! Великая радость! Это Науан вернул все! Меч мой! Мое знамя с полумесяцем, мой Науан!

К а р а ш а ш. Да стану я твоей жертвой, мой одинокий, мой луч. Науан мой!

Н ы с а н б а й. Дорогая, радуйся и обрадуй. Нет никого, кроме Науана! Умри за него. О, радуйтесь, радуйтесь, где ханши?

Г о л о с а ж е н щ и н. Иди сюда, сюда скорее! Ханша ждет. О, счастье, о, предки! Науан, Науан... Науан...

З а н а в е с

ДЕЙСТВИЕ 5-е

(Ночь. Звезды, лунные блики. Скалы. На сцену, оглядываясь, крадучись, выходят трое — это разбегаются Дулаты.)

1-й ч е л о в е к. О, пронеси, боже!

2-й ч е л о в е к. Ни слова! Проснутся!

3-й ч е л о в е к. А где все другие Дулаты?

2-й ч е л о в е к. Зачем тебе все Дулаты? Думал, бежать скопом? (*Проходят. Выходят еще четверо.*)

1-й. А где же ханы? Что с ними будет-то?

2-й. А что тебе до ханов? Хан о подчиненных заботится, а не подчиненные о хане. Знай, спасайся!

1-й. Отчего же? Как же? Шли за ним, а теперь бросаем, убегаем?

2-й. А ты виноват, что ли? Нас привели Рустем и Сыпатай, они первые и бежали. (*Проходят.*)

(*На сцену выходят Науан, Худай-Менде, Агыбай.)*

Н а у а н (*Агыбаю.*) Скажи правду, киргизы ведь окружили нас? Как наши силы? Мне кажется, убывают. Не бегут ли?

А г ы б а й. Скажу правду, милый Науан — бегут...

Х у д а й-М е н д е (*Агыбаю.*) Правда, что все Дулаты ушли?

Н а у а н. Неужели?

А г ы б а й. Не только Дулаты, но и свои старые казахи как будто тают. Многих вот не вижу.

Х у д а й-М е н д е (*Науану.*) Что теперь делать? Хан с полудня сумрачен, ни слова не молвит.

А г ы б а й. Неужели глупо погибать?!

Н а у а н. Чего же требовать от хана теперь? Он, несчастный, исчерпал свой путь. Сбил его этот народ. Что ему теперь делать?

А г ы б а й. Если для хана исчерпан путь, где искать блага нам?! Есть немного батыров, которых вчера народ выделил вам. Что ты скажешь им? Я пришел услышать об этом.

Н а у а н (*Худай-Менде.*) Что скажешь ты на это?

Х у д а й-М е н д е. Я предлагаю нам, оставшимся, быть около хана и разделить с ним все...

Н а у а н. Пусть одолевает враг, но если вы, друзья, которым я верил, не покинете меня, этого мне довольно. Кто завтра оста-

нется живым, кто уйдет — все же это будет нашим дружеским прощанием. (*Улыбается.*)

Х у д а й-М е н д е. Ну почему улыбаешься?

Н а у а н. Неужели бы я стал плакать? Жизнь сладка, когда в ней ты побеждаешь, иначе пусть она идет в жертву чести и славы моей.

А г ы б а й. Милый Науан, ты во всем прав. Это будет нашим решением.

Н а у а н. Да, это наше решение, наша клятва.

Х у д а й-М е н д е. Пусть будет так! (*Пауза.*) Надо с этим решением идти к хану, если он согласится вместе с нами и с отборным джигитами двинуться и прорвать их цепь.

Н а у а н. Я не одобряю бегства! Но пусть решает хан! (*Науан остается, Худай-Менде и Агыбай уходят. Науан садится на камень, играет саблей, поет грустную мелодию. Возвращается Худай-Менде, он ведет Карашаш.)*

Х у д а й-М е н д е (*Карашаш.*) Милая, вон сидит Науан. Сейчас вы поедете, а он здесь останется. Проститесь! Сегодняшнее и бог простит, и предки.

Н а у а н. О, дорогой брат! Как ты мудр! Ты вылечил все раны мои! (*Карашаш.*) Иди, моя единственная.

Х у д а й-М е н д е (*Отходя.*) Ты, юный, разве ты знаешь, кто твой старший друг! (*Уходит.*)

Н а у а н (*Подошел, целует Карашаш.*). Луч мой! Я думал, ты отдалилась, охладела ко мне, а ты искала?

К а р а ш а ш (*Бледная в трауре.*). Я думала, печаль об отце уменыиит это... Но не смогла. Я уже не живу, а тлею...

Н а у а н. Дорогая, мы увидимся еще.

К а р а ш а ш. Науан, ты хочешь меня утешить? Не надо, скажи правду!

Н а у а н. Да? Тогда, может быть, и не увидимся! Но не хочу умирать, когда во мне еще жизни огромное пламя. Должен выйти целым!

К а р а ш а ш. Это счастье было запретным для нас. В сталь закованное, недоступное...

Н а у а н. Все же мы достигли его!.. Кто еще знает... (*Собираются уходить, обнявшись.*)

К а р а ш а ш. После этой ночи, даже если ты вернешься, я уже такой не буду, Науан! Мы кончим, прекратим... Попрежнему стану твоей сестрой. Нас сбили с пути дни битв. Это запомни.

Н а у а н. Это окончательно? Только эта ночь?

К а р а-Ш а ш. Только! (*Уходят.*)

(*Через сцену пробегают еще двое-трое. За ними быстро выходит Агыбай.*)

А г ы б а й. Тоже из бегущих! Вчерашняя 12-тысячная сила — сегодня как стог сена, разметанный бурей! (*Выходит Бугубай.*)

Б у г у б а й. Ты не видел, где Бопай?

А г ы б а й. Ты так готовишься к завтрашнему дню, полководец?

Б у г у б а й. Да, так! Довольно моих забот и тревог. Остальное передаю вам! Где Бопай?

А г ы б а й. Она и сама недавно искала тебя. Где-нибудь тут недалеко. (*Выходит Бопай, Агыбай уходит.*)

Б о п а й. Что это происходит? Правда, что силы расходятся?

Б у г у б а й. Да, расходятся... А я пришел разыскать тебя.

Б о п а й. Я же ведь здесь, разве бегу куда? Говори лучше об этом несчастье! Неужели мы побеждены и целям Кенеке конец?

Б у г у б а й (*посадил около себя, обнял*). Милая Бопай! Разве перечислишь все печали, не надо думать!

Б о п а й (*удивилась*). Что это значит? Или ты забываешь, что ты полководец? В трудном случае — найти выход, а ты вместо этого говоришь, не надо думать?

Б у г у б а й. Теперь все равно ничего не придумаешь. Я пришел увести тебя, если не согласна — проститься!

Б о п а й (*перебивая.*) Что ты говоришь! А что с Кенеке?

Б у г у б а й. Как-нибудь с окружающими батырами.

Б о п а й. Вместо того, чтобы остановить бегущих, что ты говоришь?

Б у г у б а й. Утомленные силы ничем не вылечишь.

Б о п а й. Дулаты ушли целиком?

Б у г у б а й. Все.

Б о п а й. И они все до единого утомились, не пройдя даже полпути?

Б у г у б а й. Увели вожаки.

Б о п а й. Ты это откуда знаешь?

Б у г у б а й. Я это знал давно. Сказать правду, и я утомлен.

Б о п а й. Ты выскажешь до конца, ты не прежний Бугубай.

Б у г у б а й. Я пришел за тобой.

Б о п а й. Прежде чем увести меня, разъясни, как же ты знал о намерениях Дулатов и не говорил об этом?

Б у г у б а й. У них эти разговоры начались два дня назад. Откровенно говоря, я этому виною. Изменился я, Наурызбай изменил меня.

Б о п а й (*гневно вскочила*). Что ты сказал? Я считала тебя мужчиной, а ты, верно, раб!

Б у г у б а й (*медленно поднимается, сурово*). Бопай, Бопай. Что это значит?

Б о п а й. Из-за Наурызбая ты запятнал все наше дело! Кем иначе мне тебя называть?

Б у г у б а й. Если я раб, ты — рабыня, ты — моя жена!

Б о п а й. Нет, тебе больше не видать меня!

Б у г у б а й. Бопай, осторожнее, раскаешься! Отстанешь от меня, будет поздно.

Б о п а й. Я лучше умру, чем последую за тобой. Ты червь, который точил меня! Ты ошибся насчет Бопай! Прочь отсюда!

Б у г у б а й (*с иронией, медленно*). Честь... достоинство... хан... бек! А что неведомого у вас для меня? Куда себя превозносите?

Б о п а й. Довольно. Молчи!

Б у г у б а й. Хан — покуда ханом делаю я. Я покину, станешь несчастнее раба. (*Смеется.*)

Б о п а й. “Разруби змею на сорок частей, все же ящерицу одолеет!”. Тебе не равняться со мной.

Б у г у б а й (*собираясь уходить*). Кобыла, заезженная мной! (*Уходит.*)

Б о п а й. Ты не прекращаешь, гнусный раб? Раскаешься!

Б у г у б а й. Не раскаюсь.

Б о п а й (*быстро выхватила и навела лук*). Никогда не раскаешься?

Б у г у б а й. Нет. Я ухожу вот.

Б о п а й. На, получай тогда! (*Стреляет, Бугубай падает. Бопай уходит. Скоро выходит один Кене. Затем Жоламан. Кене сидит на камне.*)

К е н е. Это ты, Жоламан?

Ж о л а м а н. Я, мой господин!

К е н е. Отправили женщин и детей?

Ж о л а м а н. Еще не отправились, мой господин. Готовятся сейчас и ханши хотели проститься с вами.

К е н е. Нет, нет. Без прощаний. С каким видом? Поручаю их богу. Пусть скорее едут.

Ж о л а м а н (*пауза*). Итак, им ехать, мой господин?

К е н е. Я сказал. Иди (*Жоламан хочет уходить.*). Да, приведи-ка Сыдыка. (*Жоламан ушел.*) Искрометный кремень из моего рода, может, будет он. (*Жоламан приводит шестилетнего Сыдыка. Мальчик узнал отца, бежит и хочет обнять, но отец поднимает его сам.*)

С ы д ы к. Иди, иди вместе с нами. Мы тебя не оставим.

К е н е. Знаю, не оставишь, мой хороший. Я подоспею за вами. Ну, вырасти большой. Не бойся, не робей ни перед чем. Будь храбрым сыном своего народа. (*Целует в лоб.*) Орленок мой, надежда. Только какое будет время твое? (*Мальчик обнял, жмется. Отец хочет передать Жоламану.*)

С ы д ы к. Мы не уедем... иди... иди.. не оставайся.

К е н е (*передал Жоламану*). Родной, иди, иди. Передай мой привет матери. (*Мальчик плачет.*) Иди, веди, счастливый им путь. (*Жоламан уходит с Сыдыком.*)

К е н е (*один. Прошелся, увидел тело Бугубая, повернулся.*). Это Бугубай!.. Раздоры и внутри дошли до предела...Не говорят мне. Но было, было известно. (*Садится на камень, думает. Через некоторое время вынул саблю, оперся лбом о рукоятку — не понять, дремлет или в раздумьи. Выходит Жоламан. Видит Бугубая.)*

Ж о л а м а н. Что это? Что с ним? (*Пауза. Светает. Вражеские трубы. Слышен близкий бой.*) О, мой господин! Враги сжимают ведь. Не подумали спастись!

К е н е. Прошли ли благополучно дети?

Ж о л а м а н. Да, прошли.

К е н е. Хорошо! Больше нечего мне желать... Кто же виноват? (*Бой приближается.*)

Ж о л а м а н. Воюют во главе с Науаном преданные тебе батыры. Просили вас не будить. Я охранял вас.

К е н е. Охранять? Нет, теперь все кончено!

Ж о л а м а н (*смотрит*). О, славный Науан! Только недавно он сразил двух батыров, а теперь еще одного! Вон, вон и еще одного! Как не жалеют душ и другие! О, ужас, о, ужас! Что же это такое! Нахлынули потоком (*Кене смотрит молча.*). О, вот. Кончены надежды! Прощай, прощай, мой господин!

К е н е. Не показывай слабости. Умри, не издав ни звука! (*С двух сторон на сцену выбегают киргизские батыры, головы повязаны красным, во главе их Кары-Боз.)*

К а р ы-Б о з. Все твои батыры в плену, Кене-Сары! Хану не к лицу драться с подчиненным, и сам ты в плену, дай оружие!

К е н е. Подойди, возьми... (*Подошли двое киргиз, Кене убивает их, остальные бросились, отбирают оружие.*)

Г о л о с а. Вяжите руки! Чего он нам не делал! Разве ценит уважение!

К а р ы-Б о з. Э, стой! Не вяжите! Ведите так! (*Все отправляются, увели и Жоламана*.)

З а н а в е с

ДЕЙСТВИЕ 6-е

(Большая юрта манапа Жантая. Сидят Жантай, Калигул. Затем входит Жанкараш.)

Ж а н к а р а ш. Во всех аулах в пути я видел много плачущих женщин. Кое-где скапливаются в группы. Оказалось, это жены умерших в бою. Всего их около 300. Мы думаем совещаться. А они немой поток. Как бы не сделали чего!

Ж а н т а й (*Калигулу.*). Иди тогда скорее и посади джигитов этого аула на коней.

К а л и г у л. Что им поручить?

Ж а н т а й. Пусть передадут от нас, чтоб женщины не являлись. Не бабы, а киргизские джигиты воевали с казахами под

нашим руководством. Если мы сумели победить, мы сумеем и наказать! Пусть расходятся!

К а л и г у л. Хорошо, я пошлю. (*Уходит.*)

Ж а н т а й. Где же Орман и Кары-Боз? Надо что-нибудь заранее решить, а то будет поздно.

Ж а н к а р а ш. Это верно. Разве чернь поймет, что больше не воюем. (*Входят Кары-Боз, Орман.*)

Ж а н т а й. Мы ждем вас! Три дня в плену Кене-Сары и Наурызбай, народ торопит, требует решения. Из вас каждый уже обдумал, что скажет?

О р м а н. Да, именно. Что же вы сами скажете? (*Пауза.*) Петля русского царя, накинутая на шею казаха, тянется и к киргизу. Правда, они поступали с киргизами хуже врагов, но полет его был дальний и его цели были и нашей целью. Нам известно и настроение народа. Решим по его желанию или иначе?

Ж а н к а р а ш. Народ — толпа, они не видят даль. Он знает сегодня только слепую месть, но если мы все решим одно, то, может быть, это остановит их?

К а р ы-Б о з. Я не надеюсь. В крайнем случае надо хоть наполовину удовлетворить его. А о другой половине обстоятельно потопковать, разъяснить.

К а р ы-Б о з. Здесь сильнее озлоблены на Наурызбая... и трудно заставить забыть то, что сделано им тынайцам... Мне казалось, что и Кене-Сары был огорчен этим его поступком.

О р м а н. Да, это верно. Байзак так мне передал.

К а р ы-Б о з. Поэтому он должен быть наказан за свои дела. Дело Кене-Сары — наше дело. Мы сойдемся с ним, благословим и направим против русских, а пока отпустим с дарами. Наурызбая передадим в руки народа, может, и его пощадят.

Ж а н т а й. Это не годится, Кары-Боз! Не надейся, что народ пощадит Наурызбая! Растерзают. А какие после этого могут быть мирные отношения с Кене-Сары? И где же наше сочувствие его делу? (*Пауза.*) Нет, или тут решишь не разойтись с народом и выдашь...

Ж а н к а р а ш (*перебивает*). Нет, мы не можем нашим советом выдать их на смерть...

Ж а н т а й. Тогда надо вернуть их обоих. Давняя киргизская традиция — плененного хана отпускать с невестой, с дарами... То же сделаешь и им. (*Вбегает Калигул.*)

К а л и г у л. Наводнили аул плачущие женщины!.. Разыскивают по юртам Кене-Сары и Наурызбая. Что делать?

О р м а н (*кричит*). Скорее джигитов на коней. Очистить аул! Здесь еще нет решения! (*Калигул уходит. Входит джигит.*)

Д ж и г и т. Не только женщины, и джигиты из рода Тынай и Болекпай! Хотят расправы. Их масса.

О р м а н. Да, ведь и это изнутри подтачиваемый, разлагающийся народ... Разве поймет? Мутят, конечно, лжеревнители народной чести.

Ж а н к а р а ш. О, как бы не совершили ужасную ошибку!

К а р ы-Б о з. Что нам теперь предпринять?

О р м а н. Эта юрта — старейшая юрта рода Солты, кроме того, это орда их манапа, вождя. Может быть, это их остановит? Кене-Сары с Наурызбаем приведите сюда! Калигул, ты будь с ними, а мы все выйдем, попробуем поговорить с отдельными лицами из них.

Ж а н т а й. Ничего больше не остается делать? (*Калигулу и джигиту.*) Идите, приведите! (*Те уходят.*)

К а р ы-Б о з (*Все встали, собираются выходить.*). Согласится народ, остановим. Не согласится — что тогда делать? Темная сила и ее обычный самосуд. (*У выхода их встречает другой джигит.*)

Ж а н т а й. Ну, что там происходит?

Д ж и г и т. Пленных нашла часть джигитов, остальная толпа с женщинами была вдали, сейчас послали известить.

Ж а н к а р а ш. Что сделали с пленными?

Д ж и г и т. Обоим сковали руки. Но пришел Калигул, собирается вести сюда. (*Все выходят, быстро вводят Кене-Сары и Наурызбая. Руки их скованы. С ними пять-шесть джигитов-киргизов во главе с Тай-Сары и Толебаем.*)

Т а й-С а р ы (*гневно*). Думают, если у Жантая, то не посмеют! Как же, (*с иронией*) темная масса побоится старой юрты, вождя племени! Нет, ошибаетесь! Вы сильны, вам покоряется народ, пока не разгневан на вас! Теперь народ одно, а вы, вожа-

ки-одиночки, как эти вот отвергнутые своим народом, одиночки. Зовите сюда женщин! Пусть они их увидят.

Т о л е б а й. Созывайте женщин! Манапы думают их спасти!

Т а й-С а р ы (*Кене-Сары*). Есть ли живые из киргизов, попадавших к тебе в плен? (*Кене молчит*.)

Т о л е б а й. Почему не отвечаешь? За все время плена, говорят, ни слова он не молвил!

Т а й-С а р ы. Скажешь или нет?

К е н е. Кто есть, кого нет, перечислять не стану!

Н а у р ы з б а й. Что с ними церемониться. Разреши, я отвечу, Кенеке! Эй, собака, кого тебе надо? Стал бы я скрывать свои поступки!

Т а й-С а р ы. Спрячь свое жало!

Н а у р ы з б а й. Несчастный, ты думал, я дрогну!

Т о л е б а й. Что сделали с Жаман-Кара, где Калпак?

Н а у р ы з б а й. Жаман-Кара — казнен, Орманбек — уничтожен, Субанбек — раздавлен, а Калпак твой сравнен с землей вот этой моей рукой. Вот, поступай, как сумеешь! (*Приближается толпа женщин и мужчин, впереди юродивая.*)

Ю р о д и в а я. Ты, хваленый тюре! Узнаешь ли ты меня? Я шла всюду за тобой. Моего сына рабом увел один из твоих биев. Не успела я его разыскать, как этот бий передал его далекому, черному роду в числе приданого своей дочери (*не разборчиво*) ...погиб он для меня! Ты (*машет палкой*) кистень, брошенный неумелой рукой, бьющий по голове и по ногам самого же! Ты говорил только о народе и, говоря, пил его слезы. Сначала это были слезы порознь, ты пел и пел, говорил за народ, но я увидела, убедилась, народ — одно, а ты — совсем другое. Теперь *(указывая на приближающуюся толпу женщин)* смотри, вот во что вылились эти отдельные слезы.

(*Проходит толпа женщин, мужчин*.)

1-я ж е н щ и н а (*с иронией*). О, ты, хороший хан! Хорошо ли тебе? А я жена убитого тобою Жаман-Кара, ты должно быть самый смелый, если победил моего мужа. Я пришла приветствовать тебя! (*Шагнула*.)

К е н е (*пристально смотрит*). “Да, подлинному герою погибель от подлой бабы”, иди, что же!

1-я ж е н щ и н а (*вынула из-за пазухи кинжал, ударяет Кене*). Вот, вот, я пришла!

2-я ж е н щ и н а (*выступила вперед*). Я жена Калпака. На мою долю остался ты, Наурызбай?! Тебя-то и нужно было мне!

Н а у а н. Эй, киргизы! Мужей твоих не стало? Пусть меня убьет мужчина!

Т о л е б а й (*оттолкнул жену Калпака*). Отойди! Вот мужчина! (*Убивает. Науан падает.*)

2-я ж е н щ и н а. Крови, крови его!

1-я ж е н щ и н а (*до сих пор сидевшая, вонзив нож в Кене-Сары, поднимается*). Вот, пусть стенают и твои, как я после мужа! (*Падает в истерике.*)

З а н а в е с

Мұхтар Әуезов жариялаған ауыз әдебиеті нұсқалары

КҮДЕРІ ҚОЖАНЫҢ ҚАРҚАРАЛЫ ТАУЫМЕН ҚОШТАСҚАНЫ

Қарқаралы, Қазылық,
Жатушы едің жазылып.
Жазғытұрым болғанда,
Бауырыңнан ел көшкенде,
Көштің жолы сүрлеу боп,
Қалушы еді қазылып.
Жатып қалған жас қозы,
Жайылып қой болған тау.
Егізімнің сыңары
Жайылып қой болған тау.
Бірін сойса той болар,
Қалған бірі — Балқаш боп.
Бағлан қозы қой болар.
Сойғаныныҥ терісі
Жөнін білген шеберге,
Бір өзі бір бой болар.
Елей білмес жаманға,
Ел құрып кеткенде,
Ала шолақ иттерге
Көкпары болып тартылып,
Не ермекке той болар.
Қарқаралы қайран тау,
Тиюші еді пайдаҥ тау.
Пайдасыныҥ белгісі,
Ойымда тұрған өлкесі.
Өлкесініҥ белгісі,
Шаҥырағым, уығым,
Үйде бақан, сырығым,
Ат ұстайтын құрығым.
Қазаныма қақпағым,
Желі бір соғар тоқпағым.
Арба, арыс, белдігім,
Ел қыстауға келгенде,
Сиыр бір жатар шілігім.
Ат жүре алмас аралдым,
Ішінде бұғы, маралдым.

Бұғы да марал жатқан жер,
Мергендер таңдап атқан жер,
Мерекеге батқан жер.
Артығын алып сатқан жер.
Бай төбеті аңқылдап,
Байсал тауып үрген тау.
Баласы қаздай байпаңдап,
Бәйбіше дәурен сүрген тау.
Әкем бір күйеу болған тау,
Шешем бір келін болған тау.
Ақ бүркеншік салынып,
Ала берен киген тау.
Кетейін деп кетпедім,
Төңірегің толған жау.
Сайында қопа қамысым,
Тамам бір жұртқа танысым,
Мынада кәпір зорлықтан,
Қалдың-ау есіл қонысым.
Боранда малым ықпаған,
Үйімді дауыл жықпаған.
Шағыр бір жусан изендім,
Сенен де кетіп күйзелдім.
Байлаулы атқа пішенім,
Матаулы атқа кісенім.
Ат арқандар қазығым,
Балаларға азығым.
Кетейін деп кетпедім,
Кәпірден болды жазығың.
Он екі қазылық он түнек,
Есіл, Нұра екі су,
Еңкейіп онан бетің жу.
Бірің де шекер, бәрің бал,
Қай біріңді айтайын.
Бетеге, көде, жауылша,
Шулап тұрған бәрің бал.
Кетейін деп кетпедім,
Алып кетті кәпір қу.

АБЫЛАЙ ОРЫСПЕН СОҒЫСАМЫН ДЕГЕНДЕ БҰҚАР ЖЫРАУДЫҢ АЙТҚАН БІР ТОЛҒАУЫ

I

Абылай ханның қасында —
Бұқарекең жырлайды.
“Жырлағанда не дейді?”
Соғыспа деп жырлайды.
Жаулық жолын сүймеңіз;
Мынау жалған сұм дүние
Өтпей қалмас демеңіз.
Мұсылман болсаң, кетіңіз,
Сырдарияның суынан,
Көлденең кесіп өтіңіз.
Үш жыл малды ту сақтап;
Жиделібайсын жетіңіз.
Кісісі жүзге келмей өлмеген,
Қойлары екі қабат қоздаған.
Қатын-бала қамы үшін —
Солай таман жетіңіз.
Менің жасым тоқсан үш;
Мұнан былай сөйлеуім
Менің де болар ауыр күш.
Өлетұғын тай үшін,
Қалатұғын сай үшін,
Қылмаңдар жанжал, ерегес!
Бұ қылықты қоймасаң,
Құдайдың бергеніне тоймасаң,
Ағаш үйде кәпір бар,
Көрерсің сонан теперіш.
Мұсылманның баласы,
Сірә, бір кеңес құрыңыз,
Бір ауызды болыңыз.
Қалған елді қостаңыз,
Бөтен елмен үйір боп,
Іргеңізді қоспаңыз.
Кәпір бір алмас демеңіз,
Наны қатты, жемеңіз.

Зайыры қатты бұ кәпір,
Алмай қоймас демеңіз.
Көкшетаудан салдырған
Қараүңгір жолдары.
Сабантаудан жиылып,
Бес сан болды қолдары.
Өзің қонған Көкшетау —
Көпір қала салды, ойла.
Жарқайың деген жерлерге
Шашылып шеті барды, ойла.
Атбасар мен Қалғұтан
Балығы тәтті су еді,
Өне бойын шаңдып ап —
Сүзегін де салды, ойла.
Қарқаралы деген тауларға,
Қарқарасын шанышты, ойла.
Бетеге мен көденің,
Берекесі қашты, ойла.
Көкмұрын деген жерлерге,
Қыстауын сонан төкті, ойла.
Жылқысының суат суына,
Шошқасын ап кеп екті, ойла.
Ұлытау шеті Созақтан
Созақтан бергі жерлерден
Көгорай шалғын көре алмай,
Шұбырып қазақ кетті, ойла.
Баянауыл, Қызылтау,
Оны да кәпір алды, ойла.
Жерлікте жетер суды, ойла.
Шүршітпенен құлақтас,
Қырғызбенен жұбаптас,
Ортасында ұйлығып,
Кетейін десе жері тар —
Кетпейін десе алды-артын
Қоршап бір алған кәпір бар.
Ұйлыққан қойдай қамалып,
Бүйірінен шаншу қадалып,
Сорлы бір қазақ қалды, ойла.

II

Ай, Абылай, Абылай!
Қатын алма қарадан —
Қара тумас сарадан.
Қатын алсаң қарадан,
Алды кетпес баладан,
Арты кетпес жаладан.
Қатын алма төреден!
Қатын алсаң төреден,
Еркегі болар жау жанды...
Ұрғашысы ер жанды.
Төре бірер ұл туар,
Аузы кетпес парадан.
Мал жинасаң қойдан жи,
Майы кетпес шарадан.
Ит жинасаң сырттан жи,
Қойды бермес қорадан.
Аталыдан би қойсаң.
Адаспас жол мен жобадан.
Атасыздан би қойсаң,
Босанбас аузы парадан,
Ағар дария су кетпес,
Қалмақтан алсаң маһи бір зайып,
Сүйегіңді жоғалтпас.
Отының болсын жантақтан,
Қатының болсын қалмақтан,
Қонысың болсын қазақтан.
Сегіз қиыр шартарап,
Төрт құбылаңды түгел қып,
Төріңде жатып салмақтан.

СЫБАН САБЫРБАЙ АҚЫННЫҢ СОЛТАБАЙ ТӨРЕГЕ АЙТҚАН СӨЗІ

(Көкбай ақсақалдың айтуынша)

Солтабай Сыбан ішінің кәдірлеген төресі болып тұрған заманда бір уақыт елмен бір қоныстың турасында шалыс келіп ұғыса алмай қалады. Соның арты өкпе болып, Солтабай Сыбанды тастап, көрші Найман ішіне көшіп кеткен. Арада бірталай мезгіл өтеді. Ол кез "төресіз ел некесіз қатындай" деген уақыт еді.

Сыбан Солтабайдың кеткеніне аздан соң күйінді бола бастайды. Сонда елдің сәлемін өкпелеп кеткен төреге айтқалы Сабырбай ақын келеді. Сабырбай — Ақтайлақ бидің баласы. Өзі де елдің басты кісісі болған. Сабырбай келгенде, Солтабай "ауыл қайда?" деп сұрайды.

Сондағы Сабырбайдың сөзі:

Алдияр біздің ауыл Берікқарада[1],
Белге соққан жыландай екі арада.
Тобықты күнде тиіп жылқы алады[2]
Иесіз иен елде ерік бола ма?
Шұбарым, арғымағым, арыстаным[3],
Сөзге бай, ауыздыға қарысқаным,
Жасықты жанып-жанып тасқа салған
Болаттың суын тапқан данышпаным.
Шұбарым, арғымағым, кермаралым,
Өз заңынша бөлкендік, жандаралым[4].
Кәпір қаулан болғанда, мұсылман аз[5],
Қайраңдап қазы құрттай жан қаларым.
Шұбарым, арғымағым, жүлде алғаным,
Арқауылдың жонындай күн шалғаным.
Асусыз тау, өткелсіз су келгенде,
Құйқылжып құладындай жол салғаным.
Шұбарым, арғымағым, сары жілік,
Арғын, Найман арасы болды бүлік[6],
Ежен тышқан қыстайды Құндыздыны
Иен тұр бабаң қонған Қызылшілік[7].
Солтеке сеніменен қай төре тең,
Төрені ақыл, қараны қайратпен жең.

Жалды жылқы, құйрықты қой жемеген
Хан ием-ай, сол мінезің Жайықтан кең.
Солтекем бес Байыстың қарағындай[8],
Әлібек, Айтақ қыстайды Қарақұмды-ай.
Қолына отты шала ұстап туған
Жат бауыр қыла көрме Барағымды-ай[9], —

дейді, сонда Солтабай төре малшыларына “түйе қайда” деп, бөгелместен көшіп, Сыбан ішіне қайта келіпті.

Жинаушы: М.

БҰҚАР ЖЫРАУДЫҢ КЕРЕЙГЕ АЙТҚАН СӨЗІ

(Көкбай ақсақалдан)

Абылайдың тұсында Керей мен Арғын ішінің бір аурудың жанжалы болып Арғын жағынан Ақмырза деген біреу соққыға жығылып өліпті. Бұл өлімнің артынан екі елдің арасын ашатын үлкен тартыс дау болып, кесімге тоқтаса алмай, Арғын тізе қылыңқыраған соң, Керей өкпелеп ауа көшкен.

Сонда Керейге Абылайдың сәлемін айтқалы Бұқар жырау қуа келіп, мына сөзді айтыпты:

Керей, қайда барасың,
Сырдың бойын көбелеп.
Сен қашсаң да, мен қойман
Арғымағым жебелеп.
Енді алдыңнан шығайын,
Жауған күндей себелеп.
Ақмырзамды өлтірдің,
Ақ сойылмен төпелеп.
Мен Арғын деген арыспын,
Азуы кере қарыспын.
Сен бұзау терісі шөншіксің
Мен өгіз терісі талыспын.
Абылай алдында сен бітсең,
Құдандалы таныспын.
Егер Абылай алдында бітпесең,
Атасы білмес алыспын.
Көшің кетер бір жаққа,
Малың кетер бір жаққа.
Көш соңынан жете алмай,
Есің шығар сол шақта.
Жар басына қонарсың,
Жарты лашық тігерсің,
Аузыңнан ас кетер
Қара көзден жас кетер,
Бұ қылығың қоймасаң
Сонау кеудеңдегі
Дулығалы бас кетер.

Бұл сөзді Керей естіп бұл дауын да, билігін де өзі айтыпты: «Біз Абылай алдына барып қыз беріп құдандалы болсақ, табысады екеміз. Олай болса кетпейік, қайтайық”, — деп қайта көшіп келіпті.

АЙ, ТАҢСЫҚТЫҢ ҚОШТАСҚАНЫ

(Жанақ ақын айтуындағы
“Қозы Көрпеш — Баяннан”)

Қарабай көше қашып жөнелгенде, ел-жұртқа екі қыздың қоштасқаны:

“Балталы, Бағаналы ел аман бол,
Бақалы, балдырғанды көл аман бол!
Теруші ем еріккенде ермек етіп,
Екпе жиде, алма ағаш, гүл аман бол!
Жібектей шалғынында ойнап өскен
Сегіз сай тау біткенді сала аман бол!
Үйеңкі, қайың, терек, тал аман бол,
Қалған ел, қалайықтың шалы аман бол.
Қайын атаң Қарабай сенен қашты,
Жөргекте Қозы Көрпеш бала аман бол!
Тауып ал, қуып жүріп арттан іздеп,
Ел жақсысы Тайлақ би айтқаным сол.
Осы ізі тоқсан мыңның соқпақ болар,
Жоғалмас қайда барсаң жазылған жол.
Тайлақтың енді аман бол қалған елі
Арқаның сен де аман бол қоңыр желі.
Ыстықта күн жүрмейтін салқын соғып
Аққан бұлақ, дүм ағаш көлеңкелі.
Ұзын өлке, жота мен төбе аман бол!
Тайлақ би ел жақсысы көп аман бол!
Изенді, бетегелі, мың жусанды
Ақ көде, малға шүйгін шөп аман бол!
Жасы кіші іні мен аға аман бол!
Іребдел өңшең мырза жаға аман бол!
Қайын атаң Қарабай сенен қашты,
Жөргекте Қозы Көрпеш бала аман бол.

Баянды бермей кетер саған боқты,
Айым, күнім атарсың қазалы оқты,
Күнінде күйеу болып іздеп келсең,
Жолыңда біз тұрармыз айтқан тоқты.
Қозеке, піспей қалған сен бір алма,
Бойыңа қуат кіріп күш толар ма.
Қозы Көрпеш күйеу боп, біз қайын бике,
Иілісіп тұратын күн бола ма?
Қолынан ит Қарабай малың соймас,
Сол нәлет дамыл қылып дәмге тоймас.
Құдайым тағдырыңды қосқан болса,
Қайда барсаң онда бар, сені қоймас
Үйіңе құдай оңдап қыдыр қонар.
Ер Лұқпан қолтықтап жолдас болар,
Егерде сапар қылып іздеп келсең,
Осы ізі тоқсан мыңның соқпақ болар.
Балталы, Бағаналы халық аман бол,
Жөргекте Қозы Көрпеш жалқы аман бол.
Жеңеше, құрбы-құрдас, келін-кепшек,
Қалайық бізді ойлаған жалпы аман бол!”

ЖАМАН БАҚСЫНЫҢ САРЫНЫ

(Көкбай, Құраш ақсақалдардың айтуынша)

Жаман бақсы Шақар бақсының әкесі. Шақар ат бәйгесіне қобыз қосып алдына келтіріпті деп, Тобықты ортасы аңыз қылады.

Жаман бақсыға мына сарынды Сабырбай ақын шығарып берді деген сөз бар:

Қаулан көкте жылқы ойнар,
Аталы ұлдың құлы ойнар.
Атасыз ұлдың көзі ойнар
Шешесі өлген жетім қыз, ойбай,
Сорлы оның басында
Сірке менен бит ойнар.
“Мен Жаманның ұлы Шақармын,
Көпті көрген мақармын”
Ойбай да терек, ау-ай терек,

Маған бір бәле тақалдың.
Ау-ай Терегім-Терегім,
Бір күніме керегім.
Байбақтың оты жанбайды
Бейшараның үйіне
Шақырса қонақ қонбайды.
Арам ойлы жігіттің
Жүрсе жолы болмайды.
Арық атқа қамшы ойнар,
Жыртық үйге тамшы ойнар.
Көбік қарда түлкі ойнар.

ЖАМАН САРТ САРЫНЫ

Болат бір пышақ жанға қас,
Қып-қызыл талға қинаса,
Ер жалғыз үй болмаса.
Оңалтпақ дүние жоқ екен,
Ту жығылып құласа,
Айғыр айтып, ат айтып,
Ағайыны аңыраса.
Сонда да тәңірім қоймайды-ау,
Алуына ұнаса.
Әсіре бір таудан жол салған,
Қойқаптан[1] барып жол алған,
Көкте екенін көрмеген,
Жерде екенін білмеген,
Аласа бойлы жатаған,
Ажыраққа түйе матаған.
Әкесі өліп ас беріп,
Алпыс бір ала қоңыз атаған.
Жарғыш, жында сен арсыз.
Бейбақ, адамзатта мен арсыз.

СЫБАН АҚТАЙЛАҚ БИ

(Көкбай ақсақал айтуынша)

Ақтайлақ өлеңші би болған. Бұның баласы Сабырбай ақын. Сол Ақтайлақ би мен Солтабай төренің тұсында Керей мен Көкшенің арасында құн дауы болады (Көкше Тобықтының бір руы). Көкше Керейде кісі өлтірген. Бірақ мойнына салатын айғақ жоқ. Кереймен арасындағы дау басылмайды. Керей Көкшені құнға жықпақ болып артынан қалмай қуады. Екі елдің сөзі тоқтамауға айналған соң, арадан кесік айтатын ағайын іздеседі. Сонда Көкшенің алғаны Сыбан ішінің төресі Солтабай болады. Керей Ақтайлақ биге барады.

Құн дауына кесік айтқалы Солтабай төре екі елдің даугерін күтіп отырғанда, Керейді ертіп Ақтайлақ келеді. Бұның келгенін Солтабай ұнатпай қалады. Сонда Ақтайлақ: “Үйректің көбін қаз сүймес, сонда үйрек қазға сүйсінбес, бірақ көл иесіз көркеймес” депті.

Солтабай Көкшеден 40 кез торғын мен сары қасқа ат деген бір белгілі жақсы атты алып қойған екен. Ол Көкше жағына бейім болады.

Керейге: “Батыр — айғақ, байшөгелің жоқ, төрт кісі күмән ұстайсың” дейді. Ақтайлақ пара алмайтын әділ би екен. Керейдің ақысы алал екенін біліп:

Бай қонысын сұрасаң,
Батпақ сулы даласы.
Қой қонысын сұрасаң
Кекірелі жантақ сор ащы.
Қоссадағы таусылмас,
Қыдырлы байдың сабасы.
Сірәда ұшбақ көреді-ау,
Осыны тапқан анасы, —

деп өзінің кеудесін түртіп:

Сен төрт кісі күмән ұстасаң,
Мен тоқсан түйе құн кестім.
Сөзімнің болса расы.
Бүгін Керей өлгенде,
Ертең Найман өлмей ме,
Өлімді жанның мұрасы, —

дейді.

Бұл сөзді Солтабай ұнатпайды. Маңындағы төрені жақтаған ел де Ақтайлақтың сөзіне ырза болмай, баса билік айтқанға ереуіл жасайды. Сонда тағы Ақтайлақ:

Әуелі баһыра ашылса[1],
Аққу шомар көлдерге.
Туысқаны кімнің көп болса,
Үлкен медеу белдерге.
Қырық кез торғын жатыр ғой[2]
Ақ сандықтың түбінде.
Бәрін айт та, бірін айт,
Солтажан-ау, сарқасқа ат тұр ғой белдеуде, —

депті.

Бұдан әрі Солтабай ешбір сөз айтуға жарамай, Ақтайлақтың сөзі алынып, екі елдің дауы бітіпті дейді.

АБАЙДЫҢ КЕЙБІР ӨСИЕТ СӨЗДЕРІ

1. Көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өңі қашады.

2. Жамандықты кім көрмейді? Үмітін үзбек — қайратсыздық. Дүниеде ешнәрседе баян жоқ екені рас, жамандық та қайдан баяндап қалады дейсің? Қары қалың қатты қыстың артынан көгі қалың, көлі мол жақсы жаз келмеуші ме еді?

3. Егер де ісім өнсін десең, ретін тап.

4. Биік мансап, биік жартас. Ерінбей еңбектеп жылан да шығады, екпіндеп ұшып қыран да шығады. Жікшіл ел жетпей мақтайды, желөкпелер шын деп ойлайды.

5. Дүние — үлкен көл. Заман — соққан жел. Алдыңғы толқын — ағалар. Артқы толқын — інілер. Кезекпенен өлінер. Баяғыдай көрінер.

6. Сақалын сатқан кәріден, еңбегін сатқан бала артық. Бақпен асқан патшадан, миымен асқан қара артық.

7. Тоқ тіленші — адам сайтаны, харакетсіз — сопы монтаны.

8. Жаман дос — көлеңке; басыңды бұлт алса, іздеп таба алмайсың, басыңды күн шалса, қашып құтыла алмайсың.

9. Досы жоқпен сырлас, досы көппен сыйлас. Қайғысыздан сақ бол, қайғылыға жақ бол.

10. Қайратсыз ашу — тұл, қайғысыз ақыл — тұл. Тұрлаусыз ғашық — тұл, шәкіртсіз ғалым — тұл.

11. Бағың өскенше тілеуіңді ел де тілейді, өзің де тілейсің, бағың өскен соң — өзің ғана тілейсің.

АБАЙДЫҢ БАСЫЛМАҒАН СӨЗДЕРІ

Әбдірахман деген баласы өлгенде Абайдың жоқтап айтқан өлеңдері:

Талаптың мініп тұлпарын,
Тас қияға өрледің.
Бір ғылым еді іңкәрің,
Әр қиынға сермедің.
Көзіңді салдың тұғырға,
Бейнетін қиын көрмедің.
Бір оқыған құрбыға,
Бас бәйгені бермедің.
Бала болдың, жас болдың —
Жалғандыққа ермедің,
Төре болдың, бас болдың —
Көкірегіңді кермедің.
Ел ішіне сау келсең,
Тағылым айтпас ер ме едің?
Жол көрсетіп сонда өлсең,
Арманым бар дер ме едің?
Іздеп табар жалғаннан,
Бала берген пенде едім.
Пәнде өлмейді арманнан,
Мінекей мен де өлмедім.
Кешегі өткен ер Әбіш,
Елден бір асқан ер Әбіш,
Жүрегі — жылы, бойы — құрыш
Туысы жаннан бөлекті.
Өнері оның жұрт асқан
Ғылымға көңілі зиректі.
Аямаған ғаріптен,
Қолдан келген көмекті.
Кісіге сідет жүктетпей,
Еңбегін тапқан жүректі.
Біреудің қылған қарызын
Айтқызбай, артық төлепті.
Боямасыз ақ көңіл,
Кірлетпей кетті жүректі.

Ойламаған өлімнен
Жасқанамын демепті.
Тағдырға тәбділ бола ма,
Сабыр қылсаң керекті.
Жағалай жайлау дәулеттің
Жасыл шөбі қурамай,
Жарқырап жатқан өзенің
Жайдақ тартып суалмай,
Жайдары жүзің жабылмай,
Жайдақтап қашып сабылмай,
Жан біткенге жалынбай,
Жақсы өліпсің, япырмай.
Жайнаған туың жығылмай,
Жасқанып жаудан тығылмай,
Жасаулы жаудан бұрылмай,
Жау жүрек жомарт құбылмай,
Жақсы өмірің бұзылмай,
Жас қуатың торалмай,
Жалын жүрек суынбай
Жан біткеннен түңілмей.

Ғылыми тұсініктемелер

“КӨКСЕРЕК”

М.Әуезов шығармашылығы ғана емес, әлем әдебиетінің алтын қорынан лайықты орын алған “Көксерек” повесі “Жаңа әдебиет” журналының 2, 3-сандарында толық күйінде жарық көрді. Повесть “Қараш-Қараш” аталатын 1936, 1960 жылғы жинақтарға енді. 1962 жылы тағы да “Қараш-Қараш” жинағында өзбек тілінде басылып шықты. 1957 жылы “Пионер” журналы 9-санынан, 1960 жылы “Новый мир” журналы 4-санынан (аудармашы — А.Пантиелев) бұл туындыға құрметтеп орын берді. Бертіндегі “Қилы заман” (1979) жинағы да “Көксерекпен” тиісті толысым тапты.

М.Әуезовтің 12 томдық шығармалар жинағының 1967 жылғы 1-томына кірген әңгіме 1979—1984 жылдарда басылым көрген 20 томдық жазушы шығармаларының 2-томына қосылды. Жоғарыдағы А.Пантиелевтің тәржімасы бойынша “Көксерек” орыс тілінде “Серый лютый” (Москва, 1961), бес томдық шығармалар жинағында (Москва, 1977.1-том), “Племя младое” (Москва, 1977) атты жинақта басылды.

200 томдық дүниежүзі әдебиеті кітапханасына “Абай жолымен” қатар “Көксеректің” кіруі шығарма құндылығы мен өміршеңдігін айғақтай түссе керек. Бұл жолы “Көксеректің” 1929 жылғы және 1936 жылғы, сондай-ақ 1960 жылғы нұсқалары мен 1979 жылғы “Қилы заман” жинағындағы һәм 20 томдықтағы нұсқа салыстырылып беріліп отыр. Текстологиялық салыстыруды жүргізгендер: филология ғылымының кандидаты С. Майлыбаева және кіші ғылыми қызметкер Қ. Рай.

Ал “Көксерек” дүниеге келген уақыт терең саяси-әлеуметтік қайшылықтарға толы еді.

Ленинградта оқып жүрген шағында жеке өміріндегі үлкен ауыртпалықтың әсерімен әрі елі-жұртын сағына отырып жазған көркем шедевр сол дәуірдегі тұрпайы социализм ықпалынан арылмаған көрнекті қаламдастарға да ұнай қоймайды. М.Әуезовтің саяси бағдарына күмәнданатын белгілі сыншы Ғ.Тоғжанов қана емес, әйгілі Сәбит Мұқанов пен Сәкен Сейфуллин де, заман салтына қарай ма, шығармадан қоғамға зиянды ой астарын көрмей қалмайды. “Көксерек” тілі жағынан келгенде, өте сұлу жазылған, — дейтін Сәбең (Мұқанов С.

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. 1932. 415—418-беттер.) әңгіменің еңбекші тап мүддесінен шықпайтынына налиды. Тіпті ардагер ақын С.Сейфуллин (“Әдебиет майданы”. 1934. № 6) 1934 жылғы жазушылар съезінде М.Әуезовті жақтаған әдебиетші М.Баталовты сынай отырып, “Көксеректің” идеялық жағынан дәуір рухына сай еместігіне мән береді, кінәні М.Баталовқа аударғысы келіп, авторды ақтамақ болады, бірақ “Қора күзететін ит қылам деп қазақ қасқыр күшігін асыраған емес...” дегені тәрізді, шығармадағы жағдайды “ертегіге” балайтындай сыңай танытады. Мұндай сыңаржақтау пікірлер кейінгі кездерде де орын алып келді. Алайда, М.Қаратаев, А.Нұрқатов, З.Ахметов, С.Қирабаев, Р.Нұрғалиев, Ш.Елеукенов, Х.Әдібаев, Н.Ғабдуллин іспетті зерттеушілер “Көксеректің” терең қойнауындағы сыры мен мұңын әр қырынан түсініп, неғұрлым шынайы талдау беруге ұмтылғанын атап айту жөн.

“Көксерек” — жас Мұхтар Әуезовтің ұлттық проза өнерін әлемдік деңгейге көтеру мұратымен күн кешкен, адуын, асқар таланты тәркі тіршіліктің күйбең, зобалаңына құрық бермей жүрген шағында жазылған үздік туындыларының бірі. Бұл қазақ әдебиеті үшін мүлде соны, ғажайып жаңашыл құбылыс болатын. Ал дүниежүзі көлемінде адамзат қоғамынан бөлек те жырақ, достығы мен қастығы бірдей, көбіне соңғысы басым жануарлар әлемінің терең түпкірлерін қозғайтын көркем дүниелер баршылық еді. Канадалық ағылшын жазушысы Э.Сетон-Томпсонның хайуанаттар әлемін сүйсіне отырып тамашалайтын, жарқын сырлы туындылары, Лев Толстойдың “Холстомері”, “Булькасы”, А.Чеховтың “Аққасқа”, “Каштанкасы”, Джек Лондонның “Ақ азуы” бұл саладағы бағаналы нысана болатын. М. Әуезов атақты суреткерлерге еліктеумен шектелген жоқ, сан алуан құндылық өлшемдері тұрғысынан таза ұлттық сипаты үстем, хас зергердің ғана қолынан ілуде бір шығатындай, теңдесін іздемейтін, жалпыәлемдік эстетикалық, философиялық қазынаға, зор мәртебемен қосылатын жауһардай қымбат шығарма әкелгенін өзгеге табыну заманы толық аңғармаса да керек.

Жазушы дүниетанымы мен қиялына ең алдымен табиғи түрде әсер еткен, М.Әуезовтің шығармашылық тұғырнамасын айқындауда мол үлес атқарған қазақ фольклорындағы инсаниятты (нравственность, М. Әуезовтің сөзі) ой жүйесі

екені аңғарылады. Жазушы ғылыми зерттеулерінде көне ертегілердегі діни, мифтік, тотемдік негіздің күштілігіне мән береді (Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 18-т. — Алматы: “Жазушы”, 1985. 208-б.), “Ақ қасқыр”, “Күйеу қасқыр”, “Сырттандар” туралы ауызекі әңгімелердің түпкі танымдық сипатына тоқталады. “Сондайдан ескі Иран елінде арыстанды кие тұту, ескі Рим елінде қасқырды кие тұту, ескі Индияда жайын, бұқаны қастерлеу, Алтай — Сібір елдерінің кейбірінде аюды қастерлеу дағдысы туған” (Әуезов М. Ертегілер//Ертегілер. — Алматы: “Жазушы”, 1988. 22-6), — дейді.

Қазақ халқының арғы тамырларына көз салсақ, қасқыр ұғымын ұлықтау рәсімі көне түркі жұртында ерекше орын алғанын білеміз. “Түркілер көк бөріден тарайды” дейтін түсінік кең тараған. Әлкей Марғұлан ғұн, үйсін, қаңлы дәуіріндегі жаугершілік заманда далада қалған жетім баланы бөрінің қаншығы асыраганын, құстар қанатымен қорғаганын, кейін ол ел басқарған батырға айналганын баяндайтын аңызды келтіріп өтеді (Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. — Алматы: “Жазушы”, 1985. 63-64-бб.). Түркі тектес бала мен қасқырға қатысты осы мазмұндас басқа аңыз да кездесетіні мәлім (Қыраубайқызы А. Ежелгі әдебиет. — Алматы: “Әл-Фараби”, 1996. 30-б.). Бөріні дәріптеу көне дүние қазақтарына тым жат қасиет болмаған. Алайда, сан сапырылыс заманалар ықпалымен ежелгі рәсім-салт ережелеріне шамалы өзгерістер еніп отырған. Мәселен, “үй серігі — иттен, аттан да киелі күштер шығады” (Әуезов М. Ертегілер... 22-б.). Оған “Сырттандар” ертегісі куә. Түс көріп, қара қасқырдан келер ажалдан қашқан баланың жанын сақтап қалатын — қасиетті “кербесті”, “қара ауыз” ит және “қарасұр” жігіт ағасы. Бала жүрексініп, келісілген шартты бұзғандықтан, айқасқа адам араласады, әйтпесе “ит атаулы қасқырға қожа болатын еді. Енді иттің ілуде біреуі-ақ қасқыр алатын болады” (Ертегілер... 230-б). Бірақ қасқырға билік қылатын күш — адам. “Көксеректе” осы дүниетанымдық үлгі-нұсқаның көркемдік, философиялық сілемдері әлдеқайда дамытылған күйде фабулалық өрнек түрлерін салады. Сондықтан да шығарманың баяндау жүйесіндегі батыс әдебиеттеріндегідей кемел түзілім тұғырнамалық жүйедегі этнопсихологиялық, діни-нанымдық ұстанымдар арқылы жаңашыл кейіп алады. Ұлттық мифопоэ-

тика сарындары қазіргі прозадағыдай қосымша композициялық шегіністер емес, кейде романтикалық, кейде натуралистік бедерге толы, негізінен, бірсыдырғы реалистік арнадағы мәтін құрылымымен жұлын-жотасы тұтасып жатыр.

Л. Толстойдың жылқысы ойлана біледі, еске түсіру қабілеті, толғану эмоцияларынан ада емес. А.Чеховтың қандені қалың көрпе үстінде жорта ұйықтағандай мысықты бір көзбен сүзіп өтсе, сөйлеген іспетті қаз туралы "По-видимому, это был очень умный гусь; после каждой длинной тирады он всякий раз удивленно пятился назад и делал вид, что восхищается своей речью..." (Чехов А. Полное собр. соч. и писем в тридцати томах. Сочинения в восемнадцати томах. Т.6. — М.: "Наука", 1985. С.436.), — деп, әзілдей байлам түйеді. Әрине, көркем шарттылық басым. Ал М.Әуезов повесінде "Ат емес, қашпаса да болады" (Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 2-т. — Алматы: "Жазушы", 1979. 24-б. — Осы шығармадан келесі үзінділердің беті ғана көрсетіледі. — *Б.М.*); "Исі, дәмі емес, бала даусы шошытпайды" (25); "Бой салып қорқып қашқан жоқ" (26) сияқты қысқа қайырымдардан басқа жерде (оның өзінде ой ағымы кімге тиесілі екені белгісіз) жыртқыш аңның күлкісі де келмейді, қайғысын да сапырып, саралап отырмайды. Бұл — біріншіден, дала тажалы туралы ұлттық пайымның ақиқатынан аттамау, екіншіден, алдындағы әдеби тәжірибені қайталамау, үшіншіден, оқиғалық жағдай болмысына сай неғұрлым шынайы, айқын, сарабдал бағдар ұстану.

Дж. Лондонның "Ақ азуы" адамға достығы, өзге үшін жан берер аққөздігімен, екі аяқтылар өміріне тән талаптарға бейімділігімен ерекшеленеді. Э.Сетон-Томпсонның киелі көкжалы — Виннипег қасқыры көше қыдырып жүреді, адамның жаманына өшігеді, жақсысын ұната алады. Ал "Айлакер арландағы" айналасының діңкесін құртқан керемет сезімтал әрі адуын Лобо серігі Бланка үшін қолға түсіп, құсадан өледі. Киелі Көкжалдың ажалына қатысты жазушы "Қасқырдың жанына кім үңіле алады? Оның не ойлағанын қайсың айта аласың? Қаншама қайғы-қасірет шегіп, қорлық көрген қаланың маңынан кетпей, неліктен қалып қойды? Төңірегі тегіс қалың жыныс қара орман емес пе еді, онда азық дегенің шаш-етектен ғой. Кек қайтару үшін намыс қуып қалуы да екіталай. Ешбір хайуан бар ғұмырын кек қайтаруға сарп етпейді. Кек қайтаруды

көксейтін сұмдық сезім тек адамдарға ғана тон. Хайуандар тыныштықты тілейді” (Сетон-Томпсон Э. Бала мен сілеусін. — Алматы: “Жалын”, 1984. 137-6)” деп күйінеді. Нақты бір жағдай төңірегінде мұндай қорытындының дұрыстығы даусыз. Қару-жарағы, ішіп-жемі көп, сауық-сайраны көп, үйге сыймай, алтын іздеген ержүрек американдықтардың аққөңіл, мейірімді бір өкілі дәл осылай ойланса, артығы жоқ. Байлық, дәулет жолындағы тартыста адамдардың тағылардан асқан жауыздығы жиі кездесетін.

Аталған туындыларда басым түрде кәдімгі елді мекендер, адамдар ортасындағы хикаялар молынан суреттеледі. “Көксеректе” Құрмаш, оның әжесі, әкесінен басқа елеусіз, бірақ көпшілік қауымның ортақ тіршілігін елестету мақсатымен аталып қалатын бала Жұмаш, Бейсембай, Қасен, Арыстанбек есімдері жанамалап қана, тым қысқа сәтке орай әредік ұшырасады. Негізгі нысана — Көксерек және оның әрдайым жоғалып, жаңарып отыратын жортуыл тобыры. Ол кездегі қазақ қауымының географиялық, шаруашылық тұрғыдан орналасымы қойы қоралас, елі іргелес ауылдардың тыныс-тіршілігімен сабақтас. Кейіпкерлер арасындағы сөйлесу шақтары тек көпшілік пікірін түйетін полилогтық репликаларды көмкере, жинақтай аңғартарлық шағын суреттемелерден аспайды. Алайда, осы көріністердің өзі хайуанаттар әрекетінен тыс әлемдегі зор қуат әсерін бейнелеуге жеткілікті. Оған аз көңіл бөлінуі де түсінікті. Өйткені біз өзімізге тиісті салт-машығымызбен таныспыз. Сырт әлем қосымша атрибуттары арқылы зардап шеккен сияқтанса да, тұтас жиылып, бар күш, ақыл-айла құралын жауына қарсы бірден бағыттаған жоқ. Бірақ Көкшолақ сырттан өміріндегі түгел қиындық, қатер, қыспақ, ашу, ыза осы алыс та жақын, әлсіз де қайратты, қайырымды да қатыгез әлемге барып тіреледі. Мейірім иесі — Құрмаш, Құрмаштың әжесі ғана. Ол — танылмаған, ақталмаған, соры қайнаған мейірім. Әдеттегі қатігез, кекшіл күш — адамдар алдымен өзі зардап тартатындай. Әрине, әңгіме сюжеті бойынша. Бастапқы қатыгездік — ұяластарын өлтіріп, күшік Көксеректі қолға алуда. Жақсылық жамандықпен қолдасып тұр. Көксерек атамекеннен, ана сүтінен айрылды. Бұған ұсынатын көңілде өзімшілдік, зорлық, жабайы аң инстинктімен есептеспеушілік бар. Бала Құрмаш шек-жиексіз адал, аңғалдықтың симво-

лы. Төртаяқты сол асыл іс пен сүйінішке толы нәресте жүрек дірілін бағалай ма? Рас, қасқырдың жан дүниесін кім білмек? Қасқыр болу мүмкін емес. Ендеше бұл мәселеде қаламгер тарапынан мейлінше ұстамдылық керек. Мұхтар Әуезовтің хайуан қаһарманын нақты іс-әрекеттер үстінде сырт болжаммен пластикалық бедер айқындығы арқылы бейнелеу шеберлігін дәріптеп бітпейсіз. Оның ауқымы кең. Жазушы байқауы мен пайымдауында, топшылауы мен қиял деректілігінде мүлтік жоқ. Атап айтқанда, автор біріншіден, кеңістік аясы — қазақ жерінің назарға алынатын тұстарын әрі көп, әрі жатқа біледі. Олар ауысып, қайталанып келеді. Бәрібір әр жағдайда тың сурет анық-хақтығымен толымды кестеленеді. Бұл — Арқа жері, қаламгер туып-өскен өлке — Шыңғыс өңірін еске түсіреді. Мәтіннен тыс қарасақ, автордың балалық шағы, айналасы, көрген тәрбие, естіген әңгіме, жырлары, халықтық дағдылы психология айшықтары айқұлақтанады. “Қорғансыздың күнінде” бедерленетіндей, әңгімеден әңгіме өсіріп, соны қызықтап, бауырына басумен күн кешетін, жазы ыстық, қысы аязды ұлан даладағы ғаламат тұңғиық әрі ашық жанды тұрғындар. Бала Мұхтар кейін өзі жазатын Көксерек хикаясындай талай сөз естіген. Біразын жадына тұтқан. Біразын есейе келе зерде айнасына қарап түлеткен. Ұмытылған тізбектер жүлгесін тапқан. Көп нәрсе қайта қосылған. Қиял қанатымен ғұмырнамалық жүк шырқау биікке көтеріледі. Ал мұндай қабілет ұлы дарын иелерінде ғана кездеспек. “Көксеректегі” ландшафт ауқымы мен табиғат тылсымының алуан өрнегін, таусылмас қыртысқымтамаларын санап шығу қиын. Ол талант иесіндегі көру назарының адам нанғысыз құймақұлақтығын әйгілеуге тиіс. Ондай суретті мезеттер уақыт аңғарын дәл түйсініп, мекендік өлшемдер сапасын аша түсуге қызмет етеді.

Екіншіден, Мұхтар Әуезов дарынының бір үлкен қыры суреттеу объектісі — қасқырға тән көмескі тіршіліктің сан түрлі парақтарын соншалық сенімді білімгерлікпен ерінбей ақтаруында. Бұл оқиға, әрекет кеңістігінің аула-аясына қатысты пікір. Әрекет, істер өзара ұқсас келгенімен, орындалуы, қатысушылар, айла-тәсіл, нәтижелер, салдарлар жағынан әрқилы. Олардың себебі, мазмұны, мәні, қорытындысында ортақ күй бар.

Ықшам-ықшам сегіз тараушадан тұратын повесте Көксерек өмірінің аң ғана емес, адам тіршілігін еске салатындай әртүрлі

мағынадағы, сипаттағы уақыт кезеңдері бейнеленеді. Шығармадағы экзистенциалдық сарындар трагедиялық жағдайлармен терең сабақтас. Ойлап қарасаңыз, қасқыр күшігінің дүниеге келуі де, қалған харекеті де қасірет. Екі аяқтылар іспетті оның да қамсыз-қалетсіз шағы — туған күндеріне тұспа-тұс ессіз, түйсіксіз мезеттері. Алдымен апанда жатып, адасып түскен қызыл қозыға қарқ болатын көк шолақ пен ақ қасқыр іле-шала екінші жолы-ақ қайғының дәмін татады. Біз оны топшылаймыз, бірақ түстеп танымаймыз. Өйткені олар — табиғат аясындағы біздің өзімізге ұқсас та бөтен, алыс бауырларымыз. Жат бауыр. Ал бауыр болатыны олар — біз ешқашан түсініп болмайтын мына әлемдегі отын, суы бір жерлес әрі әр қадамы айқасқа толы тағдырластарымыздың бірі.

Екі қасқыр күшіктерінің бірін қылтасынан қиып тастап, бірін қапқа салып (болашақ Көксеректі) әкететін адамдар "жеті күшіктің бесеуін көздеріне қарап отырып өлтіреді" (6). Қос қасқыр өздері бас сауғаламайды, мүгедек "жалғыз күшікті тістелеп алып" (7) кетеді. Бірінде — әбден қалыптасқан (тәжірибемен) қатыгездік, екіншісінде — қатал көрінгенмен, табиғи, жыртқышқа тән мейірім елесі. Адамның өзге дүниеге қатысты өгейлігі мен басқа өмірге өлердей өш тағының өз ортасына шартты жұмсақтығы, аналық, аталық жабайы сезімі әлденақ қарама-қарсы жобада тұңғиық астарлы психологиялық кернеу түзген. Өзгеше сынды жерлестердің ұқсастығы — өзімшілдігінде, сүйсе де, ұнатпаса да өз күйіне қарап шешім қабылдауында. Ал жас Көксеректің кейін өзі аталық халге ауысқанын сезінбей, өз күшіктерінің біразын өлтіріп тастауы — айналаға жаулық пен қызғаныш оты жалаңдап тұратын эмоционалды архетип қыспағынан шыға алмауы. "Әкенің" ашуын басатын, бауырындағы "нәрестелеріне" жан ұшырып ара түсетін — ақ қаншық. Ол ұрпақ үшін "еріне" "махаббатты" да қиятындай. Шолақ арлан мұндай сырды біртіндеп ұғады. Өзің сияқтыны аялау, қолдау керек. Бұл — адамдарға да хас шындық. Сөйлей білу, түсінісудің ашық жолы арқылы біз мұны мәселе санамаймыз. Ал жауыз жыртқыш үшін бұл сезім — тұтас процесс (үдеріс), таным мен инстинкт эволюциясы. Аз ғана замат, аяусыз әрекеттердің соңғы сәттерінде тағы да генеалогиялық архетип қаншығын бәрінен артық көруге байланысты ыза додасынан Көксеректі анық құтқарады. Жеркеніш — сабырға,

сабыр — қызығу, ол — іш тарту, іш тарту — парызға айналатындай.

Ешбір оқиға, құбылыстың сырын философиялық пайымдау, талқыға салудан бойын аулақ ұстайтын бейтарап суреткер — Автор салдардың себептерін терең іріктеп, таңдай отырып, таңбалық жүйе құрамындағы мән беруші (белгі) мен мағына арасындағы байланысты көрсетерліктей ұлан-асыр ақиқатты демін ішіне тартқан дәлдік, жауапкершілікпен бедерлейді.

“Тұтқын болып кеткен көк күшік ауыл тұрғыны болды” (7) деген абзац-жолдарда мысқылға бергісіз шарасыз ахуал, жаратылыс зандылығын бұзудың қателігін андаумен тамырлас қауіп-қатерлі көңіл-күй бар. Түгел тартыс пен қайшылық — осы, жаратылыс заңдылығының бұзылуында, адамның табиғатпен ұстасып, астамшылық жасауында.

Әдеттегі сюжеттік тартыс бөлшектері орын-орны бойынша сақталмағанымен, фабулалық әрекеттер айуан мен адамдар арасындағы қақтығыстардың ширығу белестерін шынайы айшықтайды. Дәл осындай іштей өзгеру, өршелену кезеңдеріне бас қаһарманның жеке тіршілігі айғақ. Психологиялық дәлелдеменің этникалық тамыры саяткерлік пен аңшылықты пір тұтатын қазақ ұлтына тән құштарлық қасиеттен өрбісе, Көксерек үшін айналаға қарсылық, жауығу рухы төңірегіндегі экспрессивті күй-ахуалдар мен тән қысымына қатысты қорлану инстинктілерінен от алады.

Көксеректің бақытты шағы ақ қаншықпен табысып, кіндігінен ұя өрбітіп, Қараадырдың сай-саласын шулата, ауыл-аула, қарлы, қарағанды далада тайды-тайдай, қойды-қойдай жусататын айла-айбарға толы даңқты күндері. М.Әуезов қасқырдың батпақ суды паналап, із жоғалтатын ғажап қулығын, мал атаулыны не шоңқитып, не домалатып түсіретін, ұйымдасып, қуғыншыны шатастыратын ептілік, кейде соңындағыларға қарсы шаба жаздайтын, қырындап төзімін тоздыратын қырқылжыңдығы мен ерлігін романтикалық әрі экзотикалық өрнектер5мен кестелейді. Саусақпен санарлықтай шектеуі жоқ, толып жатқан мұндай әрекеттер біріне-бірі ұқсап та, мүлде дараланып та беріледі. Мұндай дәлдік пен айшық-бедерге жету үшін кәнігі аңшы өмірін жатқа білетін көп-көп тәжірибе, суреткерлік талант мазмұнының қалыңдығы қажет екені даусыз. Қайталаусыз, дамытыла беретін оқиғалар тізбегі, суреттеу

нысандарының молшылығы, іс-қимыл, шешім, қозғалыстардың әр алуандығы авторлық баяндау барысындағы эмоционалдық градацияны айқын түстеп береді. М.Әуезовтің “Көксерегіне” қатысты бұл құбылысты градациялық немесе үдемелі бейнелеу тәсілі десе болатындай.

Бөлтірік көзін ашып, маңайын көре бастағаннан беріде қасқырлық болмысы мен адамдар ортасындағы қалыптасып қалған тәртіп-қағида арасындағы қайшылықтың зардабын тартады: “Құрмаш қанша тәрбиелесе де, Көксерек ұрлық пен адал астың айырмасы не екенін ұға алмады. Біресе өздері беріп тұрып “же” дейді. Біресе сондай тамақты өзі тауып алып жеп жатса, ұрып салады. Сол себепті кей кездері алдына дайындап қойған тамақты да жемей, көзінің астымен жалт-жалт қарап жатушы еді.

Қалай да болса үзіп-жұла жүріп, Көксерек аш болмайтын. Күніне екі мезгіл тамақ ішу мұның шарты болып алды. Екі рет қолдан ас құйылмаса, ол күні Көксерек өз бетімен барып бірдемені жеп жататын” (8). Екі аяқтылар заңын “ұға алмау” — барлық қасіреттің басы болса, қомағайлығы — жауыздық істердің түпкілікті себебі. Бұл — біздің ойымыз. Қасқырдың күшігіне қасқыр болудан артық нәрсе жоқ шығар. Мәселен, біз өзімізден әлдеқайда ақылды, қамсыз, мұңсыз қалыптағы басқа планеталық тұлға болғымыз келе ме? Келіспес едік. Бөлтірік жауларын тыңдап, бағынғысы да келеді. Бірақ бабын таба алмастай. Ауыл тұрғындары жыртқыш баласын тарихи архетип бойынша жек көреді, қаны қас. Тек қызықтаушылық, ермек ету бар. Бұл да адам бойындағы эмоционалды-тарихи архетиптердің бір нышаны. Оның символы — Құрмаш. Құрмаш — бүкіләлемдік ақиқат тұрғысынан алғанда — нанымды тұлға да, нақты уақыт пен кеңістік аясында — трагедиялық бейне. Құрмаш трагедиясы — болмысты бар аумағымен алаламай сүюі мен бәріне сене білуде, сұраусыз махаббатта. Ол — пәни тіршілік жағдайында зор пародокс, үлкен қателік. Құрмаш адамзат тіршілігіндегі ақауды түзеткісі келеді, ал табиғат оны төбеден ұрып жазалайды. Өйткені жоғары жаратылыс заңдылықтарына қарсы жүрмеу керек еді. Сондықтан Құрмаш, таңбалар жүйесінің ережесіне елтісек, адамзат трагедиясының символы. Руханият үшін Құрмаш қажет. Саясат үшін, экономика үшін ол қажет емес. Шығарманың көркемдік, тұжырымдамалық

мәні, белгісі Құрмаш өлімінсіз мағыналық пайымға жетпес еді. Таза көркемдік-эстетикалық жағынан Көксерек бейнесі биік шыңына шықпас еді. Бұл оқиға тұтас философиялық дилемманың шешімі іспетті болып табылмақ. Дилемма адамзат пен мақұлықтар әлеміндегі достық пен қастық мәселесіне тіреледі. Ал мәселе тек адамдар немесе тек хайуанаттар арасында да дұрыс шешімін таба бермейді. Әңгімеде дилемма соңына нүкте қойылмауы қаламгер философиясының өміршеңдігіне кепіл.

Көксеректің портреттік сипаттамасы жоғарыдағы градациялық тәсілге сай сан құлпырып, әдемі эстетикалық әсер тудырады: "Жетілмей келе жатқан тісі ғана. Көксерек арлан еді. Сондықтан бұның бойы биіктене берді. Әлі тұрқы шығып ұзарған жоқ. Барлық жүні қара көк, жотасы күдірейіп, ауыз омыртқа мен құйрығына шейін тұп-тұтас болып, күлдіреуіштей бүгіледі. Атылып келе жатқан садақ оғындай үңілген, сүйірленген бір бітімі бар" (9). Қасқырдың сырт кескіні әмісе өсу, өзгеру үстінде тың детальдармен бейнеленеді. Теңеулер табиғаты көшпенді әрі жаугершілік заман үрдісіне лайық этнопсихологиялық боояуымен құнды. Жазушының ойлау, көру үлгісі ұлттық өмір атрибуттарына негізделген. Көксерек екінші бір көк шолақ — қарсыласымен салыстырыла суреттеледі. Теке-тірес ұзаққа бармайды, ақыры жемтік жолында қанды жұлқыс, ақтық айқаспен бітеді. Көксерек ауыл иттерінен үйренген амал арқылы дұшпанын жеңеді: "Сол уақытта артқы қасқырлар топырлап келіп жетіп, көк шолаққа ауыз салысты. Былбырап аққан қызыл қанның иісі аш қарындарға мас қылғандай белгі берген еді. Шаптан, қолтықтан, жалаңаш төстен мықты, өткір тістер жұлқып-жұлқып тартқанда, көк шолақтың қаны жосылып ағып, ішінен бұрқырап бу да шықты. Бұл арада бар ауыз түгелімен жабылып кетіп еді. Аз уақытта көк шолақтан будыраған жүн мен төрт табан ғана қалды" (21). Бұл — натуралистік нақышы анық, алайда, реалистік нұсқадағы сурет. Сурет қана емес, терең арналы символ. Манағы дилемманың бір қыры қайта жанданып шығады. Ендігі қайшылық — неғұрлым тұйықталған, ішкі сипаты басым қайшылық. Біршама тәтті тіршілік жолында тектес, тамырлас аңдар бірін-бірі аямайды. Сондықтан да олар — аң, жыртқыш. Екі көк шолақ біріне-бірі бағынғысы келмеді. Жекпе-жек. Әлсізінің мерт болуы заңды. Көксерек жеңсін. Ал

өзгелерде неге аяушылық жоқ. Аштық қана күшті сезім бе? Егер ғайыптан тайып, Көксерек жеңілсе, ол да жауының кебін киер еді. Демек дала бөрілерінің мұраты — жеңу ғана! Өз арасында, шамасын білсе, зордың зорлығын мойындау қажет. Бұл асыранды иттерге бөгде ахуал саналмайды. Көкжал көп төбеттердің бірі бола алмайды. “Иттің иесі бар, бөрінің тәңірі бар”. Бала арлан ана даласын сағынып, кетіп қалса да, ашыққан соң қайтып оралатыны бар. Бәрібір ұяластарын таппай қоймайды. Ауыл иттерінің, көптің жалғызға көрсеткен қорлығын күшік күнінен ұмыта алмайтын Көксерек есесін Жұмаштың қара ала төбетінен алады, ақыры соны қора маңындағы шайқастардың бірінде кейіннен ортақ жемтікке айналдырады. Ұзаққа созылған өштіктің соңы, “әлін білмегеннің әлектігі”, иесіне жағынушылық, басқаға мақтанушылықтың сормаңдай салдары қасқыр атаулыға тән жауыздықты әйгілендіре түседі. Мақұлықтар көзімен қарасаңыз, адал айқас, орынды нәтижені көресіз. Ауыл иттерінен ерекшелігі табыну мен бас июді үйренбеуде болса, осы қасиет Көксеректің кілең сырттандар ішіндегі тіршілік қағидасына айналғаны даусыз. Иттер топтанып жүрсе, Көксерек талай мәрте таңды таңға қосып жалғыз жортады. Алғаш рет аштық пен жалғыздықтан ұлиды. Ол — өзі де түсініп болмайтын жан шері. Ұлу арқылы серігі — ақ қаншықты табады. Жұбы жазылып, сыңарын жоғалтқан шақта да ұлиды. Тағы ұяластарын шақырады, көбейіп, атақты тоғыз бөріге ұласады.

Егер Мұхтар Әуезов қасқырдың қасқырлығын ғана айтып, аңшылар мен ауыл иттерінің ерлігін суреттеуді мақсат тұтса, дала арланының бар тіршілігінен тек сұмпайылық пен жиреніш эмоциясына тойып, тоғымызды басар ма едік. Ал жазушының мейлінше терең ойлы, әділетті авторлық аңсары дүлей көкжал әрекеттерінен жыртқыштықпен бірге жыртқыштар үшін түсінікті натуралистік көріністердегі эстетикалық сұлулық сәттерін де аңғарта алады. Ал эпостағы Алпамыстай күн санап өсетін көкжал тұлғасы мен кесек те тапқыр, батыр әрекеттерінен, қимыл грациясы мен күш-қуат кернеуін, қозғалыс, шабуыл, қорғану амалдарын бедерлеуден ар-ұждандық өлшемдер ауқымына сыймайтын, таза эстетикалық ұғымдар аясындағы сыртқы құбылыстар әсемдігін байқау қиынға соқпайды. Шығарманың мазмұндық қаңқасына толымдылық беруде

экзотикаға толы реалистік детальдар шынайылығы мен мәтін астарындағы трагедиялық әуеннің рөлі зор.

Көксерек трагедиясының оқиғалық белгісі — жеңіліс болса, оған қарсы күш те градациялық тәсіл нәтижесінде нанымды эстетизмге лайық, жалынды қаламмен іркіліссіз өрнектеледі. Шығарма соңында фольклорлық сарындар сілеміне сай жауызды тоқтатар алып күрес аренасына шығуы керек еді. Ол мұнда Аққасқа бейнесі арқылы көрініс табады. Әңгімедегі көркемдік және эстетикалық мағына тағы да автор тұлғасының қалың мазмұндық, эмоционалдық қабаттарымен тамырлас. Автор әрі баяндаушы біртұтас кейіп алып, нақты субъект — жазушының бет-сүлдесін жасырып әлек. Тұңғиық әртараптылық ғаламат туындының парасаттылық салмағын арттыра түседі. Автор — баяндаушы (қаламгердің өз аңсары беймәлім) Көксеректің сымбаты мен қайратын қалай дәріптесе, дәл соның болашақ қарсыласы — ит сырттаны Аққасқаны да керемет марапаттайды. Шығарманың ішкі әлеміне еніп, жоғары жүйеге бейім, бірақ жерлестері үшін ерсілеу ойланатын, рухани құндылықтарды өзгеше бағалағысы келетін жандар автор аңсарынан бастапқы мәнге опасыздықты аңғарып, біршама дағдарыс кешетіндей, ал қаскыр тәлкегінен қастандық, бітіспес дұшпандық таныған, адами игіліктерді бәрінен жоғары қоятын, тіршілікте қателескісі келмейтіндер екі қолын ысқылай бастары даусыз. Яғни көзге шалынбайтын суреткер құдіреті тудырған эмоционалдық драматизм мейлінше шынайы немесе жұмбақ, жабайылығымен әсем әрі қатерлі. Қатерлі болатыны — дәстүрлі ұғым, түсінік, ұлттық аядағы пайым, зерде сынға түседі. Әрине, оның бәрі Көксерек феноменін бағалау үдерісіне (процесс) қатысты. Айналып келгенде, шығарманы әлемдік жауһар дәрежесіне көтеріп тұрған — жазушы тұғырнамасының жаңалығы мен бейнелеу шеберлігі, эстетикалық назар ауқымдылығы мен заттылығы (предметтілігі), кіршіксіз сұлу тіл кестесі.

“Аққасқаның бойы қасқырдан кіші емес. Аяқтарының жуандық сомдығы да содан кем емес. Өзінің барлық тұлғасында қасқырға ұқсайтын бітім бар. Түсі тазылар түсіндей емес, қасқыр түс. Дене жүні ақ-сарылау келген де, маңдайы шаңқиған ақ маңғыл қасқа болатын. Екі көзі шатынап шарасынан шығып тұрғандай үлкен. Үнемі от шашып тұратын қып-қызыл көз. Ашу да, ерлік те бір өзінде.

Екі шекесі “торсықтай” деп жүретін аңыз қыларлық. Бұның да жотасы күлдіреуіштей. Құйрықтан ауыз омыртқаға шейін дөң сияқтанып, күдірленіп, дүңкиіп тұрады. Оның үстіне, шеке мен мойын тұп-тұтас болып келіп, шеңбер төске қосылған. Алдыңғы жағы арыстан бейнесіне ұқсайды” (29-27), — деп, қайғы жұтқан Құрмаш әкесінің, көп қауымның жалғыз үміті — Аққасқаны суреттегенде контрастылық белдеудің бойымен салыстыра даралау және әсірелеу амалдары пайдаланылады. Мақсат — фольклорлық жүйедегідей қарсыластардың біріне тиісті жеңіс қадірін асыра бағамдау арқылы көтеріңкі әсер, таңырқау эмоциясын дәйектеу. Салыстыру Көксерек айбарын тасытпаса, кемітпейтін күйде жалғаса келіп, біртіндеп, сатылы түрде шарықтап кетеді. М. Әуезов дала жырындысына қатысты байырғы деталь, теңеулерді естен шығармаған, қайта тосын жағдайда жаңғыртып өткірлендіре берген. Модаль сөздер, атаулы, толымсыз сөйлемдер, баяндауыштардың әдеттегіден ойысыңқырап, сын есім немесе жатыс септігіндегі өздік есімдік ыңғайында болуы, мәтін мазмұны бойынша шақтық тұлғалардың жиі ауысып отыруы — стильдік экспрессия байлығына дәлел.

Жазушы бөрі алатын итті көтермелеу ниетін ұмытпағаны сондай, тіпті адамға қатысты баламаны да қолданады. Мұнымен де тоқтамай, Аққасқа аң патшасының кейпін киетіндей биік жағдайға жетеді. Нақтылық бедері айқын, мифопоэтикалық үрдістегі көңіл әсері бірде үдей, бірде шегіне шырқау нәтижесінде ой, сезім драматизмін жанып жібереді. “Өте қабаған” (27) бола тұрғанмен, “сіркесі су көтермейтін” (27) арлан иттің кейде сүлесоқ жүргені күтпеген қылық саналса, кешігіп барып, асыра өш қайыратын дағдысы біртебірте толымды, әсем сипат ала бастауы алдағы айқас маңызын ұлғайтумен қатар, қыр көкжалының мистикалық қасиетсынын дабырайта даңғаза қылады. Демек, контрастылық грация екіжақты, өзара толықтырушы, шендестірушілік мәндегі қызметімен ерекшеленеді.

Осы тұста әңгімеде ұшырасатын мекендік атаулардың символикалық астарына тоқталмай кету қате. Күшті шығарманың тұла бойын торлай қамтитын ғарыштық рухтағы символға назар аудармағанның өзінде, кеңістік өлшемін айқындап, уақыттық меже мен оқиға болмысына байланысты көркем логикалық

заңдылықтар сырын ашуға жетелейтін кейбір топонимдер семантикасын біле кету ләзім. “Қараадырдың қарағанды сайы елсіз” (5) деп перне тартатын шығармадағы алғашқы фразалардың өзі терең мағыналы. Зор қайшылық бірден-ақ сезіледі. Ол — тіршілік қайшылығы. Қайталанып отыратын түстік белгі — “қара” эпитеті осы туындыдағы үлкен трагизмнің тұрақты құлақ күйі іспетті. Ауыл — Қараадырда. Көксерек Қараадырда туып, қолды болады. Қанды жорықтарының дені Қараадырда өтеді. Ұяластарын жоғалтып, қуғыннан із жасырған соң, айналып соға беретін бекініс-бекеті — Қараадыр. Көбіне қара түнде “Жорта-жорта, баяғы Қараадырдан шығатын” (23) аш тажал Құрмашты да осы алапта мерт қылады. Сондықтан Қараадыр — қаралы адыр, қыста қарлы, жазда қарағанды адыр, ажал мен кек, зұлымдық пен айла, олжа мен сордың, үлкен қателіктің адыры.

Жұрттан тасаланып, “құстардың жұмыртқасын жейтін” (15), соңына түскендерді адастырып кетіп, ес жиятын тағы бір қоныс — екі үлкен ащы көл. Жетіскен ат емес. Ал Аққасқамен шайқасатын соңғы жер — Ақсораң. Қарсылықты мағыналардың бірлігі. Ақ — әділет, жеңіс таңбасын елестетсе, сораң — тартылып қураған өмір көлінің ажарсыз суретін бедерлемек. Ол көк шолақ қасқыр өліміне ғана қатысты емес, жалпы табиғат заңдылықтарын қамтитын философиялық дилемма болса керек.

Енді сюжеттік-композициялық шешімнің архетиптік қасиетін барлайық. М.Әуезов жаңашылдығы халықтық психологиямен өкпе-бауырдай араласып жатуынан зардап тартпайды, керісінше тың қуат алатындай. Әрине, бұл стихиялық құбылысқа ұқсайды. Алайда, қазақ этносының қағидалық күйге көшкендей мифтік пайымы әңгіменің тұғырнамалық — образдық әлемімен тығыз байланысып жатыр. Жоғарыда айтылып кеткен “Сырттандар” ертегісінің архитектоникасын еске түсірейікші. Қайта-қайта түс көріп, шошитын бала, сәуегейдің қасқырдан құтылудың бір-ақ жолы — қашу екенін жорып беруі. Бұл жерде бала мен Құрмаш екеуінің арасындағы ұқсастық жазмышқа сену ұғымына байланысты. Бірақ бала “Көксеректегі” адамдар қауымының зар-мұңын жинақтап көрсететіндей образдық модельге лайық. Құрмаш — кездейсоқ жағдайлардың типтік сипаты. Ертегідегі балаға жәрдем беретін

кербесті, батыр жігіт және “үлкендігі тайыншадай, алқымы даладай, екі құлағы тебінгідей, екі көзі қып-қызыл, екі езуі салбыраған, ұзын тұмсық, жүндестеу келген қара ауыз көк ит” (“Ертегілер”, 227-6.) “Көксеректегі” дала жырындысына қарсы ақтық майданды бастайтын ер мінез Қасен, оның “бәйгі кері” (30) және атағы жер жарған Аққасқамен концептуальды-функционалдық тұрғыдан үндестік тауып тұр. Фольклорлық нұсқада сырттан ит қасқырға қожа бола алмайды, адамның көмегімен жеңіске жетеді, әдеби туындыда да қанша мақтауы келіскенмен, Аққасқа Көксерекке тойтарыс беріп, ары кеткенде бірге мерт болуға бар, ал көкжалдың түбіне жететін — Қасен мен Бейсенбай. Әрине, ат, ит өзіне тиісті ауыр міндетті толық атқарады. Бірақ халықтық нанымдағы күш-қуат туралы өлшемнен асып жығылған жоқ. Тағылық қайраттың топтасқан қарсы күш, ақыл, айла алдында жүзі тасқа тиеді. Тең дәрежедегі күрес емес. Амалсыз, кекті, әділетті күрес.

Шығармада жазушы қоғамдық өмір тұрқына мүлде назар салмағандай. Тек автор Құрмаш әкесінің азалы аманаты мен жиналған жұрттың анттай сертін баяндай келіп, “Бұл әңгіменің ортасындағы Қасен еді. Ол — белгілі аңшы. Баяғыдан құс салып, ит жүгірткен. Өзі — осы маңайдың ауқатты, әлді жігіті. Қараадырдың мырзасымағы. Қалада қызметте тұратын інісі бар. Сол арқылы биыл күздігүні бұның аулына шетелден қасқыр алатын бір ит келген. Қазір барлық Қараадырға да, маңайдағы өзге елге де даңқы шыққан Аққасқа — осы Қасеннің иті” (25) деген жолдарда оқиға барысына қажет кейіпкердің әлеуметтік, мінез, қасиетіне сілтеме баға беріп өтеді. Болмашы мысқыл әуені де бар (“мырзасымақ”). Соншалық байсалды, тура би қалпындағы автор тілімдей сөзбен өзінен гөрі көпшілік күйіне сәйкес пікір нобайын түйе салады. Аққасқаның шетелден алдырылуы көкжал мен ит бейнесін асырмалап суреттеуге, дабыра, дауға үйір қауымның аңызқұмар, қызыққұмар әрі саятшылық дәстүрге адал машығын саналы түрде аңғартады. Ел тірлігін қамти көрсетудегі лаконизм негізгі шығармашылық мақсатқа бой ұсынған. Тұтас әңгіменің бейнелеу жүйесімен авторлық назардың астасып жатқанын байқайсыз. Ол қасқыр харекеті мен амалын, сыртқы орта символдарын, Аққасқа ерлігін бейнелеуде бой көтереді. Реніш, наза, қастасу, сүйсіну, жігерлену мен батыл іске бел буу эмоцияларының бәрінен аңғал да сенгіш,

қайырымды да талапшыл, күмәншіл, сөзге ергіш, әйтсе де күрескерлік рухтан айнымау тәрізді ұлттық мінез айшықтары шаң береді. Жау соққысын дарытпау, есе алу — бұл, дәстүрлі менталитеттің мықты құйылымын дәлелдемек. Әбден шыңына жеткенде ғана кештетіп қозғалу, ырымшылдық, діндуарлық, соңын елемей, көп шаруаға кешіріммен қарау да — терең қабатты этнопсихологияның бөлінбес тарамдары.

Құрмаш — ежелден досқа бейілді, өзінен өзгені артық бағалағысы кеп тұратын қазақтың ақжарқын мейірімінің символы. Жатты да бауырына тартудан қашпайтын көшпенді жыртқышпен тіл табысуға, онымен бір төсекте жатуға дайын. Балалық қызығу, ақжүректік пен ересектер арасындағы тәжірибеге сүйену, көкжал терісін алу ниетіндегі пайдакүнемділіктің қақтығысындай ықшам сәттер қыр елінің аяғыш, көңілшек, сәбижанды табиғатымен ұласын тауып, кері шегінеді. Негізгі тартыс — адам мен басқа дүниенің тартысы зор философиялық ауқымда дами беретіндей.

Ақ сезімі, асқар үміті ақталмай, қылаусыз мөлдір сенімінен ажал табатын Құрмаш қасіреті — қазақтың қайғысы ғана емес, бүкіл адамзаттың қасіреті. Күрмеуі қиын мәңгілік проблема.

Көксерек өміріне орай экзистенционалдық сарын жота көрсететінін ұмытпау керек. Ол қоршаған ортадан қасқырдың өгей-суін ғана елестетпейді, сонымен қатар екі аяқтылар ғұрпындағы түйіні шешіле бермейтін, түсініксіз алшақтық, қарсыластық, бірінен-бірі бөлектену сияқты мәңгілік қайшылықтардың жарасын сипап өтеді. Көксеректің көзімен ғана емес, жалпыадамдық әділет тұғырынан көз салсаңыз, қасқырлық философияның ақтық дем бітіп, көз жұмғанша өмір сүру идеясымен төркіндес мәнін аңдаймыз. Оны айыптау қиын.

Көкжалдың күшік кезінде көрген зәбір-заласы мен сансыз қуғын, ақ қаншықтың өлімі, нәсілінен айрылу, ең ақыры түйе үстіндегі кісінің атқан оғынан жаралану (яғни, күтпеген “опасыздық”) Қараадыр падишаһын ашындырып жібереді. Оның үстіне алқымнан алып бара жатқан аштық. Ешқашан жетіспейтін тамақ зары. Ит қосып, қақпан құрып, шоқпар ұстаған тымақты пенделердің өшпенділігі. Бәрі-бәрі...

Ұлы жанды Мұхтар Әуезов, отыздың о жақ, бұ жағында көктен түскендей ғажайып талант жалынан жалтармай ұстаған бақытты суреткер, зәредей әнтек әрекетке бармайды. Қасқырдың

да, иттің де, адамның да ішкі дүниесін ақтарып — сапыру жоқ. Шынайылыққа кірбің келтіретін шақтарға есік жабық. Алайда, әңгімеде шектеулі мөлшерге сыймайтын әр тарапты психология зандылықтары үнсіз сөйлеп тұрғандай. “Көксеректі” әлем әдебиетінің антологиясына кіргізетін, қамырдан қыл тартқандай қалам құдіреті, шеберлік осындай-ақ болар!

Ит қайратты келгенмен, иесіне тәуелді, жағынып, жалынуы мүмкін. Дж. Лондонның “Алау” атты әңгімесінде қожайынының үсіп өлгеніне көзі жеткен соң, хайуанат досы, амал жоқ, “жем мен от беретін басқа жандар орналасқан таныс қосынға қарай қарлы сүрлеумен бұрылып ап жылдам жүгіре жөнеледі” (Лондон Дж. “Любовь к жизни”. — М.: “Худ. лит-ра”. 1986. С.43.). Қалаңыз мейлі, қаламаңыз, әлем заңдылығы солай.

Қасқыр бізді пір тұтпайды. Біз сондықтан тажалды ұнатпаймыз. Ол періште емес. Қайраны таусылса, ұяластарын қылғыта салады. Бірақ жауына тірі тұрып берісер емес. Қасқайып қарсы шабады. Мерт кетсе, арманы жоқтай. Жабайы қасиетте шынайылық, тіпті кең алып қарағанда, әсемдік көрініс анық. Қайсарлық бағалануға тиіс. Иесіне адалдықтан болмысына, жаратушы күшке адалдық басым. М. Әуезов бұл ақиқатты тамаша сезінген. “Көксеректегі” көркемдік-тұғырнамалық құдіреттің жұмбақ кілті осы тұстан табылса керек-ті.

“Егер дала тағысы Құрмашты таныса, білсе, зұлымдық жасар ма?” еді деген сұрақ әрбір оқырманды мазалайды. Бұл жерде Құрмаш — екі аяқтылардың өкілі, қарсы әлемнің символы. Құрмашқа шабуыл — жауына зауал. Басқаша ойлай алса, ол қасқыр, Көксерек болмас еді. Оның қасқырлығы — өзінің емес, табиғаттың “қателігі”, өзі үшін не екені түсініксіз де шығар. Дәл шығармада суреттелетін жағдайда ол Құрмашты өлтірер еді, өлтірді де. Қасқырдың ұяты адамның ұяты емес. Ал қайсыбір жұмыр басты пенделер мұндай жауыздықты үлкен дайындықпен шіміркенбей атқаратыны белгілі. Олар адам атын жамылғандықтан — кінәлі, қылмыскер. Демек, М.Әуезов әңгімесінде астарлы символикалық ой әрдайым түлеп, жаңғырып отырған.

Трагедия — малдың қырылуы, адам ажалы ғана емес, өмірдегі өгейсу мен қорлық, зардап тартуда, осы ахуалдың мәңгілік шешімін таппауында, қайталана түсетінінде. Даланың қасқырынан адамның қасқыры қауіпті екенін ұғынуда. Бұл әлеуметтік ыңғайдағы қаламгер аңсарын аңғартпақ.

Мәселе Көксерекке сот құрып, ақтап не даттауға саймаса керек. М.Әуезов әлемдік жаратылыстағы үйлесім мен қайшылық себебін іздегісі келетіндей. Адам мен табиғаттағы тылсым күштердің табан тіресуін Көксерек пен Құрмаш, Қасен, Арыстанбек, Бейсенбай, Аққасқа төңірегіндегі фабуланың оралымы арқылы бейнелей отырып, соңғы ақиқат сөзін айтуға әдейі бармайды. Өйткені оны айту ағаттыққа ұрындырар еді. Қоғам мен қоршаған дүниенің табиғи даму ерекшеліктерін жалаң қағидаға айналдыру болып шығар ма еді? Пенделер өз парызын орындады; Көксеректің жеңілісі шартты құбылыс тәрізді. Ол жақсы ма, жаман ба, білмейміз. Ол — болған, бар мәселенің көрінісіне айналғанын құптаймыз. Біз қасқырды айыптасақ, адам ретінде, өз ортамыздың философиясымен айыптаймыз. Әлемдік кеңістік өлшемі бойынша бұл — шектелушілік.

Бізге мұндай ауыр да қызықты жұмбақты ұсынған, шешімін табуға еркіндік берген, асықтырмаған, ғаламат ойшылдығы, тұңғиық сұлу дарынымен әрдайым таңғалдырған адам — Мұхтар Әуезов.

“Көксерек” “Жаңа әдебиет” журналының 1929 жылғы 2 — (27—42-66.). 3 — (19-30-66.) сандарында араб әрпімен терілген. Журнал мұқабасында “Қазақстан халық шаруасының орталық кеңесінің мемлекеттік баспаханасы. Айына бір рет шығатын “Көркем әдебиет және сын” журналы, март. 1929 жыл. “Қызылорда” деген жазу бар. Соңындағы сөз: “Ташкент. 1929 январь”. 1934 жылы “Әдебиет майданының” 4, 5- сандарындағы нұсқа осы басылыммен бірдей. Ал латын әрпімен терілген нұсқа мұқабасында “Қараш-Қараш” Қазақстан көркем әдебиет баспасы Алматы, 1936.” деген түрде жарияланған. 1929 және 1936 жылғы мәтіндерінде “Көк серек”, “Қара адыр” сөздері жоғарыда көрсетілгендей бөлек жазылады. 1979 жылғы “Қилы заман” жинағы мен 20 томдықтың 2-томындағы басылымда өзгерістер жоқ. Біз салыстыруға негіз болған 1929, 1936, 1960 (бұл да “Қараш — Қараш” жинағы) және 1979 жылғы жарияланымды 1-, 2-, 3-, 4- нұсқа деп, кейде басылым не кітап, яки томды, ретіне қарай жылдарды да көрсетіп отырамыз.

1. 5-бет. **“Ұзын кең өлкені қаптай басқан қарағанның ортасында терең, құр жар бар. Соның бас жағында итмұрынды қалың жыныстың арасында қасқыр іні бар”.**

“Құр жар” дегенде жер, топырақтың кебулігі аталған.

Ал екінші сөйлемдегі “жыныстың” сөзі 3-нұсқада (1960) жоқ.

2. 5-бет. “**Бәрінің ауданы бір, жер астынан қатынасы бар**” деген сөйлем 1-нұсқада (1929) үтір орнына нүкте қойылып, келесі бөлігі бас әріппен жеке жазылған.

3. 5-бет. “**Індердің орта жерінде екі қалың сасыр шайқалып өсіпті. Қазірде соның түбінде қысқы жүні әбден түлеп болмаған ақ қасқыр жатыр**” — 2-нұсқада (1936) “екі қалың” “екі түп қалың”, ал 1-нұсқада “шайқалып өсіпті” “шайқалып тұр” деп берілген.

Түлеу — мал-жануар, хайуанаттардың жылдың белгілі бір кезеңіне сай келетін жаңару шағы.

4. 6-бет. “**Тұрғанда “арс” етіп, азу тістері ақсиып, ырылдай түрегелді**” — 1-нұсқада соңғы фразалар “ырылдап тұракелді” боп оқылады.

5. 6-бет. “**Ентіккеи, көбік аққан тұмсығымен ақ қасқырды айнала иіскеп, әр жерін жалап алды**” — 2-нұсқада “иіскеп” — “иіскелеп”.

6. 6-бет. “**Тұмсығы мен бастары, мойын жүндері қыпқызыл болған қасқырдың жасыл көздері от шашады**” — 1-нұсқада “Тұмсығы мен бастарының” орнына “Аузы бастары”, ал “қасқырдың” орнына “қасқырлардың” деген сөздер қолданылған.

7. 6-бет. “**Енді біразда көк шөпте әрлі-берлі аунап-аунап, керіліп тұрып, жегендерін құса бастады**”. 1-нұсқа бойынша “керіліп тұрып” — “керіліп түсіп”, “құса бастады” — “кезек-кезек құса бастады”.

8. 6-бет. “**Ін үстіне мүйіз тұяқтар тасырлап, дүбірлетіп келді; айқай-дабыр молайды**” деген сөйлем 1-нұсқада “Ін үстіне үлкен мүйіз тұяқтар” болып басталады.

9. 6-бет. “**Кетерде бұның біреуінің тірсегін қиып қалдырды да...**” Бұл — қасқыр күшіктерін ежелден келе жатқан жазалау тәсілі, жыртқыш қорлық көреді, айналасына көп залал келтіре алмайды.

10. 7-бет. “**Өзіне жеке асқұйғыш — итаяқ әзір болды**” — 2- нұсқада (1936) “итаяқ” сөзі жоқ.

11. 7-бет. “**Түн баласында Құрмаш**...” — “Түн баласында” — қалыптасқан, тұрақты, әдеби сөз тіркесі, түні бойы, түнгі уақытта деген ұғымды бейнелі түрде көркем әсермен жеткізеді.

12. 7-бет. “**Ауылдағы өзіғұрбы күшіктерден сонша үлкен емес**”. 4-нұсқада 20 томдықпен бірге алынып отырған “Қилы заман” (1979) жинағында “өзіғұрбы” — “өзі құрбы” боп жазылған. Ал 1-нұсқада (1929) “сонша үлкен емес” — “сонша көп үлкен емес”.

Өзіғұрбы — қатарлас (жас мөлшері).

13. 7-бет. “**Бұл уақытқа шейін Көксерек ауыл итінен көресіні көрді**” — 1-нұсқада — “көп көресіні көрді”.

14. 7-бет. “ — **Кәпір, қырыс, тағы емес пе**!” Қырыс — айтқанға көнбеу, бәрін керісінше істейтін жанға қатысты қолданылатын сөз. Бұл жерде Көксерек меңзеліп тұр.

15. 8-бет. “ — **Ұры. Асырасаң да мал болмайды**” деген жолдар 1929 жылғы басылымда “— ұры десті” боп басталады.

16. 8-бет. “**Көрнеу ши ішіне кіріп кетіп**...” деген сөздер 1-нұсқада жаңа жолдан жазылады.

17. 8-бет. “**Мынадай кезде Құрмаштың өзі де қорқақтай барып, қой-қойлайтын еді**” — “Жаңа әдебиет” журналында “қорқақтай барып” — “қорқақтап барып” түрінде берілген.

18. 9-бет. “**Әлі тұрқы шығып, ұзарған жоқ**” — “Тұрқы” дегенде жас қасқырдың дене бітімі тұтас айтылып отыр. Әлі өсіп-жетіліп бітпеуді білдіреді.

19. 9-бет. “...**жотасы күдірейіп, ауыз омыртқа мен күйрығына шейін тұп-тұтас болып, күлдіреуіштей бүгіледі**” — “Шаңырақ шеңбер тәрізді тоғыннан және күлдіреуіштерден тұрады. Күлдіреуіштер парабола тәрізді иіледі” (Ақпанбек Ғ. “Қазақтардың дүниетанымы”. — Алматы: “Қазақ университеті”, 1993. 22-б.). Яғни, “күлдіреуіштей бүгілу” арқылы қасқырдың күш-қуаты, шабыс пен айқас түрлеріне икемділігі сипатталған.

20. 9-бет. “... **қара ала төбетке майдан берді**” — Көксеректің ұзақ та ұтымды айқас, таласын бедерлейді.

21. 10-бет. “**Көксеректің бұл жайын байқап Құрмаштың әкесі**” (10-бет) деп басталып, “**Жарық айлы түнде тұмсығынан бұрқырап бу шығады**” (10-бет) деп келетін жолдарға дейінгі үш абзац 1929 жылғы басылымда кездеспейді. 1936 жылдан бастап қосылған. “**Өзінің үсті-басы батпақ болып сыбағысқан собалақ жүдеу пішінмен келді**” — Осы үзіндідегі бұл сөйлемде орын алған “собалақ” эпитеті 2-нұсқада (1936) ұшыраспайды.

22. 11-бет. “**Шашау шыққан мал жоқ**” деп басталатын абзацтағы “**Пішен төбесі мен қораның ығында жатқан ит-**

тер үреді. Сақ, мазасыз...” деген сөйлемдер 1-нұсқада бөлек жолдан жазылыпты.

23. 11-бет. “**Тынбай, ұзақ-ұзақ уақыт ұлыды**” — 1979 жылғы “Қилы заман” жинағында “уақыт” сөзі (1960 жылғы “Қараш- Қараш” жинағында қосылған) ұмыт қалыпты.

24. 12-бет. “...**сайға қарай салды**” — Бөрінің шабысын, жортуылын білдіру.

25. 12-бет. “...**бой салып қашқан жоқ**” — “Бой салып” — фразеологизм, бар күшін пайдаланып деген мағынаға сай.

26. 13-бет. “**Даладағы қойға тигенде**...” деп басталатын сөйлем біз шартты түрде атап отырған алғашқы үш нұсқада өзінен бұрынғы абзацпен жалғасып жатыр. Ал келесі абзацтың “**Бірнеше ауылдың**...” деп басталатын соңғы сөйлемі 1929, 1936-жылдарғы басылымдарда жаңа жолдан жеке үзік болып тұр.

27. 13-бет. “... **көзден таса қылмай, қия бастырмай-ақ сақайған болады**” — Сақсыну, сақтану, күзет қою, қамдану мағынасындағы сөз.

28. 14-бет. “**Сондайда ақ қасқыр жүрістен талып келіп, тыныққып жатса, Көксерек айналасына қар боратады**” — 1-нұсқада (1929) “Сондайда” жоқ, сөйлем “Ақ қасқырдан” басталады.

29. 14-бет. “**Екеуі қалың қараған арасында ұйығып та алды**” — 1929 жылғы басылымда “Екеуі елсізде, қалың қараған арасында боп келеді”.

30. 15-бет. **“Бірақ бұрынғы дағды бойынша, ақ қасқыр қарсы шығушы еді”** — 2-нұсқада (1936) “бұрынғы” жоқ. Ал 1-нұсқадағы соңғы сөздер: “ақ қасқыр қарсы шықпады”.

31. 15-бет. **“Тыным алмай, баяғы іздерімен баяғы елді қайта қан-қақсатты. Бұрынғыдан жаман құтырды...”** — 1936 жылғы басылымда жоғарыдағы екі сөйлемнің арасында мынадай жолдар кездеседі: “Қамыш ішінде жатып күшік өлді. Екеуі барып көріп қайтты”.

32. 15-бет. **“Ақ қасқырдың желіні түгел қатқан жоқ екен”** — 1-нұсқада “екеннің” орнына “еді” қолданылған, 1936-жылғы басылымда бұл екі сөз де жоқ.

33. 16-бет. “**Сонан соң бұл адырға кіріп, бір-екі бел асқан соң қуғыншыны адастырып, құтылып алды. Бірақ серігі жоқ”** — Барлық басылымдарда бар бұл үзінді 1929 жылғы “Жаңа әдебиет” журналында төмендегідей боп оқылады:

“Амалсыздан адырға кіріп кетті. Бұнда да жалғыз атты қумақ болып еді. Артынан оралмай адасып қалды.

Бірақ осыдан соң Ақ қасқыр табылмады. Бұған жоқ болды”. Соңғы екі сөйлем 2-нұсқада ұшыраспайды.

34. 16-бет. “**Сонымен қуғын күні Көксерек түні бойы ақ қасқырдын ізіне түсіп жортып еді**” — 1-нұсқада “Сонымен”, “Көксерек” сөздері жоқ, “ақ қасқырдың” орнына “серігінің” деген атау пайдаланылады, “қуғын” бас әріппен жазылады.

35. 17-бет. 20 томдықтағы “Бәрін иіскелеп алды” деген сөйлем “Қилы заман” (1979) жинағында “Бәрімен иіскелеп алды” боп берілген. Дұрысы: 1-нұсқадағыдай “**Бәрімен иіскелесіп алды**” болса керек.

36. 18-бет. “**Екеуі де жемтіктен шығып гүр-гүр етісіп тұрып, қайтадан қызылға ұмтылысты**” — 1960 жылғы басылым бойынша “жемтіктен шығып” деген соң “біраз” дейтін сөз бар екенін еске саламыз.

37. 19-бет. “**Сол уақытта артқы қасқырлар топырлап келіп жетіп, көк шолаққа ауыз салысты**” — Екінші, үшінші нұсқада да осы құрылым сақталған. Ал бірінші нұсқада “ауыз салысты” — “ауыз салды” боп жазылыпты.

38. 20-бет. “**Аз уақытта көк шолақтан будыраған жүн мен төрт табан ғана қалды”** — Бұл үлгі 1960 жылғы басылымда қосылған. Ал 1, 2- нұсқаларда оқиға “Аз уақытта көк шолақтан будыраған жүн ғана қалды” деп баяндалады.

39. 22-бет. “**Тоя жеп алып, сайына қайтты**” — 1-басылымда “бұрынғы сайына” деген тіркес қолданылады.

40. 22-бет. 1936 жылғы “Қараш-Қараш” жинағындағы “**Қайтадан жоны шығып, тыңайып, күшейіп алды**” деген жолдардағы “күшейіп” сөзі кейіннен қысқартылған.

41. 23-бет. “**Қойшы ауырып қалып, әкесі бір күнге қойға жіберген еді**” дейтін жолдар 1- нұсқада “Бүгін” деген үстеумен басталады.

42. 25-бет. “**Алыс жерден еті аяңдап келген Аққасқаның қыстығүні қарда жүгіруге қызылы толық болсын деп етейтіп, баптап, қайырып жүр еді**” — “Еті аяңдау” — жұқару, арықтау, босаң тарту. “Қызылы толық болу” — күш жинап, артық-кем салмақсыз, алыс- жұлыс, жорыққа жарамды болу.

43. 25-бет. “**Соның тоғы қаша қоймады ма деген күдік бар**” — “Тоғы қашу” — бойға сіңу, артық жүк болмау (тамақ, жем туралы).

44. 25-бет. “**Екі шекесі “торсықтай” деп жүретін аңыз қылармық**” — “жүретін” (1-басылым) сөзі 1960-жылдан бергі нұсқаларда қысқарып кеткен.

45. 26-бет. “**Енді, әттең дүние, соны ғана бір қолға берсе-ау!**” Бұл үзіндінің “Жаңа әдебиеттегі” нұсқасындағы тыныс белгілері өзгеше: “Енді, әттең дүние! Соны ғана бір қолға берсе-ау!?”

46. 27-бет. “**Шынжырмен байлаулы жатып, кей уақытта “арс” етіп, от айналасындағыларға тап береді**” — Бірінші басылымда “тап береді” — “тап-тап береді”.

47. 28-бет. “**Сөйткенше сатыр-сұтыр еткен ағаш даусы мен тастақ жерді тасырлатып басқан ат дүрсілі естілді**” — 1-нұсқада “Сөйткенше” жоқ.

48. 28-бет. “**Екі аяқтының иісі сезілді**” тіркесі 20 томдықтағы әдепкі басылымда “Екі аяқтылардың” боп келеді.

49. 28-бет. “...**сайды жалбылап, жоғары қарай салды**” — “Жалбылап” — қиялап, жасырынбақ бола тұра деген ұғымда.

Б. Майтанов,
филология ғылымдарының
докторы, профессор

“ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТТАР”

Әдебиет, мәдениет, ғылым, өнер, ағарту ісі мен тағы басқа да салаларға қатысты ұдайы ой толғап, қалам тербеп келген Мұхтар Әуезов жиырмасыншы жылдардың аяғында Қазақстандағы ұлттар мәселесіне қатысты көлемді мақала жазды. Бұл еңбегі “Қазақстан” мемлекет баспасынан (1930. 32 б.) жеке кітапша болып басылып шықты. Содан кейін тек Жазушының 100 жылдық мерейтойы қарсаңында ғана “Жұлдыз” (1997. № 2, 3—21-беттер) журналында алғы сөзбен жарияланды. Елу томдық академиялық толық басылымға осы жарияланым алғашқы нұсқасымен салыстырылып, жіберіліп отыр.

М.Әуезов мұнда жиырмасыншы жылдардың екінші жартысындағы республикамызды мекендейтін ұлттардың жай-күйінен басқа, жалпы сол тұстағы хал-ахуалдарынан да хабардар етеді. Еңбекте нендей мәселелердің көтерілетіндігі — мына төмендегі: “Ұлттардың патша заманындағы тұрмысы”, “Ұлттардың кеңес үкіметі заманындағы тұрмысы”, “Ұлттарды кеңес түзілісіне қатынастыру туралы”, “Жергіліктендіру мәселесі”, “Мәдениет құрылысында ұлттардың жайы және қызметшілер даярлау”, “Ұлт мәселесінің шаруашылық құрылысында шешілуі”, “Партия құрылысы”, “Интернационалдық жолында” деген тақырыпшаларға бөлінулерінің өзінен-ақ көрінеді.

Қазақстанның халқы 1926 жылғы санақ бойынша 6,5 миллион болыпты, соның 57,1 пайызы қазақ, 15,3 пайызы орыс, қалғаны өзге ұлттар және бұл жерде көшпелі қазақ елінің есебі толық алынбағандығы ескертіледі. Осындағы дерекке қарағанда, 1902 жыл мен 1913 жылдың аралығында тұрмыстың ауырлығы мен әртүрлі аурулар салдарынан жергілікті халық 9 пайызға кеміген, сол кезден 1926 жылға дейінгіні алғанда бұл сан одан да жоғарылап кеткен. Оныншы жылдардың соңындағы “Өліп таусылу қаупі” (“Абай”, 1918. № 12) деген мақаласының жазылуы осыларды терең сезінуден кейін туғандығын аңдатады.

Сол бір кезеңде 57 пайызды құрайтын жергілікті халық отыз жылға жетер-жетпес уақыт ішінде, әсіресе, тың көтерілген жылдарда екі есе азайып кеткендігін, өз жерінде бар-жоғы 27 пайыз ғана болып қалғандығын кейінгі санақтар дәлелдеп берді. Қаламгердің аудан, ауыл кеңесі, кадр мәселесі төңірегіндегі

дәлел-деректемелері мен толғаныстары да әрқилы ойларға жетелейді: мысалы, 1927 жылы Орталық Атқару Комитетінің 151 мүшесінің 92-сі қазақ болса, бұл көрсеткіш 1929 жылы, яғни екі жылға жетер-жетпестей аралықта жартысына жуығы қысқарып кеткен; бұл бағыт қашан кеңестік құрылыс құлағанға дейін мызғи қоймаған, ол ол ма, тіпті тәуелсіздік алғаннан кейінгі төрт-бес жылдың көлемінде де сол сеңнің бұзылмағандығына көз жетеді. Мәселен, 1994 жылдың дерегі: өнеркәсіпте қазақтың 22, орыстың 52, құрылыста — қазақ 25, орыс 49, транспортта — қазақ 28, орыс 48, сауда және тамақтандыру саласында — қазақ 31, орыс 41, денсаулық сақтау және қамсыздандыруда — қазақ 40, орыс 42, басқару ісінде — қазақ 31, орыс 48, ғылым мен ғылыми қызмет көрсету бойынша — қазақ 25, орыс 53, байланыста — қазақ 29, орыс 48, материалдық-техникалық жабдықтауда — қазақ 30, орыс 45, тұрғын үй қызметінде — қазақ 36, орыс 48, материалдық өндіріс саласында — қазақ 33, орыс 44, есептеу мен информацияда — қазақ 26, орыс 57 пайыз болған. Дәл осы сөз болып отырған кездегі қазақтың көрсеткіші 46 пайызға жетсе, орыстар 36-ға дейін төмендеп қалған.

Ал, М.Әуезовтің жиырмасыншы жылдардың аяғында қозғаған мәселелеріне елуінші жылдардың екінші жартысында қайта оралып жатса, әрине, оған таңдануға болмайды. Жаңа құрылыс туралы романдар жазу мақсатымен Оңтүстік Қазақстан облысын аралаған шақтарында ол Шымкент қаласындағы қорғасын, прессавтомат, тоқыма комбинаты, дәрі-дәрмек жасайтын заводтар мен облыс көлеміндегі басқа да өндіріс, шаруашылық орындарында болып, ондағы еңбек ететін жұмысшылардың тұрмыс-тіршілігін танып-білудің үстіне, олардың ұлттық құрамын да сұрастырып, қанығып, көз жеткізіп отырды. Сондағы көңіл аударуларының нәтижесін романында қорғасын заводындағы мынадай хал-жағдайларды суреттеп берумен нақтылады: “Заводта жергілікті халықтар жұмысшылары, қызметкерлері мүлде аз, өсірілген маман басшы орындарда, цех бөлімдерінде жоқ. Бар адамдар өсірілмейді, тіпті, инженерлік білімі бар қазақ қызметкерлері бір орыннан жоғарылап өспейтін болған соң, бұл заводты тастап, қызметтен кетіп қалуға тура келген... Бірнеше жас инженерлер қазірдің өзінде кей цехтарда қара жұмысшыға жақын қызметте көптен ұсталып келеді. Қазақ жұмысшыларының сан цифрлары

бұрынғы жылдардан қазір даусыз төмендеп кеткен. Заводтың бастауыш партия комитеті қатарында кейде екінші, кейде үшінші хатшы орнында жүрген маман да емес, қабырға газетінің редакторы сияқты шалағай жастардан тек белгіге, атауға ғана арнап қойған салмақсыз адамдар байқалады" (20 томдық шығармалар жинағы. 7-том. 1980. 176-бет). Осындай алшақтыққа әбден көзі жеткенде ғана барып жазушының жоғарғы орындарға нақтылы деректер беруіне, мән-жайды ұғындыруына байланысты оң өзгерістер жасалынған, бірер жылдың ішінде ол өзінің жемісін көрсетіп шыға келген.

"Ресей үкіметінің құлдығы астында, екі жүз жыл ішінде мәдени, шаруашылық жақтан артқа кетіп, қайдағы оңбаған әдеттер күш алды" дегеніндегідей, отаршылдықтың басты мақсаты — елді экономикалық және рухани кіріптарлыққа ұшырату, ұлттың санасы мен рухын өшіріп, мүлдем жою еді; оны алдымен қазақтардың жайлы қоныстарын келімсектердің мұжықтарына 15 десятинадан 35 десятинаға дейін, әскерилеріне 70 десятинаға дейін, жалпы 40 миллиондай жерін тартып алып берумен бастады. Қазақтың өзіне тиесілісі 5 десятинадан аспады, оның өзі жарамсыз жерлер болып шықты. Бұларға қоса орыстандыру саясаты жүргізілді — балаларын ана тілінде оқуға рұқсат етпей, орыс тілінде оқуға міндеттеді, оның өзінде көбінесе қолында билігі бар атқамінерлердің ғана балаларын оқуға беруіне мүмкіндік жасалып, олардың көпшілігін орыс шенеуніктерінің қолшоқпарына айналдырды да, өзінің туған халқына келгенде ешқандай қайырымы болмайтындай күйге жеткізді. Ұлт пен ұлттарды ғана емес, ұлттың өзіне өзін қарсы қоя білу тәсілдері міне, осындай айла-амалдармен жүзеге асты;

Ең жаманы сол бір жымысқылықтың қалдығы жаңа заман қызметкерлерінің көпшілігінің бойынан арыла қоймағандығы еді. Кеңестік құрылыстың алғашқы жылдарында-ақ отаршылдық, қанаушылық желігіне уланған орыс ұлтшылдары жергіліктендіруді және "көпшілік орын тұтушы халық арасындағы мекемеде сол халықтың өзінен қызметкер отырып, барлық жұмыс сол тілде жүргізілсе, өкіметтің жұмысы тез алға бармақ. Неге десең, жалпы қара бұқара өз мұңын толық айта алса, әлгі мекеме де толық түсіне алады" деп, қазақтың тілін өлкенің мемлекеттік тілі ету ісін жаралы жерлерін тырнағандай көрді, әрбір бастама-әрекетті өздеріне қарсы жүргізілген шара ретінде

қарап, қисапсыз дәлел-сылтаулармен кедергі-кеселін тигізіп бақты. Ал, оны ұғып-ұғына білгендер болса — сенімсіздер қатарына жатқызылып: отызыншы, қырқыншы жылдардың екінші жартысы мен елуінші жылдардың басындағы сияқты саяси айыптаулардың неше алуанын арқалап шыға келді. Ең бастысы жазушы еңбегіндегі сөз болған сол бір мәселелердің көпшілігі дәл қазіргі уақыттың жағдайларымен де үндесіп, сәйкес келіп жатқандығында.

Сол дәуірдің әр алуан болмысын елестететін бұл еңбектің өз кезінің саяси ықпалына бейімделе жазылғанын да естен шығармаған жөн. Өйткені, заманының ұстанымы қалам иелерінің көбіне өз сөзін айтқызбай және өз дегеніне көндірмей тұра алмады: конфескелеу, ұлтшылдыққа шабуыл, жікшілдікті қоздыру, зиялыларды біріне бірін айдап салу — көп қайраткерлерді бойын қаншалықты аулақ салғысы келгенімен, шырмауына шырмап, иіріміне тартып кетіп отырды. Сондықтан да осындағы М. Әуезовтің кейбір байлам-тұжырымдарына түсініспікпен қарағандұрыс болады; мұнда ұлтшылдықты, алашордашылықты, қазақ ұлтының еркіндігін мақсат тұтқандарды сынағанымен, әсіре қызылшылдар онысына илана да, шын ниеті деп қабылдай да қоймады. Оны дәл сол тұстардағы баспасөз беттерінде жарық көрген мына секілді кінәлаулардың өзі-ақ дәлелдейді: “Барлық шығармаларында дерлік қазақтың тұрмыс-тіршілігін өткенді көксеген қазақ байының көзімен көреді; қазақтың алашшыл ескілігін жырлайды, хандарын, аңызға айналған батырларын, данышпан билерін, ардагер ақсақалдарын, феодал сал-серілерін мадақтайды. Мақтағанда да ол оларды ылғи жағымды, бүгінгі күннің өзінде де қадір тұтуға, үлгі алуға лайықты тұлғалар ретінде суреттейді” (“Советская степь”. 1929. 19 сәуір). Осы кітабының шығуымен жарыса өзі де қамауға алынды, әлгі газеттің 1930 жылғы 27 желтоқсанындағы санында қазақ байшылдығының ұлттық идеологтары, буржуазияшыл сменовеховшылдары атанған Ахмет, Мағжан, Міржақыптардың қатарында оның да есімі жүрді. Дегенмен өзін ұдайы мазалап, ұдайы толғандыратын ойларының біразын ебін, ретін тауып, жазушы бұл жерде де шет жағалап болса да айта білді.

Енді түсінік беруді қажет ететін сөздер мен ұғым, атауларға келсек, олар мыналар:

1. 33-бет, “**Қарақалпақ облысы Сырдарияда жайлап**” — Автономиялы облыс ретінде Қарақалпақ 1925—1936 жылдар аралығында Қазақстан құрамында болғаны жөнінде осы басылымның 4-томында, “Жеткіншек” деп аталатын ересек жастарға арналған оқулықтың түсінігінде айтылды. Бұл жерде Арал теңізінің оңтүстік батысы мен Әмударияны мекен ететін қарақалпақтардың біраз бөлігі сол кездегі Сырдария атанған облыс аумағында да болғандығы меңзеледі.

2. 35-бет. “**1738 жылдан бастап, Қазақстандағы ұлттар 200 жылға жақын Ресей патша үкіметінің құлдығы астында жасады**” — Кіші жүздің ханы Әбілқайыр (1693—1748) бастаған бірсыпыра ру басылар Батыр, Барақ сұлтандардың қарсылығына қарамай, 1731 жылдың 10 қазанында Ресей қоластына қарау жөнінде ант қабылдайды. Ол өз жолын жалғастыруға ұсыныс айтып, Орта жүздің ханы Сәмеке (1734 жылы өлген) мен туысқан ағасы, Ұлы жүздің ханы Жолбарысқа (1690—1740) өкілін жібереді. Бұл кезде Жолбарыс қарамағындағы қазақ қауымы және Ташкент қаласының тұрғындарымен жоңғарларға тәуелді болып қалған, соған қарамай, 1733 жылы Ресей құрамына енуге ерік білдіреді, келесі жылында оны қуаттаған Анна Ивановнаның хабары, 1738 жылдың 19 қыркүйегінде келісімді бекітіп, қолы қойылған грамотасы жетеді. Бірақ жауларының қолынан қаза табуына байланысты, ол бастаған әрекеттер жалғасын таппай, аяқсыз қалады да, содан бір жарым ғасырдай уақыт өткенде ғана барып, оған қарасты ел мен жерді Ресейдің жаулап алуына тура келеді. Орта жүз сұлтандарына келсек, олардың да үлкен бір тобы 1738—1740 жылдары Ресей қоластына кіргендігін мойындайды; осылай бастау алған бодандық қамытын киюдің сыры терең ашылмай, кеңестік тарихшылар амалсыздықтан, әйтпесе жойылып кететін еді деп түсіндіруге және Бөгенбай батырдың: “Қазақ ордасы Ресей империясының қоластына қабылданбай тұрған кезде оны қашан да болсын жан-жағынан мазалады емес пе?! Көп тазы қуғандай қай жерден болсын қашпады ма, қашып жүріп малдарынан айрылып, ал кейде бастарына күн туғанда өздері ғана бас сауғалап, қатын-баласынан айрылып күйзелмеді ме. Жоңғар қалмақтары шапса олай қашты, башқұрттар тисе бұлай қашты, ал Волга қалмақтары мен жайық казактары, оған қоса Сібір әскері талағанда қашатын жерлері де қалмады” (Қазақ

ССР тарихы”. 3-том, 1982, 30-б) дегендей мысалдарды көптеп келтірумен ақтауға тырысты. М.Әуезовтің алғашқы келісімді көрсетпей, Орта жүз бен Ұлы жүздің өтініштерінің бекітілген мерзімін алуының мәнісі жалпы қазақ қауымын былай қойғанда, тіпті Кіші жүздің өзінің аз ғана бөлігінің бодандыққа мойынсұнуын көпшіліктің сол тұстың өзінде-ақ мақұлдамауы секілді қарауында жатыр.

3. 37-бет. “**Көтерілістің ең үлкені 1916 жылғы көтеріліс болып, бұған Қазақстанда болған ұлттардың көбісі қатынасқан еді**” — Көтеріліс патша үкіметінің 25 маусымдағы жарлығына орай туындады; жарлықта Қазақстанда тұратын қазақ, өзбек, тәжік, түрікмен, ұйғыр мен дүнгендердің 18 бен 43 жас аралығындағы еркектерінің майданның қара жұмысына алынатыны айтылды. Бұл — Сырдария, Ақмола, Семей, Орал, Бөкей ордасындағы халықтың толқуларын туғызды да, осылардың ең ірісі Торғай мен Жетісуда болып, оған жаңағы аталған ұлт өкілдері қатысты.

4. 38-бет. “**Ұлы жәһангер мемлекеттердің Ресейдегі пролетариат төңкерісін құлатуға шығарған шабары Колчак, Дутов, Анненковтармен бірігіп**” — “Жәһангер” сөзін әлемді жаулаушы мағынасында қолданды. Солардың қолжаулығы Колчак Александр Васильевич (1873—1920) Ресей контрреволюциялық басшыларының бірі, адмирал. Ол қазақ жерінде мыңдаған адамдардың қанын төкті: тірідей жерге көмді, мұз астына түсірді, бір ғана Ақмола уезінің Маринск деген селосында үш мың адамды атып тастады. Омбыдан Үркітке қашып бара жатқан жолда қолға түсіп, атылды. Дутов Александр Ильич (1879—1921) Орынбор орыс казактарының атаманы, осылардың көтерілісін басқарды, Қытайда атып өлтірілді. Анненков Борис Владимирович (1889—1927) Шығыс Қазақстан мен Батыс Сібірде, Жетісуда ақгвардияшылардың атаманы болды. Қылмыстары үшін Семей қаласында атылды.

5. 39-бет. **“1920 жылдың август айында Ресей орталық атком һәм Комиссарлар кеңесі автономиялы Қазақстан мемлекетін құруға декрет шығарды”** — Алғаш Қырғыз АССР-і атанып, РСФСР-дің құрамында болған Қазақстан, 1936 жылдын 5 желтоқсанында ғана Одақтас республикаға айналды.

6. 44-бет. **“өте кескін түрде”** — Қатаң, шұғыл деген мағынаны білдіреді.

7. 47-бет. **“1929 жылдан бастап екі жоғары оқу орны құрылды: Қазақ мемлекет университеті және мал дәрігерлерін даярлау институты**” — Университет деп отырғаны Ташкент педагогикалық институтының негізінде құрылған Қазақтың мемлекеттік педагогикалық институтына 1935 жылы Абай есімі берілді. Мал дәрігерлік институты 1930 жылы Қазақ мемлекеттік дәрігерлік-зоотехникалық, 1934 жылы Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институты болып қайта құрылды.

8. 48-бет. **“Ұсақ ұлттар тілінде — қарақалпақша бір “Ментөкш Қарақалпақ”, ұйғырша бір “Кәмбәғәлләр ауазы”, өзбекше бір “Қызыл қышлақ” газеттері шығады”** — “Ментөкш Қарақалпақ” соңынан “Совет Қарақалпақстаны” газетіне айналды. “Кәмбәғәлләр авази” 1921 жылдан Ташкентте, 1922 жылдың қаңтарынан Алматыда, 1930 жылдың қазанынан Жаркентте шықты. 1932 жылы “Колхозчилар авази”, 1963 жылы “Иенилик авази” болып өзгертілді. Соңғы газет деректің жоқтығынан анықталмады.

9. 50-бет. **“1925 жылғы Қазақстанның V партия конференциясында ұлтшылдар өз пікірін өткізіп, жерге орналастыру жұмысына кезек түзілді”** — Конференцияда өлкелік комитеттің бірінші хатшысы болып жаңадан сайланған Ф.И.Голощекин есепті баяндама жасады. Бұған дейін Түркістан өлкесіне қарап келген Сырдария мен Жетісу облыстары партия ұйымының өкілдері бірінші рет осы конференцияға (1—7 желтоқсан) қатысты. Ауылдағы таптық жіктелудің саяси жағынан қалыптасуы, әлеуметтік және аг- рарлық-экономикалық сипаттағы шаруашылық, партия құры- лысы мен партияның ішкі өмірінің мәселелері сөз болды. Жерге орналастыруды ұлтына қарай кезектестіріп жүргізу туралы қаулы алынды.

10. 50-бет. **“Бұл жанжалдар Қазақстанныц VI партия конференциясының қаулысымен жөнделді”** — ВКП (б) Орталық комитетінің нұсқауларына сәйкес, 1927 жылдың қарашасында өткен Өлкелік партия комитетінің VI конференциясында 1925 жылғы V конференциядағы жерге орналастыруды ұлттық белгісіне қарай кезекпен жүргізу жөніндегі қаулысын қате шешім деп тауып, оның күшін жойды. Енді жерге орналастыру ісінде таптық сипаттың қатаң сақталатындығы ескертілді.

11. 52-бет. “**Қазақстанның VII партия конференциясы бұл турада мынадай тура жол көрсетті**” — Бұл конферен-

ция 1930 жылдың 30 мамыры мен 6 маусымы аралығында өтті. Онда колхоз құрылысына қауіп төндіріп отырған оңшыл оппортунистер мен колхозға күштеп көндіру және әкімшілік әдісті қолданған солшылдарға қарсы күресу мәселесі сөз болды.

12. 53-бет. “**Қалайда сол уақыттағы, Орынбордағы партия ұйымына**” — 1925 жылға дейін Орынбордың Қазақстанның астанасы болып тұрған кезеңдегі жағдайына ойды аударып отыр.

13. 54-бет. “**Сол уақыттағы жікшілдікті зорайтқан Қожанұлы жолдас**” — Сұлтанбек Қожанов (1894 — 1938) мемлекет, қоғам қайраткері, әдебиетші, ақын. 1919 жылдан Түркістан өлкелік оқу бөлімінің бастығы, Атқару комитетінің төрағасы, 1924 — 1925 жылдары Орынбор, Қызылордада Қазақ өлкелік партия комитетінің хатшысы, 1934 жылдан КСРО-ның Орта Азиялық жер халық комиссариатының жауапты өкілі, тағы да басқа қызметтерді атқарған ұлы қайраткер. Оның Алашорда мен алашшылдарға бейімділігі сыналды, 1925 жылғы V конференцияда жікшіл деген айып тағылып, Республика басшылығы қызметінен алынды. Осыдан бастап “қожановшыл”, “сәдуақасовшыл” деген сөздер сынаушылар мен біреуді қаралаушылардың сүйікті терминіне айналды.

Т. Әкім

“КАЗАХСКОЕ НАРОДНОЕ ТВОРЧЕСТВО И ЕГО ПОЭТИЧЕСКАЯ СРЕДА”

Мақала М.Әуезовтің шығармаларының елу томдық толық жинағының алтыншы томына “Әуезов үйі” ҒМО-ның қолжазба қорында сақталған нұсқасы (№180 папка, 228-265-беттер) бойынша беріліп отыр. Томға дайындау барысында “Тамыр” альманағының 2001 жылғы 1-санында Д.Қонаевтың алғысөзімен басылды. Мақала мәтіні Әуезовтің жұбайы Валентина Николаевна Кузьминаның қолымен көшірілген. Соңғы беттің астында Әуезовтің қолымен “Мұхтар Әуезов. Ленинград 25.10.1927. Адрес: Ленинград Центр. Улица Декабристов д. 14, кв. 1, Ауезову Мухтару” деп жазылған. Валентина Николаевнаның да, М.Әуезовтің де қолтаңбалары мұражай архивінде сақталған басқа қолжазбалармен салыстырылып анықталды. Көрсетілген папканың 70—86-беттерінде осы мақаланың машинкаға басылған нұсқасы бар. Жұқа жазу қағазының екі бетіне де басылған. Шрифтері негізінде көк, соңғы бірер беті қара. Бұл нұсқаның көп жерлері сызылған, өшірілген, кей жерлеріне жеке сөздер, тіркестер, сөйлемдер, абзацтар қосылған. Екі нұсқаны салыстырғанда машинкаға басылғанының әбден қаралғаны, жөнделгені байқалды. В.Н.Кузьмина көлемді ашық жолды қалың дәптердің беттеріне қара сиямен жазған. Таза және сауатты көшірілген. Бүкіл мәтіннен 2-3 қана қате шықты. Мақаланың соңында жазушының 1927 жылғы Ленинградтағы мекен-жайының көрсетілуіне қарағанда мерзімді баспасөзге ме, әлде баспаға ма жіберуге дайындалған сияқты. Осы күнге дейін жарияланбай келуінің негізгі себебі осы жылы Қызылордада (сол кездегі Қазақстанның астанасы) “Казиздат” баспасынан шыққан “Әдебиет тарихы” оқулығының НКВД органдарының бұйрығымен тәркіленуі, 1928 жылы шыққан “Қилы заман” романының таралуына тыйым салынуы сияқты жағдайлар болуы керек. Мақаланың алғашқы бөлігінде айтылған зар заман ақындарының шығармашылығы ол жылдары саяси тұрғыдан қатты айыпталатын. Сонымен қатар Жазушының қырғыз халқының ұлы эпосы “Манасқа” қатысты негізінде жарияланбаған материалдардың ішінде жүр.

Мақала материалдары “Әдебиет тарихы” оқулығындағы және халық ауыз әдебиетіне қатысты 1927 жылға дейін жазған еңбектеріндегі ойларын қайталамайды. Тек аз көлемде берілген

зар заман ақындары шығармашылығы жайында айтқандарының “Әдебиет тарихында” берілген ойларды қайталайтын жерлері бар. Ал мақаланың негізгі, екінші бөліміндегі Жетісу қазақтарының ауыз әдебиеті жайында айтқандары 1927 жыл тұрмақ, қазіргі күннің өзінде тың ойларымен құнды. Жазушы өз естеліктерінде “Жетісу қазақтарының фольклоры” атты көлемді еңбек жазғанын айтқан.

1927 ж. шілде айында М.Әуезов Қазақстан оқу-ағарту комиссариатының арнайы жолдамасымен Жетісу өңірін аралап, Кенесары Қасымов бастаған ұлт-азаттық қозғалысы және 1916 жылғы Ресей патшасының бұратана халықтардан 1-дүниежүзілік соғыстың қара жұмыстарына адам алу туралы жарлығына қарсы көтерілістер жайлы ел арасынан дерекәңгімелер жинайды. Осы жайында “Тілші” газеті “Алматыға Мұқтар Әуезов келді” деген мақала басып: “Жақын арада Ленинградта оқып жатқан қазақтың атақты Жазушысы Мұқтар Әуезұлы Алматы қаласына келді. Келген жұмысы: Жетісудан қазақтың ауыз әдебиетін (өлең, тақпақ, ертегі тағы сондай қазақ елінде айтылып, жазылып жүрген шығарма, деректер)... Мұқтар жолдас келген қызметі жөнінде ел әдебиетін сүйген азаматтармен, кәрі құлақ қариялармен сөйлесіп, дерек алуды тым-ақ тілейді... Мұқтар жолдас Жетісуда августың 15-не шейін ғана болады...”, — деп хабарлады*. Осы мақалада халық ауыз әдебиеті үлгілерін білетін адамдарға М.Әуезов Ленинградқа қайтқанша жолығулары өтініш етілді. Фатима Ғабитованың естеліктерінде де (“Өртеңде өнген гүл”, 1988 ж. “Атамұра” баспасы) М.Әуезовтің Алматыға келіп, Қарқараға аттанғаны жайында нақты деректер бар. Бұл естеліктерде келтірілген даталар “Тілші” газетіндегі даталармен сәйкес келеді. Естеліктерде Ілияс Жансүгіров сол кезде Қарқарада демалып жатқандығы, сонда соңғы рет өткен Қарқара жәрмеңкесінде І.Жансүгіров пен М.Әуезовтің бірге болып, 10—15 күндей ел аралағандығы, қайтып келгеннен кейін Асыға, Байсеркеге барғандығы, августың 21-де Ленинградқа қайтқандығы айтылған. М.Әуезов Ф.Ғабитовада сақтаулы 1916 ж. ұлт-азаттық көтерілістері туралы және Жетісу қазақтарының ауыз әдебиеті туралы Смағұл Садуақасов пен Ілияс Жансүгіров жинаған материалдармен де

* М. Әуезовтің осы сапары жайында академиялық елу томдықтың 5-томында “Қилы заманға” жазылған ғылыми түсінікте толықтай айтылған.

осы жолы танысқан. Томға беріліп отырған бұл мақаланың, “Қилы заман” романының т.б. көркем, ғылыми еңбектерінің жазылуына осы сапар бастау болды. Осы сапарда аралаған Қарқара, Мыңжылқы, Шырғанақ, Саты, Асы, Қараш-Қараш жайлауларының көріністерін Жазушының кейінгі көптеген шығармаларынан кездестіреміз. Әуезов Ленинградқа барғаннан кейін қыркүйектің 27-де І.Жансүгіров пен Ф.Ғабитоваға хат жазған. Хаттың адресі мақаланың соңындағы адреспен бірдей.

Қазақ фольклористика ғылымының негізін салушылардың ішінде М.Әуезовтің бірінші орында тұрғандығы даусыз ақиқат. Бұл саладағы басты еңбегі “Әдебиет тарихы” болғанмен, бұл мақалада бұған дейін басқа фольклористер де, Әуезовтің өзі де айтпаған тың ойлар бар. Ең алдымен қазақ халқының ауыз әдебиетінің зерттелу дәрежесін, бағыттарын айқындаған. Осытан орай зерттеушілер типтері мен олардың алдына қойған мақсаттарына байланысты зерттегендерін көрсеткен. Еуропа зерттеушілері негізінде қазақ халқына этнографиялық объекті ретінде қарап, халық ауыз әдебиетін жүйелі түрде зерттеуге бармаған. Ауыз әдебиеті үлгілерін жинап қана қойған. Жиналған материалдардың жанрлық, теориялық тұжырымдар жасауға жеткіліксіз екенін дәлелдеп өтеді. Қазақ фольклортану ғылымында әр аймақ халықтарының ауыз әдебиетінде тек стильдік қана емес жанрлық та өзгешеліктер болатынын атап көрсеткен де М.Әуезов. Мұның себептерін әр аймақтың Ресеймен қарым-қатынасына байланыстыра отырып ашады. Мақалада дара ақынның өзіндік болмысын, ақындықты кәсіпке айналдырған түрін нақты мысалдармен көрсетіп, теориялық тұжырымдар жасаған. Қазіргі зерттеушілер еңбектерінде бұл мәселенің дамуы әлі күнге Әуезов жеткен тұрғыдан аса да қойған жоқ. Шежіреші шал (Рысменде) бейнесі ғылыми тұрғыдан да, көркемдік тұрғыдан да өте жақсы ашылған. Кәсіби дара ақындардың қызметі (функциясы), психологиясы, әлеуметтік ортадан алатын орны, әлеуметтік қажеттіліктерге, сұраныстарға байланысты қалыптасқан шығармашылық тұлғасының өзіндік ерекшеліктері, оларға деген халықтың әр түрлі әлеуметтік топтарының көзқарастары — бәрі терең, зерек байқалған, ашылған. Бұрынғы қазақ ауылындағы той-жиын, мұндағы орындалатын халық ауыз әдебиетінің үлгілері жан-жақты этнографиялық, әдебиеттанушылық тұрғыдан жазылған.

Ақындар айтысы, айтыс түрлері, “жер”, “су”, “тау”, “жайлау” айтыстары т.б. теориялық мәні бар ойларды тұңғыш рет ғылыми айналысқа түсірген — Әуезов. Көдек, Асан, Ж.Шайхысламов туралы деректер әлі күнге маңызын жойған жоқ.

1, 2. 59-бет. “**Радлов, Потанин**” — Жазушы бұлардың қазақ әдебиетін зерттеудегі еңбегін сол кездегі қазақ фольклорының зерттелу дәрежесі мен ерекшеліктерін, себептерін көрсету мақсатында алған. Өмірбаяндық деректерді өткен томдардан қараңыз.

3. 60-бет. “**Қозы Көрпеш**” — “Әдебиет тарихы” оқулығының түсініктерін қараңыз.

4. 60-бет. “**Гэсэриада**” — “Гэсэр”, “Гесер” — толық аты “Әлемнің он елінің билеушісі Гэсэр хан жайлы жыр (повесть)”. Ауызша және жазбаша түрде тараған эпикалық жырлар циклы. XVI—XVII ғасырларда қалыптасқан. Монғолдар мен тибеттіктерде ұзақ, көлемді прозалық түрлері басым. Бұйраттарда ұзақ, циклды жырлар түрінде кездеседі. Шығыс Монғолияда қысқа өлеңді түрлері кездеседі. “Гэсэрде” әлемді архаикалық, мифологиялық тұрғыдан түсіну, көрсету үрдісі сақталған.

5. 62-бет. Абайдың бұл екі тармақ өлеңі қолжазбада араб әріптерімен берілген.

6. 63-бет. **“Малая Орда, Большая Орда”** — Кіші жүз, Ұлы жүз. Мақалада Кіші жүз және Ұлы жүз қазақтарының халық ауыз әдебиеті үлгілері жайында айтылған.

7. 64-бет. “**Асан Кайгы**” — Асанқайғы. Алдыңғы томдағы “Әдебиет тарихы” оқулық кітабының түсініктерін қараңыз.

8, 9, 10, 11, 12. 64-бет. Алдыңғы томдардағы жазушының “Әдебиет тарихы” оқулығына, халық ауыз әдебиеті тақырыбына қатысты жазылған басқа да мақалаларының түсініктерін қараңыз.

13. 77-бет. **Косши** — Қосшы. Түркістан АССР-ы (кейін Қазақстан т.б. республикаларға бөлінген) еңбекші, кедей шаруалар ұйымы. 1920 жылы Қызылорда, Ташкентте өткен Түркістан кедей шаруалары, 1921 жылы Әулиеатада (Жамбыл, Тараз) өткен қазақ, қырғыз кедейлері съездерінің қаулыларымен құрылған. Бұл съездерде Қосшы одақтарының міндеттері белгіленіп, жарғысы жасалған. М.Әуезов те өз елінде Қосшы одақтарын құруға қатысқан.

14. 77-бет. **“Председатель ВИК**” — Бүкілодақтық атқару комитетінің председателі.

15. 79-бет. “**Кодек, Асан**” — Жетісу өңірін мекендеген Албан тайпасынан шыққан ақындар. М.Әуезовтің бұл мақаласында аталған екі ақын шығармашылығы алғаш рет әдеби-ғылыми зерттеу объектісіне айналдырылған.

Көдек (Әбдірахым) Маралбайұлы (1888—1937) қазіргі Алматы облысы Райымбек ауданының Шалкөде деген жерінде туып, Шығыс Түркістанда (ҚХР) Текес деген жерде қайтыс болған. Бала кезінде Мұқай имамнан сауатын ашқан. 1916 жылы ұлт-азаттық көтерілісіне қатысқан. 1918—1920 жылдары М.Фрунзе армиясының құрамында болып, Бұхара, Хиуа қалаларын алған әскердің қатарында соғысты. Ұжымдастыру жұмыстарына араласып, Қосшы одағын басқарған. 1932 жылы жергілікті белсенділердің қудалауынан Қытайға кетуге мәжбүр болған. Үрімжіде екі кітабы шыққан. Көдек жайлы кейінгі жылдарда ғана ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіле бастап, 1984, 1987 жылдары шығармалар жинақтары шықты. Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында (№340 папка) Көдектің 10 баспа табақ көлемінде өлеңдері мен толғаулары бар.

Асан Барманбекұлы (1866—1916) қазіргі Алматы облысы Райымбек ауданының Үшқақпақ деген жерінде туып, сол жерде қайтыс болған. Жастайынан хат танып, қазақтар мен қырғыздар арасында бала оқытқан молда. Ерекше байқағыш зеректігімен көзге түсіп, табиғат құбылыстарын, ауа райын болжағыш жұлдызшы болған. Өлең жазуға өмірінің соңына қарай бой ұрған. Ел арасында “Жеті қисса” атты толғаулар циклы кең тараған. І.Жансүгіров 1934 жылы шығармалар жинағын шығарды. 1926 жылы “Жаңа мектеп” журналында біраз қолжазбалары жарияланды. Асан шығармаларының жиналуы мен жариялануына І.Жансүгіров көп еңбек сіңірді. М. Әуезовтің 1927 жылы Қарқара жәрмеңкесіне аттанарда І. Жансүгіров жинаған Асанға қатысты материалдармен танысқандығы жайында Ф. Ғабитованың естелігінде айтылған. Асан шығармаларының қолжазбалары Қазақстан Республикасы ҒА-ның Ғылыми кітапханасының қолжазба қорында және М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында сақталған.

16. 83-бет. “**Олен**” — Өлең. Жетісу өңірінің қазақтары өлең сөзін ән сөзінің синонимі ретінде қатар қолдана береді. Мұнда

өлең сөзін көбіне домбыраның сүйемелдеуімен айтылатын, арнайы мақамы болатын өлең-жырларға қатысты айтып отыр.

17. 84-бет. “**Жүсіпбек Шаихысламов**” — өткен томдардың түсініктерінен қараңыз.

18. 84-бет. “...**недавно вернулся в Россню**” — Мұнда өмірінің соңына қарай Қытайға өтіп кеткен Жүсіпбек Шайхысламовтың Жетісуға қарай қайта өтіп, Албандар арасында тұрғаны жайында айтылған. Бұл Ж.Шайхысламов өмірбаянына қатысты тың дерек.

19. 85-бет. “**Арып**” — Әріп Тәңірбергенов. Деректер өткен томдардың түсініктерінде бар. Қазақ әдебиеттану ғылымында “Біржан-Сара” айтысының шығуы жайында әлі күнге дейін даулы сұрақтар бар. Кей зерттеушілер “Біржан-Сара” айтысы анық болған, Әріп Тәңірбергенов өңдеген дейді. Кейінгі жылдары “Біржан-Сара” айтысы мүлдем болмаған деген пікірлер де баспасөз беттерінде айтылып жүр. Әуезовтің бұл мақалада айтқан ойы соңғы пікірмен үйлессе, кейін жазылған айтыс жанрына арналған мақалаларында алдыңғы пікірге жақын тұжырымдар айтқан.

20. 87-бет. “...**аткамнеров**” — атқамінерлер. Қазақ арасында негізінде болыстық билік кезінде қолданылған сөз. Ресейдің әкімшілік билігі жүйесінің төменгі сатыларында қызмет атқарушы адам. Халық арасында еті тірі, пысық ер адамдарды да осылай атаған сияқты.

21. 88-бет. “**Етекбай**” — М. Әуезов мақаласында 1916 жыл оқиғасына қатысты жырдың авторы ретінде аталады. Алайда, бұл автор жайында деректер табылмады.

Р. Әбдіғұлов

“ХАН КЕНЕ”

(*Бірінші нұсқасы*)

Пьесаның бұл нұсқасы елу томдық академиялық толық басылымға тұңғыш рет жазушының өз архивінде сақтаулы тұрған араб әрпіндегі қолжазбасы (75-папка) негізінде ұсынылып отыр. Жазушы еңбектерінің отыз үшінші жылға дейін бірді-екілі қолжазбасының ғана бүгінге жеткенін алдыңғы томдарда (“Өз жайымнан мағлұмат”) айтқан едік, енді сол жалғыз-жарымның бірі осы “Хан Кене” болса, оның қазақ және орыс тіліндегі нұсқалары екі дәптерге бөлек-бөлек жазылып, әрқайсысы өз алдына жеке-жеке түптелген. Ал дәптердің көптеген беттері қағазының жиектері жырымдалуы себепті кей тұстарын айырып, ажыратып оқу айтарлықтай қиындықтар туғызды.

1928 жылы жазылып біткен бұл туындысына қаламгердің үлкен дайындықпен келгендігін көруге болады, бұны қолға алмастан бұрын ол ел аузындағы Кенеге қатысты тарихи жырдастандар туралы ойларын “Әдебиет тарихы” деп аталатын кітабының “Кенесары — Наурызбайдың” қысқаша әңгімесі”, “Кенесары” жырының мәнісі” деген тарауларында таратып, ортаға салуымен көрінген еді. Сондағы таза ғылыми-зерттеулер тұрғысында пайымдалған ойлары бара-бара пьесалық шығармаға ұштасты, одан ары көркем дүниеге айналдырудың да көкейінде болғандығы қылаң береді.

Осы бір ірі тұлға туралы жан-жақты ізденістер жүргізген ол, өзінің ой-жоспарларын көңілі жақын адамдармен бөлісіп отырғандығын қазақ ғылымына ерте араласып, мәдениеті мен тарихын таныстыруды басты мақсаттарының бірі санаған жас ғалым Қаныш Сәтбаевтың 1925 жылы жазған хатынан да көреміз. Кене тақырыбымен көптен айналысып, ізденіп жүретінін білетін ол: “Кенесарының хаты барған соң орыс үкіметі қайратына міниіп, 1846-шы жылдың басында Омбы мен Орынбордан тағы да күшті отряд шығарады. Оларға берген бұйрық: “Не Кенені ұстау, басын әкелу, не біреуі қалғанша Арқада өлу” түрінде болған. Бұл отряд шыққан соң Кенесары соғыс ашпай, 1846-шы жылы орыстың шегінен шығып, “Қоқикөл” шегіндегі қытай қазақтарының ішіне барады...” (“Әуезов үйі” ҒМО-ның қолжазба қоры. 391-п. 29-6.) деп, өзімен ертеден, Семей семинариясынан таныс, сыйлас, пікірлес аға-досына аз да болса

септігін тигізуді ойлаған. Бұл жерде Қаныштың халық аңыз-әңгімелеріндегі Кенесарыны ғана емес, архив құжаттарындағы Кенесарыны да танып-білуге сол тұста-ақ барғандығы назар аударады. Енді осы алты беттік хаттың соңғы бетінен басқасының жоғалғандығы және оларда нелердің көтеріліп, нелердің сөз болғандығының жұмбақ күйінде қалуы өкініш те туғызады. Ал сақталған бетінде 1846-жылы Кенесары хатын алған орыс үкіметінің кәріне мініп, Омбы мен Орынбордан күшті отряд шығарғандығы жөнінде айтылған; әрине, бір бұл емес, Кенесары олардың жынын қоздырар хаттарды үкімет пен Орынбор, Омбы шекара комиссиясының бастықтарына талай жазған. Соның біріне 1841-жылы Орынбордың генерал-майоры Генске жазған хаты мысал бола алады. Осыдан-ақ Кене әрекеттері мен қимылдарының себептерін терең түсінуге болады.

“1825 жылы Есіл, Нұраны жайлап жүрген уақыттарда еш нәрсе ойларымызда жоқ еді. Ұлы император ағзам хұзырына атамыз Абылай хан ант етіп ҺӘм біздер де атамыздың жолы бойынша Русия жұртына қарадық деп жатқан заманымызда Қарқаралы, Қазылыққа сұлтан Жамантай Бөкейұлы прауитіл болып, ол бізді ешбір кінәсіз сыртымыздан дуанбасы Иван Семенович Карбышев дегенге дұшпан ғып көрсетіп, Иван Семенович өштікпен өзі бас болып үш жүз орыс, бір жүз қазақ — Қаракесек руының қырғызы Жапалақты жолбасшы етіп, Сұлтан Саржан Қасымұлының аулын және Алтай, Тоқа, Тымаш деген елді шапты, алпыс төрт кісіні өлтіріп, қанша мал алып кеткеніне есеп жоқ... Қалғандары әзер бастары қашып құтылды...

30-жылы Қараөткелде жүз орыс, бастығы бір сотник және Қоңырқұлжа сұлтан Құдайменде ұлы алты жүз кісі, барлығы жеті жүз кісі болып, бұларды алдап шақыртып алып, Қарағаш деген жерде жүз жиырма кісіні өлтіріп, өзгесі қашып құтылыпты.

31-жылы Көкшетауда бес жүз орыс, бастығы подполковник Алексей Максимович деген, тағы да Саржан сұлтанның ауылын, Тоқа, Тарақты, Қаракесек, Алшын, Жағалбайлыны шапты. Төрт жүз елу кісіні өлтіріп, Саржан сұлтанның бір баласын алып кетті. Алған малдарында есеп жоқ, Сарысудың бойында.

32-жылы Көкшетаудан екі жүз елу орыс, Кулаков деген, сұлтандар Есенгелді, Көшек Қасымұлдарын ұстап алып жүріп,

Ұзын, Торы, Жанайдарды шапты. Торғайдың құм кешуінен алпыс кісіні өлтіріп кетті.

Ақыр соңында шыдамай өз басымызды қорғап, ешбір патша ағзам құзырына кінә қылған ісіміз жоқ еді, бізге мұндай зорлық қылғанын бір адамға білдірмес үшін Қаратауға көштік. Біраз жыл Қаратауда жүріп, қайта көшіп келгенбіз де...

37-жылы Ақтаудан бес жүз орыс, бастығы Тентек майор Ұлытаудан қуып, ешнәрсе ала алмай қайтты.

38-жылы Қараөткелде үш жүз орыс, жүз қазақ, Қоңырқұлжа Құдаймендеұлы, команданың бастығы бір майор — сұлтан Көшек Қасымұлы, Алтай Сайдалы бидің елін шапты. Жиырма бір қыз, сегіз қатын, жиырма бес еркек кісіні өлтіріп кетті. Сексен бір адамды ұстап алып кетті. Жыланшықтың бойы, Иірқұм, Аққұмнан... Жарғайыңнан бес жүз орыс Саржан сұлтанның ауылын, Алтай, Қарпық деген елді шапты. Төрт жүз кісіні өлтіріп, Баянды бидің өзін бас қылып, жүз кісіні ұстап алып кетті. Торғайдың бойы, Жалдаманың қара обасынан. Сол Жарғайыңнан төрт жүз орыс, бастығы қандай орыс екенін білмеймін, Қараөткелден алып шыққан Қоңырқұлжа сұлтанға жолығып, Қуандық, Сүйіндік деген екі мың үш жүз ауылды айдап қайтпақ үшін екі команда жолда таласқан. Бірі "мен алдым " деп, бірі "мен алдым"деп. Ақыр соңында Қоңырқұлжа сұлтанға тапсырған. Айдап көшіріп бара жатқанда Қоңырқұлжа сұлтан бек зорлық қылғаны үшін Төртуыл деген ел шыдамай бөлініп қашты. Жүз алпыс кісіні өлтіріп қалды. Қалған елді айдап кетті.

38-жылы күздің күні Көкшетаудан үш жүз орыс, бастығы қандай адам екенін білмеймін, сұлтандар Байғара Тайырұлы, Жадай Айшуақұлы екі жүз ауылды шапты. Екі жүз қырық кісіні бір жерде өлтіріп кетті. Сұлтандардың қыз-қатындарын тұтқын етті.

40-жылы Қазылықтан үш жүз орыс, бастығы қандай адам екенін білмеймін, Саржан сұлтанның ауылын, Алтай, Қанжығалы деген елді шапты. Қырық кісіні өлтіріп, жиырма қыз, қатынды тұтқын ғып, екі мың үш жүз жылқы, үш жүз түйе, үш мың қой, жүз сиыр алып кетті Бұлантының Қалмаққырған жерінде.

40-жылы Қараөткел елі, Жарғайыңнан жеті жүз орыс, екі команда қосылып, Қозған, Қақсал, Қалмақ қырғыз деген елді

шапты. Сексен бір кісіні өлтіріп, жиырма кісіні тұтқын ғып, алты мың қой, екі жүз елу бес сиыр, отыз түйе алып кетті. Бұл ел өз төлеңгіттерім еді. Қарғалының Қызылжарын да шапты. Найман, Қыпшақты айдап кетті...

Хұзырыңызға мәлім етемін сұлтан, Жамантай Бөкейұлының Сібір ұлығына дұшпан ғып көрсетуі бойынша, қанша өзіме қараған үйлерімді шапты. Ешбіріміздің кінәсіз екенімізді білдірмек үшін өз басымызды қорғап қашып жүрдік. Енді хұзырыңызға мәлім болсын, Сібірге қараған жұрт зорлығына шыдамай бас тартып көшіп, мұндай бәлеге ұшы- рағаны сол дүр. Ешбір жұртты мұнда кел деп шақырғаным жоқ. Сібір орыстары аттанып шығып, өзіне қараған ел болсын, һәм сахараға көшіп шыққан елдер болсын жаман бүлдіріп, қырып-жойып шапқандықтан екі ортаға ғауға шықты "Сұлтан Кенесары Қасымұлы Сібір тұсына қарсылық істер қылды" деп. Ақыр соңында Сібір тұсынан жылы орын болмағасын, Орынбордың жеріне қарай көштім, сол жерден ұлы император ағзам хұзіретіне нақақтан біздерді бүлдіріп, шауып, қанша өзіме қараған ағайындарымды, қанша адамдарымды өлтіріп уә қыз-қатындарымды жесір еткендігін білдірмек үшін. Екі мәрте өтірік айтпаймын, қыпшақ руы Алтыбас тайпасының биі Балқожа Жаманқожаұлын шапқан қолдың жағында болдым, өз ісімнің туралығын шыдай алмай ашпақ үшін —

Сұлтан Кенесары Қасымұлы мөрім бастым.
Сұлтан Көшек Қасымұлы мөрім бастым.
1841 жылында, үйіннің 5-і күнінде".
(Орталық архив. 4-қор, 7-тізбе,
1996-шы іс. 1—2 парақтар)

"Кенесары — Наурызбай" жыры сөз болатын "Әдебиет тарихы" кітабын М.Әуезов 1925 жылы жазып бітірді; осындағы талдауларының негізгі ой желілері архив деректеріне сүйеніп айтылғандығы айқын сезіліп тұратын, мұнда оның айтары мен таратып жеткізері әдеби тұрғыда болғандықтан, хұжаттық деректермен дәлелденіп, байланыстырылып және мысалдар келтіріліп жатпайтын. Қ.Сәтбаевтың жоғарыда сөз болған хатындағыдай деректерді жазушы да өз бетімен үздіксіз ізденумен, сонымен бірге белгілі адамдардың айтқан пікір-ойларын көңіл көкейіне тоқумен болады.

Тартысқа толы күрделі өмір кешкен осы бір ұлы тұлғаның істерін шығармаға арқау етуге отызға толар-толмас қаламгердің баруы үлкен ерлікке барабар іс саналады. Бір жақсысы туып-өскен ортасы, яғни Абай төңірегі де оның әрбір іс-харакеттерінен хабардар болатын және оның ұстанған жолына бүйректері де бұратын; орыс отрядтарының жан-жақты қысымға алып, қудалаған бір шағында осы елдің старшыны Құнанбайдың орыс ұлығының бұйрығымен оларға ілесіп қуысқанын да бұл өңір жақсы білетін, бұл Кенесарының Ұлытау, Кішітаудан көшіп, Ұлы жүзді бетке алып бара жатқан кезі еді. Сонда Балқаштың Канал деп аталатын түбегіне жақындағанда қуғыншылардың көзіне оның көші, көш жанында бір топ адамдармен жүрген Кененің өзі түседі. Осы бетпен бір жерге барғанда атынан түсіп, намаз оқуға кіріскенін пайдаланып шаппақ болған отряд бастығына Құнанбай намаз уақытында шабуға болмайтынын айтып, тоқтатып тастапты. Айқас кезінде Жуантаяқ Төбет деген Кенесарының бір батырын найзаламақ болып, соңына түсіп қалмай қойғаны үшін Құнанбай оны жазалапты.

Кенесары қозғалысын Абайдың өте жоғары бағалауы шәкірттеріне, соның ішінде Көкбайға тапсырма беріп, дастан жаздыруынан да көрінеді. Осы жөнінде Көкбайдың өзі: “Бір жылы менің өзіме: Абылай хан мен Кенесарының қазаққа істеген еңбектерін ұзақ әңгіме қылып айтып беріп, осыны өлең қыл деді. Абылай да, Кенесары да қазақтың мақтан қылатын ерлері, бұлардың еңбегі де айта қалғандай ұмытылмайтын еңбек. Сондықтан бастарынан кешкен дәуренді жақсы сөзбен жыр қылып, ел арасына жаю — жақсы өлеңшінің міндеті деді” деп еске алады. Ұстазының өтінішін екі етпей, ол екі бөлімнен тұратын “Сабалақ” атты ұзақ жырын аз уақытта жазып шығып, ақынның өзіне жатқа айтып та береді.

Жырдың бірінші бөлімінде Көкбай Абылай жайын, екінші бөлімінде Кенесары оқиғаларын әңгімелеген. Осындағы тарихи дәлдіктің қалай өрнектелгенін М.Әуезов былайша саралайды: “Көкбай бұл шығармасында халық аузында жүрген тарихтық деректер мен естеліктерді, лақап әңгімелерді, әрі көлемді фольклор материалдарын көп жинап пайдаланған. Сонымен қатар Абай арқылы кітап жүзінен алынған, баспаға шыққан мақала, зерттеулердің дәлді деректері бар екені де байқалады. Мысалы, Көкбай жырында Абылайдың жетпіс жаста, 1781

жылы өлгендігі айтылады. Орта Азия хандарының тарихынан Қоқанның Ғұмар ханы, оның нәсілі Бала ханның жайы, Ташкеннің беглер бегі, қазақ хандары мен Қоқан хандығы және Бұхар Әмірінің арасында болған қатынастар тарихқа жақын шындықпенен аталған болады. Абылайдың бергі замандардағы тарихтық адамдардың өмірбаянына, іс-әрекеттеріне тарихтық жағынан қанықты болған білгірлік байқалады. Қазақтағы хан-төрелердің көршілес елдермен қақтығысулары да тарихтық деректерге үйлес келіп отырады".

Міне, Абайдың әңгімелеуіндегі деректерді осылайша өріс алдырған Көкбай бұдан кейін тағы бір жырын, қазақ-қалмақ (қалмақтар XV ғасырдан Ойрат, XVII ғасырдан Жоңғар мемлекеті болды) арасындағы бітім оқиғасын баян ететін "Қандыжап" атты дастанын жазды. Мұндағы сөз болған келіссөз 1760-61 жылдары Аягөз өзенінің Батпақсу деген жерінде өткен. Қалмақ ханы Қандыжап осындағы соғыста өлуі себепті келісімді соның құрметіне "Қандыжап" атаған. Бұған екі жақтан екі-екі мыңнан бітімгерлер шығады, көккасқа айғыр, қарабас қошқар сойып, қолдарын соның қанына малып отырып анттасады, "Алқакөл сұлама", "Қалмақ қырған" атанған жерлерге барып қару-жарақ сындырысады, қаза тапқан ата-бабаларды еске алу рәсімдері жасалады, дастанның кейінгі Кенеге қатысты бөлігі: "Ұрпағы арпалысты бірнеше жыл, патшаға қылмаймын деп қазақты құл" деген түйіндеулермен қорытындыланады.

Шынында да, Кене арпалысының бар мәні мен түйіні де осы "патшаға қылмаймын құлда" дегенінде жатыр; бұны тақырып беруші ұстаз да, оны жырға айналдырған шәкірт те терең түсінген; бұларды одан да ары үңгіп тереңдетіп, аша түсудің мақсаты жас Әуезовті қалам тартып, өзіндік ой үлесін қосуға итермелеген.

Оның Арқадан Алатау өңіріне қоныс аударғандағы басты ойы қырғыздармен тіл табысу, ынтымақтасу, қазақтың басына туған күн олардың да басына туатынына көздерін жеткізу, біраз әл жинап, тыным-тыныштық алғаннан соң үлкен серпінмен екі жақты езгіге қарсы күресу болатын. Мұнда келместен бұрын Ұлы жүз қазақтарына сұлтандық етуші өз туысқаны Рүстемге Наурызбай бастаған жігіттерін жұмсады. "Көшіп келсін" деген сәлемін естігенде ғана "Түбі бір халықпыз ғой, жамандыққа бара қоймас" деген сеніммен тағы да қырғыздарға кісілерін

жіберді, бірақ бұл кезде бір халықты бір халыққа айдап салуға келгенде бәрін де шаң қаптыратын орыс саясаты алдын орап кеткен еді.

Қазақтағыдай қырғыздарды сұлтандар емес, бас, орта, шала (кіші) деп үш сатыға бөлінетін манаптар басқаратын, соның "шынжырлы манап" (мұра ретінде ауысып отырады) аталатын түріне Сарыбағыш руының билеушісі Ормон Ниязбеков жатса, осы Ормон мен манап Жантай Кененің: "Қазақ-қырғыз болып бірігіп, ортақ жауға қарсы күресейік" деген ұсынысын қабыл алмады. Өйткені, олар шекара комиссиясының бастығынан Боронбай манап арқылы "Көтерілісшілердің өздеріне нұқсан келтіруіне жол бермеңдер. Орыс отрядтарымен келісіп алып, қимылға кірісіңдер" деген тапсырмасын татар Мұхаммед Тагировтың жеткізуімен алып та қойған еді. Ол бұған дейін-ақ Омбы әскери генерал-губернаторы Канцевичтің қабылдауында болып, олардың айтқандарынан табылуға келісімін берген болатын. Бұдан қалыспай Ұлы жүздің сұлтандары да Кенесарыға қарсы күресуге дайынбыз деген ниеттерін білдіреді, бұлардың қатарында кеше ғана "көшіп кел" деп ақжүрексінген туысқандары Рүстем мен Сүйін Абылайхановтар да бар. Биміз, сұлтанбыз дегендердің көбінің жасаған сатқындықтары бір бұл емес.

Ойда — Қоқан, қырда орыс,
Әкім болды қаласы.
Кімнен таяқ жегендей
Біздің қазақ баласы?
Быт-шыт болып жүргені,
Ауызының аласы, —

дегенді атқа қонғалы көріп те, сезіп те келеді. Міне, алдынан тағы да шықты. Мәшһүр Жүсіптің: "Қасым Абылайұлының тұқымынан басқалары тек өз жағдайларын ғана ойлайды, ал басқа ештеңемен ісі жоқ" дегенінде терең астар бар.

Оның соңына біраз рулар Ресейге жалтақтаған басшыларының ықпалынан шыға алмауы себепті ілеспесе, Қоқан қол астындағы оңтүстік қазақтары мен жер шалғайлығына және орыс қысымын аз көруіне байланысты Адайлар ілеспеді. Тәуелсіз қазақ мемлекетін құру ойы сұлтандардың көбіне жақпады, соның қатарындағы Қоңырқұлжа, Маман, Күшік, Дайыр мен Кебек сұлтанның балалары алдына кесе-көлденең тұрумен болды, қайта патша отрядтарына қосылып, Кенені

қолдайтын ауылдарды шабумен, мал-мүлкін тонап, кісілерін өлтірумен болды. Тоналудан қорыққан Шорман, Мұса сияқтылар ғана қозғалысқа қарсы тұрмады. Бауырлары Ержан, Мұса, Құдайменді, Иса, Қошқарбай, Тайшы, Сатыбалды, Әти, Наурызбай, Бопай, Әбілғазы тағы басқалары бар қиындықты бірге көтеріп, бірге бөліссе, шұбыртпалы —Ағыбай, сүйіндік — Жанайдар, қыпшақ — Иман (Амангелдінің атасы), Басығара, табын — Бұхарбай, Жоламан, атығай — Аңғал, арғын — Жөке, Шәкір, Толыбай, шапырашты — Бұғыбай, дулат — Жәуке, Сұраншы, Байсейіттей батырлар оның қолдап қорғаушысы, айнымас, азбас сенімді серіктері саналды, намысына-намыс қосқан, күш-қуатын, сенімін арттырып, жігерін жаныған да осылар болды.

Қырғыз елімен қатынасты шиеленістірмеуді көздеген Кененің өз ауылына шабуыл жасаған кезде тұтқынға түскен Қалша бастаған екі жүз адамын (1846 ж) босаттырғаны секілді әрекеттерге жиі барды. Ормон мен Жантайға жазған хатында: “Менің осында келуімнің себебі жауласып, қан төгу емес. Қырғыз бен қазақтың күшін біріктіріп, оларды Қоқаннан бөлу және жалпы қоқандықтардың қыспағынан құтқару” десе де, ол Ресейді ауызға алмады, өйткені, Ресейден келетін қауіпті сезінбейтін оларға оны ескертудің қажеті жоқ деп ойлады. Ормон Кенесары елшілеріне: “Ол мені екі халыққа билігін жүргізетін хан етіп сайласын. Өзі менің келісіміммен қимыл жасасын” деген шартын қойды. Осының аз-ақ алдында өзін хан деп жарияласа да, оны сарыбағыш, бұғы, саяқ руларынан басқасы хан деп мойындай қоймаған. Манаптар ниеті мен пейілі осылай бұзылып, қисайған соң, Қоқанға қарсы күресті одақтастарсыз, Ұлы жүз қазақтарының өзін қолдаған тобымен бастауына тура келді. Мерке қамалын шығынсыз басып алды, мұны көрген Бішкек Құсбегісі мен қырғыз манаптары келіссөз жүргізді және оны бұзған да өздері болды. Саурық батырдың Жаманқараны өлтіруін сылтау етіп, оның ауылын шауып жылқысын алды, өзін өлтірді, бұл Кене мен Наурызбайдың қазасына алып барған шайқастың, барымтаның, бірін-бірі шабысудың басы саналды. Рүстем мен Сүйін сұлтан және Сыпатай батырлар соғыстың ең қызған шағында майданды тастап, бір түнде бар қолымен қопа- рыла көшіп, кетіп қалды. Соғыс себебі Нысанбай жырында:

Кенесары, Наурызбай
Мұсылманға жан тартты.
Ерегескен дұшпанның
Жылқысын алып зарлатты.
Азырақ күн бақыты
Жанған оттай қаулапты.
Бір күндері болғанда,
Тортөбел атын ұрлатты.
Бас себебі сол болып,
Қырғызға қарай жол тартты.
Іргелі жұртқа кез болып,
Батырларды хан тартты.
Көзімен көріп бұл сөзді,
Нысанбай еді жырлаған.
Бар күнәсі қырғыздың,
Жалғыз атты ұрлаған.
Атын алған қырғызға
Хан үйінде жынданған
Ерегеспен бұздырды
Қанайдың тамын сырлаған, —

дегендей болып пайымдалады.

Отарлау саясатының жымысқылығынан, билеушілер келіссөздерінің бұлыңы мол астары мен қыр-сырынан мүлде хабарсыз ақын осылай демегенде, не десін. Бұл шайқаста Кенесары, Наурызбай бастаған он бес сұлтан және қазақтың көп белгілі адамдары қаза тапты. Олардың азасы күні бүкіл тау-тас, сай-сала, шатқал-шатқалды күңірендіре жоқтау айтқан Нысанбай, кейін де:

Хан Кене жазым болған соң,
Шіл боғындай тарадық.
Көрінгеннен қорғалап,
Кісі аузына қарадық.
Өзіміз шапқан Созақта,
Сарттан ақыл сұрадық...
Шегірткеге таланған
Қырғауылда жүн бар ма?!
Жапалақтан сескенген,
Жалғыз қазда үн бар ма?
Хандарынан айрылған,
Иесіз жұртта сын бар ма?
Кенесары, Наурызбай
Бір көрінер күн бар ма? —

деген сарындағы толғауларын тоқтатпаған.

Ормон мен Жантай өз қуаныш-ризалықтарының қандайлық екенін көрсеткісі келіп, өлген қазақтардың бастарын екі арбаға тиеп, жан-жақты қолдау, көмек көрсеткен Қоқан ханына жіберген; сол бастардың ұзын сырықтарға ілініп, Ташкеннің базарларында ұзақ уақыт тұрғанын көргендер кейінге дейін ұмыта алмаған. Кенесарының басын Батыс-Сібір генерал-губернаторы Горчаковқа жеткізгені үшін Қалығұл манап күміс медальмен, басқа да сый-сыяпаттармен марапатталған, үкімет назарына ілінген басқа да қырғыздар Омбыға шақырылып, губернатордың айрықша сый-құрметіне бөленген.

Орыс отаршылары мен Қоқан бектерінің алдап, азғыруына ерген манаптардың бұдан кейінгі өзара ынтымағы, Қоқан билеушілерімен тату-бірлігі жақсарып кете қойған жоқ. Тіпті Ормонның өзі Жантай қарамағындағы Бұғы руының Ыстықкөл жағалауын алып жатқан жайылымдарына көз алартуы себепті туындаған шайқастардың бірінде, 1855 жылы опат болды. Отаршылдықтың арандату, біріне-бірін айдап салуы қалдырған салқындықтың ақыры Қапал уезі қазақтарының Кенесары мен Наурызбай өліміне қатысы бар деген бірнеше манаптардың ауылдарын шауып, өздерін жазалауына шұбыртпалы Ағыбай батырдың Наурызбай кегі, құны деп, Қанай баласы Кәрібоздың басын алуы сияқты әрекеттерге барғыздырды.

Наурызбай халық дастаны “Топжарған” мен Жүсіпбек қожа Шайхисламұлының “Қиса Наурызбай төресінде” болсын аса ғажап тұлға ретінде сипатталады. Дастанның екеуі де оны өте қайырымды, кеңпейіл, ер көңіл, сері, әнші, ақын, дұшпанына қарсы шыққанда дес бермес алып күш иесі ретінде елестетеді. Ал, “Кене ханның бағын алған ашулы тентек” деген Абай пікірінің әсері болды ма, кім білсін — пьесада Наурызбай әлгі жыр-дастандардағы бейнеден өзгелеу пішінде: алды-артын байыптап, бажайламас ұрыншақтау, кеудемсоқтау, ұрдажықтау болып суреттеледі. Ұстазының осы айтқанынан Көкбай да асып кете алмаған секілді, ол да өз дастанында Наурызбай жөніндегі әңгімелерді әрі қарай өрбітпей, Кенесарының аузына:

Кене айтты: батыр аңғал, балуан өктем,
Азбын деп жау қорқа ма қалың көптен.
Кетпесең аңғалдықпен байқай алмай,
Ұл тумас сенен артық біздің тектен, —

деген сөздерді салумен ғана шектеледі.

Міне, осындай-осындайларды әбден ойланып, толғанып барып тоқтаған таңдауын отызыншы жылдардың сыны (С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Ғ.Мүсірепов) құптамады; олар Кенесары-Наурызбайдың "ер болсаң, батыр болсаң Кенесары мен Наурызбайдай бол, қыз болсаң Бопайдай бол" деген кейіпте өрнектелуін аңқау жұрттың делебесін қоздырып, жат, ұлтшылдық сезімін оятады десе, қырғыз елімен соғысын көрсетуден кәрі қалың бұқара көпшіліктің патша үкіметіне, оның ел ішіне тереңдеп еніп келе жатқан әскерлеріне, олардың салған қала-бекіністеріне қарсы күрескен көтерілісшілердің шабуылдарына, қырғызға да, қазаққа да, Кенесарыға да, төреге де құпия отаршылдықтың айла-шарғыларына, ақырында қазақ көпшілігінің Кенені тастап кеткеніне тоқталуы қажет еді дегенді көлденең тартты, бұлардан басқа қырғыз бен қазаққа қатысты бірсыпыра белгілі оқиғалар да тізбеленді; сонымен бірге туындының өзіне де, қойылымына да, желісі мен идеялық құрылымына да үлкен өзгерістердің қажеттігі ескертілді, бірақ, автор "Сынайтын кісі пьесаның осы жазылған күйінде қалай өзгертілуін көрсетсін, пьесаның бойында жоқ тарихты, тарихи қозғалысты сынау — сынау болмайды" деп, қабыл алмады және оған қайта айналып соғып, уақыт өткізіп жатуды жөн көрмеді. Бұрынғы байшылдық, ұлтшылдық көзқарасымен жазылған шығарма дегендей әрбір ой, әрбір оқиға-көріністерден ұлтшылдықты іздеушілік те оны осындай шешімге келуге еріксіз барғызғандай.

Енді осы пьесаның ішіндегі түсінік беруді қажет етеді-ау деген сөздер мен атаулар, ұғымдарға келсек, олар мыналар:

1. 95-бет. "...**төрелерге құлақ оты болатын жерден орын алайық**" — Қазақ руларына жатпайтын дербес қауым төрелер Шыңғысханнан бастау алады, хандар да осы төрелерден сайланған, әкімшілік, сот билігі де негізінен солардың қолында болған, 1868 жылғы реформадан кейін сондай артықшылықтан айрылып қалды.

2. 96-бет. "**Бұл алаш ұранды қазаққа біткен**" — Алаш атауы ертеде қазақ тайпаларының қауым болып, одаққа біріккен кезінде шыққан, бұны оғыз, қыпшақ, қаңлы тайпалары да өздерінің бірігулері тұсында пайдаланған секілді. Оғыздар сегіз арыс Сейілхан (Селжұқ) атанса, XIII ғасырда Жошы ұлысындағы тайпалар "Алты сан алашқа" (алты алаш, алты арыс) бөлініп, әрқайсысының таңбалары белгіленсе, ал мы-

нау “Алаш алаш болғанда, ала тай ат болғанда, таңбасыз тай, енсіз қой болғанда” деген бұрынғының сөздері бұған дейін меншік таңбалары болмағандығын білдіреді. Алтын орда кезінде кеңінен танымал алты сан алаш Ақ Орда тұсында “алаш қауымы”, “алаш ұлысы”, “алаш мыңы” деген атаулармен бұрынғысынан да нығая түсті. Бұлардан қазақ құрамындағы тайпалардың жалпы атауы және үш жүздің де осылармен орайластырылып шыққандығы аңғарылады. Бұның маңызының қандайлық екендігін Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов бастаған арыстардың өздері құрмақ болған мемлекеттің саяси партиясы “Алаш Орда” атануының өзі-ақ анық аңғарта алады.

3. 97-бет. “**Бір жетімнің өзіне тоғыз кісі шығарылды**” — Қазақтың ас беруі мен басқа да шараларында бәйгеге тоғыз тайтұяқ, тоғыз түйе, тоғыз құлынды бие, тоғыз кілем, тоғыз киім мауыты, тоғыз киім торғын, тоғыз киім мақпал, тоғыз бұйым және жетім тігетін болған. Жетімі жас бала мен кемпір.

4. 98-бет.“**4-қатын (дуаналау, қолында аса таяғы ба**р) — Дуана — қазақ ұғымында дүние қызығынан безініп, құдай жолында жүрген адам, олардың ішінде әлем-жәлем киініп, шылдырмақты, сылдырмақты асатаяқ ұстап, балгерлік жасайтындары да болған. Ниеті, ойы таза, адал, дүние ісімен жұмысы жоқ сағыр адамды да дуана деген. Асатаяқ музыкалық құрал ретінде қазіргі кезде халық аспаптары оркестрлерінде қолданылып жүр.

5. 99-бет. “**Жоламан, Мұсадай билер бар. Бұлардың артында Ержан, Наурызбай, бәрі де**...” — Пьесадағы есімдері аталатын адамдардың барлығы да өмірде, тарихта болған жандар, бірақ олардың өмір-тіршілігіне қатысты деректер біркелкі емес, біреуінде бар, біреуінде жоқ. Мысалға, Ағыбайға (1800—1884) қатысты айтылатын аңыз да, дерек те (“Ағыбай батыр” атта қисса да бар) жеткілікті болса, Жоламан, Бұғыбай, Бұқарбай тағы басқалары туралы оны айтуға келмейді. Ағыбай Қасым ханның қолында шешесімен бірге тұрып, Кенесарымен қатар өскен, кейін оның бас ақылшысы да болған. “Әскерімнің алдыңғы легі ұрысқа “Абылай!” деп ұрандап кіріссе, кейінгі лектегілер “Ағыбайлап” соғысқа кіріседі. Міне, сондықтан да мен оған әскери атақ берген жоқпын” дейді екен Кенесары. Бұл жерде ол Ағыбай қатарлас батырларда жүзбасы, мыңбасы, он мың басы дегендей атақтарының барын меңзеп отыр. Қоянды жәрмеңкесінде сексеннен асқан Ағыбайдың еңгезердей казак-

орысты қамшымен бір тартқанда-ақ аттың бауырына ұшырып түсіргенін көрген Жиренше әңгімесі жазушының “Абай жолы” эпопеясына жинаған деректері ішінен (папка 29-п. 218 б.) кездеседі.

Кененің сенімді серіктерінің бірі — Бұқарбай. Ол жөнінде нақтылап айтарлық деректер кездеспегенмен, кейбір аңыз-әңгімелер ұшырасып қалып жатады. Соның бірі Күреш деген байдың ауылын шауып, адамдарын тұтқындап, малдарын айдап кеткен қоқандықтардың соңынан қуып жетіп, тұтқындарды да, малдарды да қайтарғандығы туралы әңгіме. Тұтқындарды қайтарып келе жатып, Күрештің сұлу қызына көзі түседі, бірақ бай көп қалың мал сұрап көнбей қояды. Қызы әкесіне: “Егер Бұқарбай бізді қоқандықтардан құтқармағанда, қазір мен қайдағы бір Қоқан бегінің күні болып жүретін едім. Бұқарбайдың ерлігінің өзі қалыңмалдың құнына татиды. Мен тек осыған күйеуге шығуға серт беремін” деп, өзі ризалығын білдіреді.

Осы секілді ел айтуындағы әңгімелерден басқа көпшілігінен бөліп айтарлық дерек те, хикаяттар да кездеспейді. Солай болған соң, енді олардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталып жатудың қажетсіздігі көрінеді.

6. 103-бет. “**Сексен сарттың денесін**” — Кәсіппен, қолөнермен, саудамен шұғылданатын өзбектердің отырықшы бөлігі ежелден сарт атанған. Түркі халықтары бұл сөзді саудагер мағынасында қолданса, үнділердің осы орайлас “сартақ”, “сартаул” деген сөздері де ол ұғымды дәлелдей түседі. Бабырдың “Исфара қаласының барлық тұрғындары сарттар, олар парсы тілінде сөйлейді” дегеніне қарағанда, олардың басқа халықтардың арасынан да табылатындығын көреміз. Ал қазақтардың өзбекті де, ұйғырды да, қашқарлықтарды да, тіпті қазақ руларына қосылмайтындарды да “сарт” дейтін әдеті бар.

7. 103-бет. “**Ежелден келген селебе**” — Ұрыс құралы ретінде қолданатын ұшы үшкір үлкен пышақты селебе десе, бұл жерде ол ел басына түскен қиын-қыстау, апатты, ауыртпалықты кезең мағынасында қолданылып тұр.

8. 113-бет. “**Жазығы жоқ Тілеуқабақ**” — Тілеуқабақ Шекті руының бір тармағы. Осыны басқарған Есет Көтібаров шағымын қараудан бас тартқан Кенесарыға өкпелеп, байланысын үзеді, сол себепті Тілеуқабақ қозғалыстан шет қалады.

Т. Әкім

“ХАН КЕНЕ”

М.Әуезовтің “Хан Кене” пьесасының 1934 жылға дейін сахнаға шықпауына бірнеше себеп бар. Біріншіден, 1928 жылдың соңында, яғни Ташкентке келгеннен кейін жазылған пьесаны қоятын театр сахнасы болған жоқ. Бұл кезде қазақ студенттерінің үйірмесі болмаса, Ташкентте қазақ сахнасы болмайтын. Екіншіден, Қазақстандағы театрда қоюға саяси жағдай көтермейтін еді. М.Әуезов Ленинград университетін бітіріп келгенімен, “ұлтшыл” деген қаңқу сөзден құтыла алмай жүргені бір болса, екінші жағынан пьесаның өзі баспасөз бетін көрген жоқ-ты, яғни жарияланбаған, оның үстіне атышулы Кенесарыға арналған пьесаны қояйын деп талпынған режиссердің жолы бола қоймайтыны айдан анық еді. Үшіншіден, 1928 жылдың желтоқсанынан былай қарай алаш қозғалысына араласқандарды ұстау, тұтқындау науқаны басталған-ды. 1929 жылдың ортасына шейін қазақтың 44 марқасқасы, әсіресе Міржақып, Ахмет, Жүсіпбек, Мағжан сынды ұлылары тұтқындалып, Мәскеу түрмесінде тексеріліп жатқан тұста “Хан Кенені” қойыңдар деуге Мұхаңның жүрегі дауаламауы былай тұрсын, ойына да алмаған шығар. Төртіншіден, 1930 жылдың 17 қыркүйегінде өзі тұтқындалып, 1932 жылдың жазында “Ашық хат” жазып, әрең шыққан Мұхаң бірден “Хан Кенені” қолға алып еді деуге негіз таба қою қиын. Демек, 1934 жылға дейін жабулы қазан жабулы күйінде жатты.

Ал, “Хан Кенені” жазуға не себеп, түрткі болды?” деген мәселені де ойластырған жөн. Оның шешуін М.Мырзахметовтің “Мұхтар Әуезов ғұмырының Ташкенттік кезеңі” деген мұрағат деректеріне негізделіп жазылған дәйекті мақаласынан өрбіткен орынды. 1928 жылы мамыр айында Ленинград университетін тамамдап, тамызда С.Сейфуллин ректор болып отырған Ташкенттегі Казпедвузға, яғни Казинпросқа (Қазақтың ағарту институтына) қазақ және орыс әдебиеттерінен дәріс оқитын мұғалім болып орналасқанға дейінгі жаз айларында, әсіресе маусым мен шілде айларында қайда болған? Өз еліне барып, дем алуына да болатын еді, алайда Мұхаң “1928 жылы жазда Москвадағы Шығыс институтының ғылыми қызметкері ретінде (әрі осы институтта 1924 жылдан ағарту қызметкерлері одағының мүшесі) Орта Азиялық экспедиция құрамында жол-

сапармен Жетісу мен Қырғызстанда болып, “Манас” эпосын зерттеп, мақала жазғанын” Мекемтас құжатпен дәлелдейді (“М.Әуезовтің қазақ тілін дамытудағы рөлі”. Алматы. “Қанағат” — Қ.С. 1997. 38 б.).

Бұрыннан да қазақ тарихына жіті назар аударып келген Мұхтар Әуезов осы жолғы экспедицияда Қырғызстанға әдейі сұранып барсын, әлде кездейсоқ барсын, қалай дегенде де Кенесары — Наурызбайдың тағдырын айқындап, шын сырын біліп қайтқаны күмән тудырмайды. “Манас” батырдың жырын естіп, жазып алып жүргенде Кененің тағдыры талай ойландырғаны сөзсіз болса, онда Ташкентке келе сала, қызметке орналасып көңілі жайланған тұста “Хан Кене” атты тарихи пьесаны қаламы ұшқыр, даналығы көлдей Мұхаңа жазып тастау онша қиын емес екені өзінен өзі белгілі.

Өкініштісі сол, осындай патриоттық шығарманың алты жыл бойына қолжазба күйінде қозғаусыз жатуы. Түрмеден шығып, есін жия бастаған шағында бүгінгі М.Әуезов атындағы Қазақ академиялық драма театрының әдеби бөлімін меңгерген тұста Мұхаңның “Хан Кенені” сахнаға ұсынуы әбден заңды. 1934 жылы “Айман-Шолпан” мен “Хан Кене” сахнаға шығып, қазақтың рухани дүниесіне үлкен олжа салды да, сын майданына қым-қуат талас-тартыс әкелді.

Ғабит Мүсірепұлы “Социалистік Қазақстан” газетінде 1934 жылы 24 және 26 мамырда “Хан Кенені” қалай түзету керек” деген мақала жазып, пікір таласына шақырды. 10 және 11 маусым күні Сәкеннің “Хан Кене” туралы” деген мақаласы жарияланды да, “Әдебиет майданы” журналының бесінші санында толықтырылған нұсқасы басылды.

“Хан Кене” жөніндегі пікір алысулар Қазақстан кеңес жазушыларының I сьезі қарсаңындағы дайындық сәтіне тұспа-тұс келді. Сол сьезді ашып-жабарда сөйлеген Сәкеннің сөзінде Мұхтардың шығармалары, оның ішінде “Хан Кене” әр қилы сыңайда аталды. Ең сөлдісі де мәндісі мақала болғандықтан, оның біраз сырын ашу шарт.

Сәкен өз мақаласын: “Қазақ театрындағы биылғы жаңалықтардың әзірше бастылары “Айман-Шолпан” мен “Хан Кене”. Бұларды қазақтың ескі әдебиетінен пьесаға аударған Мұхтар Әуезұлы. “Хан Кене” алғаш театрда көрсетілген күннен бастап мен бұл туралы пікірімді ашық айтқан едім. Біздің ағарту,

мәдениет істеріміздi басқаратын орындардың шақырған кеңестерінде де “Хан Кене” туралы пікірімізді айтқан едім. Баспасөз басқармаларының сұрауы бойынша сол пікірімді енді совет жұртшылығының алдына жайып салуға тура келіп отыр” деп бастаған екен.

Көлемді еңбекті оқып шыққанда екі түрлі ой келді. Біріншісі, тарихты терең білу, оның бар шындығын жарқыратып көрсету, үлгі ету, екіншісі, тарихта болған шындықтың бүгінгі күнге пайда, зиянын айыра білу, игі іс-әрекетті насихаттау. Соңғы тілектің ұнамды жағынан көрінуі үшін Сәкен Кенесары қозғалысына байланысты деректерді терең де мол білетіндігін және тың деректері барын мүмкіндігінше тәптіштей баяндайды. Сондықтан да мақала көлем жағынан үлкен болып көрініп, спектакльді талдап сынауға ғана бағышталған екен деген ой туғызуы мүмкін. Оқымаған зерттеушілердің көбі солай ойлап, Сәкен мен Мұхтар арасындағы қарым-қатынастың қиын болғандығына дәлел етпекке тырысады.

Сәкен осы мақаласында да, талай жерде сөйлеген сөзінде де бір ұлы мақсатты көздеген: қырғыз бен қазақ арасын аша бермей, достық ниетті, туыстықты күшейтуге қажет шығарма жазайық дегенді ашып та айтады, емеурінімен де білдіреді.

“Тарихи әңгімелерді қолға алу — Мұхтардың дұрыс қажет қылғандығы деп білемін. “Хан Кене” дұрыс көрсетілмегенімен, тарихымыздың бір дәуірінің мәселелерін көтеріп отыр, сонысының өзі пайдалы” деп спектакльді әңгімелеуге көшкенде “Кенесары-Наурызбайдың қырғызбен соғысқанын тақырып қылып алып, бүйтіп көрсету өте келіссіз нәрсе болғандығы театрда айқыннан айқын көрінді” деп бастайды, халық қозғалысын, еңбекшілер көтерілісін өздерінің “хан болмақ, би болмақ” мақсаттарына пайдалану жөніндегі тарихи деректерді көптеп келтіріп, өзінің негізгі ойына әзер оралады.

“Тілектері үйлеспейтінін көрген соң қазақтардың көпшілігі бұл бастықтарды да тастап, өз бетімен әрекет қылып кеткен. Міне, Кенесары-Наурызбайды көрсеткенде бізге осы тарихи шындықтармен байланыстырып көрсету керек еді” деп Сәкен өзі сенген марксизм-ленинизм қарауылынан қарайды да, “Кенесары-Наурызбай әкесіне ас беріп, хан көтеріліп, қырғызбен соғысып, жеңіліп, тұтқынға түсіп, тұтқында өлтіріледі. Міне осы оқиғаның өзі “Хан Кенеде” тарихи және социалшылдық

шындық ретімен жарамды болып көрсетілмеген. Жарамды болып көрсетілмегені былай тұрсын, зияндау, ұлтшыл сезім оятатын жат пьеса болып шыққандығы айқын көрінді” деген негізгі түйінін айтады.

Барлық деректер мен мысалдар осы тезисті дәлелдеуге бағытталған. Кенесарының туған інісі Наурызбайды әбестік қылығы үшін өлім жазасына кесуі “мына жауыңның-қырғыздың қолынан өлейін” деген тілекпен алмастыруы, Кенесары қолы әлсірей бастағанда дулаттар біртіндеп майданды тастап кете бастағаны, Мағжанның “Қорқытын” сарнатуы, Кененің “ұлтшыл, қазақшыл, халықшыл, отаншыл ер болып суреттелуі”, спектакльдегі түрлі іс-әрекеттердің бәрі — ұлтшылдық сезім туғызатын пьеса болып шығуына” жағдай жасағанын, оған қарсы қойылған “қызыл жамаулар” спектакльдің идеялық арқауын көтере алмай, “тым сөлекет көрсетілген, тым сөлекет жапсырылған” деп табады. Жалпы мақсатты былай қойғанда, “Кенесары-Наурызбай қырғыз еліне келіп соқтығып соғысып, қолға түсетін оқиғаның да тарихи шындығын көрсете алмаған”, екі елдің арасына шыбық жүгіртіп, “патша үкіметінің қазақ пен қырғызды бір-біріне қарсы айдап салған астыртын әрекетін” ашпаған, ондай тереңге бара алмаған деп тарихи деректер келтіруі тіпті бүгінгі зерттеушілерге керек жайлар екені байқалады.

Өз ойын дәлелдеуі жағынан да, тарихи деректерді білгірлікпен мысалға тартуы және тың мәліметтерді жіпке тізуі жағынан да, айтқан пікіріне жұртты иландыруы жағынан да Сәкеннің “Хан Кене” туралы жазған мақаласының өресі өте биік, қаншама саясатқа іштарта жазса да, эстетикалық-әлеуметтік қауқары, шығармашылық қасиеті басым. Бұған дейінгі бай-кедей, алаш, төңкерісші дейтін тезистерден безіп, өз ой-пікірін тұздықтаудан гөрі дәйектеуге, көз жеткізуге, дәлелдей баяндауға ден қойғандығын көреміз.

Сондықтан да мен мұны жазғанда, “өзіміздің театрды мінейін деп, яки болмаса бұл пьесаны жазған Мұхтарды мінейін деп жазып отырғаным жоқ” дегеніне имандай сенесің, Сәкеннің адалдығы мен аңғалдығының жарқырай түскенін көресің. “Тарихи мағлұматтарды молырақ жинап, Мұхтар мен театрымыз “Хан Кене” пьесасын қайта түзеп, жөндеп шығарар деп сенем. Театрымыздың қазір едәуір тәжірибесі, ысылғандығы бар

екендігі айқын. Және Мұхтар қазіргі Қазақстандағы білімді, зор драмашымыз. Пьесаның кемістіктерін көрсетіп, білген тарихи мағлұматтардың шет жағаларын көрсетуіміз өсіп қалған театрымызға және білімді, күшті драмашымызға аз да болса көмек болар деп сенем" деген сөзінде қылаудай бақай есеп жоқ екеніне, ақ тілектен айтылғанына сенеміз.

Ол жөнінде "Хан Кенені" тұңғыш рет жариялаған М.Әуезовтің жиырма томдық шығармалар жинағының редакциялық алқасы "белгілі әдебиетшілер, мамандар (С.Сейфуллин, Ғ.Мүсірепов, т.б.) драматург пен режиссерды ойландырар... елеулі сындар айтқан. "Хан Кенеден" бір жола бас тарту емес, "Хан Кенені" түзету, жөндеу, спектакльді қайта қарап, әлі де жетілдіру талабы күн тәртібіне қойылған" (14 том. 1983. 314 б.) дегені тарихи шындық деңгейінде екенін ескерткен уақытта "Хан Кененің" соңғы кезге дейін театр сахнасына шықпауына 1934 жылғы сын мақалалар емес, сол кезде ендеп келе жатқан идеологиялық құямпұрыстар себепші болғанын айтқан абзал.

Ал 1939-1944 жылдар аралығында, яғни Кенесары қозғалысына оң қабақ көрсетіліп, біздің арғы рухани арымыз, киелі де ардақты батырларымыздың бірі, оның аруағы майдандағы жауынгерлерді қолдасын деген ойлар айтылып жатқанда Мұхаңның құдіреті жеңіп, мүмкіндігі бола тұрса да, қайта қолына алмауының сырын саясат аңысын аңғара білетін Мұхаңның көрегендігіне сайған жөн шығар. Сөздің қысқасы, 1983 жылға дейін "Хан Кененің" Мәтінін оқыған, көрген адамдар шамалы.

30-жылдардың басынан өріс алған идеологиялық әпербақандық 80-жылдары өрістей түскен, кемімегендігін редакция алқасының: "Автор Кенесарыны бейбіт халықтар арасына іріткі салып, өштестік, араздықты қоздырушы, шексіз билікті көксеген мансап құлы тұрғысында көрсеткен. Кене — көршілік бауырмал қатынас заңын, салт-дәстүрін белінен басқан жаулық, қарақшылық жорықтың ұйытқысы.

Жалпы, пьеса тұтас алғанда нақты, реалды тұлға әшкереленетін, Кене ханның реакцияшылдық, кертартпалық мұратмүддесін жалаңаштап, шын сырын, шындығын ашатын трагедиялық тарих" (сонда, 316-317 беттер) дегенінен-ақ көруге болғандай. Бұған қарағанда, Сәкен мен Ғабиттың пьесаны қайта қарап, ұлттар достығын ушықтырмайтындай реңде қайтадан сахнаға қою жөніндегі кеңестерінің орынды екенін байқаймыз.

Редколлегияның “М.Әуезов өз пьесасын өңдеу үстінде сол пікірлерді ескерген” деп тауып, пьесаның жаңа редакциясын бүгінгі оқушыға ұсынуы, кейбір облыстық театрлардың сахнасына қойылуы, әрине, тәуелсіздіктің жемісі.

Қ.С.Ахмет, Т. Кәкішұлы

“ХАН КЕНЕ”

(*Екінші нұсқасы*)

Жиырмасыншы жылдардың екінші жартысында жазылған “Хан Кенені” жариялаудың сәті тек сексенінші жылдардың басында, жиырма томдық шығармалар жинағын бастырудың барысында (“Жазушы” баспасы. 1983. 14-том. 313-369 беттер) ғана түсті.

Өйткені, бұған дейін бұл еңбектің атын еш жерде ататпайтын еді, мысалға, көлемді кітап болып басылып шыққан жазушы қолжазбаларының сыпаттамасында (“М.О.Әуезовтің қолжазба мұрасы”, “Ғылым”. 1977. 102-103. 156-беттер) шығарма тақырыбы көрсетілмей, Пьеса. 1928 ж. (ЛММА, Кпр-1, п.№75), “Историческая пьеса в 6 действиях, 1928 г.), “Бес актылы, алты суретті тарихи пьеса” (п. №77), “4 актылы, 5 суретті тарихи пьеса“ (п. №135) деп берілулерінің өзі-ақ осыны аңғартады.

Пьесаның өзгертілген түрінің 1934 жылы театрдағы қойылымына С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Ғ.Мүсірепов бастаған біраз қаламгерлердің жарияланған сындарынан кейін Ағарту министрлігі оның одан әрі көрсетілуін тыйып тастайды. Жиырма томдықтың басылымы тұсында да томнан томға ысырыла берген соң, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты өзінің ғылыми кеңесінде арнайы талқылаудан өткізді. Талқылауда: Ә.Тәжібаев, М.Қаратаев, Ә.Нұрпейісов, З.Ахметов, Р.Бердібаев, М.Базарбаев, Ә.Шәріпов, Е.Лизунова, Л.Әуезова, Ә.Дербісалин, М.Мырзахметов, З.Серікқалиев, тағы басқалар өз ой-пікірлері мен ұсыныстарын ортаға салды, ал Ғ.Мүсірепов “бұрынғы пікірімдемін”дегенді айтып, талқылауға қатысудан бас тартты. Ой білдіргендердің барлығы да шығармада ешқандай идеялық қателіктің жоқтығына, көркемдік қуатының да жоғарылығына тоқтады. Ә.Тәжібаев: “Хан Кене” қойылымын мен Қотанқарағайға кетіп, көре алмадым. Қайтып келсем, баспасөзде қатты сындар айтылып, шу болып жатыр екен. Мұхаң: “Пьесаны көтермелеп, жамаулар қосып жіберіпті” деді. Ол кездегі сынға сол кездің талабынан қарау керек. Ол кез — қарадүрсін, тұрпайы социологиялық танымның бел алған шағы болатын. Пьесаның өзіне келсек, ол өте көркем, образдар әрекеті қызу — бірден тартып әкетеді, Наурызбайдың сотқарлығы Кенеге сан рет бармағын тістетуі

ғажап суреттелген. Мұхаң ұлы художник, шын талант, өтірік айтпайды — бұл үлкен дарынға тән қасиет, “Хан Кене” қазақ драматургиясындағы ұлы шығарма. Қырғызстанға барғанымда: “Кенені көтеріп жатырсыңдар ғой”, — деп, көрмей-білмей, оқып, таныспай наразы болғаны бар” деді. Осылайша қазақ-қырғыз қатынасына бұрғандай болған оның ойын М.Базарбаев та: “Бір ескеретін пікір бар: пьесаның көркемдік жағына айтылар дау жоқ. Бірақ І.Есенберлиннің “Қаһары” кітап болып басылғанда Қуанышбек Мәліков наразылық білдіріп еді. Егер “Хан Кенені” бассақ, қырғыздар қалай қабылдар екен деп ойлаймын. Мен пьесаның жарияланыуын қолдаймын, бірақ осы жағына алаңдаймын” дегендей екіұштылау ойы мен күдігін қоюлата түсті.

“Ертеде айтылған сынның уақытқа байланысты айтылғанын ескермек керек. Ол тұста ақты — қара, қараны — ақ ету қиын еместігі көпшілікке мәлім ғой. Қазіргі танымның табиғаты мүлде тереңдеп кетті. Сыншылардың пікірі Наурызбайды ер, батыр етіп көрсетеді дегенге тіреледі, мәселе оның қайшылығында, халық мүддесіне қарсы позициясында. “Хан Кене” сахнаға шыққанда Кене образы режиссерлік жамаулармен бөрттіріп көрсету арқылы идеализиция жасалуы мүмкін. Ал пьесаның түпнұсқасында ешқандай дәріптеу жоқ, керісінше Кене сыналған, қатыгез әрекеті арқылы әшкереленген. “Қаһар“ романы шыққанда қырғыздар өз пікірін білдірген еді, енді “Хан Кене” шықса, олардың разы болатынына сенімім мол” деп, Ә.Нұрпейісов те әлгілердің сөздерін жандандырғандай болды. Міне, үшеуі де Кенесары жөніндегі шығармаға қырғыздар қалай қарайды дегенге назар аударады; мұның өзі сонау жиырмасыншы жылдардың басындағы Халел Досмұхамедов пікірлерін еске салмай тұра алмайды екен. Ол да Нысанбай ақын жырлаған “Кенесары-Наурызбай” жырын баспадан шығарар алдында (1923 ж.) осындай күйді бастан кешкен. Оның ойынша, мұнда дастанның Түркістан қазақтары арасына кең тараған нұсқасында қырғыздар кемсітіліп, мұқатылған, ал Кене мен қазақтар орынсыз мадақталған; осы ұғымдағы Х.Досмұхамедов дастанның өзі бастырмақ нұсқасын алдымен зиялылары мен оқығандарының сынына салып алады да, олардың бөтендей көзқарас ниеттерінің жоқтығына көзі жеткенде ғана барып, жырды баспаға ұсынған.

Әдебиет институтының талқылауында да, Х. Досмұхамедовтің айтқандарында да болсын, туысқан халықтар арасына жарықшақ түсіп алакөңілдік орнамаса болды дегендік жатыр. Бірақ институттағы талқылауда мұндай күйге душар еткен шындықтың астарына үңілейік, сырын, себебін ашып, жұртшылықтың көзін жеткізейік деген сөз де, тілек те, ұсыныс та бола қойған жоқ, оның себебі, артық ой, артық сөздерге бармай, шығарманы баспаға өткізіп алуды мақсат етуіне ғана байланысты болды. Сөйлеушілердің бұл туынды тарих емес, көркем туынды, мұнда суреткер өз таным-позициясын қалай өрбітемін десе де ерікті, ақылды, шешен, тапқыр Құнанбай ескілікті жоқтап, өшіп бара жатқан таптың өкілі ретінде көрінсе, Кене де осы таным тұрғысында өрнектелді; пьесада хандық көтермеленбеді, қайта іштей іріп-шіріп бара жатқан жат құбылыс, монархиялық арман жетелеген Кененің жауыздығы мен қатыгездігі көркем әшкереленді дегендей сөздері осы мақсат төңірегінен табылып жатты. Талқылауда редакция алқасы атынан пьесаға үш-төрт беттей алғысөз жазылып, жиырма томдықтың 12-томына жіберілсін деген қаулы қабылданды, соған қарамай, тағы да екі томға жылжып барып, ақыры 14-томда ғана жарық көруіне мүмкіндік алды.

Кеңестің ұйғарымымен өзек тартқан алғысөз де осындай мақсатты ұстаным айналасынан алыстап кете алмады, оны мына төмендегі топшылаулардан да анық аңғаруға болады: “Автор Кенесарыны бейбіт халықтар арасына іріткі салып, өштестік, араздықты қоздырушы, шексіз билікті көксеген мансап құлы тұрғысында көрсеткен. Бұл пьеса персонаждарының әрекет-қимылымен, күдікті пейілімен, жалпы оқиғалар шешімімен, драматургтің бүкіл авторлық позициясымен жете әшкереленген. Кене — көпшілік бауырмал қатынас заңын, салт-дәстүр белінен басқан жаулық, қарақшылық жорықтың ұйтқысы. Мұны мүдделес сыбайластардың өзі де айыптай алады. Бұл арада, сөз жоқ, тарихи шындыққа сай тарихи тұлғаның халық мұратымен кереғар болмысының бет пердесі ашылған...

Бай, патшадан, отаршылдық езгіден, қанаушылықтан қажыған халықтың белгілі бір тобы алғашында елдігімді қорғайды деп үміттенген жағдайда Кенесарыны хан көтеріп, соңынан еруінің себебі де түсінікті. Алайда, шексіз билікті көксеген хан халық наразылығын өз мақсатына епті пайдаланып кетті. Қанды жорық, қаралы күй кештіріп, қасіретті қоюлатқан жылдардың

ащы шындығы еркіндік, азаттық жолын таба алмай, тұйыққа тірелген халықты қиналтып қана қоймай, ойлантуға да тиіс болды. Алданып барып, адаса жаздап, ақырында Кенесарыны мүлдем қолдамай, жападан жалғыз қалдырған, сөгіле көшіп, іргесін ажыратқан қалың қолдың шешімінде терең мән жатыр" (Жиырма томдық шығармалар жинағы. 14-том. 1983. 315-316-бб.).

Кене болмысы мен арман-мүддесінің осы саралаудағылардай әшкереленуінің түп түйінінде шығарманы қайткенде де ақтап алудың ниет-ұстанымы ғана жатқанын еңбек бітімін жазылған жылдардағы таным, көзқарастар деңгейімен өлшегенде тереңдігі мен парасатының да, тарихи шындыққа сай тарихи тұлғалардың типтендірілуінің де, көрегендік шеберлігінің жоғарылығының да, жұмбақ, көп сыр бүккен, әлі де талай үңілулерді керек ететін Кенесары бейнесіне де қатысы бар екенін көрер еді.

Елу томдыққа енгізіліп отырған осы нұсқаның (77-п. 1-68, п., 135-п. 1-68-беттер) баспасөз беттеріндегі сындардан кейін жазылғандай әсер қалдыратыны бар. Өйткені мұндағы мәтіндер сындарда көрсетілген ескертпелерге онша ұқсаңқырай бермейді. Автор осының 135-папкадағы бір данасының жекелеген сөз-сөйлемдеріне жеңіл-желпі түзетулер жүргізген, алғашқы жазылуы мен осы соңғы жазылуының арасында мазмұны, құрылысы, идеясы жағынан болсын айтарлықтай өзгерістердің барлығы байқалады; мұндағы қысқарған мәтіндерінің жалпы жиыны 20 беттен асады, ал 6-пердесінің мүлде алынып тасталуынан бірінші перденің 4-көрінісіндегі "Ж ұ р т. Уа, жортқанда жолың болсын! Оң сапарын берсін... Жолын оңдай көр! Я, аруақ!" дегендерден бастап: "Н а у р ы з б а й. Мен әлгі ақынға айналып, кеңесінің байлауын ести алмай қалдым. Не дестіңдер? Айтшы ел, кәні?!" деген сөздерге дейінгі аралықта екі беттен аса қосымшалар қосқанынан да көрінеді. Жиырма томдыққа енген соңғы нұсқаның дайындаушылар тарапынан қысқартылып берілгендігі кейбір сөз-сөйлемдерінен де аңғарылады:

"1-к і с і. Бәсе, бұл тілеуден кім жырылып қалды дейсің..." (14-том, 321-бет) — "1-к і с і. Бәсе, бұл тілеуден кім жырылып қалды дейсің. Жарықтық Қасым мен мына Кененің жолы алабөтен ғой" (135-п., 3-бет); "3-ш а л. Тек жолдары болсын

байғұстардың...” (323-бет) — “3-ш а л. Тек жолдары болсын байғұстардың. Кешегі өлген Исатай мен бұл Кененің ісі бөлек жол ғой” (5-бет); “...қазақтың іргелі елдігін орнатамыз десті” (330-бет) — “Қытай мен екі арасына қазақтың қара ардал патшалығын орнатамыз десті” (15-бет); “...Қырғыз, Дулатқа жүретіндердің бәрі де бүгін жүре ме?” (332-бет) — “Қытайға, Қырғыз, Дулатқа жүретіндердің бәрі де бүгін жүре ме? (18-бет); “Мен... бара жатқанда бас ием, жалпылдаймын деп барам ба” (339-бет) — “Мен Қытайға бара жатқанда бас ием, жалпылдаймын деп барам ба” (28-бет); “Қ ұ д а й м е н д е. Тілге келіп, сөз ұғатын неме болса... мені ұғар” (339-бет); “Тілге келіп сөз ұғатын неме болса, Қытай мені ұғар” (28-бет); “К ә р і б о з. Одан әрі айтатыным: біз де өзің сияқты... екі оттың ортасында отырғанымыз рас” (347-бет) — “К ә р і б о з. Одан әрі айтатыным: біз де өзің сияқты Қытай мен Ресейдей екі оттың ортасында отырғанымыз рас” (39-бет); “Мен... неге қашам, неге алысам?” (347-бет) — “Мен Ресей мен Қытайдан неге қашам, неге алысам” (40-бет); “Алатаудың бауырында Кенесары жығылса...” (367-бет) — “Алатаудың бауырында Кенесары жығылса, сыналатын өткелде қазақ елі бірге жығылады” (67-бет). Осы көрсетілгендердің барлығы да түзетілді, орын-орнына қайта қойылды.

Т. Әкім

“ХАН КЕНЕ”

(*Орыс тіліндегі нұсқасы*)

Пьесаның орыс тіліндегі аудармасы елу томдық академиялық толық басылымға “Әуезов үйі” ҒМО-ның қолжазба қорындағы нұсқасы бойынша (76-папка, І-44-бб) жіберіліп отыр. Алдыңғы түсініктерде бұл туындының екі нұсқасы жөнінде сөз болды, енді орыс тіліндегі аудармасын да тағы бір нұсқа ретінде қарауға болады. Бұның қолжазбасы да дәл қазақ тіліндегідей, дәптерге жазылып, түптелген.

Қолжазба күлгін сиямен жазылған; мұнда автордың қолымен жазылғандарынан гөрі жұбайы Валентина Николаевнаның қолымен көшірілгендері басымдау, сонда ол аудармасын ауыз екі айтып беріп отырған сияқты; дәл осылай етіп асығыс жасау мүмкін сол кездегі жоғарғы орындарға қажет болды ма, әлде орыс тілінде де жеткізуді жөн көрді ме, әйтеуір екеуі де бір мезгілде қоса-қабат жүзеге асырылған.

Осы жерде есте тұтатын бір нәрсе — автордың жолма-жол аудармасы өз дәрежесіне көтерілу-көтерілмеуінде емес, өз туындыларын өзге тілге аударуды алғаш рет қолға алуында; бұған дейін бірлі-жарым мақалалары, жасаған баяндамалары болмаса, орыс тілінде жазды дейтін көлемді дүниесі кездесе қоймайтын. Бұл кезде жаңадан қолға алған қырғыздың батырлық эпосы “Манас” туралы зерттеулерін ғана орыс тілінде жазуды бастаған еді.

Шығарманың қолжазбалары бөлек-бөлек дәптерлерге жазылғандығы жөнінде жоғарыда айтылды, екеуінің мерзімі де “1928 жыл” деп көрсетілген: қазақ тілінде жазылғандарының беттелуі — 1—71, орыс тіліндегісі — 1—44 бет, осының өзі-ақ көлеміндегі едәуір алшақтықты, аударманың ықшамдалғанын көрсетеді. Машинкаға басылғанда, алдыңғысы — 1—85, кейінгісі — 1—53 бет болды. Қазақ тіліндегісі: “Пролог. Дала. Жасыл төбенің басы. Алыста тау. Көп ауыл суреттері. Қасымның асы. Асқа жиналған кісілер. Бір жақтан шығып, екінші жаққа өтіп жатады. Жиын осы төбеге келмек. Алғашқы шыққан үш кісі. Бәрі де орта жастағы адамдар. Ақырын аяңдап, әңгімелесіп келе жатады”, орыс тіліндегісі: “Зеленый холм в степи. Вдали горы, в горах много аулов. День поминок хана Касыма (отца Кене). Проходит группа собравшихся на поминки (три чело-

века средних лет)” деп басталса, осы прологтың қазақшасы: “Жұрт келе жатқанда бір дүбір, дүсір естіледі. Сахнадағы бұрын өткендердің бәрі “төрелер келеді” деп, күбір-күбір сөйлесіп, орындарынан тұрады. Кедейлер соларға таман кетеді. Қатындар кісілер кеткен жақта қалады. Келе жатқандардың алдынан Абылайдың сары ала туын алып, батырлар өтеді (сауытты, сайманды бес-алты батыр)”; орысшасы “Женщины плачут. Слышен гул идущих. Все проходившие возвращаются, сидевшие встают. Впереди идут с полосатым знаменем (желтое с белым) Аблая. Батыры в доспехах” дегендермен аяқталады.

Бірінші пердеге дейін бес көріністен тұратын пролог орыс тіліндегі аудармасына дәл сол күйінде көшпеген. Мысалға алты перделі пьесаның бірінші пердесінде бес, екінші пердесінде жеті дегендей басқаларында да осындай көріністер болса, орысшасының бір де бірінде көріниске бөліну жоқ. Осыларға қарағанда, алдымен аударманың жалпы нобайын ғана жасап алу көзделінгені, жетілдіру, өз дәреже-деңгейіне көтеру кейінгі кездің еншісіне қалдырылғаны айқын сезіледі. Бұның да суреткер шығармашылығының лабораториясын ашуды мақсат еткен зерттеушілер үшін тигізер пайдасы мол болмақ.

Т. Әкім

“М. ӘУЕЗОВ ЖАРИЯЛАҒАН АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ НҰСҚАЛАРЫ”

“*КҮДЕРІ ҚОЖАНЫҢ ҚАРҚАРАЛЫ ТАУЫМЕН ҚОШТАСҚАНЫ*”

Мухтар Әуезов студент шағында Күдері қожа деген ақынның осы өлеңін ауыл қарттарынан жазып алып, “Таң” журналының 1925 жылғы 4-санында “Күдері қожаның Қарқаралы тауымен қоштасқаны” деген атпен жариялаған (99—102-бб.). Одан кейін 1927 жылы Қызылорда қаласында жарық көрген “Әдебиет тарихы” оқулығында “Сыршылдық салт өлеңдері” бөлімінің “Ел салтындағы шер өлеңдер” қатарындағы қоштасу өлеңдері ретінде Күдері қожаның осы өлеңін талдай келіп, толық мәтінін жариялайды. Жазушының 20 томдық шығармалар жинағының 16-томында көптеген жылдардан кейін алғаш рет қазіргі әріп таңбасымен жарық көрген осы оқулықта аталған өлең қайта басылса (31-33-бб.), 1991 жылы “Әдебиет тарихы” жеке кітап болып шыққанда, сол күйінде өзгеріссіз тағы да жарияланды (30-31-бб.).

Қоштасу өлеңінің авторы Күдеріқожа Күшекұлы — XIX ғасырда өмір сүрген белгілі қазақ ақыны. Ол 1820 жылы Қызылорда облысының Тереңөзек ауданында туып, 1858 жылы Қарағанды облысының Қарқаралы ауданы аумағында дүниеден өткен. Бұл өңірге жас кезінде бала оқыту мақсатымен қоныс аударып, Қарқаралы жерінде қалып қойған. Оның Ұлбике деген ақын қызбен айтысы халыққа кеңінен белгілі, көптеген жинақтарға енген.

Өлеңнің шығу тарихына келсек, М.Әуезов “Әдебиет тарихында” осы шығарма жайында жазғанындай: “... соңғы өлең елдің шаруашылығына, елдің іргелі елдігіне залал келтірген кемшілікті айтады”, “... Мынада кәріп зорлығы, ел күйзеулігінің себебі, қазақты елдіктен шығарған қиянаттың шеті көрінеді. Мұнда жалпақ елдің қамы айтылады” (1991. 31-б). Мұхаң осы қысқа талдауында “ел күйзеулігінің” астарын сол кездегі озбыр саясат салдарынан ашып айта алмағанмен, өлең мәтіні заман шындығын айқын көрсеткен. XIX ғасырда Ресей патшалық

үкіметінің отаршыл әскерлері Сарыарқа жерінде, оның ішінде табиғаты әсем, жер сарасы — Қарқаралы аймағына баса-көктеп кіргенде, абдырап есі шыққан халық тау-тасты паналап, бейшара халге душар болады. Ел басына түскен осы қасіретті халқымен бірге тартқан Күдеріқожа өзінің Қарқаралы тауымен қоштасқан өлеңінде зар заман ақиқатын нақты бейнелеп берген. М.Әуезов жариялаған өлең нұсқасының басты ерекшеліктері: өлең ұйқасы үйлесімділік тауып, көркемдік қасиеті ерекшеленіп тұрған кесек туынды, Ресейдің отаршылдық саясатын көркем тілмен шебер кестелеген шыншыл шығарма.

М.Әуезовтің 100 жылдық мерейтойына байланысты осы өлең жайында "Қазақ әдебиеті" газетінің 1997 жылғы 5 тамыздағы санында жарияланған фольклортанушы-ғалым, филология ғылымының докторы, профессор Сұлтанғали Садырбайұлы "Бір өлеңнің тарихы" деген мақаласында аталған туындының осы нұсқасынан басқа екі нұсқасы бар екендігін тілге тиек етеді. Біріншісі М.Әуезов нұсқасы болса, екіншісі — түрлі жинақтарда жарияланып жүрген қысқа түріндегі нұсқасы да, ал үшіншісі — көрнекті ақын Мариям Хакімжанова осы "Таң" журналынан латынша әріпке көшірген, бірақ анағұрлым толықтырылған нұсқасы, бұрын еш жерде жарияланбаған. Осы нұсқаның толық мәтінін С.Садырбайұлы өз мақаласының соңында келтіріпті.

Томға ұсынылған өлең мәтіні журналдың түпнұсқасы бойынша сол күйінде еш өзгеріссіз жарияланып отыр.

"АБЫЛАЙ ОРЫСПЕН СОҒЫСАМЫН ДЕГЕНДЕ БҰҚАР ЖЫРАУДЫҢ АЙТҚАН БІР ТОЛҒАУЫ"

Бұқар жыраудың бұл бірнеше өлеңнен тұратын толғаулар топтамасын М.Әуезов ел аузынан жазып алып, "Таң" журналының 1925 жылғы 4-санында "Абылай орыспен соғысамын дегенде Бұқар жыраудың айтқан бір толғауы" деп жариялаған (96-99-бб). Ал шын мәнінде бұл нұсқаның бір толғау емес, бірнеше толғаудан құралған өлеңдер екендігін жазушы-ғалым Мұхтар Мағауин "Алдаспан" жинағында (1971) дәлелдеп, осы топтамадағы "Абылай ханның қасында...", "Ай, Абылай, Абылай! Қатын алма қарадан..." деп басталатын өлеңдері Мәшһүр Жүсіп қолжазбалары негізінде өз алдына

жеке толғаулар ретінде жариялады (153-154, 164-165-бб.). Бұл толғаулар осы күйінде Бұқар жыраудың жеке шығармалары ретінде “Бес ғасыр жырлайды” жинағының 1-томында жарық көрді (1984. 104-105, 114-бб.). Филология ғылымының кандидаты М.Жармұхамедұлы өзі құрастырған Бұқар жыраудың “Шығармалары” жинағында (1992) “Таң” журналындағы “Абылай орыспен соғысамын дегенде Бұқар жыраудың айтқан бір толғауындағы” “Көкшетаудан салдырған...” деп басталып, “Сорлы бір қазақ қалды, ойла!” деп аяқталатын бөлігін жеке толғау ретінде жариялады (22-23 бб).

Толғаудың “Абылай ханның қасында...” деп басталып, “Зайыры қатты бұ көпір алмай қоймас демеңіз” деп аяқталатын бөлігінде Бұқар жырау өз тұсындағы қазақ халқының жай-күйін жырлап, Абылай ханды ел ішіндегі өзара бірлікті сақтауға, көрші мемлекеттермен жауласпай, бейбіт өмір сүруге шақырады.

Журналдық нұсқаның “Көкшетаудан салдырған...” деп басталып, “Сорлы бір қазақ қалды, ойла!” деген жолдармен аяқталатын толғау жыраудың баспа бетін көрмей, тек М.Жармұхамедұлы құрастырған жинақта ғана жарияланған шоқтығы биік шығармасы. Бұл толғау — жыраудың көп жылдар бойы кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйе қыспағынан айтуға тыйым салынып келген маңызды бір шығармашылық қыры — орыс патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы күресін айқын танытатын шығармасы. Осы шыншыл шығарма арқылы көреген жырау қазақтың шұрайлы жерлерін біртіндеп басып алып, бекіністер сала бастаған, елдің берекесін қашырған “көпірлердің” арам пиғылдарын күнібұрын сезіп, хан иесін сақтануға, “сорлы бір қазағының” болашақ тағдырын терең ойлануға шақырды.

Осы нұсқаның соңғы бөлігі — “Ай, Абылай, Абылай! Қатын алма қарадан” деп басталатын толғаудың өне бойынан жыраудың өмір тәжірибесіне сүйеніп айтқан нақышты тәрбиелік нақылдары мен хан тұқымдарына арнаған ақыл-кеңесі көрініс береді.

М.Әуезов жинаған Бұқар жыраудың бұл толғаулары көркемдігі мен ғылыми құндылығы жағынан үлкен мәнге ие болып, көптеген жинақтарға енді, зерттеулерге негізгі материал болды.

“СЫБАН САБЫРБАЙ АҚЫННЫҢ СОЛТАБАЙ ТӨРЕГЕ АЙТҚАН СӨЗІ”

Ел аузындағы Сабырбай ақын айтқан бұл сөзді М.Әуезов Абайдың талантты шәкірті Көкбай Жанатаевтан жазып алып, өзі белсене қатысқан “Таң” журналының 1925 жылғы 1-санына “Сыбан Сабырбай ақынның Солтабай төреге айтқан сөзі” (Көкбай ақсақалдың айтуынша)” деп жариялаған да, соңына “Жинаушы: М.” деп қолын қойған (75-76-бб.). Кейін бұл нұсқаны М. Әуезов 1927 жылы Қызылордада шыққан “Әдебиет тарихы” кітабында өзі айтыс өлеңдерінің бір тармағына жатқызған билер айтысының “дау мен билік тұсында, не жамандап, не мақтап айтатын сөздер” ретінде пайдаланған. “Таң” журналында жариялаған нұсқада осы биліктің айтылу тарихы толық баяндалса, “Әдебиет тарихында” тек өлең мәтіні ғана толық келтірілген.

М.Әуезовтің Көкбай ақыннан жазып алған нұсқада еліне өкпелеп басқа жаққа ауа көшкен Солтабай төреге Сабырбай ақынның халық сәлемін жеткізген басуы мен билік сөзі айтылады.

Ақын өлеңінде төресіз, басшысыз қалған ауылды жайлаған берекесіздік, сырт елдің басынып, ұры-қарының көбеюі, барымташылық пен ағайын арасының дау-дамайы бітпей, жұртшылықтың мазасының кетуі жыр жолдарымен айшықталып, Солтабай төренің еш бөгелмей ел ортасына қайта көшуіне мәжбүр болған жайы суреттеледі. М.Әуезов бұл фольклорлық нұсқаны жариялай отырып, сол кезде қазақ қоғамын жайлаған енжарлық, бойкүйездік, берекесіздік атаулының алдын алу мақсатында ел арасының татулығын мегзеген.

Сабырбай Ақтайлақұлы (1775—1865) — атақты айтыс ақыны. Ақтайлақ бидің баласы. Жас күнінен өлең шығарып, айтыстарға қатысқан. Сабырбайдың Жанақпен, Байбаламен айтыстарына М.Әуезов өз зерттеулерінде жоғары баға берген, “Абай жолы” роман-эпопеясында Сабырбайды Қадырбай ақынның прототипі етіп алған.

Солтабай Бопыұлы — Сабырбаймен шамалас ел билеген Найман төресі.

Сабырбай ақынның Солтабай төреге айтқан сөзінің М.Әуезов жазып алған нұсқасы жазушының 20 томдық шығармалар

жинағының 16-томында (175-6.) және “Әдебиет тарихының” алғаш рет қазіргі кирилл әрпімен 1991 жылы басылып шыққан кітабында (“Ана тілі” баспасы, 191-6.) жарияланды.

1. 272-бет. “**Алдияр біздің ауыл Берікқарада**” — Берікқара Найман ішінде Қаракерейден тарайтын Сыбан руының Жанкөбек тармағының қонысы. Солтабай осы Жанкөбектерге билік еткен.

2. 272-бет. “**Тобықты күнде тиіп жылқы алады**” — бұл да нақты жайт. Көршілес Тобықты елінің жігіттері барымташыл келіп, ауыл берекесін кетірген.

3. 272-бет. “**Шұбарым, арғымағым, арыстаным**” — Солтабай төренің елге істеген жақсылығына көрсетілген мадақ сөз. Өлеңнің өн бойында ол бірнеше рет қайталанып, осы жолдың соңғы сөзі бірде “арыстаным”, бірде “кермаралым”,“жүлде алғаным”, бірде “сары жілік” деген теңеулермен ауыстырылып отырылады.

4. 272-бет. “**Өз заңынша бөлкендік, жандаралым**” — патшалық билік құрылымының полковник, генерал сияқты жоғары шендеріне теңестіру. М.Әуезовтің кирилл әрпімен шыққан “Әдебиет тарихында” (1991), 20 томдық шығармалар жинағында “бөлкендік” сөзі “полковник” деп қате берілген. Себебі, қазіргі жазылуындағы бұл сөз қазақтың өткен ғасырдағы ұғымына сәйкес келмейді. М.Әуезов те “Таң” журналында жариялаған нұсқада айтушыдан қалай жазып алды, сол күйінде “бөлкендік” деп берген.

5. 272-бет. “**Кәпір қаулан болғанда, мұсылман аз**” — бұл жерде, “қаулан” сөзі көп деген мағынаны білдіреді.

6. 272-бет. “**Арғын, Найман арасы болды бүлік**” — көршілес, қоныстас орналасқан Арғын ішіндегі Тобықты мен Найман ішіндегі Сыбан арасында төресіз қалған кесірлік салдарынан өрши түскен барымта мен ұрлық-қарлықтың көбеюінен болған ағайын араздығын мегзейді.

7. 272-бет. “**Ежен тышқан кыстайды Құндыздыны, Иен тұр бабаң қонған Қызылшілік**” — Құндызды мекенін Тобықты мен Сыбан қатар қоныстанған да, Ежен деп айтқаны сол барымташылар басшысын мезгегені болу керек. Қызылшілік — Солтабай төренің атасы Әбілпейіз төре, әкесі Бопы төре қоныс еткен мекен аты.

8. 273-бет. “**Солтекем бес Байыстың қарағындай**” — мұндағы бес Байыс — Найманның Төлегетайынан туған Қаракерейдің Мейрамынан тарайтын Байторының Байысынан туған бес рулы ел — Мұрын, Ақымбет, Сыбан, Қыржы, Байжігіт. Бұларды іргелері сөгілмеген, мызғымас тату болғандықтан “бес Байыс” деп атаған. Сол себепті де Солтабай төрені Сабырбай ақын бес Байыстың ынтымағындай көрген. М.Әуезовтің “Әдебиет тарихында” (1991) және 20 томдығында бұл рулар бірлестігінің ұғымы “бесбайыс” деп бірге жазылып қате берілген.

9. 273-бет. “**Жат бауыр қыла көрме Барағымды-ай**” — мұнда Солтабай төренің жас баласы Барақтың басқа елде өссе, жат болып өсетіндігі айтылады. Барақ төре Солтабайұлы — Құнанбайдың замандасы. Поляк революционері А. Янушкевичтің “Күнделіктерінде” есімі құрметпен аталатын, өз кезінің беделді ел билеушісі.

“БҰҚАР ЖЫРАУДЫҢ КЕРЕЙГЕ АЙТҚАН СӨЗІ”

Қазақ поэзиясы тарихындағы ірі тұлға, көрнекті мемлекет қайраткері Бұқар жыраудың бұл атақты өлеңін М.Әуезов Абайдың ақын шәкірті Көкбай Жанатайұлының айтуынан жазып алып, “Таң” журналының 1925 жылғы 1-санында “Бұқар жыраудың Керейге айтқан сөзі” деген атпен “Көкбай ақсақалдан” деп жариялаған да, соңына “Жинаушы: М” деген әдеби бүркеншік есімін қойған (96-97-бб.). “Таң” журналынан латын әрпімен, қара сиямен жазылған көшірме нұсқасы ҚР ҰҒА ОҒК қорындағы 849 шифрлы папкада сақтаулы. М.Әуезов өзінің “Әдебиет тарихы” кітабының (1927) “Зар заман ақындары” бөлімінде Бұқар жырау жайлы айтқанда ел арасының жігі ашылған қиын кезде кесікті билік айтқан жыраудың осы толғау сөзін айқын дәлел ретінде келтіреді, ғалым-жазушы жазып алған Бұқар жыраудың бұл өлеңі “Әдебиет тарихының” М.Әуезов шығармаларының 20 томдық жинағында (16-т., 187—188-бб.) жарияланған нұсқасында және осы зерттеу кітаптың жаңа басылымында (1991. 203—204-бб.) жарық көрді.

М.Әуезов жазып алған бұл нұсқа жазушы-ғалым М. Мағауин құрастырған “Алдаспан” (1971. 157—158-бб.), “Бес

ғасыр жырлайды” жинақтарында (1984. 1-т. 108-б.), филология ғылымының кандидаты М.Жармұхамедұлы құрастырған Бұқар жырау Қалқаманұлының “Шығармалары” кітабында (1992. 25-26-бб.) “Садыр, қайда барасың...” деген атпен жарық көрді.

“Таң” журналындағы М.Әуезов жариялаған нұсқада Абылай хан билік құрған тұста Арғын мен Керей рулары арасында болған жанжал кезінде Арғын жағынан Ақмырза деген кісі соққыға жығылып өлгендігі, мұның арты үлкен дауға айналып, Арғын жағы өктемдік жасай берген соң, Керейлердің ауа көшкендігі жайлы айтылып, осы оқиғаға байланысты Абылай ханның Керейге сәлемін айтқалы қуа келген Бұқар жырау сөзі келтіріледі. Бұл аталы сөзден кейін өкпелеген ел райынан қайтып, қайта көшіп келгендігі әңгіме болады. Бұқар жыраудың толғау өлеңі жеті-сегіз буынды жыр үлгісіне құрылған.

М.Әуезов жазып алған Көкбай нұсқасында Бұқар жырау өлеңінің басталуы қате берілгендігін, яғни “Керей қайда барасың...” деп емес, “Садыр, қайда барасың...” деп айтылатындығын М.Мағауин Мәшһүр Жүсіптің осы толғаудың туу тарихы жайлы жазған қолжазбалары негізінде “Алдаспан” жинағында толық дәлелдеп берді. Шындығында, кісі өлтірген Керей жігіті емес, Найманның Матай деген руынан шыққан Садыр есімді батыр екен де, өзі өскен Арғынның бір шонжарын өлтірген соң, ауыл-аймағымен Сарысу өзенін өрлей үркіп көше жөнелген. Одан арғысы белгілі жайт. Ал өлеңді айтып берген Көкбай молда өз елі Тобықтымен көршілес ру Керейді кемсіту мақсатында жырдың басталуын “Керей, қайда барасың, Сырдың бойын көбелеп” деп өзгертіп жіберген. “Таң” журналында “қояман”, “талсымын” деп оқылған сөздер ғылыми жүйеге келтіріліп “қойман”, “талыспын” деп өзгертілген. Сонымен бірге журналдық нұсқада жоқ “Уа, сен танымай кетіп барамысың?” деген жаңа жол қосылып, “Дулығадай бас кетер” деген ойнақы өлең жолының орнына “Сонау кеудеңдегі дулығалы бас кетер” деген шұбалаңқы сөйлеммен толықтырылған. Басқа өзгеріс жоқ. Бұқар жыраудың осы өлеңі жарияланған барлық басқа жинақтарда М. Әуезов жазып алған осы нұсқа негізге алынған.

“АЙ, ТАҢСЫҚТЫҢ ҚОШТАСҚАНЫ”

М.Әуезов “Қозы Көрпеш-Баян сұлу” жырының бұл үзіндісін студент кезінде ел аузынан жазып алып, “Таң” журналының 1925 жылғы 2-санында “Ай, Таңсықтың қоштасқаны” деген тақырыппен “Жанақ ақын айтуындағы Қозы Көрпеш-Баяннан” деп жариялаған (70-72-бб.). Одан кейін бұл қоштасу өлеңі жазушы ғалымның “Әдебиет тарихы” оқулық-кітабында “Сыршылдық салт өлеңдері” бөлімінде ‘‘Ел салтындағы шер өлеңдері” ретіндегі қоштасу өлеңдерінің жерге қоштасу мысалы ретінде келтіріліп, журналдағы толық нұсқасы жарияланған. “Ай, Таңсықтың осы қоштасу өлеңі “Әдебиет тарихының”, М. Әуезов шығармаларының 20 томдық жинағында (16 т., 30-31-бб.), осы оқулықтың жаңа, жеке басылымында (1991. 29-30-бб.) сол күйінде жарық көрді.

М.Әуезов “Әдебит тарихында” жазғанындай: “Бұл коштасудың ішіндегі үлкен мағына: Сарыарқаның туып-өскен еліне қаншалықты қымбатты екенін көрсетеді... Екі қыздың аузымен Сарыарқаның қазақ баласына қаншалық қадірлі екені білінеді. Өзгеден сезімі артық, жүрегі нәзік әйел тілімен Сарыарқаға қоштасу айтылады”. Бұл ел арасына ең көп тараған, ең ежелгі жырдың бірі — “Қозы Қөрпеш-Баян сұлу” дастанындағы “Жетім ұлға қыз бермейміз” деп уәдесінен тайып, “Балталыны мекен қылып тұрмаймын” деп басқа жаққа ауа көшкен Қарабайдың асырап алған Ай, Таңсық деген екі қызының туған жерден көшерде айтқан қоштасу өлеңі нәзік әйел сезіміне батқан қайғыны білдіреді. Туған жерден еріксіз айырылардағы іште жиналған шерді өлеңмен тарқатып, жүрек түбінде сақталған қайғыны қалың топқа салады.

Ай, Таңсықтың ел мен жерге қоштасу өлеңін “Таң” журналында жариялауы М.Әуезов үшін алдағы үлкен іске негіз болды да, Жанақ айтуындағы “Қозы Көрпеш-Баян сұлу” жырының толық нұсқасын 1936 жылы Алматыда шығарды, кітаптың бірінші бетінде: “Қозы Көрпеш-Баян сұлу” (Жанақтың айтуы бойынша), жинаған Әуезұлы М” деп жазылған. Жазушы-ғалым жинаған бұл нұсқа кейін 1939 жылы шыққан “Батырлар жыры” жинағына енді. 1959 жылы ҚР ҰҒА-ның Тіл және әдебиет институты жырдың алты нұсқасынан тұратын жинақ шығарды. Жинақты белгілі әдебиеттанушы-ғалым Ы.Дүйсенбаев

құрастырып, жалпы редакциясын М.Әуезов қарады. Осы жинақта М.Әуезов жинаған жыр нұсқасы да негізгі нұсқаның бірі ретінде жарияланды.

М. Әуезов ірі фольклортанушы-ғалым ретінде жас кезінде-ақ ел аузынан жазып алып, қызыға зерттеген "Қозы Көрпеш-Баян сұлу" жырының ол бастырған нұсқасы — осы дастанның ең көркем, ең толық нұсқасының бірі. "Әдебиет тарихының" (1927) жоғарыда аталған "Сыршылдық салт өлеңдері" және "Ел поэмалары" бөлімдерінде және "Қазақ халқының эпосы мен фольклоры" ғылыми еңбегінде (1939) осы жыр жайлы және ондағы Ай, Таңсықтың қоштасу өлеңіне арнайы зерттеу жүргізіп, тәжірибе жинақтау нәтижесінде "Қозы Көрпеш-Баян сұлу" деген үлкен зерттеу жазып, оны алғаш рет "Қазақ әдебиетінің тарихында" (1948. I т., үш кітаптан тұратын "Қазақ әдебиетінің тарихында" (1959. I т.) жариялады, одан кейін бұл іргелі еңбек М.Әуезовтің 12 томдық (II т.) және 20 томдық шығармалар жинақтарында (17-т. 221-258-бб.) жарық көрді.

"Қозы Көрпеш-Баян сұлу" жыры туралы зерттеулерінде М.Әуезов өзі алғаш рет жазып алып, жариялаған Ай, Таңсықтың елінен көшердегі қоштасу өлеңін осы дастандағы ең көркем үзіндінің бірі ретінде атап, ерекше тоқталып өтеді. Бұл қоштасу өлеңінде екі қыздың туған жермен қоштасқан сәттегі мұңшері ғана емес, озбыр да қатігез әкенің мейірімсіз іс-әрекетіне көрсетілген қарсылық та бар екендігі айқын сезіледі. Өз бастарындағы ауыр халдерін ашық түрде жария ете алмағанмен, Ай, Таңсық осы қоштасу өлеңі арқылы іштегі шерлерін тарқатып, өздерінің арман-тілегін білдірген.

"ЖАМАН БАҚСЫНЫҢ САРЫНЫ"

Бақсы жайындағы бұл әңгімені М.Әуезов Абайдың ақын шәкірті Көкбай Жанатайұлы мен Құрмаш деген ауыл ақсақалынан жазып алып, "Таң" журналының 1925 жылғы 1-санында "Жаман бақсының сарыны" деген атпен "Көкбай, Құрмаш ақсақалдардың айтуынша" деп жариялаған, соңына "Жинаушы: М" деп қолын қойған (91-б.). Бұл нұсқаны кейін М.Әуезов "Әдебиет тарихы" атты алғашқы зерттеу кітабында (1927) "Сыршылдық салт өлеңдері" деген бірінші бөлімінің

дінмен байланысты өлеңдер қатарында ескі дін, ескі нанымның сарқыты болған өлеңдердің бірі бақсылар сарынының мысалы ретінде көрсетіп, өлең мәтінінен үзінді келтіреді. Одан кейін Жаман бақсының бұл сарынының толық нұсқасы "Әдебиет тарихының" жаңа басылымында (1991. 39-б.), М.Әуезовтің 20 томдық шығармалар жинағында (16 т., 43-б.) жарияланды. М.Әуезовтің "Әдебиет тарихындағы" бақсылар сарынына байланысты айтқан осы пікірі және Жаман бақсының сарыны "Қазақ бақсы-балгерлері" кітабында (1993. 96-99-бб.) жарық көрді.

М. Әуезов дін салты мен дін ұғымынан туатын өлеңдерді екі жікке бөліп, соның біріншісіне ескі діннің, яғни шаман дінінің сарқыты болған бақсылар сарынын жатқызған. Өзі жариялаған нұсқада Семей өңірінде өмір сүрген, Абай шыққан Тобықты ортасы аңыз қылған атақты Жаман бақсының ұлы Шақар бақсы таланты жайлы және ол орындаған Жаман бақсы сарыны келтірілді де, бұл сарынды оған Сабырбай акын шығарып бергендігін айтады. Ал Сабырбай атақты би Ақтайлақтын баласы, қазақтың атақты суырыпсалма, айтыс ақыны екені белгілі және сол Абай туып-өскен жерде, яғни қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай, Жарма аудандары түйіскен Құндызды өңірінде ғұмыр кешкен. Олай болса, Жаман бақсы да осы маңда өмір сүрген болып шығады. Жалпы алғанда, адам баласына жау күштерге қарсылық білдіріп, оған жабысқан қайсыбір ауруды немесе дертті қуып шығу, сырқатынан емдеу мақсатымен айтылатын бақсы жырының Жаман бақсы сарыны халық арасында кеңінен тараса керек. Сарынның өзі аруақты, таланты асқан бақсыларда болады. Сабырбай ақын да қасиет қонған адам, Жаман бақсыны бағалай білгендіктен ғана оған осы сарынды шығарып берген.

Бұл сарында "Мен Жаманның ұлы Шақармын, Көпті көрген мақармын" дей отырып, Шақар бақсы әкесі Жаман бақсының сарынын ойнайды да, науқасты емдеп, дертінен айыру үшін өзі табынған терекке жалбарынады, одан көмек сұрайды. Сарын өлеңі қазақтың ескілікті көшпелі өмірінен, молшылық тұрмысынан сыр береді, кей тұсында ақын-жыраулар поэзиясына тән дидактикалық сарындар мен ойнақы өлең ұйқастары да бар. Бірақ Жаман бақсының сарыны деп "Таң" журналында басылған бұл жыр нұсқасы толық емес және М.Әуезовтің

“Әдебиет тарихында” жариялаған нұсқа арасында едәуір алшақтық бар. Журналдық нұсқада жырдың өлеңдік құрылымы бытыраңқы әрі ойы да шашыраңқы. Бұл М.Әуезовтің осы сарынды айтып берушілерден жазып алған күйінде журналға жариялап, жинаушылық қызметпен ғана айналысып жүрген кезі десек, “Әдебиет тарихында” тәжірибе жинақтап, зерттеушілікке дендеп бой ұрған кезде Жаман бақсы сарынын толық текстологиялық, салыстырмалы талдаудан өткізіп барып жариялаған. Соның негізінде ұғынықты да жинақы өлең мәтінін жасаған және бұл соңғы нұсқа басталуы жағынан, өлең ұйқасы жағынан болсын, сөз қуаты жағынан болсын басқа да осындай бақсы сарындарына ұқсас жырларға толық сәйкес келеді.

“Таң” журналында жарияланған Жаман бақсының сарыны бойынша мәтін сол күйінде өзгеріссіз беріліп отыр. Мәселен, журналда: “Қаулан көкте жылқы ойнар” делінсе, “Әдебиет тарихында”: “Құлан көлде жылқы ойнар” деп беріліпті. Меніңше, журнал нұсқасы дұрыс сияқты. Себебі, осы іспеттес бақсылар жырларында “қаулан”, “қалан көк” сөздері жиі ұшырасады және де бұл бақсы (шаман) дініндегі тәңірге (көкке) табынудың бір көрінісіндей елес береді.

Терек — Жаман бақсының оң жақ иығында бірге жүретін болжаушы жыныны аты, яғни хабаршы-болжаушы пірі.

“ЖАМАН САРТ САРЫНЫ”

Бұл бақсы сарынын М.Әуезов өзі туып-өскен Шыңғыстау өңірінен жазып алып, “Таң” журналының 1925 жылғы 2-санында “Жаман сарт сарыны” деп жариялаған да, соңына “Жинаушы Мұхтар” деп қолын қойған (78-79-бб.). Осы нұсқаны М.Әуезов кейін өзінің “Әдебиет тарихы” кітабында (1927) дінмен байланысты өлендер жайлы зерттеу жүргізгенде пайдаланып, “Жаман сарт бақсының сарыны” деп өлең мәтінін жариялаған. Одан кейін бұл сарын “Әдебиет тарихында” жарияланған, жазушы шығармаларының 20-томдық жинағында (16 т. 43-44-бб.), осы зерттеу кітабының жаңа, жеке басылымында (1991. 39-40-бб.), “Қазақ бақсы-балгерлері” жинағында (1993. 97-б.) жарық көрді.

“Жаман сарт сарыны” деген бақсы сарынында сөз саптасы жағынан екпінді, әсерлі сөз, толымды теңеуді пайдалану арқылы түйдектете жырлап, жындарын шақырған бақсы бейнесі көз

алдымызға келеді, көк тәңіріне табыну, заңғар биіктегі Қойқап (Кавказ) тауын пір тұту секілді тотемдік белгілер бақсы сарынын күшейте түседі. Сонымен бірге бұл өлең мәтіні бақсы сарынының толық нұсқасы емес, тек бір бөлігі, үзіндісі ғана. М.Әуезов те "Таң" журналына жазып алынған күйінде жариялап, оқырманға тезірек таныстыруды мақсат еткен. Оның үстіне Жаман деген сарт есімді бақсы ма, әлде Жамансарт деген ел ішіндегі қазақ бақсысы ма, ол жағы да белгісіз, журналда "Жаман сарт сарыны" деп, ал "Әдебиет тарыхында" "Жамансарт бақсының сарыны" деп берілген. Әйтеуір, қалай десек те, бұл бақсының өз заманында белгілі емші, тәуіп болғаннан кейін М.Әуезовтің ел аузынан жазып алып, журналға жайдан жай жарияламағаны ап-айқын.

1. 277-бет. **Қойқап** — Кавказ тауы. Қазақ арасында "Қап тауы" деген тіркес кеңінен тараған.

"СЫБАН АҚТАЙЛАҚ БИ"

Ақтайлақ би туралы әңгіме мен оның құн дауы кезінде айтылған билік сөзін М.Әуезов Абайдың талантты ақын шәкірті Көкбай Жанатаевтан жазып алып, "Таң" журналының 1925 жылғы 2-санында "Сыбан Ақтайлақ би" (Көкбай ақсақал айтуынша) деп жариялаған, соңына "Жинаушы: Мұхтар" деп атын толық көрсетіп жазған (72-73-бб.). Кейін бұл нұсқа М.Әуезовтің "Әдебиет тарихы" зерттеу еңбегінде (1927) билер айтысының "екі бидің әділ билікке таласып айтқан талас сөздері" ретінде мысалға алынып, толғау түрінде айтылған өлең мәтіндері жарияланды, одан соң осы нұсқа "Әдебиет тарихының" жаңа басылымында (1991. 189-б.), М.Әуезовтің 20 томдық шығармалар жинағының 16-томында (172-173-бб.) жарияланды. "Ақтайлақ би" жинағында (1991. Құрастырған С.Қорабаев) М.Әуезов жазып алған нұсқа сол қалпында беріліпті (10-11-бб.) "XIX ғасырдағы қазақ ақындары" ұжымдық монографиясында (1988) жарияланған "Ақтайлақ — Сабырбай" зерттеу мақаласында (автор — С. Қорабаев) осы нұсқаға ғылыми талдау жасалды.

"Сыбан Ақтайлақ би" деп аталатын М.Әуезов нұсқасында Керей мен Тобықты ішіндегі Көкше арасында болған барымта

кезіндегі кісі өліміне байланысты құн дауы, оған билік айтуға қатысқан, Керей жағынан сөйлеген Ақтайлақ би мен Көкше жағынан сөйлеген Солтабай төренің, қара қылды қақ жарған әділ би Ақтайлақтың парасатты толғау өлеңі келтіріледі.

М.Әуезов өзінің "Билер айтысы" зерттеуінде осы билікке қайта оралып, билер айтысының озық үлгісі ретінде қарастырады (188-б.), "Қазақтың ауыз әдебиеті" деген іргелі зерттеу еңбегінде: "...Ел аузындағы аңыздар мен ауыз әдебиетінде сұлтан Солтабайдың пара алатынына қарсы Найман руынан шыққан Ақтайлақ бидің әділ сөздерін халық мақтап көтеріп айтады", — деп би талантына жоғары баға береді (Әуезов М. 20 томдық шығармалар жинағы. 19-т. 402-б.).

Негізінен алғанда, М.Әуезов жазып алған нұсқада және оның зерттеулерінде Солтабай төре Ақтайлақ бимен құн дауына қатысқандығы туралы жаңсақ берілген. Меніңше, бұл ел аузынан естіген кісінің қатесі деп білу керек. Оның үстіне М.Әуезов осы нұсқаны жазып алған кезде Көкбай ақынды ауру толық меңдеген болатын. Мұның да әсері болуы мүмкін. Ақтайлақ бидің тікелей ұрпақтары, баласы Сабырбайдың қызы Қуандықтан туған атақты халық ақыны Төлеу Көбдіковтің, оның баласы Қаскен Есенқараевтың, Сабырбайдың Сүйіндігінің немересі Балтабайдың және Байқара кіндігінен тараған басқа көнекөз шежіре қарттардың айтуларынша, Керей мен Көкше арасындағы сол билікке түскен жас жігіт Солтабай емес, керісінше, оның шау тартқан әкесі Бопы төре де, ал параны алған баласы — осы Солтабай. Олай болса, мәселенің бетін айқын ашайық: Бопы төре — Ақтайлақ би мен Өскенбайдың замандасы, Солтабай Құнанбайдың тұрғыласы. Ендеше, Ақтайлақпен билер айтысына түскен қарсыласы — осы Сыбан төресі Бопы төре Әбілпейізұлы. Бұл туралы анық көрсетіліп, "Ақтайлақ би" кітабында М. Әуезов нұсқасы мен Төлеу Көбдіков айтып жазып кеткен "Ердің құны — екі елу" билік толғауы қатар жарияланды. М. Әуезов жариялаған нұсқа — ел аузында сақталған үзінді билік өлеңі болса, Ақтайлақ би ұрпақтары жеткізген "Ердің құны — екі елу" ұзақ толғауы осы биліктің толық нұсқасы ("Ақтайлақ би". 1991. 10-14-бб.).

Ақтайлақ би Байқарауылы (XVIII ғасырдың орта тұсы мен XIX ғасырдың орта шені) — қазақ биі, шешен, жырау. Әділ би, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері. Болат ханның тұсында Қытайға екі рет елші болып барған.

Бопы Әбілпейізұлы — XVIII—XIX ғасырлар аралығында өмір сүрген ел билеушісі, Сыбан төресі.

1. 279-бет. “**Әуелі баһыра ашылса**” — мұнда “баһыра” сөзі парсының “баһар” сөзінен шыққан “көктем” деген мағынаны білдіреді.

2. 279-бет. **“Қырық кез торғын жатыр ғой”** — Бопы төренің баласы Солтабай алған қырық кез торғын матаны айтады.

“АБАЙДЫҢ КЕЙБІР ӨСИЕТ СӨЗДЕРІ”

Мұхтар Әуезов Абайдың бұл нақыл сөздерін ел аузынан жазып алып, “Таң” журналының 1925 жылғы 1-санында “Абайдың кейбір өсиет сөздері” деп жариялаған (77-б.).

Шын мәнінде бұл өсиет сөздер — Абайдың көркем прозасының тамаша үлгісі болып табылатын қара сөздерінің отыз жетінші сөзінің жарты бөлігі, яғни “Таңда” осы сөзге кірген 23 нақылдың 11 нақылы алғаш рет жарияланған. Қалғандарын М.Әуезов ел аузынан жинап, қолжазбалардан алып толықтырған да, “Отыз жетінші сөздің” 23 нақылдан тұратын толық нұсқасын Абай шығармаларының барлық жинақтарына енгізген.

“Таң” журналында жарық көрген Абай қара сөздерінің алғашқы шағын басылымдарының үзіндісі — М.Әуезовтің абайтануға, ұлы ақынның шығармашылық әлемін барлауға барар жолдағы тұңғыш ізденісі. Журналдық нұсқадағы отыз жетінші сөздің 1-нақылы Абайдың 1995 жылғы академиялық жинағында 2-нақыл болып, 2-нақылы 12-нақыл, 3-нақылы 15-нақыл, 4-нақыл 16-нақыл болып берілген (188-б.). Ал журналдағы 5-нақыл жинақта 17-нақыл болып жарияланғанмен, аздап өзгеріс тебар: “Алдыңғы толқын — ағалар” деген журналдық нұсқа жинақта “Алдыңдағы толқын — ағалар” деп өзгертілген (189-б.). Журналдағы 6-нақыл жинақта 18-нақыл болып берілген де, “Сақалын сатқан кәріден Еңбегін сатқан бала артық” деген журналдық нұсқа жолдары жинақта “Бақпен асқан патшадан мимен асқан қара артық” деген жолдармен орын ауыстырып, осы мәтелден кейін жарияланған (189-б.).

Журналдағы 7-нақыл жинақта 19-нақыл болып еш өзгеріссіз жарық көрген.

“Жаман дос — көлеңке,
Басыңды бұлт алса —
Іздеп таба алмайсың.
Басыңды күн шалса
Қашып құтыла алмайсың”, —

деген журналдық нұсқадағы 8-нақыл жинақта 20-нақыл болып: “Жаман дос — көлеңке: Басыңды күн шалса, Қашып құтыла алмайсың. Басыңды бұлт алса, Іздеп таба алмайсың” деп орны ауыстырылып берілген. Журналдағы 9-нақыл жинақта 21-нақыл болып сол қалпында жарияланған да, журналдық нұсқадағы 10-нақыл жинақта 22-нақыл болып жарық көргенімен, журналдағы “Қайғысыз ақыл — тұл” деген жол түсіп қалған. Журналдағы 11-нақыл жинақта 23-нақыл болып, еш өзгеріссіз берілген. Абайдың бұл отыз жетінші сөзі басқа қара сөздерінен мүлдем бөлек, оның үстіне басқаларындай өз алдына жеке шығарма да емес, шартты түрде 23 нақылдан тұратын афоризмдер топтамасы. Ұлы ақын, ойшыл адамгершілік асыл мұраттар тұрғысынан түйіп айтқан көркі ойларын осы нақылдарға мақал-мәтел етіп өрнектеген, сол көркем ойлары арқылы адам болмысын терең барлап, өзінің дүниетанымдық көзқарастарын білдірген. Ал жалпы алғанда, Абай афоризмдері 23 нақылмен ғана шектелмейді, оның қай шығармасын алсақ та, тәлім-тәрбиелік мәні зор терең ойлы, шешен сөздері әлдеқайда көп екендігін айтқан жөн. Бұл жайында М.Әуезов Абай шығармашылығы туралы зерттеулерінде ерекше атап өтеді.

“*АБАЙДЫҢ БАСЫЛМАҒАН СӨЗДЕРІ*”

Мұхтар Әуезов Абайдың бұрын еш жерде жарық көрмеген өлеңдерін ел аузынан жазып алып, “Таң” журналының 1925 жылғы 1-санында “Абайдың басылмаған сөздері” деген атпен “Әбдірахман деген баласы өлгенде Абайдың жоқтап айтқан өлеңдері” деп жариялаған (76—77-бб.).

Қазақ әдебиеттану ғылымының өзі негізін қалаған жаңа бір саласы абайтануға барар алдындағы М.Әуезовтің алғашқы ізденістерінің бірі — осы “Таң” журналында жариялаған Абай сөздері, негізінен, үш өлеңнен тұрады. Мұны Мұхаң кейін ұлы ақын мұрасын тиянақты түрде зерттеп, талдау, әртүрлі қолжазбалар көшірмесі бойынша текстологиялық жұмыстар

жүргізіп, жеке шығармаларының канондық нұсқаларын жасау барысында толық дәлелдеп шықты да. Өзі құрастырып бастырған Абайдың 1933, 1939—1940,1945,1954,1957 жылдарда шыққан толық жинақтарында бұл үш өлең жеке шығарма ретінде жарияланды, ұлы ақынның 1977 және 1995 жылдарда жарық көрген екі томдық академиялық басылымдарында бұл өлеңдер жеке-жеке берілді.

“Таң” журналында жарияланған “Абайдың басылмаған сөздерімен” салыстыру жұмыстарын жүргізу үшін ұлы ақын шығармаларының соңғы жинағын (1995) негізге алдық.

“Талаптың мініп тұлпарын” деп басталып, “Мінекей, мен де өлмедім” деп аяқталатын журналдағы бөлігі “Әбдірахман өліміне” деген атпен жинақта жеке өлең ретінде берілген (233-б.).

“Әбдірахман өліміне” — бұл Абайдың 1895 жылы сүйікті ұлы Әбдірахман өліміне арнап шығарған өлеңдерінің бірі. Ақын өмірі ерте үзілген талантты ұлының өшпес бейнесін жасайды, Әбіш бойындағы өр мінез бен ғылым, білімге құштарлықты аңғартып, арманда кеткен тағдыр тәлкегіне налиды, қайғыға тосқауыл бола алмаған өкініш соңында тіршілік бар екендігін сездіреді. Ақынның соңғы басылымдарында және “Абай” энциклопедиясында бұл өлеңнің алғаш рет 1933 жылғы жинақта жарияланғаны баса айтылады. Ал шындығына келсек, М.Әуезов бұл өлеңді тұңғыш рет “Таң” журналында “Абайдың басылмаған сөздері” деген топтамада жариялады. Текстологиялық өзгерістер кездеспейді деп айтқанмен, кейбір ішінара өзгешеліктер бар екендігін де атап өткен жөн. Осы өлеңнің екінші шумағындағы үшінші жол журналдық нұсқасында “Бір оқыған құрбыға” деп басылса, жинақта “Бірге оқыған құрбыға” деп, төртінші шумақтың төртінші жолы журналда “Арманым бар дер ме едің?” деп екінші жақта берілсе, жинақта бірінші жақта” “... дер ме едім?” деп өзгертілген. Сол сияқты соңғы шумақта журналдағы “пәнде”, “мінекей” сөздері жинақта “пенде”, “мінеки” деп тілдік қалыпқа сәйкес жазылып жарияланған.

Журналдық нұсқадағы “Кешегі өткен ер Әбіш” деп басталып, “Сабыр қылсаң керекті” деген жолдармен аяқталатын өлең бөлігі жинақта “Кешегі өткен ер Әбіш” деген атпен жинақта жеке өлең ретінде жарияланған (229-б.).

“Кешегі өткен ер Әбіш...” — алғаш рет “Таң” журналында “Абайдың басылмаған сөздері” деген топтамада жарияланды. Абай шығармаларының басылымдарына жазылған түсініктерде 1933 жылғы жинақта тұңғыш рет жарық көрді деп берілген. Өлеңде жарық дүние қызығын көре алмай, ерте сөнген Әбіштің елден ерек ерен мінезі, ғылымға ден қойған зеректігі, адамгершілік асыл қасиеттері суреттеліп, өр мінезді, аяулы жанның портреті жасалған. Көп үміт еткен ұлын егіле еске ала отырып, ақын тағдырға көніп, сабыр қылуға шақырады.

Бұл өлеңнің де журналдық және кітаптық нұсқаларын салыстырғанда, біраз өзгешелікті байқауға болады. Өлеңнің журналдағы “Елден бір асқан ер Әбіш” атты екінші жолы академиялық жинақта “Елден бір асқан ерек-ті” деп, “Еңбегін тапқан жүректі” деген оныншы жол жинақта “Еңбекпен тапқан қоректі” деп өзгертілген де, “Таңдағы” “Сабыр қылсаң керекті” деген соңғы жолы жинақта “Сабыр қылсақ керек-ті” деп көпше түрінің бірінші жағында беріліпті.

“Таң” журналындағы “Абайдың басылмаған сөздері” атты топтаманың үшінші, соңғы бөлігіндегі “Жағалай жайлау дәулеттің” деп басталатын өлең “Әбдірахман деген баласы өлгенде Абайдың жоқтап айтқан өлеңдері” қатарында жаңылыс берілген. Бұл Абайдың сүйікті інісі Оспан өлгенде жазған өлеңі және жолдары ауысып кеткен. М.Әуезов кейін ақын шығармаларын жинап, қорытқан, тыңғылықты талдау жүргізген ұзақ ізденулері нәтижесінде өлеңнің Оспанға арналғандығын дәлелдеп, жетілдірілген нұсқасын жасады.

“Оспанға” деп аталған бұл өлеңнің журналдық нұсқасындағы “Жағалай жайлау дәулеттің” деп басталып, “Жақсы өліпсің япырмай” деген тұсқа дейін созылатын жолдары жинақта “Жайнаған туың жығылмай” деп басталып, “Жан біткеннен түңілмей” деген жолдармен аяқталатын бөлектен кейін жалғасып, дұрыс берілген. Өлең 1892 жылы жазылып, Абай марқұм інісінің асыл қасиеттерін, ерлік қылықтарын сипаттап, өжет, қайсар, жомарт жанның бейнесін жасайды.

Жинақта “Жайнаған туың жығылмай” деп басталған бұл өлең алғаш рет “Таң” журналында баспа бетін көргенін атап айтқан жөн. Текстологиялық жұмыстар жүргізгеннен кейін М.Әуезов өлеңді “Оспанға” деген атпен тұңғыш рет 1933 жылғы жинақта жариялаған. Журналдық және кітаптық

басылымдардағы өзгерістерге келсек, журналдағы “Жас қуатың торалмай” жолы жинақта “Жас қуатың тозылмай” деп, “Жағалай жайлау дәулеттің” жолы жинақта “Жағалай жайлау дәулетің” деп берілген де, “Жасыл шөбі қурамай” деген журналдық жол нұсқасы жинақта өзгертілген. Басқа жолдарда ешқандай өзгешеліктер жоқ, сол күйінде журналдық мәтінмен бірдей қалыпта жарияланған.

С. Қорабай,
филология ғылымдарының кандидаты

М А З М Ұ Н Ы

I. ӘҢГІМЕ, ЗЕРТТЕУЛЕР 3

Көксерек 5
Қазақстандағы ұлттар 32
Казахское народное творчество и его поэтическая среда 59

II. ПЬЕСАЛАР 91

Хан Кене (Бірінші нұсқасы) 93
Хан Кене (Екінші нұсқасы) 167
Хан Кене (Орысша нұсқасы) 219

III. М. ӘУЕЗОВ ЖАРИЯЛАҒАН АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ НҰСҚАЛАРЫ 265

Күдері қожаның Қарқаралы тауымен қоштасқаны 267
Абылай орыспен соғысамын дегенде Бұқар жыраудың айтқан бір толғауы 269
Сыбан Сабырбай ақынның Солтабай төреге айтқан сөзі (Көкбай ақсақалдың айтуынша) 272
Бұқар жыраудың Керейге айтқан сөзі (Көкбай ақсақалдан) .. 274
Ай, Таңсықтың қоштасқаны (Жанақ ақын айтуындағы “Қозы Көрпеш – Баяннан”) 275
Жаман бақсының сарыны 276
Жаман сарт сарыны 277
Сыбан Ақтайлақ би (Көкбай ақсақал айтуынша) 278
Абайдың кейбір өсиет сөздері 280
Абайдың басылмаған сөздері 281

IV. ҒЫЛЫМИ ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР 283

ӘУЕЗОВ МҰХТАР ОМАРХАНҰЛЫ

Шығармаларының елу томдық толық жинағы

6-том

Академиялық ғылыми басылым

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми кеңесінде бекітіліп, баспаға ұсынылған

Баспа жобасының жетекшілері:
С. Назарбаева, Б. Қанапиянов

Редакторлары: *Б. Хабдина, Б. Мұсахан*
Көркемдеуші редакторы *С. Оспанова*
Техникалық редакторы *Н. Ромахова*
Компьютерде беттеген *И. Селиванова*

Басуға 11.03.2014 ж. қол қойылды.
Пішімі 84x108 $^{1}/_{32}$. Офсеттік қағаз.
Қаріп түрі “Таймс”.
Шартты баспа табағы 19,3.
Таралымы 4000 дана.
Тапсырыс № 1250.

ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru

“Жібек жолы” баспа үйі
050000, Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 50.
Тел.: 272-65-01, 261-11-09.

ISBN 978-601-294-148-7

9 786012 941487